

**Үміткен БҮРКІТБАЕВА
Жандарбек ҚАРАБАСОВ**

АБАДАН

Алматы – 2023



УДК 821.512.122

ББК 84 (5Қаз)

Б 91

БҮРКІТБАЕВА Ү.,

ҚАРАБАСОВ Ж.

Б 91 *«АБАДАН» / Үміткен Бүркітбаева,
Жандарбек Қарабасов – Алматы: «ТауПринт»,
2023. 224 бет.*

ISBN 978-601-80062-2-7

Өлке тарихындағы «ақтаңдақ» тақырыптың бірі – 1917 жылғы қос төңкеріс пен Азамат соғысы жылдарындағы аласапыран кездегі халықтың жай-күйі, байларды кәмпескелеу мен жер аудару, күштеп ұжымдастыру, аштық пен бас көтеру сынды күрделі мәселелер.

Бұл еңбекте авторлар «құпиясыздандырылған» архив деректері, ел аузындағы естеліктер, деректі әңгімелер негізінде Әрсекұлы Сматай мен оның айналасындағы тұлғаларды тілге тиек етіп, сол замандағы халқымыздың басына түскен ауыр күндердің шындығын аша түседі.

Кітап халқымыздың тарихына, тарихи тұлғаларға бейжай қарамайтын көпшілік оқырманға арналады.

УДК 821.512.122

ББК 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-80062-2-7

©«ТауПРИНТ», 2023

АЛҒЫ СӨЗ

Ел болып егемендік алғанымызға да отыз жылдан асты. Етек-жеңімізді жиып, көк байрағымызды желбіретіп, қалың көштің арасында келе жатқан жайымыз бар. Ақын Жұбан Молдағалиев айтқандай «мың өліп, мың тірілген қазақпыз». Қазақ ата-бабам не көрмеді десеңші?! Рухы биік, текті бабаларымыз сыртқы жаудан ұлан-қайыр жерімізді қорғап, бізге аманат етіп қалдырды. Ал, Ресей империясының тұсында жергілікті халық құнарлы жерінен ығыстырылып, өз жеріне өзі ие бола алмай, жерлеріне салық төлеп, орыс шенеуніктерінен зорлық-зомбылық көрді. Өктемшіл патша өкіметінің осындай озбырлық саясатынан түңілген жергілікті халық, ақыры жер-жерде топ құрып, 1916 жылы көтеріліске шығуға мәжбүр болды. Осындай халық наразылығының салдарынан жер-жерде отаршыларға қарсы шыққан қарулы көтерілістің канат жайылуынан үріккен патша өкіметі «Жетісу облысын соғыс жағдайында» деп жариялап, көтерілісшілерге қарсы жазалаушы отряд жіберді. Жер-жерде би, болыс болған Бекболат Әшекеев, Байбосын Тамабаев, Самылтыр Диханбаев, Ұзақ Саурықов, Жәменке Мәмбетов, Әли Нұрғожаев сияқты ер азаматтар топ құрып, көтеріліске басшылық етіп, Асы шатқалында, Үшқоңыр, Қастек аумағында жазалаушы отрядпен шайқасты. Алайда, 1916 жылы қазан айында қолында қаруы бар орыстардың жазалау отрядының әскерлерінің күшінің басымдылығынан зеңбірек пен винтовкадан жауған оққа төтеп бере алмай жеңіліске ұшырады. 1916 ж. көтеріліске қатысқандарды ұстап, басшыларын түрмеге тоғытып, атып-асып, жер-жердегі ауыл халқын босқындыққа ұшыратты.

Ал, 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін, 1918 ж. Жетісуда жаңа орнаған Кеңес үкіметнің бастапқы кезіндегі Азамат соғысы жылдары үкімет басшылары жүзеге асырған саясатының шарттарына сәйкес 1918-1919 жылдары Қазақстан өңірінде миллиондаған мал басы мен қыруар азық-түлік қорлары халықтан іс жүзінде ешбір ақысыз (салық ретінде) мемлекет пайдасына алынып отырды, оның үстіне 1921-1922 жылғы қарсыз әрі ұзаққа созылған суық қыстан кейін, көктем мен жазда жауын жаумай көптеген ауылдарда бұрын-соңды болмаған қуаңшылық салдарынан екі миллиондай адам аштыққа ұшырады. Сонымен қатар 1925 ж. үкімет басына Ф.Голощекин келісімен Қазақстанда «Кіші Қазан» идеясын іске асыруға күш салып, 1928 ж. Орталық Атқару Комитеті Кеңесінің «Байлардың шаруашылығын тәркілеу туралы» қаулысы шықты. Соған байланысты 1928 ж. ірі байларды тәркілеу және ауыл шаруашылығын ұжымдастыру (қолхоздастыру) науқаны кезінде, күн көріп отырған адал малынан айрылған халықтың 1930-1932 жылдары қолдан жасалған ашаршылықтан қырылғаны қаншама? Сөйтіп, Кеңес үкіметінің солақай саясатының қазақтарға тигізген әсерінен ауыл халқы көп зардап шекті. Өйткені, Ресей патшалық үкіметі тұсында да, Ақпан революциясынан кейін орнаған Кеңес үкіметі кезінде де, қарашекпенділер басқарған «Шаш ал десе, бас алған» заман болды. Сол кезде Кеңес үкіметінің ұжымдасу іс-шараларына қарсы әрекет етіп, халық мүдесі үшін күреске шыққандардың бірі – Сматай батыр. Міне, сол заманның құрбаны болған – Сматай батыр Әрсеқұлы туралы деректер жинай бастадық. Алғашында, күтпеген жерден Айнақұлов Қаймолданың Сматай туралы сиямен жазылған құнды қолжазбасын қолға түсірдік. Өйткені, Айнақұловтың қызы Кеңес апай әкесінің жазып қалдырған қолжазбасын сақтап жүргенін ауылдастарынан естіген едім. Сол құнды деректі іздеп Ақтерек ауылына барғанымда, Кеңес апай менімен ой бөлісе отырып, өз білген-түйгенін айтып, қолжазбаны өзі

қолыма берді. Қолжазбаның құндылығы сол, болған оқиғаның уақыты, болған жер аттары, қатысқандардың аты-жөндері тәпшітеп жөн-жөнімен айтылған. Одан кейін, мұрағаттан біраз деректер табылды. Оған қоса, Сматайдың туыстарын іздеп тауып, көрген-білгендерінен біраз мәлімет жиналды. Сонымен қатар, атақты жазушы ағаларымыздың Сматай туралы жазған кітаптарынан алған деректерді қосып, бәрін жинақтап, Сматайдың өмір жолындағы іс-әрекетін жазып қалдыруды жөн көрдік. Өйткені, Революцияға дейін де, кешегі келмеске кеткен Кеңес Одағы кезінде де, тарихымыз бұрмаланып келді, ол кезде ұлттың өзін бір-біріне айдап салған заман болатын. Кеңес үкіметінің солақай саясаттың арқасында Сматай сияқты саңлақтарымызды жау дедік, «банда» деп тұмар тақтық, жайдақ атқа теріс мінгізіп атой салдық. Себебі, бай-бағлан, би-болыстарды құбыжық қылып көрсетті, бас көтергендерді халық жауы, олардан ешқандай игі-жақсылықтың шығуы мүмкін емес – деген қағиданы санамызға сіңірді. Кеңес үкіметінің кезінде Сәкен Сейфулиннің повесінің желісімен түсірген «Банданы қуған Хамит» атты киноны көріп, мәз болдық. Енді міне, Еліміз тәуелсіздік алып, егеменді ел болғаннан кейін ғана сол ақтаңдақтарымыздың есімін ұлықтаудың сәті туды. Елін қорғау үшін күрескен ер есімін ардақтау ертеңгі ұрпаққа тәлім. Ендігі келешек ұрпақтарымыз өткеннен сабақ алып, кешегі ұлтымыздың кейбір өкілдерінің қателігін қайталамаса, ұлтымыз зардап шекпесе, бір-бірін бауыр тұтса, елімізде мәңгілік тыныштық болса екен деген тілектеміз!

Жандарбек Қарабасов,

Өлкетанушы,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ЗҰЛМАТ ДӘУІР ТУДЫРҒАН БАТЫР

Бұл кітап мазмұндық тұрғыдан екі бөлімнен тұрады: алғашқы бөліміне – Қордай өңіріндегі Ақтерек пен Жамантыдан тартып, сонау Долаңқара, Танбалытас атырабы аралығында сүргін тіршілік кешкен Сыматай батырдың – «банды» Сыматайдың – өткен ғасырдың 31-32-жылдарында Кеңес өкіметі жүргізген теріс саясат зардабына қарсы жасаған «жеке батырлық» күресі арқау болған. Дәл осы атырапта 1916 жылы Әли батыр бастаған үлкен көтеріліс болғанын білеміз. Сол ата-ағаларының ерлік үлгісін ту еткен Сыматай ел басына төнген жаңа нәубетке білек түріп қарсы шығады. Бұл қазақ елін жаппай ашаршылық жайлаған, жан шошырлық ауыр кезең болғаны жалпыға мәлім. Аштан қырылғандардың нақты есебі әлі күнге белгісіз болғанмен, халқымыздың 40 пайызға жуығынан айырылғанымыз анық. Бұл ашаршылық жөнінде мен сонау алпысыншы жылдары «Таң атарда» деген хикаят жариялағам. Кейін «Пенде ғұмыр» деп аталатын романимда да біраз сипаттадым. Өйткені сол зұлматтан біздің үрім-бұтағымыз өте зор шығынға ұшыраған. Әкемнің айтуынша, біздің ағайындар 32-жылға іліккенде 70 үй болған екен, ал 33 жылы солардан 7 үйдің сабағы ғана қалыпты. Менің ата-анам да төрт баласынан айырылған. Нағашым Көрпеш ақын оншақты бала-шағасымен бірге көз жұмған. Тірі қалған жалғыз қызы – менің шешем екен. Бүкіл елдегі осы нәубетті көріп тұрып, Сыматай батыр қайтіп шыдасын, қол құрап, күреске шыққан. Бірақ «батыр» атанбапты, сол кездегі өкімет оны «банды» атандырыпты. Ел

қамын ойлаған, сол үшін күрескен атпал азаматтарды «халық жауы», «бандит» атаған дәуірге не айтарсың?!

Кітаптың екінші бөлімі – түгелдей мұрағат құжаттары бойынша сол дәуірдің сықпытын әшкерелейтін нақты мәліметтер бойынша жазылған. Былайша айтқанда, бірінші бөлім екінші бөлімнің иллюстрациясы сыпатына ие болғандай. Сыматай басындағы трагедияның сыры екінші бөлімді оқығанда ашылады. Әрине, біз қатарлы адамдарға ол түсінікті жайт қой, ал бүгінгі жастар үшін бұл тарихи мәліметтер шындықтың көзі ретінде әсер етпекші.

Бұл кітап айтулы тұлға Сыматай батырдың әруағын риза етіп, есімін ел есіне салып қана қоймай, белгілі бір дәуірдегі халық тіршілігі туралы мол да нақты мағлұмат ұсынуымен бағалы. Түптеп келгенде, бұл бір өңірдің ғана бастан кешіргені емес, бүкіл қазақ баласының тауқымет тіршілігін баяндаған шығарма.

Марал Ысқақбай,

жазушы,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері



БІРІНШІ БӨЛІМ

ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНДЕ ОРНАҒАН ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ ӨКІМЕТІНІҢ БИЛГІ КЕЗІНДЕГІ СМАТАЙ ӘРСЕКОВТІҢ ӨМІР ЖОЛЫ

Қарағайдай қалың Дулаттың Жаныс-Қасқарау бесігінен өрбіген Сматай Әрсекұлы 1890 ж. бұрынғы Жетісу облысы, Верный уезі, Ырғайты болыстығы, №12 ауыл (қазіргі Алматы облысы Жамбыл ауданына қарасты Жаманты) ауылында дүниеген келген.

Әкесі Әрсек (Өрісбек) өз заманында орташа бай, ел-жұртына қамқор, беделді, әр іске батыл кірісетін іскер, өзінің өскен ортасында ықпалы зор, батыр кісі болған. Өйткені, архив құжаттарында: «Сматай сын известного бая, батыра Арсека Тулекеева» деп айтылуының өзі көп нәрсені аңғартады. Әкесінің өзіне батыр атағын халқы жай адамға бермесе керек.

Ал, Сматай бала кезден әкесінің жанынан бірі елі қалмай, ерте есейді, ат жалын тартып мінді. Сонымен бірге, шойын төске балғасын ұрғылап, жаны қалап көркін қыздырып, ауыл-аймаққа атақты ұста атанды. Ер-тұрманға керекті жабдық, жер жыртарға соқа дейсің бе, аттың тағасы дейсің бе, әйтеуір керек-жарақтың бәрі оның қолымен жасалды.

Ол жайында немересі Теміргүлдің 20.04.2023 жылы архивтен алған анықтамасында: «В материалах дела имеются следующие сведения: Арсеков Сматай 1890 года рождения, место рождения аул №12 Каракастекского района, беспартийный, дехканин, кустарь-кузнец, грамотный, женат – 2 жены, бай, эксплуатировал постоянного батрака, имел мелкого 102, крупного 9 голов скота. (Архив Президента Р.К. фонд. 20 (г. Алматы), Дело 011331.). Осы мәлімдемеге қарағанда, Сматай әр іске батыл, шаруаға мығым, қолынан келмейтіні жоқ іскер адам болғаны байқалады.

Әке тағлымын алып өскен Сматай – Кеңес өкіметінің бастапқы жылдарында байлардың мал-мүлкін кәмпескелеп, қуғын-сүргінге ұшыратып, ауыл халқын ұжымдастырамыз деп малдарын

орталыққа жинап, күн көріс көзінен айырылған халық аштыққа төзбей ел арасында наразылық туындады. Ел басына күн туып, ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен кезде Сматай тарих сахнасына жарқ етіп шықты. Ол елім деп еңіреп, үкімет тарапынан болған бассыздыққа қарсы келген Сматай батыр басын бәйгіге тігіп, топ құрып, үкімет басшыларының іс-шараларына қарсы әрекет етіп, халық мүддесін қорғау үшін аянбай күрескен азаматтың бірі, бірегейі.

Сматай жастайынан құдай көкірегіне құйған парасаты мен ақылының, жанкешті еңбекқорлығының арқасында ауылдың жәй қара домалақ баласынан халықты артынан ерткен сайын даланың ержүрек батыр тұлғасына айналды.

Оның аңызға айналған аты мен алысқа кеткен атақ-даңқы бүгінгі Алматы облысы, Жамбыл, Қарасай, Балхаш аудандары мен Жамбыл облысы Қордай ауданының тұрғындарына, тіпті Шу өзенін тел емген көрші Қырғыз еліне де етене таныс болды.

Ресей өкіметінің тұсында Сматай батыр мен оның әкесі өмір кешкен кезде, қазақ халқы басынан өткерген замандағы Жетісу өңіріндегі саяси жағдайға тоқтала кеткенді жөн көрдік.

XVIII ғасырдың орта шенінен бастап Ресей патша өкіметі отаршылдық саясатын жымысқы айла-тәсілмен жүзеге асырып, XIX ғасырдың ортасына таман бүкіл қазақ хандығын жойып, Кіші жүз бен Орта жүзді өзіне бағындырып, бірте-бірте Жетісу жеріне еніп, одан ары Қоқан иелігіндегі Ұлы жүз жерін қарудың күшімен басып алып, 1865 жылы ұлан дала қазақ жері түгел Ресей құзырына енді. Нәтижесінде, сан ұрпақ буыны жүректің сесі, білектің күшімен сыртқа шалдырмаған ұланғайыр дала – «атамекен» аталған жер аумағы империялық меншіктің қанжығасына байланып кете барғаны баршаға мәлім.

Бұл жағдай Ресей империясы үшін әкімшілік жүйені реформалауды жүргізуге мүмкіндік туғызды. Қазақ қоғамының дәстүрлі жүйесін түбірімен өзгертіп, қазақтарды басқарудың жаңа жүйесін енгізуді көздеп, 1865 жылы Қазақ даласын басқару туралы «Ереженің» жобасын даярлау үшін Далалық комиссия құрылады. «Ереже жобасы» бойынша губерниялық басқару «әскери-азаматтық» деп аталды да оны жүргізу ген.губернаторға

жүктелді. Түркістан генерал губернаторы болып К.П.Кауфман тағайындалды. Ал, генерал губернаторды тағайындау не босату тек патшаның шешімі арқылы жүрді. Сөйтіп, облыстарда сұлтандар билігі жойылды.

ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНДЕ ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМШІЛІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Ресей патшалық өкіметі 1865 жылдан бастап, әкімшілік-саяси реформа жүргізу арқылы қазақ қоғамының дәстүрлі жүйесін бұзып, жаңа әкімшілік жүйесін құра бастайды.

Ресей әкімшілігі Алатау округінің қазақтарының әр шаңырағынан салық алу үшін, 1865 жылы салық жинау жүйесін енгізеді. Соған байланысты, халық наразылығын тудырмас үшін руластық негізде болыстықтар құрып, болыс басқарушысы етіп, рубасыларын (болыс) тағайындайды. Әр болыстық әкімшілік ауылдардан тұрды. Өз кезегінде, әр болыстықтың ауыл жұрты өз ішіндегі беделділерінен ауыл старшындарын (ауылнай) сайлайды. Ал болыс басқармасы мен билер сайланбалы болды. Сөйтіп, жергілікті билік апаратын құрды.

1867 жылы өзгерту енгізілген жаңа реформа бойынша, Қазақстан жері – Дала және Түркістан генерал-губернаторлығына бөлінді. 1867 жылы Жетісу өлкесі мен оңтүстікті түгел Сырдария аймағына дейінгі басып алған аймақ – Түркістан облысының жерінде Түркістан генерал губернаторлығы құрылып, орталығы Ташкент қаласы болды. Оның құрамына Жетісу және Сырдария облысы енді.

1867 жылы шілдеде жарияланған «Жетісу және Сырдария облыстарының басқару туралы уақытша ережеге» сәйкес Жетісу өлкесінің бұрынғы «Алатау округі және Ұлы жүз қазақтарының бастығы» деп аталған билік орны жойылды. Бұдан былай Жетісу өлкесінің Ұлы жүз қазақтары мекендеген бұл аймақ – Жетісу облысы деп аталып, 1867 жылы жаңа құрылған Түркістан генерал губернаторлығының құрамына кіреді. 1868 жылы Түркістан өлкесін басқару жөніндегі «Уақытша Ереже» бойынша, Жетісу облысында 5 уезд құрылып, оған 68 болыстық кіреді.

Уездердің ашылуымен бір мезгілде жергілікті халық арасында болыстық және ауылдық басқару орындарын ұйымдастыру мақсатында қайта құру Комиссиялары құрылып, оларды басқару уезд бастығына жүктелді. Әр бір уезге шыққан комиссия өз жұмысын ауылдарды құрудан, яғни ұйымдастырудан бастауға тиіс болды. Жетісу өңіріне енгізілген жаңа әкімшілік-басқару жүйесі бойынша ауылдарды басқару мынандай буындардан тұрды: **Болыс – билер, ауылнай (старшындар) – елубасылар – онбасылар.**

Болыс басқарушысының кеңсесі, өзінен басқа хатшысы (писарь) және түрлі тапсырма орындаушы жігіттері болды. Болыс басқарушының жалақысы болыстық тұрғындардың саны мен әлауқатына сай, жылына 300-500 сомға дейін, ал хатшы мен жігіттер жалдауға 300-400 сомға шейін қосымша ақша белгіленді.

Билерге арнайы жалақы белгіленген емес. Олар қалыптасқан салт бойынша, жүргізген сот ісі үшін кінәліден «билік» ақысын алуға құқылы болды. (*Материалы по истории политического строя Казахстана. с.298, 359-360*).

Болыс, билер сайлауы уезд бастығының немесе оның көмекшісінің қатысуымен өтеді.

Ауылнайлар (старшын) өз құзырында, яғни өз ауылында болыстық басқарманың міндеттерін орындады. Ауылдарда әрбір елу үйден бөлінген бір-бір сайлаушылар болыстық съездерде болыс басқарушысын және оның орынбасарын, билерді сайлайтын болған. Осындай бір ауылдың елу үйінің басшысын – **елубасы (пятидесятник)** деп атаған. Бұл лауазым кейін қазақ арасында кең тараған ауылнай лауазымымен шендес болған. Мәселен, елубасы мен онбасы міндеті: ең төменгі буындағы қызметкерлерді (болыс, би, ауылнай) сайлау, ауылнай мен болыстарға төленетін жалақы көлемін анықтау, жиналатын алым-салықты болыстықтың тұрғындарына бөлу болатын. Өз міндетін түсінбеушіліктен салық ісіне келгенде өздерін полицейлер міндетін атқарушылар есебінде сезініп, өздері сайлаған ауылнай мен болыс басқарушылардың бұйрығын орындады. (*Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі. – Астана, 2004, 89-95-бб.*).

1867 жылғы Жетісу облысы мен Сырдария облыстарын басқару туралы «Уақытша ереже» негізінде 1868 ж. Жетісу облысында 5 уезд құрған болатын. Олар: Сергиополь уезі (1880 ж. Лепсіге көшіп, орталығы Лепсі станицасы), Қапал уезі (орталығы Қапал қ.), Ыстықкөл уезі – орталығы 1868 құрылған Қарақол, (1871 жылдан Қарқол уезі, ал орталығы Қарақол – Прежевальск болып өзгеріп, 1889 ж. Прежевальск уезі деп аталды), Тоқмақ уезі орталығы Үлкен Тоқмақ селосы, кейін 1878 ж. – орталығы Пішпек қаласына көшіп, Пішпек уезі болып өзгерді. 1884 жылы Жетісу облысының құрамына Жаркент уезі қосылды. 1868 жылы құрылған Верный уезінің орталығы Верный қаласы болды.

1868 жылы жаңа құрылған 5 уездің бірі – Верный уезінің көшпелі қазақ халқының 23739 отбасы тізімделіп, 17 болыстықтарға, оған кіретін руластық негізде ауылдарға бөледі. Сөйтіп, Верный уезінде мынандай 17 – болыстық құрылып, оған болыс басқарушылары бекітілді: 1.Кетмен – Жансерке Жайнақов; 2. Кеген – Сұраншы Есмәмбетов; 3. Мерке – Тазабек Пұсырманов; 4. Шонжы – Түгелбай Әденов; 5. Талғар – Бәзіл Туғанбаев; 6. Түрген – Шоқан Әлиев; 7. Тауқұм – Уәли Сарин; 8. Алматы – Жайнақ Қараталов; 9. Сөгеті – Едіге Жамангарин; 10. Қаскелең – Ниязбек Баубеков; 11. Ұзынағаш – Тоқтыболат Өміров; 12. Шелек – Дәркенбай Мүсірәлин; 13. Қастек – Андас Ыстамбеков; 14. Күрті – Ибрагим Қашқынбаев; 15. Аңырақай – Рүстембек Діқанбаев; 16. Төменгі Іле – Қасабек Малдыбаев; 17. **Ырғайты – Қарабай Төлесов.** (*ҚРОММ. 41-қор, 1-тізбе, 797-іс, 69-п.*).

ВЕРНЫЙ УЕЗІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ЫРҒАЙТЫ БОЛЫСЫ

1868 жылы Верный уезінде жаңа құрылған осы Ырғайты болысының алғаш болыс басқарушысы Қарабай Төлесов сайланып, оның қарамағында 1675 отбасы болғаны Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағатында (*бұдан былай ҚРОММ. 41-қор, 1-тізбе, 797-іс, 69-п.*) көрсетілген. Сол кезде, Ырғайты өзені бойын қоныстанған ауылдарды екіге

бөліп, Алатаудың Күнгеі бетіндегі ауылдар Пішпек уезіне қарасты – Шығыс Ырғайты болыстығы деп аталды. Ал Теріскей жақ бетіндегі ауылдар Верный уезіне қарасты – Ырғайты болыстығы деп аталды. Осы аймақты бұрыннан мекен еткен Жаныс тайпасының Жарылқамыс ішіндегі Баба атасынан тараған Жандос ұрпақтарының 5 ауылына, Жантаннан тараған Ерубайдың Қазыке атасынан тараған ұрпақтарының бір ауылы қосылып, 6 ауыл болып, Ырғайты болысының құрамына кіреді (*ҚРОММ. 3-қор, 1-тізбе, 616-іс*). Осы мәліметтерге қарағанда, бұл аймақ – жаныстардың Баба руының ежелгі атамекені болғаны байқалады.

Әр әкімшілік-аймақтың халық саны өсе келе, ауылдар қайта бөліністерге түскен кездері де болған. Мысалы, 1897 жылы Ресей әкімшілігінің шешімімен Верный уезіне қарасты Ырғайты болысының атын өзгертпек болып, 9 ауылдан тұратын – Шығыс Жаманты, 11 ауылдан тұратын – Батыс Жаманты делінген екі болыстыққа бөледі. Көп ұзамай, 1898-1900 жылғы үш жылдық сайлау мерзімі өтісімен, 1901 жылы ол болыстарды біріктіріп, қайта Ырғайты болысы деп өзгертіледі (*ҚРОММ 44-қор, 1-тізбе, 830, 956-ісмер*).

Ресей әкімшілігінің тізімінде қазақ болыстықтарының әр ауылы номерлермен белгіленген. Сондықтан, ауыл халқының саны өскен сайын, ауылдардың саны да көбейіп, ауылдардың номерлері де әртүрлі өзгерістерге ұшырап отырған. 1882 жылғы дерекпен салыстырсақ, одан кейінгі жылдары халық саны қаншалықты өскенін мұрағат құжаттарындағы мына бір деректен көруге болады. 1915 жылғы санақ бойынша Ырғайты болысында 1388 отбасы, халқының жалпы саны 14332, соның ішінде 7053 ер адам, 7279 әйел болған. (*ҚРОММ. 41-қор, 1-тізбе, 310-іс*).

Ырғайты болыстығының ел басқарушылары. 1868 жылы Верный уезінде жаңа құрылған Ырғайты болысының алғаш болыс басқарушысы Қарабай Төлесов сайланып, оның Қарамағында 1675 отбасы болғаны ҚРОММ 41-қор, 1-тізбе, 797-іс, 69-п. көрсетілген.

1878-1880 жылдары – Болыс басқарушысы: Иса Керімов 44-те, кандидаты (бұдан былай – канд.) Оспан Керімов 33-те, 6-ауыл

(бұдан былай – а.) биі – Ақынбек Жандаралов 48-де, (ҚРОММ. 44-қор, 1-тізбе. 93-іс).

1882-1885 жылдары: 6-а. старшыны – Қарабек Мамыров, кандидат – Боқаш Жандаралов, биі – Нұрғожа Айнекин (ҚРОММ. 44-қор, 1-тізбе, 335-іс).

1886-1888 жылдары: 6-а. старшыны Бұлантай Сағындықов, кандидат – Байғожа Бекназаров, биі – Нұрғожа Айнекин (ҚРОММ. 1-тізбе, 40830-іс).

1889-1892 жылдары: болыс басшысы – Бартай Бұлантаев 30-жаста, кандидат – Бұлантай Сағындықов 45-те. Ауыл билері: 1-а. – Орман Ниязов 60-та, 2-а. – Әлмейін Тұлкин 40-та, 3-а. – Атамқұл Шоңырбаев 33-те, 4-а. – Атагелді Төлебаев 45-те, 5-а. – Құлмерек Түйтебаев 50-де, 6а.– Ердебай Шоқанов 48-де (ҚРОММ. 44-қор, 1-тізбе, 31404-іс).

1892-1895 жылдары: болыс басқарушысы – Нұрбек Алақұшиков 44-те, кандидат – Серікбай Сексенов 35-те. Ауыл билері: 1-ауыл – Алашбай Құдабаев 47-де, 2-а. – Ырыскелді Райымбеков 36-да, 3-а. – Сейілхан Шойбеков 36-да, 4-а. – Әжібай Өмірзақов 40-та, 5а. – Байділда Мамбеталин 36-да, 6-а. – Қаржаубай Айнекин 35-те. 1-а. старшыны – Тұрлыбек Рысмендин 27-жаста. 2-а. старшыны – Медеу Сәткін 42-де, кандидат – Аяпберген Мендібаев 45-те. 3-а. старшыны Мұсабек ...? 37-де, кандидат – Байтұр Алагөзев. 5-а. Қарамырза Тілеуқабылов 35-те, кандидат – Шылғаубай Таңсыков 35-те. № 7-а. старшыны – Боқаш Жандаралов 38-де, кандидат – Нұрғожа Айнекин 40-та, кандидат – Кәрібоз Саурықов 25-те. 8-а. старшыны – Байдәулет Кәрібозов 45-те (ҚРОММ. 41-қор, 1-тізбе, 77-іс, 31- 41-н.).

1895-1898 жылдары: Шығыс болысының болыс басқарушысы – Ырыскелді Райымбеков 43-те, кандидат – Бөлеміс Сауырбаев 37-де. Ауыл билері: 1-а. – Салықбай Байсеркин 39-да, кандидат – Сардарбек Жанакөв 36-да, 2-а. – Сәтке Бердікин 58-де, кандидат – Есеке Әлімов 56-да. 3-а. – Нұрбек Алақұшиков 42-те, кандидат – Сейілхан Шойбеков 39-да. 4-а. – Әжібай Өмірзақов 42-де, кандидат – Барақбай Бектасов 37-де. 5-а. – Қодар Тастанбеков 50-де, кандидат – Абай Төленов 43-те. 6-а. – Жарас Суанов 47-де, кандидат – Байқұлақ Суанов 59-да. 7-а. – Қаржаубай Айнекин 37-

де, кандидат – Нұрғожа Айнекин 44-те. 8-а. – Байдәулет Қәрібозев 55-те, кандидат – Мысырхан Тұрпанов 45-те (*ҚРОММ. 44-қор, 1-тізбе, 507-іс*).

1897 жылы Ырғайты болысын – Шығыс Жаманты және Батыс Жаманты болысы деп екіге бөліп, келесі 1901-1903 сайлау алдында екеуін қайта қосып, бұрынғыдай «Ырғайты болысы» – деп аталды.

1898-1900 жылдары: Шығыс Жаманты болысының басқарушысы – Ырыскелді Райымбеков 47-де, кандидат – Бөлеміс Сауырбаев 38-де. Ауыл билері: 1-а. – Диканбай Елеуов 50-де, кандидат – Сырлыбай Мұсабаев 37-де. 2-а. – Баймен Серібаев 27-де, кандидат – Мырзағұл Қосаев 50-де. 3-а. – Қадыр Әділбеков 50-де, кандидат – Шағатай Қаражанов 51-де. 4-а. – Бердібай Шегіров 43-т, кандидат – Сабыралы Мейірманов 41-де. 5-а. – Қожабай Байболов 44-те, кандидат – Мендесбай Құдабаев 43-те. 6-а. – Мақа Жантықбаев 50-де, кандидат – Байке Малтықбаев 37-де. 7-а. – Сәтке Бердікин 60-та, кандидат – Шопан Малдыбаев 38-де. 8-а. – Байділда Мамбеталин 40-та, кандидат – Мадияр Байқоңыров 50-де. 9-а. – Шонай Бұсабаев 50-де, кандидат – Қырықбай Шубаев 38-де (*ҚРОММ. 44-қор, 1-тізбе, 956-іс*).

1898-1900 жылдары: Батыс Ырғайты болысын басқарушы – Сайын Бекбауов 37-де, кандидат – Тыныстам Сарыбаев 40-та. Ауыл билері: 1-а. – Сардарбек Жанаков 39-да, кандидат – Жүніс Қарақұлақов 45-те. 2-а. – Телтай Болысбеков 47-де, кандидат – Жылқыбай Байсуанов 37-де. 3-а. – Жарас Суанов 45-те, кандидат – Қаруыл Басубаев 50-де. 4-а. – Айтпай Ысмайылбеков 38-де, кандидат – Айжігіт Қойкин 38-де. 5-а. – Арын Керімов 51-де, кандидат – Айнақұл Керімов 35-те. 6-а. – Алжанбай Дайырбеков 48-де, кандидат – Молдахмет Қашаков 35-те. 7-а. – Амангелді Креукин 51-де, кандидат – Жекенбай Сыпатаев 36-да. 8-а. – Салықбай Байсеркин 40-та, кандидат – Өтеміс Әлешов 42-де. 9-а. – Қыдырбек Малдыбаев 50-де, кандидат – Есен Әлімов 53-те. 10-а. – Сейілхан Шойбеков 37-де, кандидат – Айнақұл Бөлекбаев 37-де. 11-а. – Байұзақ Күсепов 47-де, кандидат – Мырзалы Қашағанов 37-де (*ҚРОММ. 44-қор, 1-тізбе, 830-іс*).

1901-1903 жылдары: болыс басқарушысы – Сейілхан

Шойбеков, кандидат – Әуел Саурықов. Ауыл билері: 1-а. – Ырыскелді Райымбеков 52-де, кандидат – Діқанбай Елеуов 55-те. 2-а. – Баймен Серібаев 38-де, кандидат – Үмбетәлі Айнақұлов 38-де. 3-а. Байдәулет Кәрібозев – 58-де, кандидат – Бөгенбай Байдәулетов 38-де. 4-а. – Иманбек Ырысмендин 40-та, кандидат – Молдағұл Оспанов 41-де. 5-а. – Салықбай Байсеркин 44-те, кандидат – Шаке Дайырбеков 48-де. 6-а. – Әли Нұрғожин 37-де, кандидат – Келдібай Айнекин 46-да. 7-а. – Байділда Мамбетәлин 40-та, кандидат – Бердібек Шоңырбаев 38-де. 8-а. – Жарас Суанов 58-де, кандидат – Нартбай Байботин 42-де. 9-а. – Тыныстаным Сарыбаев 43-те, кандидат – Барақбай Бектасов 37-де. 10-а. – Ердебай Шоқанов 62-де, кандидат – Анарбек Жолдасов 51-де (*ҚРОММ. 44-қор, 1-тізбе, 1428-іс*).

1904-1906 жылдары: болыс басқарушысы – Дайыр Әлмейінов 35-те, кандидат – Әбдіқайым Әлмейінов 25-те. Ауыл билері: 1-а. – Ырыскелді Райымбеков 53-те, кандидат – Нұрлыбай Мұсабаев 50-де. 2-а. – Қоршы Сексенов 50-де, кандидат – Тайторы Алагөзев 37-де. 3-а. – Байдәулет Кәрібзов 59-да, кандидат – Аманбай Албанов – 40-та. 4-а. – Иманбек Ырысмендин 36-да, кандидат – Айнақұл Керімов 41-де. 5-а. – Кембай Бүргенов 50-де, кандидат – Байбосын Қойшыбаев 55-те. 6-а. – Боқаш Жандаралов 50-де, кандидат – Елібай Ақынбеков 45-те, 6-а. старшыны – Расыл Дүмшебаев. 7-а. – Атамқұл Шоңырбаев 47-де, кандидат – Тұрғанбай Серікбаев 45-те. 8-а. – Меңдеспай Құдабаев 45-те, кандидат – Мәжібай Байғұлақов 40-та. 9-а. – Тыныстам Сарыбаев 46-да, кандидат – Ыбырайым Абақов 39-да. 10-а. (Найманбай ауылы – Ү.Б.) – Тұрап Сәтов 47-де, кандидат – Ысмайыл Малтақбаев 53-те (*ҚРОММ. 44-қор, 1-тізбе, 1907-іс*).

1907-1909 жылдары: Болыс басқарушысы – Бөлеміс Сауырбаев 50-де, кандидат – Нұрлыбай Мұсабаев 40-та. Ауыл билері: 1-а. – Әден Садыбеков 42-де, кандидат – Айдарбек Есенов 36-да. 2-а. Мырзалы Қашағанов 47-де, кандидат – Шалабай Жүндібаев 41-де. 3-а. – Байдәулет Кәрібозов 63-те, кандидат – Бүйенбай Байдәулетов 41-де. 4-а. – Молдахмет Оспанов 38-де, кандидат – Айнақұл Керімов 44-те. 5-а. – Салықбай Байсеркин 49-да, кандидат – Таласпай Қорғанбаев 45-те. 6-а. – Боқаш Жандаралов

53-те, кандидат – Нүсіпәлі Қалкин 44-те. 7-а. – Досалы Қодаров 36-да, кандидат – Шойбек Тұрапов 36-да. 8-а. – Өмірәлі Әуелбеков 45-те, кандидат – Мәжібай Байғұлақов 40-та. 9-а.– Тыныстам Сарыбаев 49-да, канд. – Ахмет Қарабаев 38-де (1916 ж. көтеріліс құрбаны – Ү.Б.).10-а. Тұрап Сәтов 50-де, кандидат – Арыстамбек Дәуренбеков 40-та. 11-а. Қырықбай Шубаев 52-де, кандидат – Құрманбет Әжібаев 45-те (*ҚРОММ. 44-қор, 1-тізбе, 2445-іс*).

1909 ж. №786 бұйрығы бойынша, 17 қыркүйекте 6-а. биі Боқаш Жандараловтың қайтыс болуына байланысты оның қызметі Нүсіпәлі Қалкинге, ал 25 қыркүйекте қайтыс болған 10-а. биі Тұрап Сәтовтың қызметі Арыстанбек Дәуренбековке жүктеледі (ҚРОММ. 44-қор, 1-тізбе, 2445-іс, 45-п.).

1910-1912 жылдары: Болыс басқарушысы – Сәрсекбек Жарасов 41-де, кандидат – Әли Нұрғожин 41-де. Ауыл билері: 1-а. – Ырыскелді Райымбеков 54-те, кандидат – Әден Садыбеков 45-те. 2-а. – Құттық Шойбеков 37-де, кандидат – Тойтеке Темірбеков 41-де. 3-а. – Туғанбай Байдәулетов 44-те, кандидат – Тұрапбай Теміров 42-де. 4-а. – Әбдрахман Әбдрешов 38-де, кандидат – Садық Кәділов 37-де. 5-а. – Сұраншы Бағысбеков 52-де, кандидат – Байпатша Әлиханов 57-де. 6-а. – Алжанбай Дайырбеков 55-те, кандидат – Махамеди (Махмуд) Дәуенов 45-те. 7-а. – Досалы Қодаров 38-де, кандидат – Қошан Қарпықов 39-да. 8-а. – Жаманшал Жадаев 55-те, кандидат – Қайып (Кәсен) Алашпаев 39-да. 9-а. – Атамқұл Шоңырбаев 53-те, кандидат – Алғожа Қожағұлов 39-да. 10-а. – Мұстапа Сыпатаев 41-де, кандидат – Нұрмақсұт Сыпатаев 36-да. 11-а. – Малғара Құрымбаев 41-де, кандидат – Онбай Ермеков 43-те (*ҚРОММ. 44-қор, 1-тізбе, 3178-іс*).

1913-1915 жылдары: Болыс басқарушысы – Тоқтамасов 48-де, кандидат – Нұрақ Тыныстамов 36-да. Ауыл билері: 1-а. – Ырыскелді Райымбеков 60-та, кандидат – Қондыбай Жиренбаев 38-де. 2-а. – Бекназар Тоғанасов 40-та, кандидат – Шалабай Жүндібаев. 3-а.– Баймен Серібаев 49-да, кандидат – Ысқақ Бексұлтанов 39-да. 4-а.– Әдірақым Әдрешов 40-та, кандидат – Сұлтанбай Керімов 50-де. 5-а.– Сұраншы Бағысбеков 56-да, кандидат – Арғынтай Бидайбеков 46-да. 6-а.– Елібай Ақынбеков 52-де, кандидат – Әжі Ақынбеков 60-та. 7-а.–Байділда Мамбетәлиев 54-те, кандидат–

Қалмырза Тілеуғабылов 56-да. 8-а.– Мәжібай Байғұлақов 48-де, кандидат –Тоқтамыс Бисымақов 46-да. 9-а.–Атамқұл Шоңырбаев 56-да, кандидат – Алғожа Қожағұлов 40-та. 10-а. – Оразқожа Түменбаев 47-де, кандидат – Ыбырайымқұл Бектұрсынов 37-де. 11-а. – Бүркітбай Қорғанбаев 45-те, кандидат – Байдәулет Керейбаев 36-да (*ҚРОММ. 44-қор, 1-тізбе, 3890-іс*).

1916-1918 жылдары: Болыс басқарушысы – Баймен Серібаев, кандидат – Бекназар Тоғанасов. Ауыл билері: 1-а. – Ырыскелді Райымбеков, канд. – Қанбақ Қыстықбаев. 2-а. – Думан Өтеулин, кандидат – Сатыбалды Көбеев, кандидат – Бүрке Атагелдин. 3-а.– Летпай Ысмайылбеков, кандидат – Саудабай Еділбеков. 4-а. Белғожа Оспанов, кандидат – Андақұл Құттықов. 5-а.– Нұрақ Тыныстанов, кандидат – Қасен Жамантаев. 6-а. – Қалмұрат Бөтеев, кандидат – Қаймолда Әлімбеков. 7-а. – Жапар Тонғақов, кандидат – Сатыбалды Көбеев. 8-а. – Мәжібай Байғұлақов, кандидат – Досәлім Бекбауов. 9-а. – Атамқұл Шоңырбаев, кандидат – Барақбай Бектасов. 10-а.– Баеке Малтақбаев, кандидат – Есімбек Жарқымбаев. 11-а. – Жанғара Шубаев, кандидат – Жолдыбай Қонаев (*ҚРОММ. 41-қор, 2-тізбе, 24-іс*).

ЫРҒАЙТЫ БОЛЫСТЫҒЫНА ҚАРАСТЫ ЖАМАНТЫ ЕЛДІ МЕКЕНІ

Жаманты – Іле Алатауының солтүстік шығысындағы тау сілемі. Абсолюттік биіктігі 2605 м., ұзындығы 25-30 км., негізінен интрузиялық және метаморфтық жыныстардан түзілген. Жер бедерінде денудациялық, эрозиялық пішіндер басым. Тау етегіндегі топырағында әр түрлі астық тұқымдасты шөптер біртіндеп шыршалы орманға алмасады. Климаты континиталды. Жануарлардан: марал, арқар, тау ешкі, елік, қасқыр, түлкі. Құстардан: бүркіт, кекілік, т.б. (*Ф.Кабиев. Жетісу энциклопедия. – Алматы: «Арыс баспасы» 2004. 281-б.*)

Осы Жаманты тауының беткейіндегі Жаныс ішіндегі Жандос ата ұрпақтары орын тепкен Жаманты ауылы – 1868 жылдан Жетісу облысы, Верный уезі Ырғайты болыстығына қарасты болды. Өйткені, Жаманты өзені мен Ырғайты өзенінің арасы

мен Суықтөбе тауынан Қоңыртөбе шатқалының аралығындағы (Бесмойнақ, Бұғымүйіз, Сұңқар, Дегерес, Беріктас, Жаманты, Ақтерек, Мәтібұлақ, Қарарша, Балажан, Жанжігіт аталған) кең алқапта 1865 жылы құрылған Қасқарау-Баба болыстығы – 1868 жылдан «Ырғайты болыстығы» – деп аталды.

Жаманты елді мекені – Жаманты өзені мен Ырғайты өзенінің арасындағы алқап. Мұнда негізінен Жаныс – Жарылқамыс ішіндегі Баба атаның ұлдарының бірі Жандостан тараған Таутеке, Бекболат ұрпақтарының атақонысы болған. Кейін бұл жерге Күнгей Алатау бетіндегі Жантан – Ерубай ішіндегі Қазыке, Байсейіт атасынан тараған ұрпақтары келіп қоныстанады.

Осы ауыл ақсақалдарының айтуына қарағанда, Жандос атаның ұрпақтарының атақонысына – ілкіде, жаугершілік заманда ма, әлде ағайын арасындағы араздықтан ба, Алатаудың күнгей беткейінің Қордай маңын жайлаған Жаныс ішіндегі Жантанға жататын Ерубайлардың Қазыке, Байсейіт аталығынан тараған ұрпақтары тау асып, Жаманты өзенінің тау жақ беткейіне үдере көшіп келген. Жандос ата ұрпақтары өз атақонысының Сарықойын (Сарықоян) шатқалындағы (қазіргі Жаманты ауылынан жоғары тау бөктері) Шетенді сайын бойлай ағып жатқан бұлақ жағалауынан ағайындық жасап, қоныстық жер бөліп берген. Сондықтан ерубайлар осы жерде тарап тұрақтап қалған екен.

Бұл жердің Жаманты деп аталуы – Жамантал сайының су ағысынан бастау алған өзеннің бойындағы алқапқа қоныстанған ауылдар кезінде «Жамантал ауылдары» деп осы өзеннің атауымен аталған. Кейін «Жаман-тал» сөзі өзгеріске түсіп, өзен атауы да, осы аймақ та – «Жаманты» деп аталып кеткен екен. Өйткені, Іле Алатауының солтүстік баурайындағы Жаманты өзенінің бастауы шығыс жағында «Сәбден» (Бабаның Айдосынан тараған атақты Керім бидің – Түлкіұлы Сәбден би) жайлауының салма-сай су ағыстары мен батыс жағындағы «Қоңыр төбе» тауының сайларының су ағыстары қосылып, «Жамантал» деп аталатын үлкен сайдың су ағысына құяды. Ол сайдың «Жаман-тал» аталуы – іші қорыс қамыс және өзен жағалауында жабайы аласа талдар қаптап өсіп тұрған көрінеді.

Жаманты минералды суы. Осы Жамантал сайынан жалғыз аяқ жолмен жоғары көтерілсе, сол сайдың жоғарғы басы – Алма-Арасан деп аталады. Осы жердің Алма-Арасан деп аталуы туралы ел арасында ауыздан-ауызға тарап, айтылып жүрген аңыз-әңгімені көнекөз қариялардан естігенін Жаманты ауылының тұрғыны Мұратбек қажы былай деп әңгімелейді: «Ілгеріде қазіргі Жаманты сайына Арасан, Қорасан деген әулие қожалар келіп, қайнар басына түнеген дейді. Осы есімі аталған адамдар Қожа Ахмет Ясауи секілді әулие кісілер болса керек. Сондықтан ол жерді «Арасан» деп атап кеткен. Осы күнге дейін сол маңдағы ауыл адамдары Жаманты ауылымен қатар «Әулие Арасан жері» деген сөзді қолданады. Ол жерде екі егіз қайнар бар, біреуі – ыстық, екіншісі суық қайнар. Осы қайнарлар басына бұрындары да ел барып 5, 7, 9 күн емделіп қайтады екен. Оның шипалы суының қасиеті XIV ғасырдан белгілі, халыққа кең танымал болған. Сондықтан, ертеден-ақ Ырғайты елінің адамдары «Жаманты бұлақ суының емге шипа екенін біліпті. Кезінде, ақын Кенен Әзірбаев Отар деген жерде ауырып, содан Арасанға барып жазылыпты. Содан кейін Кенен өзінің «Ауруым Ақтеректе қалды» деген бірнеше шумақтан тұратын өлең шығарыпты дейді. Сонымен қатар Мұратбек қажы Шоқан Уалихановтың осы Жаманты (Арасан) сайымен жүріп өткені жайлы мынандай тағы бір қызықты мәлімет айтты: «Ілгеріде, Жаманты сайында тастан қашалып жол жасалынып, оны «Қаланған тас жол» деп атаған. Патшалы Ресей тұсында Шоқан Уалиханов атты арбамен сол қашалып жасалған жолмен жүріп өтіп, қазіргі Бесмойнақ және Қарарша ауылдарының астынан (кейін телеграф жолы өткен) Алатау округінің орталығы Верный қаласына барған екен. Сол кезден бастап, ол жерді жергілікті халық «Шоқан жүрген жол» – деп атап кеткен екен.

P.S. 1860 ж. Шоқан Уалиханов Азия департаментінің Бас штабының әскери-ғылыми комитетінің тапсыруымен Орта Азияның және Шығыс Түркістанның картасын сызып, Алатау жоталары мен Балхаш көлі аралығының картасын т.б. жасауға жетекші болған. (*Жетісу энциклопедия.* – Алматы: «Арыс баспасы» 2004. 603-б.). Сол 1860 ж. Ш. Уалиханов Алатау жоталарын аралап жүргенде Жаманты сайынан жүріп өтіп,

Верныйға барған болар. Бұл сол кезден ел арасында айтылып жүрген әңгіме болуы мүмкін (Ү.Б.).

Бұл жердегі Іле Алатауының беткейлерінің табиғаты сұлу, жаздың ыстық айларында мұнда ауа райы қоңыр салқын, жанға жайлы келеді, ал қыста қар мол түседі, ауаның температурасы жазық жерге карағанда, мұнда жылылау болады. Осындай жанға жайлы табиғаты сұлу жерге кім қызықпайды? Сол жердегі Жаманты минералды суына патша заманында орыстар да қызығушылық танытқаны туралы мұрағат құжатында мынандай мәлімет бар: «1879 ж. Жаманты шатқалында Ырғайты елінің сайлауы өткен кезде Верный уезінің бастығы полковник Кушакеевич келіп қатысып, сайлаудың қортынды үкімін шығарады. Осы кезде Жаманты шатқалындағы «Жаманты бұлағын» байқаған болса керек. Себебі, сайлаудан соң көп уақыт өтпей-ақ Верный уезінің бастығы 1880 ж. 2 мамырда Жетісу облысының губернаторына мынандай мәлімдеме жасайды: «Верный қаласынан шамамен 112 шақырым және Тарғап бекетінен 22 шақырым қашықтықта орналасқан Верный уезіндегі «Жаманты бұлақ» деген минералды жылу қайнар көзінен алынған алты құты суды Ташкенттегі химиялық зертханаға талдау жасау үшін жіберуіңіз туралы рұқсатыңызды сұраймын. Сондай-ақ, төменгі бұлақ суының температурасы +22 градустан жоғары, менің байқауымша судың құрамында темір көп, ал төменгісінде тұзы көп, ол жерде ванна жасауға қолайлы. Оған баратын жолдың кейбір жерлерін ғана жасау қажеттігін мәлімдеме арқылы жеткіземін» (*ҚРОММ. 44-қ., 1-т., 39113-іс, 12-н.*); (*Рахымқұлов Д. Найманбай батыр және ұрпақтары біртұтас әулет тарихы жөнінде. – Алматы: «ДК PrInt», 2014. 178, 179-бб.*).

Жаманты минералды суы – Алматы қаласынан 135 шақырым жерде Бесмойнақ ауылының батысындағы осы Жаманты өзенінің аңғарында теңіз деңгейінен 1620 м. биіктікте орналасқан бұлақтар бар. Жергілікті халық оны «Қайнар Арасан» деп атайды. Бұлақтар Жаманты өзенінің аңғарын кесіп өтетін, беті борпылдақ шөгінді жыныстармен жабылған тектоникалық жарықтардан шығып жатыр. Бұлақ суының құрамында сульфат, гидрокорбанат, кальций, натрий және денсаулыққа пайдалы микроэлементтер:

ортокремний қышқылы, фтор бар. Судың температурасы 18-26 градус. Жаманты минераллы суын – аяқ-қол, жүйке, т.б. ауруларды емдеуге пайдаланады. (*Жетісу энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы. 2004. 281-б.*)

Бүгіндері, Іле Алатауының солтүстік баурайындағы табиғаты әсем жерде, теңіз деңгейінен 1850 м. биіктікте орналасқан, Алматы қаласынан оңтүстікке қарай 26 км. қашықтықта «Алма-Арасан» – Республикалық дәрежедегі гинекологиялық санатория бар. Оның шипалы суының қасиеті XIV ғасырдан белгілі, халыққа кең танымал болған. Соған қарамай санаторий ретінде, тек 1932 жылы ғана ресми түрде ашылды. Алма-Арасан – тау бөктеріндегі ауасы таза, қылқан жапырақты орманның шырша, қарағайлы алқаптың ішінде орналасқан. Санаторийде негізінен жүйке ауруларын, гинекологиялық әйел ауруларын, аяқ-қол, буын, тері, асқазан ауруларын емдейді. (*Жүнісов Д. Сулы-нулы Жетісу. – Алматы: Арыс баспасы, 2006. 101- б.*)

Ел құлағында қалған аңыз. Осы Жаманты өзенінің бойын қоныстанған Жандос атаның ұрпақтары бұл жерді қалай иемденгені туралы ауыздан-ауызға тарап, ел арасында айтылып жүрген аңыз-әңгімені аталарынан естіген-білгенін Мұратбек Жүкебаев ақсақал былайша баяндайды: «Ертеректе, осы жерді мекендеген арғы бабаларымыз Жарылқамыстан тарайтын: Ораз, Бұқар, Елтүзер ішіндегі Бұқардан тараған Бабаның үлкен әйелі Байсұлудан – Жарлығап, Құлтай, Айтқұл, Шағырша, Төбет, Пұсырман, ал кіші әйелі Күнсұлудан – Байтума, Дәулеткелді, Айдос, Жандос, Жоламан, Еламан деген 12 балалары болыпты. Жаугершілікте Баба атамызды өз қоныстарынан ығыстырып, осы аймаққа қалмақтар қоныстанып алған кез екен. Қалмақ-қазақ соғыстарында әр жерде көзге түсіп жүрген Жандос батырдың үлкен баласы Таутеке де батыр атанып жүреді екен. Аңырақайда болған қырғын соғыста ма, әлде сол сияқты қалмақтармен арада болған үлкен соғыстың бірінде ме, Жандостың астындағы аты құлап мертiгiп, ол жаяу қалса керек. Сонда Байтума бауыры артынан келiп, (ертеректе бұрынғы кiсiлер iрi болса керек) мойнына мiнгiзiп алып: «Ат Жандос!, шап Жандос!» деп ұрандаған дейдi. Жандос садақ атқыш, мерген кiсi болған екен, садақпен атып жауының бiрталайын мерт қылады.

Сол соғыста қалмақтар жеңіліп, қазақтар олардан біраз жерлерін босатып алады. Арада біраз уақыт өтеді. Сол жерден әлі ұзап кете қоймаған қалмақтардың басшысы келіп: «Екі жақ жауласып барымталаспайық, бітімге келейік» – деп Бабаны балаларымен асқа шақырыпты. Оларды үлкен он екі қанат үй тігіп, даласына төсеніш төсеп, дөңгеленіп отырғызыпты деп айтылады. Олардың қалай отырғанын кім білсін. Сөйтіп, бәрі жол-жөнімен отырғанда шетінде Жандос, одан кейін кіші інісі Айдос орын алады. Қалмақтың басшысының жанында жолдастары және бәйбішесі ілесе келген екен. Қалмақ басшысы: «Кешегі сендермен болған соғыстағы ерлік көрсеткен батырың қайсы?» – дейді. Сонда, төрде отырған үлкендердің бірі оларға аяқ жақта отырған Жандосты көрсетеді. Оның бұған көңілі толмай: «Сендерді мен сыйлап, жауласпайық деп қонақ қып отырсам, мені мазақ қылғандарың не?» – деп реніш білдіреді. Сол кезде жалғыз аққу саңқылдап, топтың үстіне қарай ұшып келе жатады. Оны көрген ағалары. «Ей Жандос, сені батыр деп көрсетіп едік, мына қалмақ сенбеді. Енді ана құсты ат!» деп бұйырады. Сол кезде інісі Айдосқа арқасын тіреп қойып, атқанда құс бір қанатынан мертігіп, топтың ортасына түседі. Сонда кетпек болған қалмақ басшысын шақырып: «Айтқанымызға сенбеп едіңіз. Міне, батырымыз мына аққуды атып, топтың ортасына түсірді» дейді. Сонда қалмақ басшысы сенбеген кейіп білдіріп, қолындағы сүйеніп жүрген таяғымен түртіп көрмек болғанда құс: «тыпыр етіп, өзіне қарай шапшығанда», ол шошынғанынан жантайып құлап қала жаздайды. Содан соң, ол Жандосқа: «Тұр орныңнан, бері кел» – деп қасына шақырады. Екеуі бетпе-бет келгенде оған айтқаны: «Мен кешегі күні екі мәрте басыңды алуға ұмтылғанда, иығыңда тұрған «жолбарыс» елестеп, өлтіруге батпадым, киелі кісі екенсің» – дейді. Бәрі қайта жайғасып отырыс болып жатқанда, қалмақтың бәйбішесі Жандосты бөлектеп, шақырып алады. Сондағы айтпағы: «Сен осы сапар барысында жер бөліске түсерде, «Қоңыр төбе» тай шаптырым дөңгелек жер, құдығы бар, менің жайлауым де, ал Жамантал су ағысы сол таудың баурайына қарай, ал төменгі жағы Қопаға қарай ағады. Ол жақты менің қыстауым деп ал» – дейді. Жандос оған: «Мына отырған ағаларымнан менің кішілігім бар, маған олардан бұрын кезек келмейді ғой»

– дейді. Ондай болса тоқта, мен саған мына белгіні айтайын. Біз өткен соғыс болар алдында, сол жақта «боз бие» сойып құдайы бергенбіз. Сен оларға сол жолғы құдайыны мен берген едім» деп ағаларыңмен келісімге кел» – дейді. Сонымен бәрі келісімге келіп, екінші жауласпайық деп қалмақ басшысы сый-сияпат жасап, жаңағы Қоңыр төбені, салма-сайларды, төменгі жақтағы қорымды, Жамантал су ағысы өзенге құяр сайды болжап, көрсетіп, «алындар осы жерді» деп сапардан қайтады. Қалмақ басшысының жалғыз баласы бар екен, сол баласын «қонақтарды шығарып сал» деп қосып жібереді. Топ-топ болып қайтып бара жатқанда, алдыңғы топтағы Баба атамыздың үлкен ұлы Жарлығаптың тобы иіріліп тоқтап қалады. Сөйтсе Жарлығап батыр кешегі соғыста өлген екі бауырының кегін алмақшы болып, «Шағыраш пен Төбеттің қанына қан, жанына жаныңды аламын» – деп қалмақтың шығарып салып келе жатқан баласын бауыздап тастайды. Жол жөнімен келе жатқан артқы топтар әкелері Бабаны тосып, иіріліп, тұрып қалады. Ол уақытта әкесіз шешім шешілмейді. Жандос ағасына ренжіп, «Өттең артымда әкемнің келе жатқаны-ай, болмаса садақтың оғының бірі оған тиер еді» – деп Жарлығап ағасының бұл қылығына қатты кейіген екен. Оған інісі Айдос ара түсіп, Жандостың атының басын бұрғызады. Баба атамыз өз қолын өзі кесе ме? Жарлығапқа: «Түтінің жүзге жетпесін, жүзге жетсе, күзге жетпесін» – деп қолын жайып, теріс бата берген дейді. Бабадан алған батасы қабыл болып, қазір Жарлығап батыр ауылы елу, елу бес үй, содан аспайды. Ол кезде жер бөлісе қоймаған болса керек. Келгеннен кейін, Айдосы, Жандосы бар бәрі жабылып іздестіріп, құдайыға сойған боз биенің терісін Жамантал өзенінің батыс жақ бетіндегі қорымнан табады. Сонда Айдос айтқан екен: «Мені шапыраштылар сыйыстырмайтын шығар» – деп Жамантал өзенінің шығысындағы Бесмойнақ аймағын алған екен. Ал Жандос ата қалмақтың бәйбішесі айтқандай, Жаманты өзенінің төменгі ағысы Қопаға дейінгі аймаққа ие болады. Қазіргі Айдос, Жандос ұрпақтары Жаманты өзенінің екі жақ бетінде қоныстас болып отыр. Жамантал сайының аузы «Жандос ауылы» деп аталады. Бұл жер – Қазақ энциклопедиясында да, «Жандос ауылы» деп көрсетілген. Осы Жандос, Айдос ұрпақтары мен Ерубай руының ішіндегі

Қазыке, Байсейіт атасынан тараған ұрпақтарының қонысы болған аймақ (Қазіргі Жаманты, Ақтерек ауылдары) – Ресей патшалық өкіметі тұсында Ырғайты болыстығына, ал Кеңес дәуірінің кейінгі жылдарынан Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты болды. *(Бүркітбаева Ү.С. Өткен күндер – қалған іздер. – Алматы: «Нұрлы әлем» баспасы, 2012. 184-186-бб.)*

СМАТАЙ ӘРСЕКҰЛЫ

Сматай Әрсекұлы Ырғайты болысына қарасты Жаманты ауылында дүниеге келген. Ауылдас көнекөз қариялардың айтуынша, Сматай ұзын бойлы, сұңғақ, сұсты, қарайғанды қалт жібермейтін мерген, небір менмін деген жігіттермен аударыспаққа түсіп аттың үстінен жұлып алатын күшті, әрі қазақ-қырғыз балуандарының өзі Сматаймен күресуге жүрексінетін кісі болған. Ол жайында жазушы Балғабек Қыдырбекұлы да «Алатау» атты романында Сматайды: «Қара барқыт жағалы, түйе жүнді шекпені, басында бай баласының жаңа тұрғызылған, дөңгелеген, отауындай ақ киізден тышқан ізі салған қалпағы бар, қара сұр кісі екен» – деп сипаттайды. Сонымен бірге көптеген әңгіме деректерінде, оның қарайғанды қалт жібермейтін мерген болғаны сонша, тіпті ұшып бара жатқан самолетті, самолет болғанда «кукуруизникті» атып түсіргені айтылады. Ал, ел аузындағы тағы бір әңгіме деректерде, ол топ құрып, Кеңес өкіметіне қарсылық көрсетіп жүргенде, артына түскен 17 адам қызыл әскерді жалғыз өзі сайдың басында отырып жайратқан екен.

Міне, осы Сматайдың өмір жолы – қазақ елінің тарихындағы елеулі кезеңдері – отарлаушы Ресей өкіметінің тұсы мен большевиктер жеңісі орнатқан Кеңес өкіметінің кезіне тап келді. Өйткені, Ресей өкіметі тұсында орыс әкімшілігі 1909 жылдан жергілікті халықтың иелігіндегі жерлерді тартып алып, Ресейдің ішкі аудандарынан қоныс аударатын орыс шаруаларына кесіп әперу шаралары да, жергілікті халықтың намысын оятып, күннен-күнге ашу-ызасын тудырған-ды. Сонымен қатар, сол кездегі қазаққа салынатын «жер салығы», «жол салығы», болыстардың «қара шаңырағы» сияқты т.б. ондаған есеге өскен салық түрлеріне

қоса, 1914 ж. басталып, жүріп жатқан орыс-герман соғысына байланысты, соғыс қажетіне «ерікті салық жинау» дейтін таза тонаушылық сипаттағы төлемдер қосылып, халық әбден титықтап біткен-ді. Оның үстіне, осы кезеңдегі нақты ахуалды, ел ішіндегі саяси дағдарысты аңдамаған Николай II патшаның 1916 ж. 25 маусымдағы қазақтардың 19-43 жас аралығындағы еңбекке ер азаматтарды орыс-герман майданының қара жұмысына пайдалану жөніндегі Жарғысы жергілікті қазақтарды дүр сілкіндіріп, жер-жерде ұйымдасқан топтар құрып, қарулы көтеріліске шығуға мәжбүр етті. Өйткені, патшаның бұл еңбекке жарамды ер азаматтарды майданның қара жұмысына алу туралы жарлығы жазғы науқан кезіндегі жұмыс күшінің азаюынан, ауыл халқының шаруашылығына кедергі келтіруі сөзсіз еді. Сондықтан, 1916 ж. патша өкіметінің «Маусым жарлығына» қарсы болған Верный уезінің Шығыс және Батыс Кастек, Ұзынағаш, Қарғалы, Байдалы, Тайторы, Ботбай, Күрті, Ырғайты болыстарының би, болыс, ауыл ақсақалдары бастаған 5000-дай адам қатысқан Үлкен саз жайлауында бас қосқан үлкен жиында «Соғыс жүргізіп жатқан патшаның әскеріне адам бермейміз, бөтен жерде зорлық-қорлықпен қаза болғанша, өз топырағымызды жастанып, өлгеніміз артық» – деп боз биені бауыздап, қанына қолдарын батырып, ант-су ішіп пәтуаласады. Міне осы ант-су рәсіміне Ырғайты болысының бір топ азаматтарын бастап келген Әли Нұрғожаұлы еді. Осы жиыннан кейін жігіттер ауыл-ауылдарына тарасып, көтеріліске дайындала бастайды. Сол кезде патша жарлығын орындамауға бел буған Ырғайты, Қордай болысының ер азаматтары бірігіп, Әли Нұрғожаұлының басшылығымен қарулы көтеріліске шығуға топтаса бастайды. Осы көтеріліс кезінде Сматай Ырғайты болысының Жаманты ауылынан шыққан, көтеріліс басшысы – Әли Нұрғожаұлының сарбаздарының бірі болған-ды.

Ал, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін, 1918 жылы Қазақ жерінде Кеңес үкіметі орнады. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, үкіметтің басқару органдары қазақ зиялылары-алашордашылардың талап-тілектерініне құлақ аспады, оларды неғұрлым биліктен шеттетуге тырысты. Оларға «ұлтшыл» ретінде күдікпен қарау орын алды. 1922 жылдан бастап алашордашыларды партия тарапынан

қудалау саясаты ашық түрде жүргізілді. Сөйтіп, Кеңес үкметі озық ойлы, білімді, ел қамын ойлаған азаматтардан құтылудың жолдарын қарастыра бастады. Сол кездерде М.Дулатов «Ақ жол» газетінде жарияланған «Қазақ зиялылары» деген мақаласында қазақ зиялыларын «ұлтшыл» қылып отырған үкіметтің әккі саясаты екенін әшкерлеп, «Біздің қазақтың ұлтшылдары өзге жуан елдердің ұлтшылдарындай емес екені бәрімізге белгілі. Бізді ұлтшыл қылған нәрсе біздің кемдікте, қорлықта жүргендігіміз, көрінгеннен соққы жегеніміз еді, егер төңкеруші табылса, ұлтшылдықты ортақшылыққа айырбастауымыз қиын емес» деген еді. Осы жоғарыдағы аталмыш (Ақ жол) газет Орталық биліктің қатаң бақылауына алынған кезеңі болатын. 1925 жылдың 29 мамырында И.В.Сталин жолдас партияның Қазақ өлкелік комитетінің бюро мүшелеріне «Ақжол» газетінің саяси ұстамына байланысты хатын жолдайды. Онда, И.В.Сталин газетте жарияланған материалдар мазмұны жағынан шетелдерде жарық көріп жатқан Мұстафа Шоқайдың жазбаларымен үндес, сабақтас екенін айта келіп, мұндай олқылыққа орын беруге болмайды деген байламды айтады. Сонымен бірге, қазақ қоғамындағы Алаш зиялыларының белсенділігінен қорыққан И.Сталин көп ұзамай, 1925 жылдың жазында Республика басшылығына Николай патшаның отбасын атуды ұйымдастырушылардың бірі, шаш ал десе, бас алатын Филип Исаевич Голощекинді жібереді. Жергілікті жердің жағдайымен атүсті танысқан соң, Ф.И.Голощекин Сталинге хат жолдап, онда ендігі уақытта басымдық жалпыұлттық міндеттерге емес, қазақ ауылын кеңестендіруге, коммунистердің үлес салмағын күрт арттыруға, басқару аппаратын жергіліктендіруге жұмсайтынын айтты. Сөйтіп, Голощекин «кіші қазан» концепциясын ұсынды.

Ф.И.Голощекин бастаған саяси басшылық қазақ ауылын кеңестендіру жолында тұрған негізгі кедергі – байлар тобы деп түсінді. Сондықтан да 1926 жылы 26 мамырда «Жерге орналаспай жер пайдаланатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың шабындық және егістік жерлерін уақытша қайта бөлу туралы» заң қабылдап, байларды мал жайылымынан айыру шарасын осы жылдың маусым және шілде айларында бастап кетті. Ал 1927 жылдың желтоқсан айында мал-мүлікті тәркілеу туралы заң

дайындау үшін арнайы комиссия құрылды. Келесі 1928 жылдың 27 тамызында «Байлардың шаруашылығын тәркілеу туралы» және 13 қыркүйекте «Тәркілеуге қарсылық көрсеткені үшін қылмыстық жауапқа тарту және ірі, жартылай ірі феодалдарды көшіру туралы» – деп аталатын үкіметтің екі қаулысы шықты. Сөйтіп, 700 ірі шаруашылықтың мал-мүлкін тәркілену белгіленді. Малмен қоса бау-бақша, ауыл шаруашылық құралдары соқа-сайман, арба, шана тіптен күрке, жертөлелер де тәркіленуге жатты. Нәтижесінде 145 мың мал тәркіленіп, 619 отбасы жер аударылды.

«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен, зорлықпен жұрттың мал-мүлкі тартып алынды. Онсыз да адам шығынына ұшыраған халыққа жөн-жосықсыз қысым жасалып, жер-жердегі билік тізгінін ұстаған шала сауатты атқамінерлердің күні туады. Жергілікті жұрттың мұң-мұқтажы, көшпенділігі ескерілмеді, жаппай отырықшылыққа күштеді, тізімге орта шаруаларда кіріп кете барды. Салықтың небір түрлері кіргізілді, тіпті мүйіз салығы да енді. Еттің, егіннің планын орындандар деп вагон-вагон ет, астық асыра бұрмалаушылықпен орталыққа жөнелтіліп жатты. Осындай алмағайып заманда, көшпелі қазақтың қолындағы жалғыз сүйеніші, тіршіліктегі таянышы малы орталыққа алынғаннан кейін жер-жерде қарсылық көрсетіліп, қарулы көтерілістер мен қозғалыстар орын алды. Оларды ОГПУ мен тұрақты Қызыл Армия күштері аяусыз басып жанши бастады. Осы жаңа орнаған Кеңес өкіметінің бастапқы кезінде яғни 1928 жылы ірі байларды тәркілеу және ауыл шаруашылығын ұжымдастыру (қолхоздастыру) науқаны кезінде, күн көріп отырған адал малынан айрылған ауыл халықы 1930-1932 жылдары ашаршылыққа ұшырап жатты. Осы екі дәуірдің небір оқиғаларға толы, аумалы-төкпелі заманында өмір сүрген ержүрек Сматай – 1928 жылғы ұжымдасу кезінде ауыл халықының күн-көріс адал малын орталыққа өткіздіріп, соның салдарынан ауыл халқы аштықтан қырылып жатқанына шыдай алмай, өкімет басшыларының іс-шараларына қарсы әрекет етуге топ құрып, көтеріліске шықты.

Сматайдың Кеңес үкіметке қарсы күресі туралы, сол кезде шолақ белсенді қызметін атқарған, Ақтерек ауылының алғашқы болып негізін қалаған ауылдасы Айнақұлов Қаймолданың қызы

Кеңес апамыз берген әкесін жазып қалдырған қолжазбасында бұл оқиға туралы былайша баяндалады:

«1930 жылы 12 майда №12 ауыл (Сматай ауылы) алғаш «Мойынсерік» артель болып ұйымдасты. Ал, 1931 жылы 16 маусым күні Ыбырайым Избасаров деген Кастек ауданының өкілі келіп, қолхоздастыру жөнінде Көлқамыс деген жерде өткен жиында, қолхоз ұйымдастыру жолын түсінбегендер қарсы шығып, жиналған халық тарап кетті. 18 маусым күні қайтадан ауданнан Жанғалышов, Мұратов, Избасаровтар келіп, Көкмешіт деген жерде жиналыс ашты. Сол күнгі қолхоздастыруда (бұл осы Ақтеректе) «Калинин қолхозы» деп аталатын қаулы шығарылды. Ал Ырғайты бөлімінде Комсомол деген қолхоз ұйымдасты, Талдыбұлақ учаскесінде Ұмтыл атты қолхоз ұйымдасты. Осы екі арада қолхоз құрылысын түсінбегендер ұйымдасып, мал сойып, Ырғайты сайының ішінде «Банда» ұйымын құрған екен. Бұлардың ұйымдастыруымен аяқ астынан 1931 жылы 20 маусым күні көтеріліс басталды. Бұл банданы бастап көтерілген Сматай Әрсеков, Шолпанбай Айдабосынов, Заманбек Жолдасбаев, Аманжол Ерімбетов, Әбдірайым Жолшыбаев т.б. болып, халық арасына іріткі салып, 21-22 маусымда Талдыбұлақ пен Ақтерек учаскесінде банда мен шаруалардың қарсыласқан күні болды. Содан банда басқыншылардан қашып, станция Отар Оян ауылының Советінің председателі Монтаев Тұрлықожа деген жігіттің қамқоршылығында 3 күн болдым. Ол мені станция Отардың НКВД-і начальнигі Мыков дегенге ертіп барды. Содан НКВД-і арқылы 12 комотряд бесатармен, 6 ат, 2 үй, сойыс тамақтарымен жәрдем берді. Онда қашып барғандардан менің қасымда Рахмет Мауабаев, Атағожаев Абназар, Нұрбеков Заурбек, Ыстыбаев Жұман, Жалабаев Әбдікәрім, Шойынбаев Әбді, Мырзалиев Төлек, Мысырханов Ж. дегендер болды. Қордай ауданы Оян аулында Отар бойында 3 күн болып, 4 күні көтерілістің хабарын естіп, Тоқтарбаев, Ерубас деген НКВД-нің екі милициясы келді. Июнь айының 28 күні шашылып, шабылған, талан-таражға түскен Ақтеректің Көлқамыс бекетіне келдік. Магазиндерді бандалар шашып кеткен екен. Бұларды жинастырып, сол күні осы көшенің батыс жақ шетіндегі «Пұшықтөбе» деген төбеге 40 кісі келіп, Құрықоянды

сайының аузында қалың бандамен атыс болды. Бұл 9,10 күннің ішінде бандалар ұйымдасып, Қордай ауданынан басқа жерлерден келіп, көбейіп қалған екен. Сол атыста Қараарша деген жердің орысы Чишкин деген банда бар екен, сол өлді. Халық 9 күндей банданың қолында болып қалды. Содан қайта шабуылға шықтық та, Отарға барып тұрсам бір поезд келді. Поез ішінде Қазақстан басшыларының біреуі Елтай Ерназаров бар екен. Осы кісіге барып арыз айтып, халықтың жағдайымен толық таныстырдым. Ол кісінің жанында ноғай жігіті секретары бар екен, ол барып НКВД-і начальнигі Мыковке тапсырды. Елтай кеткеннен кейін, 30 июнь күні Қазақстаннан (басшылықтан) 175 әскер келіпті. Дегерес совхозынан ат мініп, 11-ауылдың Сарықойын учаскесіне келіпті. 11 ауылдағы жергілікті советтің председателі Тұрлықожаев, ал, 12-ші ауылдан Айнақұловты шақыр деген бұйрықпен Көккөз Жүндібаев деген милицияны жіберіпті. Біз осы шақыруымен Сарықойын учаскесінде тиісті міндеттерді атқардық. Бұл әскерді басқарып келген НКВД-і орынбасары Соколов деген кісі екен. Бұл дайындықты бандалар біліп қойыпты. Ертеңіне Ақтеректің аузында бандамен атыс болды. Келген отрядтың 20-даймен ғана атыспай қарар ма екен шамалап едік, бұлар көнбегендіктен атыс болды. Бұнда банданың 4 кісісі өліпті. Абақ Маделиев, Төлеген Бұтбаев, Игенбай Жиенбаев, Молдақожа дегендер. Июльдің 2-3 күні келген комотрядтар Сарқойынның Текшелі деген жерімен тауға шығып, банданың қарауында жүрген халықты қайта түсіріп келдік. 11-12 ауылдың жай шаруалары қонысына қайта көшіп қонды. Көкмешіт, Жамантыдағы жерлерге ұйымдағылар басшылыққа лайық тиісті жұмыстарын істеп жатты. Жоғарыда көрсетілген бандалардың тікелей халықтан бөлініп кеткені 11-12 ауылдан 75 адам. Бұларға Қазақстаннан келген НКВД-і орынбасары Соколовтың, ауданнан келген Ізбасаров Ыбырайым, Жанғазин, Төлебаев деген милициялардың басшылығымен тауда бөлініп қалған бандаларға туысқан-туғанынан қайтсын деген Совет басшы орындарының, аудандағы, ауылдағы азаматтардан достық сәлем жолдап хат жіберсек те қайтпай қойды. Банданың Шиен қыстағынан, Қаракемер қыстағынан, Ақтерек, Жаманты – 4 қыстақтан біріккен бандалар көбейіп қалыпты. Бұлар достық хат

алып барғандарға қайтпай қойды. Мұндағы бастаушы: Сматай Әрсеков, Ағыбай, Омарбек, Бошқай, Жолаушыбаев, Ысқақ, Заманбек, Аманжолов, Әміршан т.б. Ақтерек, Жаманты, Ырғайты деген таулардың арасында мекен етті» – делінген.

Осы ұжымдасуға қарсы көтеріліс жайында марқұм тарихшы Талас Омарбеков: «1931 жылы маусымда Қастек ауданындағы Комсомол атындағы колхоздың кеңсесіне кеңестік биліктің күштеу шараларына наразы халық баса-көктеп кіріп, ауылдық кеңес кеңсесін өртеген, кооперативтерді талқандап, олардағы тауарларды өзара үлестіріп алған. Мұнан соң олар «Ұмтыл» колхозының малдарын айдап әкеткен. Аудан орталығында шұғыл ұйымдастырылған комсомолдар мен коммунистерден тұратын коммунистік отряд екі рет, алғаш 17-18 маусымда және 5 шілдеде жалпы саны 300-дей адамға жеткен көтерісшілер отрядымен № 11,12 және №14 ауылдар маңында қақтығыстарға барған. Қарулы қақтығысқа тап болған коммунистік отрядтар атыстан қаймығып, Отар станциясына қарай шегіне қашқан. *(Т.Омарбеков. 1931-1931 жылдардағы халық көтерілісі. Алматы: «Арыс». 2018 ж. 472-б.).*

Сматай бастаған көтеріліске сол өңірдегі бай-бағлан, кулактардың барлығына дерлігі қатысты. Солардың бірі Құдайберген Шалтабай еді. Шалтайбай қажылыққа сапарлап келген, өңірдегі ықпалды жандардың бірі болды. Қастек ауданы 6-ауыл еңбекшілерінің кәмпескелеу жайындағы мәжілісінен үзінді келтірсек: «Шалтабай Құдайбергенұлы байлықпен қажыға барған адам, жердің шұрайлысын алып, алма ағаш деп жәй ағаштар отырғызып, өзінің шаруа жерін өркендетіп отыр, бақшамен қатар жоңышқа салып, бір жағынан жеке қожалық етіп, малын асылдандырып отыр, ел арасында есеп жұмысына қарсы есеп насихат жүргізеді. Әдіспен балаларына енші қылып малын бөліп беріп отыр. Шалтабай Құдайбергенұлы уезіндегі қазақтарға ықпалын жүргізген. Шалтабай Құдайбергенұлы Қастек ауданы 6-ауылдағы еңбекшілерге белгілі атақты бай болған себепті малын кәмпескелеп өзін жер аудару керек деп тоқтам жасады» – делінген. *(Жетісудағы мүлікті тәркілеу тарихынан: Қастек ауданы. 1928 ж. / Құжаттар жинағы. – Алматы: «Арыс» баспасы. 2021 ж. 303-319-б.).*

Сматайдың қоластында қарашекпенді кулактар да болған. Мысалы, Айнақұловтың қолжазбасында: «Пұшықтөбе деген төбеге қырық кісі келіп Құрықоянды сайының аузынан қаптасып шыққан қалың бандымен атыс болды. Бұл 9-10 күннің ішінде бандалар ұйымдасып Қордай ауданынан басқа жерлерден көбейіп қалған екен. Сол атыста Қараарша деген жердің орысы Чишкин деген банда бар екен, сол өлді бандадан» – деп көрсетілген.

Архив құжаттарында аталмыш бас көтеру жайында: «Кара-Кастекское бандыступление произошло в июне с.г. под руководством баев. Причиной выступления послужили перегибы при хлебозаготовках. Лозунг «Долой советскую власть и коммунистов» Бандучастниками убиты уполномоченный РИКА и ряд ауыльных активистов, разгромлен кооператив. Из числа участников выступления организована банда в 100 вооруженных чел. Под руководством крупного бая – аткаминера Умарбека (фамилия неизвестно) и активиста Арсекова. Операция против этой банды продолжается» – деп ОО ПП ОГПУ-дің 2-отдельдің басшысы Шумилов Казкрайком ВКП(б) мәлімдеме жасайды.

(АП РК Ф. 141. Оп. 1. Д. 5052. Л. 315-321. Подлинник; Жетісудағы ашаршылық қасіреті. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2021 ж. 141-142-бб.).

Негізі, Сматай бастаған банда мен қызыл әскер арасында көптеген қақтығыстар мен атыс болады. Мысалы сол бір екеу арадағы 1-2 соғыс жайында архив құжаттарында: «...19 сентября банда, находившаяся на западных склонах г.Аргайты-Байчи (30 верст западнее тракторной ст Отар), теснимая отрядом оперативника Воронина, прорвав заслоны кавалерийского и стрелкового взводов 13-го полка ВСГПУ, отступила в северном направлении. 21 октября на ур. Дулан-Кара (25 верст севернее ж.д.ст.Отар) с бандой имел перестрелку комотряд Чуйского помощника РУПа Нургалиева, в начале перестрелки 12 отрядников сбежали. Вечером того же дня отряд Нургалиева был атакован бандой, в результате перестрелки убито 5 комотрядников, в.т.ч. помощник РУПа Нургалиев и фельдшер Скляров, ранены 10 комотрядников. В плен взяты 12 бандитов и 10 лошадей.

В 9 часов 2 ноября с.г. отряд комвзвода 13-го полка ВОГПУ

Носкова в ущелье Мунчалы (8 верст юго-западнее почтовой ст. Отар) вступил бой с бандой Арсекова Сматая в 30 вооруженных винтовками джигитов. К вечеру отряд Носкова был подкреплен отрядом Поварова в 20 сабель при 1 легком пулемете. С наступлением ночи бой был прерван». *(Жетісудағы ашаршылық қасіреті. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2021 ж. 145-б., 154-б.)*

Жоғарыдағы Долаңқора, Моншалыдағы соғыс жайында тарихшы Талас Омарбековтың зерттеулерінде:

«1931 жылдың 19 тамызында көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында болған келесі қиян-кескі шайқас кезінде коммунистік отряд мүшелерінен Қастек аудандық ОГПУ басқармасы өкілінің көмекшісі Перепоров, Қастек ауруханасының менгерушісі Суханов, БК /б/ А аудандық комитетінің бюро мүшесі Криворученко, аудандық «Живсоюз» басқармасының мүшелері Бойко және Алтухалар қайтыс болған.

Долаңқара деген жерде 1931 жылы 21 қыркүйекте болған ұрыста жазалаушы коммунистік отряд тағы да 6 адамынан айрылған. Олардың ішінде ОГПУ-дің Шу аудандық басқармасының бастығы Нұрғалиев, байланыс қызметкері және 4 коммунистік отряд мүшелері бар. Осы ұрыста көтерілісшілердің 12 адамы еріксіз тұтқынға түскен.

Келесі 14 қазанда Ақтерек шатқалында болған ұрыс 5 сағатқа созылған. Нәтижесінде взвод командирінің міндетін уақытша атқарушы Просвирин, бөлімше командирі Фридман және екі қызыл әскер өлген. Ал ОГПУ-дің 13 полкінен 3 қызыл әскер және 1 коммунистік отряд мүшесі жараланған.

2 қарашада Моншалы сай деген жерде көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында тағы бір қарулы қақтығыс болған. Онда 3 қызыл әскер жараланып, 1-еуі өлген. Бұл ұрыстарда көтерілісшілер арасында қанша шығын болғаны деректерде көрсетілмеген. 23 қарашада жоғарыда аталған Долаңқара елді мекенінде кенеттен пайда болған самолет көтерілісшілерді оқтың астына алған. Мұның өзі көтерілісшілер тобын дүрліктіріп, өлімнен аман қалғандарды тоз-тоз етіп ұсақ топтарға бөлшектеп жіберді» – делінген. *(Талас Омарбеков. «Ақиқат» журналы. №4. 1993 жыл. 60-62-беттер).*

Ал, жоғарыдағы куәгер Айнақұловтың жазып қалдырған

қолжазбасында Сматай Әрсековтың қолға түскені жайлы былай делінген:

Сматай Әрсеков бастаған бір топ банда 1932 жылы май айының ішінде Моншалы сай аузында Ақтерек ауылындағы комсомолдың секретары Айтқожа Әмірқожаев пен қолхозшы Абдіғали Әбдіреманов екеуін өлтіріп кетіпті. Әрсеков Сматай бастаған бір топ бандаларды 1932 жылы ноябрь айының 12 күні Ақтерек орталығында Жұмашев Көпшілбайдың үйінде қолға түсірдік. Мұндағы басшылық жіберген Қордай ауданының, Қастек ауданының НКВД-і начальнигі Қарасов, Сейтов Сапарғали деген азаматтар болды. Басшылыққа жан аямай көмек берген Нұрбеков Зәуірбек, Жұмашев Көпшілбай, мен – Айнақұлов Қаймоллда. Мен сол жылы Қарақастек деген жерде Советтің председателі едім. Сматай ұсталардан үш күн бұрын Ақтерек ауылына Қарасов, Сейтов бұйрығымен шақырылып келдім.

11 кісімен Әрсеков Сматай Жұмашев Көпшілбайдың үйінде қолға түсірілді. 1-уі өліп, 10 кісі тірі түсті. 1932 жылы ноябрь айының ішінде, ал, 1933 жылы май-июль айларында Алмалы деген жерде Әбдірайым Жолаушыбаев, Аманжол Айтымбеов және Заманбек Жолдасбаев қолға түсті. Бұл бандалардың қолға түсуінде Қастек ауданының НКВД-і начальнигі Сейтов Сапарғали, Қордай ауданының НКВД-сі Москвин деген орыс жігіті, Шу ауданынан Наушабаев НКВД-сі, 3 ауданнан біріккен 36 комотряд болды. Сол күндерде Ақтеректен мен – Айнақұлов, Рысалиев, Бапкенов, Мамаев Рақым, Шаяхметов деген жігіттер болды. Сол күні комотрядпен атысқан ұрыста 19 кісі қолға түспей қашып кетті. Банданың ең ақыр аяғы Смағұл Алішбаев деген 1934 жылы июнь айының 2 күні қолға түсті. Ырғайты өзені Аңсаңғыр, Бетқайнар деген жерде. Қазір сонда Смағұл Алішбаевтың үңгірі бар. Сонда менің астымда ақбақай күрең атым бар еді. Осы ауылдың азаматы Мұқатай Жұмағұлов 8-9-дағы бала еді. Сол менің артыма мінгесіп барды. Басқа азаматтар жол тауып жаяу барды. Біз бұл жолы Алішбаевтың мылтық құралдарын, азық-ауқаттарын алуға бардық. 3 жылдың ішінде жинаған құрал мүліктерін алдық. Алішбаев ұсталуында болған осы ауылдың азаматы қазірде бар. Төлешов Туғанбайдың қайын атасы болды. Төлешов 1931-1932 жылдардан

бері қарай қолхоз ұйымдастыруға, түрлі қоғам жұмыстарына біте қайнасып, жан аямай еңбек еткен қызметкерлердің бірі. Ақыры, банданың шабуылы біздің бұл ауылда 1934 жылы июнь айының 2-сінде бітті. (*Ж.Қарабасов. Ноғайбай шешен. – Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ. 2014. 159-160-бб.*)

Жоғарыдағы мысалдар бірнеше уақиғаның көрінісі екенін байқаймыз. Ақырында, көтерілісшілер жоғарыдан самолеттен оқ жаудыру арқылы талқандалады.

Елім деп еңіреп, асыра сілтеуге, зұлымдыққа қасқая қарсы келген Сматай Әрсеқұлының ұсталуы жайында архив құжытында:

«В ночь с 26 на 27 ноября нашей агентурой был вызван главарь Кастекской банды Арсеков Сматай за получением муки и пороха. Арсеков Сматай прибыл с 8 людьми в 1-й дом 12-го аула (4 км северо-восточнее почтовой ст. Отар), где был окружен нашей засадой, состоящей из 7 товарищей: 1) начальник отделения службы УПО Трифонова; 2) комполка 13 ВОГНУ Лебедева; 3) уполномоченного ПП ОГПУ Свиноренко; 4) уполномоченного У ПО Добротина; 5) командира ремонтного дивизиона полка ВОГПУ Анзигитова и 2 красноармейцев названного полка. В результате короткого боя захвачены живыми главарь банды Арсеков Сматай и 7 бандитов, из коих 1 ранен; 1 бандит убит; убито 9 лошадей. Взято оружия: 2 трехлинейные винтовки с 100 патронами, 4 нарезных берданы в 50 патронов и 2 охоторужия с 10 патронами и 1 револьвер «наган» с 26 боеприпасами. С нашей стороны потерь нет» – деп көрсетілген. (*АП РК Ф. 141. Оп. 1. Д. 5052. Л. 1-9; / Жетісудағы ашаршылық қасіреті. – Алматы: «Арыс» баспасы. 2021. 155-б.*)

Ақтерек совхозының тумасы, көзі ашық көкірегі ояу, Қаймолда қызы Кеңес апамыздың дерегіне сүйенсек: «Сматай Көпшілбайдың үйінде бірненше адаммен қолға түседі. Атыс кезінде Көпшілбайдың әйелінің қолына оқ тиіп жараланады. Алдын ала үйдің шатырына пулемет қойылған. Ұстау кезінде қарсылық көрсетеді» – деп есіне алып еді. (*Ж.Қарабасов Ноғайбай шешен – Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ. 2014 ж. 163-бет*).

Сматай батырды қолға түсіргеннен кейін Отар станциясы

арқылы Алматыға жөнелтеді. Отар бекетіндегі халық та құлақдар болып вокзалға жиналады. Ол жайында Болатұлы Асхаттың дерегінде: «Әкем осы уақиға жайында көп айтушы еді. Сматайдың батырлығын, мергендігін аузынан тастамайтын. Ол ұсталған кезде халық Отар бекетіне көп жиналыпты. Әскердің қарсылығына қарамай самайын ақ басқан бір апа Сматайдың жолына ақ киіз төсепті, жиналғандар қатты күңіреніпті» – деп бір еске алып еді. Әрине, осы уақиғаға біреу сеніп, біреу сенбес, адамның өз еркі. Бірақ, «Сматай» атты абаданның қазақтың қатпарлы тарихында өшпес із қалдырғаны рас-ау осы!

Осылайша сан-саққа жүгіртілген Сматай бейнесі ел есінен кетпей, күні бүгінге дейін ауыл арасындағы бірде шын, бірде жалған әңгімелердің өзегіне айналуға. Бұл тұрғыдан алғанда «Сматай кереметінің» тарих үшін ақиқат болып ашылатын уақыты келген сияқты. Өйткені, Сматай туралы деректер архивке белгісіз қолжазба мен архив құжаттарында да көрсетілген.

Абадан көкбөріге бергісіз тау-таста, үңгірлерде мекен еткен көтеріліс құрбаны Сматай Әрсеқұлы ұсталып, кейіндері толықтай ақталғаны жайында немересі Теміргүлдің 20.04.2023 жылы архивтен алған құжатында: «Арсеков С. арестован ОО ПП ОГПУ в Казахстане 1 сентября (27 ноября) 1931 года. Обвинялся в организации восстания в нескольких аулах Каракастекского района, грабежах, руководстве боями, т.е в совершении преступления, предусмотренного ст. 58-2 УК РСФСР. Выездная сессия Коллегии ПП ОГПУ в Казахстане от 28 марта 1932 года постановила Арсекова С. Расстрелять, имущество конфисковать, решение которой было исполнено 7-го мая 1932 года в г Алма-Ате.

Учитывая, что по делу доказательств не собрано и решение принималось несудебным органом Арсеков Сматай на основании заключение прокуратуры Казахской ССР от 18 февраля 1991 года, в соответствии со статьей 1 Указа Президиума Верховного Совета СССР от 16 января 1989 года «О дополнительных мерах по восстановлению справедливости в отношении жертв репрессий, имевших место в период 30-40-х и начало 50-х годов» был реабилитирован» – деп көрсетілген. *(Архив Президента Р.К. Фонд 20 (г. Алматы), Дело 011331.).*

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні 2020 жылғы 24 қарашада жарияланған Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия құру туралы» жарлығы, ұлттық сананы өзгертіп, шейіт болып жазықсыз атылып кеткен, қудалауға түскен боздақтарды ақтауға, келелі істерге жетелеп, нақты нәтижеміз «Әділетті Қазақстанға» барар жолымызды толық аша түспек!

СМАТАЙ ӘРСЕКОВТИҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ НЕМЕРЕСІНІҢ ЖӘНЕ БАСҚА ДА АЯУЛЫ АЗАМАТТАРДЫҢ СМАТАЙ ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІКТЕРІ

Сматай Әрсекұлының ерлігі туралы батырдың немересі Алматы облысы, Жамбыл ауданы Қарғалыдағы №3 мектептің ұстазы Теміргүлдің естелігіне жүгінсек: «Жастайымнан Күлғайша апам Сматай атаның ерлік істері туралы айтудан жалықпайтын. Сматай атамыз батыр, құралайды көзге атқан мерген болса керек. Ауқатты, бай болған, малдарын үкіметтің жарлығымен ортаға жинап, колхозға алғаннан кейін, аштықтың бұғауына түскен отбасы мен ағайындарына араша түседі. Үкіметтің солақай саясатына қарсы келіп «банды» атанады, тау-таспен сондағы үңгірді мекен етті. Сматай атам тау-тасты мекендеп жүріп, артындағы ұрпақтарын ойлап атып алған арқар мен құс еттерін түнделетіп келіп ошақтың жанындағы ұраға көміп кететін» – деп арасында көз жасына ерік беруші еді. Батыр атамның үлкен қызы Нұриланың ер балаша киініп алып, тауға әкесіне кетіп қалатыны жайлы да айтатын. Апамыз тығылып әкесіне оқ-дәрі апарып беріп жүрген екен. Ең есте қалатыны батыр атамыз ұсталғаннан кейін «аһ» ұрып, өкініп балаларын көзімен сүзіп іздеген кезде баласы Сейдахмет, яғни менің әкем, ұстап тұрған әкпелерінің қолынан босап, әкесіне қарай «аңырап» жүгіреді. Сол уақытта ұсталып жатқан батыр өзінің артында қалған, жарты жолда әскер-шибөрілерімен жолы кесілген қайсар мінезді баласы Сейдахметке сүйсіне қарайды!

Атағы алпыс атанға жүк болар Сматай батыр жайлы Болатұлы

Асқаттың әкесінен естіген әңгімесін тыңдасак: «Мен тұратын Таңбалы тас жақта «Бандит сай» деп аталатын жер бар. Ол жерде кезінде Сматай ата мекен еткен. Аңдыған жаулары қызыл әскер отрядына қайда жасырынып жүргенін жеткізеді. Оншақты сарбаз сайдың ішімен, қалың шидің арасымен бұқпантайлап, аңдып келе жатқанын батыр сезіп ақ боз атының бауырына жармасып шаба жөнеледі. Олар да арттағы өзекке тығып қойған аттарына міне сала қуып ала жөнеледі. Сматай болса бесатарымен артындағы қуғыншылардың бірнешеуін атып құлатып, кейбірінің малақайларын ғана атып түсіріпті. Сөйтсе, малақай кигендері артына түсіп қызыл әскерге көмектесіп жүрген жергілікті қазақтар екен де, атып өлтіргендері формасы бар әскердің өзі. Өзімнің қандасым, қара көзім деп малақай кигендерін оққа қимаған екен, жарықтық!».

Сматай батыр жайлы жағымды-жағымсыз әңгімелерге жол берсек, осы күні бүкіл аймаққа танымал, жақсы игі-бастама, іс-шаралардың тұма басында жүретін, шындықты шырылдатып тура айтатын Ақтеректің арда азаматы Темірланның естелігіне үңілетін болсақ: «Апам марқұм өте еңбекқор адам еді, осы Ақтеректің басында бірнеше әйелмен бірге тары егіп жатса керек. Жұмыс қызып жатады, тау жақтан Сматай батырдың қарасы көрінеді. Тарышыларға әлгінде ауылдың бір шолақ белсендісі келген-тұғын. Бағанадан бері әкірендеген әлгі байқұс оны жасырып, тығуларын сұрайды. Жедел қимылға көшу керектігін түсінген апам, әлгі қараңққағырды көйлегінің етегіне жасырады. Батыр болса ары қарай шаруасымен кете барады. Сөйтіп, белсендінің жанын аман алып қалады» – деп сонау нәубет заманның сарынынан хабардар етіп еді. Және де «Топырығың торқа, жаның жанатта болғыр» аяулы анашым Сегізбай қызы Бүбіштің: «Шұбарбайталда жаздыгүні қой сауып жатқанда, «банды» келе жатыр дегенде, қорыққанымыздан шешеміз Түргенбай қызы Жөнденбайдың кең етек көйлегінің ішіне тығылап қалатынбыз» – деп айтқаны жадымда сақталыпты. Анашым сол кезде 4-5 тер шамасы болса керек. Өткен шақты еске алатын болсам, сонау бір жылдары Көктөбе ауылындағы бір ағайынмен әңгімеміз жарасып, оның соңы қатпарлы тарих жайына ұласты. Әңгіме арасында Сматай батырды түн жарымда Көктөбеге


ақ боз атпен келгені жайлы айтып қалды, сонымен қатар ауыл белсендісінің қазылған арыққа жата қалып тығылғаны жайлы тәптіштеп айтқаны есімде.

Баба ұрпағының Жиеналысынан тарайтын еңбек ардагері қазіргі таңда Алматы қаласы Наурызбай ауданында тұрып Ардагерлер алқасында жемісті еңбек етіп жүрген Тұрысбек ұлы Әмірханның айтқан естелігіне жүгінсек: «Сматай аталарың теңдессіз батыр адам болған, ондай жүректі батыр адамды өмірімде кездестірген жоқпын – деп марқұм Тұрысбек әкем айтып отырушы еді. Әкем Тұрысбекті Жандарбек өзіңнің көзің көрді, аң аулайтын аңшы, сонымен бірге көкпаршыл болатын. Жас кезінде жеті рет сайысқа-аударыспаққа түскен, алты рет жеңіп жетіншісінде тең түсіпті содан кейін ол өнерін тастаған. Топырағы торқа болғыр әкем осы Сматай батырдың қолының астында болған. Сматай ағайыны ретінде менің әкем сияқтыларды өзімен бірге ертіп кеткен. Кейін банда талқандалғаннан кейін Алматы жақты тасалаған. Уақыт өте келе Алматыда тұтқындалып абақтыға қамалған, артынан босап шыққан.

Жолаушыбай Сматай батырдың оң қолы болған, әкемнің досы әрі рулас туысы болған адам. Осы Жолаушыбай әкем абақтыдан шыққаннан кейін Ақтерек өңіріндегі Ырғайты сайында кездесіп қалады да әкеме кездеме, қант-кәмпиттерінен береді. Әкем болса бәлесінен аулақ деп сол Ырғайты сайының бір тасасына тастап кетеді. Сматайды ұстау үшін артына самолет салады, оның өзін бесатарымен атқылап ұстатпай кетеді. Ақырында алдап құдасы Көпшілбайдың үйінде қолға түсіреді. Ұстағандардың басшысы Сматай атамыздың мергендігін тексермекші болып, он-он бес қадамға апарып бес тиынды қояды да қолындағы нағанын ұсынады. Батыр атамыз нағаннан бас тартып өзінің бес атарын сұрайды да әлгі бес тиынды атып түсіріп, жендеттерге тіке қасқып қараған екен» – деп осы уақиғаның куәсі болғандардан естіп білгендерін жалықпай айтып отырушы еді.

Сматай батырдың жасаған қайырымдылық істері мен жүрген жерлері аңыз бен қиял ғажайыпқа, шым-шытырық уақиғаларға, қарама-қайшылықтар мен шырылдаған шындыққа толы жәйттар әліде халық арасында әңгімеленіп ұмытылар емес!

Халық шежіресі бойынша Сматай Әрсектің (Өрісбек) тегі:
 Ұлы жүз – Дулат – Жаныс – Жарылқамыс – Бәйімбет – Бұқар –
 Баба – Пұсырман – Жәлменбет – Кұлсерек.



Ескерту: Ал, жақша ішіндегі сандар – 1886 жылғы сайлау өткізуге арналған санақ тізімінде әр адамдардың жас мөлшері берілген.

Мырзағұл Қосаев – 1898-1900 жж. болыс басқарушының кандидаты, 1882 ж. №3-а. басшысы.

Құдабаев Алашбай – 1892-1895 жж. №1-а. биі.

Құдабаев Меңдешбай – 1898-1900 жж. №5-а. биінің кандидаты.

Байділда Мамбеталин – 1898-1900 жж. №8-а. биі, 1901-1903 жж. №7-а. биі.

Қайып Алдашбаев – 1910-1912 жж. №8-а. биінің кандидаты.

1931-1932 жж. Сматай ұжымдасуға қарсы топ («банда») құрып күрескен батыр...

Ескерту: Үш жылдық сайлау кезінде сайланған ауыл билері, старшындары мен болыс басқарушыларының аты-жөні, Ү.С.Бүркітбаеваның «Өткен күндер – қалған іздер» кітабының 196-199-бетеріндегі деректерден алынды.

Сматай батырдың шежіресі:

Сматай Өрісбек (Әрсек) ұлының ата-тегі: Ұлы жүз – Дулат – Жаныс – Жарылқамыс – Бәйімбет – Бұқар – Баба – Пұсырман – Жәлменбет – Құлсерек – Тілеке – Қорғанбай(50) – Қожағұл(15), Ыбырайықұл – Өрісбек (Әрсек) – Сүлеймен, Сматай – Болатқұл, Сейдахмет – Серік – Нұржан; Қайрат – Нұрлан.

ӘРСЕКҰЛЫ СМАТАЙ БАТЫР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТІ ӘНГІМЕЛЕР

Кешелі бері жауын себелеп жауып тұр басылатын түрі жоқ. Күзгі ақжауын. Қабағы қалың жабағы бұлт аспанды тұмшалап алған. Содан да төңірек түнеріп қоңырқай тартқан. Жер шылқыған су, батпақ. Суыт жүрген қос атты Көлқамыстағы қалың бейіттердің мазарының біріне келіп бой тасалауда. Қос аттының бірі атақты Әрсек байдың ұлы аты қырғыз-қазаққа кеңінен жайылған Сматай да жанындағысы атқосшысы ағайынның баласы Ағынтай. Шеттегі ескі қорымдағы бейіттердің бірі атақты Қараш батырдың бейіті,

оны Сматайға әкесі ана бір жылдары Бошқұл байдың тойынан қайтып келе жатқанда келіп көрсетіп, құран бағыштаған. Қараш батыр қалмақтармен болған соғыста аты шыққан ұлы жүздің батыры. Әкесі сонда Қараш батыр туралы біраз әңгіменің шетін шығарып еді, одан бері де біраз жылдың жүзі болып қалыпты. Қайран уақыт десеңізші! Асқар тау әкесінің арқасында қиыншылық көрмеді, жастайынан беті қайтып көрмеген оған бәрі-бір сияқты көрінетін. Небір менмін деген жігіттермен аударыспаққа түсіп аттың үстінен жұлып алатын, қазақ-қырғыз балуандарының өзі Сматаймен күресуге жүрексінетін еді ғой. Сүйткен батырың міне артынан түскен қалың әскерден қашып бой тасалауда, отбасын көрмегелі де бір айдан асып қалыпты, бәрінен де ауырып жатқан анасын ойласа өзін қоярға жер таппайды...

Өткенде қазан айының қоңырқай күндерінің бірінде боз атымен алғадай ойдың әлегіне түсіп келе жатқанда өзі бес саусағындай білетін «Моншалы» сайының маңында ОГПУдың әскерімен ұшырасып қалды. Құралайды көзге атқан мергендігіне салып артына түскен қызыл әскерді маңына жуытпады. Қызыл әскер киімін киінгендерді баудай түсіріп, ара-арасында қазақша бөрік-шапандыларға қарсы оқ атпай сытылып қашып құтылып еді. Сол жолы артына түскен жаудың оншақтысын жақанамға жібергені өзіне ғана аян. Әйтеуір, сол бір «Моншалы» сайындағы оқиғадан кейін Сматай батырға және оның нөкерлеріне тыныштық жоқ. Батырды және оның тобын қайтсе де қолға түсіру туралы жоғарғы жақтың жарлығына байланысты қуғыншылар тобы «Моншалы» сайының аузына шоғырланып ізге түспек болса, екінші тобы Сматайдың алдын орап барып осы жерге тоқтайды-ау деген жерлерді шолумен болды. Бірақ еңбектері еш кетті, жер жағдайын жақсы білетін Сматай тобы «Кіндіктас» жаққа ауып кеткен болатын. Кіндіктас жаққа келгелі бері әбден қуғын көргеннен бе жаны біраз жай тапқан сияқты. Кеше «Үйтаста» отырған Қасқарау ағайындарға жанындағы сенімді серіктері Заманбек пен Тұрысбекті жұмсағаны бар еді, сонымен ел ішінде ОГПУ дың жансыздары бар екенін біліп алған ол серіктеріне бажайлай қарап:

– Ал артымнан ерген жолбарыстарым менің енді бері қараңдар! – деді атына мініп жатып.

– Осы күнге дейін өлгеніміз өлдік, қалғанымыз қалдық. О дүниелік болған бауырларымызға Алла иман берсін! Шалтабай мен Омарбектерден хабар келмей кетті. Ұзынқұлақтың жеткізуі бойынша, енді біздің артымызға өз күштері жетпегендіктен қосымша айырплан дей ме, самолет дей ме сол жаналғышты түсірмекші! Қайтамын жаңа үкіметке берілемін дейтіндерің болса өз еріктерің түге!

– Жоқ!

– Жоқ, біз өле-өлгенше өзіңмен біргеміз! Әр жерден жігіттердің дауысы шығып жатты.

– Олай болса, Нұрғалиевтің әскерінің біздің артымызға түскені түскен. Қазір үш топқа бөлінеміз. Тұрысбек пен Заманбек екеуің екі топты бастап «Долаңқараға» қарай бет алыңдар. Шалтабай қажы да тобымен сонда келеді. Арттарыңнан тобыммен менде жетермін.

Сматай батыр екі топты барар жеріне жұмсап, өзі әкесінің байырғы досы Аңырақай даласында отырған Мешітбай қажынікіне жол тартты. Суыт жүрген топ түс мезгілінде «Ақбастау» жайлауының желке тұсынан Мешітбайдікіне сау ете түсті. Ауыл маңында сезікті ештеңе білінбейді, сонда да Сматай қыли көз Ағыбайға иек қаққаны сол еді ортадағы ақшаңқан сегіз қанат ақбозүйге қарай желе жөнелді. Үй сыртынан дауыс салып:

– Ассаламағалейкум, Мешітбай қажы үйде ме?

– Уағаликумассалам, шауып алардай бұл кім өзі?

– Сматай батыр сәлем айтты үйінде кімің бар сенен бөлек?

– Нақсүйерімнен басқа кім болушы еді, ауыл тыныш, келе берсін батырың!

Батырдың тобы үйге жақындай бергенде үй иесінің тоқалы сонадайдан алдарынан шығып, басындағы үлкен күндігімен бірге төмен иіліп:

– Сәлем бердік, сапарларыңызға нұр жаусын! Ел-жұрттарыңыз аман ба? – деп ығысып үйге қарай жолды меңзеді.

– Аллаға шүкір, – деп сәлемін қысқа қайырған батыр сегіз өрім камшысын етігінің қонышына сүңгітіп, алдыға Ағыбайды салып Мешітбайдың үйіне енді. Төрде малдас құрып отырған Мешітбай Сматай батырды көрген бойда орнынан тұрып, сәлемдесіп қосқолын ала жүрді. Сандықтың тұсында жатқан екі ұл әкесінің

өзінен жасы кішілерге айрықша ілтипатпен сәлемдскеніне қайран қалды. Ал, қонақтардың артын ала кірген аналары да бәйек болып жүр. Сматай батыр төрге озды да қалған қонақтар төмен қарай жайғасты. Өне-міне дегенше сабамен қымыз да келді. Екі-үш шыны қымыз ішілгенен кейін қонақтар естерін жиып, шаршағандары басылып көңілдене бастады. Түзде жүрген сабаздарға үйдің іші, жан-жағындағы бала-шаға жұмақтай көрінгені рас та еді. Кейбірі көңілдері босап артында қалған бала-шағалары естеріне түсіп көңілдері бейжай болып, әрең отыр. Өзі қагілез алдыңғы жылы үйленіп, Кеңес үкіметінен жәбір көріп топқа келіп қосылған Төлеген пештегі маздап жанып жатқан көңге қарап қатып қалыпты, ештеңемен ісі жоқ. Оның ойын төрде отырған Сматайдың:

– Мешітбай әке, ауыл-аймақ аман ба? Жақын маңда ОГПУ-дің әскері жоқ па? – деген қатулы сөзі бұзып кетті. Ойға батқан Төлеген және сол сияқты екі-үшеуі жинақталып төрдегі басшылары мен үй иесіне құлақ асты.

– Қайдағы аман болсын балам, мына кәмпескелеу туралы жарлық шыққалы бері маза кетті. «Шаш ал десе бас алатын» жаңа үкіметтің шолақ белсенділері әбден құтырынды, басымызға әңгір таяқ ойнатуда. Түтін салығы, жүн салығы, сүйек салығы дейсің бе тағысын тағы неғылған бітпейтін салықтар, бізді қойшы екі-үш малы барлар да кәмпескенің құрығына ілініп жатыр, бұрынғы заман жоқ қарағым!

– Е, солай деңіз айтқаныңыз рас! Қазір елімізде осы кәмпескелеу мен ұжымдасуға қарсы жер-жерде бас көтерулер мен толқулар болып жатыр. Созақ, Абралы, Шұбартау және тағы басқа жерлерде ұзын саны екі жүзден астам, ОГПУ-дің ішіндегі жігіттерімен келген хабар солай.

– Арты жақсы болса игі еді, тегі қазаққа ауыр тиіп жатыр да. Кешегі әйгілі он алтыншы жылғы көтеріліс кезінде де қалың қазаққа жазалаушы отряд көрмегенін көрсетіп еді-ау?!

– Ия, ол кезде де Әли бастаған Бабадан шықан батыр әкелеріміз Нүсіпбай, Әжі, Әлжан, Әлқожа, Ноғайбай, Әлиасқарлар ерлік көрсеткені рас қой. Осы көтерісшілердің көзсіз батырлығын бірге болған халық ақындары Кенен мен Есдәулеттің жырлағанын да білесің. Сол сияқты батыр әкелеріммен бірге әкем – Әрсек

мына маңдағы ата-қоныс «Баба» сайына келіп, үй тіктіріп қымыз саудырып жататын уақыт-ай десеңізші!

– Өткенді қозғап қайтесің батырым! Ол да бір заман еді. Өкеңмен жақсы қарым-қатынаста болдық, алыс берісіміз артып жекжатта болдық. Өкеңнің көзін көрген досы болғаннан кейін «әкелеп» келіп отырған жайың бар түсінемін. Бұрынғыдай кезім жоқ, осы өңірдің Ысты-Жантүгелі ашсам алақанымда жұмсам жұдырығымда еді заманында, қолым қысқа айып ете көрме?!

– Ол не дегеніңіз, батырда жүрек жоқ деймісіз мына жанымдағылармен жаным бір, жанымызды шүберекке түйгенміз рас. Бұлар да Қасқараудың бөрілері, өзің айтқан қиянатқа қарсы келгендер. Олай болса жақсыңнан айта түс қайта, қолым қысқа деп қаңқылдай бергенше!

– Солай ма? Айтатын болсам, «Қасқарау» деген батыр ел, бауырмашылдығы, намысқойлығы бір төбе. Менің бозбала шағымда осы Ысты елінде Қаржау деген байдың асы өтті. Қасқарауға да сауын айтылған болатын. «Ақбастау» жайлауына алпысқа тарта үй тігілді. Жан-жақтан ығай мен сығайлар әр елдің игі жақсылары жиналды. Қасқарауды бастап он саба қымызы мен сойысқа әкелген бір үйір жылқысы бар Кебекбай мен Ноғайбай би келді. Олар Бөлтірік шешенге түсті, оларды өкшелей Сарыбас ақын мен Ешмұхамбет молда да келіп жетті. Қонақ күткен даяшылар оларды Қуандық ақын түскен үйге апарды. Ертесінде ат шабыспен бірге қазақтың ақындары да айтысады. Қасқараудан келген Сарбас аталарың біздің Қуандық ақынмен айтысып еді. Сматай сен қолқалағаннан кейін айтайын, Қасқараудың кешегі дүниеден өткен батыр бабаларың Мүйізді Өтеген, қара қылды қақ жарған әділ би Малдыбайды тілге тиек етіп, сол аста отырған Кебекбай мен Ноғайбай билерді дәріптеген еді. Ноғайбайдың бәйбішесі Байсейіт батырдың қызы – Өселге жыр арнағаны да есімде қалыпты.

– Міне, мынауыңыз жарасады, осындай асыл бабаларымыз жайлы естуді де қойған заман болды ғой. Сіз сияқты ортамызда ескілікті әңгімелерді нақышына келтіріп айтатын Ысқақ деген ақсақалымыз бар еді топырағың торқа болғыр, былтыр көктемде Омарбектің тобымен кездескенен кейін жол тосқан ОГПУ-дің әскерімен соғысқанда оққа ұшты.

– Қазақ не көрмеді, кеше билер салтанат құрған кезде өз қотырын өзі қасып, халық арасындағы өршіп тұрған жер дауын, жесір дауын өздері шешпеуші ме еді? Ешқандай сотыңа, тергеушіңе жалтақтамай. Сайын даланың «билер сотына» ештеңе жетпеуші еді ғой!

– Қарашекпенділер шұрайлы жерімізді алғанымен қоймай еркіндігімізді де алды емес пе? Жетер, еркек тоқты құрбандық, әлі қазақтың көгіне де күн шығар?

– Лайым солай болсын дейік, әй-қайдам заманның бет алысы жаман! Сот демекші, ана жылдары Сматай сендердің елдерінде Аламан байдың кенжесі Кенебай деген сері, елбұзар Кербез сұлуды алып қашқандағы қызықты айтсаңшы?! Кербез сұлуды айттырған Ботбай елінен Сыпатай батырдың өзі жүз жігітімен келіп, сегіз қанат ақ үй тіктіріп жатып алған жоқ па? Сиқымбай деген шешені бетқаратпай елдің игі-жақсыларына шүйліккенде, көрші жатқан Ысты елі біздерден әкем – Өмірбек бастағандар барып тоқтам айтпап па еді?

– Ия, қарт Кебекбай мен Ноғайбай билер жан-жаққа хабар беріп, жесір дауын оңынан шешіп айттырып қойған Ботбай еліне қалың малын қайтарып, оған қоса ат тон айыптарын тартқан. Сонда деймін, елден нағашыларына тасалай қашқан Кенебай мен Кербез сұлуда қалың Қасқарау лағнеттерін айтқан-тұғын. Ақыр соңында лағнет арқалаған екі жас пен дүниеге келген сәбиі өлім құшты. – Сіздің әкеңіз Өмірбек те елге силы, алды-артын тең ойлайтын қолы ашық, өнгесі бар адам еді ғой, жарықтық. Әкем Әрсек Арқаға сапар шегер сапарында сужорға көкдөненін сыйға тартқаны әлі есімде. Көкжорға десе көкжорға еді, қазақ-қырғызға аңыз болып, ақырында Кіші Кебін жақтағы Баймырза қолды қылып кетті деген сыбыс шыққан. Анық дерегіне жете алмадық, анық дерегіне жетем дегеніммен, байтал түгіл бас қайғы заманға тап келіп отырған жайым бар.

– Сол әкем Өмірбектен және өзім шашау шығармай өсірген қалың жылқыдан түкте жоқ, тоз-тозы шықты, ұрланды, ортаға түсті. Әкемнің көзі – үйдің маңында жатқан қос құмай тазысы мен ана босағада жатқан күміс ертоқымы.

– Дегенмен Ысты елінің атқамінерлерінің бірі болдыңыз!

Қайда жүрсеңіз де қанжығаңыз майланып қатарыңыздан оза шаптыңыз! Мына қырыққа жасым жетпеген мені және айналамадағы жастарды айтсаңызшы, болашағы не болмақ?!

Ақбастаудан Сматай батырдың тобы таң ала кеуімде аттанып кетті. Беталыстары «Долаңқара» қыстауы. Алдын-ала келісім бойынша онда Батыс Қастек болысының шонжары Шалтабай қажы жігіттерімен келу керек. Ол да өзі сияқты Кеңес үкіметінің кәмпескелеу мен отырықшылық саясатына қарсы шыққандардың бірі, қалың Шапырашты мен Дулат арасында беделі бар қажы. Осы жүрістерінен таймаса, жан-жаққа жұмсаған шолғыншылары аман болса, қас қарая діттеген жеріне жетіп те қалар. Ас-су ішіп, Мешітбайдың ауылында тынығып алған жолаушылардың көңілі көтеріңкі, әзіл-қалжыңға да жол бар, алдыңғы кетіп бара жатқан жастарда көңілді. Кейінгі кездері қол астындағыларға қатал боламын деп әзіл-қалжыңды ұмытқалы қашан? Соңғы үш-төрт жылдың көлемінде той дегенді де ұмытыпты, көргені тау-тас, саялайтын үңгірі одан қалса қашып-пышып, тығылып баратын ауылдары. Алдыңғы топтағы жастардың дауысы әзіл-қалжыңнан тиылар емес, оларға қой демеді, есесіне сонау бір жылдағы болған той көз алдына елес болып жүре берді. Ол кезде ой-хой жиырма бес болып, қыз-қырқынға қырғидай тиіп жүрген жігіт шағы.

Әкесі Әрсек жайлауға көшерде: «Амандық болса ағайындармен бірге Шу өзенін тел емген қырғыз-қазаққа аты мәшһүр, есімі Алтай мен Арқаға тең тараған, Жетісу өңірінде қатарынан мойны озған, Жаныс-Қасқараудың тізгін ұстары болған Ноғайбай шешеннің асына барамыз» – деп ескертті. Өне-міне дегенше уақыт жылжып өтіп, тау асып тас басып енді сол бір жиынға бұлар топ-тобымен кетіп бара жатыр. Сматайдың мінгені есікпен төрдей құла қасқа бесті, алдыңғы топтың бел ортасында. Таңсәріде қозғалған тойшыл қауым Суықтөбе баурайынан шығып Кіші саз жайлауын басып өтіп, Шоқпартасты бөктерлетіп Тікендіойдың желкесінен тіке асып Сұлутөрге бірақ түсті.

– Өне, Сұлутөр де көрінді! – деп ат үстіндегі жігіттердің бір-екеуі тебініп басқалардан ілгері шықты.

Көзқанық болып келе жатқан жұрттың көңілі дүр көтерілді. Саба артқан мен сойысқа арналған бос айдаудағы жылқыларға

қосылып сабылған тақымдағы аттар да жүрістерін жеңілейтіп енді маңдай тіреп тұрған жаңа мекен – Сұлутөрге қарай құлдыраңдады.

Сұлутөрге кіре берер тұста топ алдынан үстеріне бірыңғай қоңыр жинақы шапан, бастарына бірінғай қоңыр пүлішпен қапталып тігілген бөрік киген бес-алты бозбала сәлем бере, жұтынып қарсы алды. Келген қонақтарды жастарына қарай қазқатар тігілген үйге бастап ала жөнелді. Әкесі Әрсек оның біреуін бөлек шығарып алып, әкелген сый-кәделері мен сойыс малдарын санап беріп, ел тізгінін ұстаған Еркебайға сәлемін айтып жатты. Жолдың екі жақ бетіне сәндеп, ою-өрнектеліп қаздай тізілген шоғыр–шоғыр аппақ үйлер мен мұңдалап кең аймақты алып созылып жатыр екен. Аттарды байлайтын мамы ағашы мен жастардың сауық–сайран құрып, тебетін алтыбақаны тіккен үйлерден қашықтау тау жақ бетіне орналасқан. Сұлутөр өңіріндегі қонақ күту мен шығарып салу салтанаты Әсел бәйбішеден қалған деседі жұрт. Кезінде Әсел бәйбіше сонау Жидебайдан жесірі Ақмайды іздеп келген Абай ақынды, Арқадан келген Шашубай мен Шөже ақындарды, қырғыздың чоң манаптары Шәбден, Бәйтіктердің өзін сән-салтанатпен күтіп алған еді. Содан бастап Сырымбет ауылының ерекше дәстүрі қалыптасады.

Түс ауа Сұлутөрдің жазығы қызу думанға айналды. Әрбір ақшаңқан үйлердің маңындағы қазан-ошақтан будақтаған түтін, бір-бірімен шүйіркелесіп басы қосылған абысын-ажындар сырттың сәнін келтірсе, малдасын құрып үй-үйде мәжіліс құрып, салиқалы әңгіме айтқан абыз қарттар мен азаматтар үйдің мәнін келтіріп, өзара қауышып жатты. Қырғыз-қазағы бар Сұлутөр аумағы бәйгеге қосуға әкелінген аттар мен мейманға толды да кетті.

Көзі ашық, көкірегі ояу әкесі Әрсек қайбана қазақтың қамы үшін не істемеді десеңші!? Артына жандармерияның жансыздарының түскеніне, Пішпек уезд бастығының көмекшісі ротмистр Путинцевтің қатысатынына қарамастан осы айтулы асқа Ботбай болыстығының баскөтерісі Үсенбай Танкин мен бүгін-ертең кездеспекші болған Шалтабай қажыға ағайынның асы болатыны жайында айтып, ертіп алғанды. Түскен үйден ас-су ішіп, шөлдерін басып алғанан кейін, Еркебайдың шақыртуымен

Үсенбай мен Шалтабайды ертіп шетке қарай тігілген сегіз қанат ақ үйге аяқ басты. Үй толған қазақ пен қырғыздың бас көтерер, тізгін ұстар азаматтары: Үлкен Алматы болыстығынан – Ыбырайым Жайнақов пен Ыдырыс Садыбеков, Жайылмыс болыстығынан – Бекболат Әшекеев, Шамалған болыстығынан – Манке Измаилов, Шу болысынан – Әлім Қозыбеков, қырғыз ағайындардан Шабдан Жантаевтың баласы – Мұқыш, Тынай болысының болысы – Дүр Сауранбаев отыр екен. Олар артына түскен тыңшыларға қарамай түннің бір уағына дейін мәжіліс өткізіп, Жетісудағы жер-су мен қазақ-қырғыздың мәселесін талқылайды. Осы астағы астыртын бас қосуда Міржақып Дулатовтың «Оян қазақ» кітабі тарқатылғаны есінде.

«Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,

Қарағым, енді жату жарамас-ты» – деп келетін

Міржақыптың өлең кітапшасы қолдан-қолға өтіп, сұраныс көбейіп еді. Сматайдың жас болса өлеңді оқып, көкірегіне құйып, жігерленіп өзі қатарлы жастарға жайғаны кеше ғана сияқты. Сол Ноқаңның айтулы асынан кейінде Қасқарау елінің басынан не өтпеді, көргені сол баяғы ақпатшаның жандайшаптарының қысымы. Кейбірде осы қарашекпенділер басқараған бәлшебектерге ауыл-елімді ойрандатқанша, өзім барып қолдарына түсейін, көп болса басымды кесіп алар – деген ойдың қылаң беретіні бар. Екінші ойы жер-жерде шаруа көтерілістері болып жатыр, арты жақсылыққа апарып, халқыма қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман туар. Санасында қаптап кеткен сұрақтар көп.

Ақбастаудан шыққан қалың топ бесін ауа Далаутаудағы «Құлжабасыға» аяқ тіреді, Сматай қыли көз Ағыбайға ишара жасап осында дамылдайтынын жеткізді. Кешегі кеткен Тұрысбек пен Заманбектерден де шабармандар келіп «Долаңқара» маңындағы Қарауыл төбеде тосып жатқан хабарын айтты. Тапсырманы мүлтіксіз орындайтын қыли көз атын тебініп қамшысын көтеріп алдыңғы топтағы жастарға: «Аттарыңның басын тартыңдар, артық ауыз сөзді, күлкіні доғарыңдар енді Құлжабасының етегіндегі құдықта дамылдайтын болдық» – деп доқ көрсетіп, сүрлеу жолмен

өзі бастап солай қарай жол тартты. Қанша дегенмен Сматайдың сенімді серіктерінің бірі осы қыли көз Ағыбай, былтыр өздеріне келіп қосылған бес-алты жігіттің ішіндегі жансызды біліп, анықтап алдына алып келіп құлағын шұнақтап кескен де Ағыбай-тұғын. Аттап бассаң ОГУПУ-дың жансыздары, Шалтабайдың тобында да бір-екеуі анықталғанын Ағыбай сияқты сенімді жігіттері жеткізген.

Қасиетті жердің құдығынан тамсанып балдай тәті су ішкен Сматай жоғарыдағы алып шоқыға масаттана, мақтана қарады. Қатпарлы тарихымыздың қойнауында небір уақиғалар жатырау, солардың куәсі болған «Қайран Абыз-Құлжабасым» – деп өз ойына, өткенге ой жүгіртті. «Құлжабасы» шоқысы «Аңырақай шайқасы» кезінде сардарлар мен сарбаздарға тірек болса керек, бұл стратегиялық маңызды биік шоқыны иемдену үшін екі арада кескілескен ұрыс болады. «Құлжабасы» биіктен ұрыс даласына бақылауға өте ыңғайлы шоқы. Құлжабасының биігіне жауды бақылауға Төле би мен Қазыбек би ақылдаса келе жанып тұрған, ақылды жас сарбаздардың бірін қояды, қарама-қарсы бағытта Сарбастаудағы «Доржы» биігінде қалмақтың адамы отырады. Екеуі екі күн аңдысады. Үшінші күн таңертең қазақтың сарбазы сардарына жүгініп:

– Осы шоқының басынан, өгіздің терісін ағашқа керіп, қанат жасап төмен қарай ұшайын, алыстан көрген жоңғарлар мені көріп зәре-құты кетіп, алды-арттарына қарамай қашсын, – деп өтініш айтады.

– Сардар: «Құласаң мерт боласың райыңнан қайт!» – дейді. Қолбасшының тілін алмаған ол алып қарақұстың қанатындай өгіздің терісінен қанат жасап, қолына бір қарын айранды қоса алып Қарашоқының биігінен төмен қарай ұшады, ұша бере қарынды жарып ішіндегі айранды төгіп жібереді. Көпұзамай құзға соқтығысып қазақ сарбазы мерт болады. Қарама-қарсы «Доржы» биігінде жан-жағына қарап шолу жасап отырған қалмақ сарбазы қайта-қайта көзін уқалап екі күн бойы адам деп отырғаным, алып қара құс болды-ау, саңғыт жасап кетті ғой, әттеген-ай, қазақтардың аруағы басым болды, жеткен жеріміз осы болды! – деп өкінген екен...

Аңырақай алқабындағы «Долаңқараға» Сматай бастаған қалың топ күн ұясына қонып, дала алакөбендене бастағанда жетті. Шалтабай мен Омарбектің және Қарааршада отырған кулак Чишкиннің де тобы келіп жеткен екен. Сонымен бірге Балхаш өңірінен Құсайынның жігітері де кешелі бері осында. Мүдделес азаматтардың бас қосқан жиыны болмақ, жер-жердегі шаруалар көтерілістерін талқылап, болашақ жоспарларын айқындамақшы. Жиналғандардың көпшілігі кешегі қазақ даласының ығай мен сығайлары, атқамінерлері. Кешегі түкірігі жерге түспей, дәуірі жүріп тұрған бай-бағландар, болыс болғандар: Машарап, Әміржан, Ідіріс, Әміржан, Мүке, Стамбек, Баймен, Итқұл, Аушабай және Тасабек молда. Бұлардың әрқайсысы өз ауылдарында руластарын асырап, жетім-жесірге болысып өз қотырларын өздері қасып отырған-тұғын. Бәлшебектер үкіметке келіп, жалшы-жалқыбайлардың күні туды, ақыр аяғы байларды тәркілеп малдарын ортаға салып колхоз құрды. Мал, азық-түлік ұрлағандар аяусыз 10 жыл арқалап кете барды. Шыдамның да шегі бар ақыр аяғында бас көтеріп қарсы шыққандары банды атанды. Ендігі «Долаңқарада» отырыстары міне, бас-аяғы бес жүзге тарта адам жиналыпты. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын уақыт келген сияқты. Осы жолы іштерінен «хан» сайламақшы, оған таласатын арда туған, маңдайалдылар Сматай батыр мен Шалтабай қажы. Сматай жолбарыс жүректі құралайды көзге атқан мерген, әкесі Әрсектің өзі (Өрісбек) бүкіл өңірге сыйлы, аузымен құс тістеген батыр болған адам. Ал, Шалтабай болса байлығымен қоса Меккеге барған қажы, ел-жұрттың арасында сый-құрметке ие, қулығы да жетерлік. Неде болса екеуінің арасындағы хандыққа талас таңертеңгі астан кейін шешілмекші. Ата-баба салтымен ақ киізбен жүргізіп, арнайы тігілген сегіз қанат ақүйдегі ағаштан жасалған таққа отырғызбақшы. Осы тірліктің басы-қасында жүрген жақын арадағы Балқаш өңірінен келген Құсайынның жігіттері.

Жермен жете ме, әлде көктен түсе ме бандының артынан Бессонов пен Нұрғалиев бастаған қалың әскер түсіпті деген суық хабар төңіректегі ауылдың бәріне жетіп үлгеріпті. Ауыл тұрмақ, Долаңқарада бас қосқан бұлардың бәрі құлақдар. Жиналған

қауымға екі ту бие сойлып, қонақасы берілді. Астан кейін жігіттер өз топтарына кетіп, тыныштық орнай бастады. Көк аспандағы жұлдыздар да жусаған қойдай тыныштық тауыпты. Тек, аспандағы туған айда тыным жоқ аяндап барады, ертеңгі күннен сыр беретіндей...

Таң намазын оқыған жігіттер, төменгі бөктерге көз тігіп абыр-сабыр болды да қалды. Іле-шала төменнен шапқыншылар жетті:

- Келе жатыр!
- Отардан шыққан әскер ізімізге түсіпті!
- Екпіні қатты!
- Не істейміз енді, қайтып құтыламыз?

Сматай батыр қолындағы сегіз өрім дырау қамшыны көкке көтере айғай салды:

– Біріккен топтарыңды өздерің білесіңдер. Жолығатын тұстарыңды шақырып, келісіңдер де тау-таспен, сай-саламен бытырай қашыңдар! Топтанып жүрмеңдер, екі-үш адамнан бірігіп қашыңдар! Ал қолдарыңда қаруларың барларың маған ілесіңдер, болмаса тау-тасқа тасаланып, Ақтерек сайындағы атыс сияқты оқыстан тап беріп, жауды жусата беріңдер! Әсіресе, комсомол болған, «Қосшы» ұйымы мен «Мойынсерік» артелінің насихатшыларын аямаңдар, олар дегенің «бәлшебектердің» нағыз итаршылары. Таңнан бері артына түскен әскермен соғыса қашқан Сматай мен оның жігіттері Балқаш көлінің қалың қамысына барып бірақ бой тасалады. Жол-жөнекей қаншама адамдарынан айрылды. Жау жағы да көптеген шығынға ұшырады, артына түскен атты әскерден басқа аспандағы айырпланда бұларға пулеметтен оқ атып біраз адамын шығындады, әбиір болғанда жан-жаққа қашып тау-тасқа, қамысқа тасалағандықтан жандары аман қалып отыр. Артына түскен әскерден де шығынға ұшырағандары жетерлік. Аспаннан шүйліккен тажал-кукурузниктің өзіне оқ жаудырып үнін өшірген-тұғын, осы ерлігі ел арасына лезде тараған. Екі айдай Балқаштың қалың қамысын бой тасалаған Сматай қыс түсе өзіне үйреншікті Қоңыртөбе, Балажан тауына қарай аяқ басты. Бұл қасиетті мекеннің тау-тасын бес саусағындай біледі. Күндіз-түнгі өмірі тау арасында, абадан қасқырдай жүрісі осы. Түнде төрт-бес сағаттай тау шатқалындағы үңгірге кіріп көз ілдіріп

алғаны болмаса, уақытының барлығына жуығы ат үстінде өтеді. Арасында аң аулайтыны бар, кейінгі кездері онысында қойды. Бұрындары сенімді жігіттері арқылы атып алған арқар мен шілдің еттерін ауылға туғандары мен туыстарына жөнелтетін, қазір қараса сенімді дейтін ешкімі қалмапты. Қыли көз Ағыбай сияқты сенімді серіктері анадағы самолетпен болған «Долаңқарадағы» соғыста опат болды. Оның үстіне бесатарының оқдәрісі таусылуға шақ қалды. Бесатар демекші, осы сенімді серігімен талай бәлшебектер мен олардың итаршыларының жанын жақанамға жіберді. «Осташкино-Сергиевское» хуторындағы тамыры Пашадан бір құлынды биеге айырбастап алған, бұрынғы шиті мылтығынан мың есе артық. Бесатар қолға тигелі жүгірген аң мен ұшқан құс қашып құтылмады, аталмыш тіршілік иелерінің обалына қалды, «Сматай мерген» атанды.

Бір-екі күн болды дүрбісінің қарауылына бір көк аттының іліккеніне, кешелі бері ары-бері ойланып бұл өңірде көкатты мінетін біреуді ғана есіне түсірді. Ол төменгі көкмешіттің иманы болған Тасыбек молла, ол қайдан жүр десеңші тау-тастың арасында, әлде ОГПУ-дың жансызы болып кеткенінен сау ма? Бұқарадан арабша оқуды бітіріп келгенде әкесі алғашқылардың бірі болып, «кұран» ұстағандардың бірісің деп құрметтеп үйіне шақырып, қонақ еткен, Тоқмақ базарынан бір өгізге айырбастап алған бес метрлік шибарқыт пүлішін иығына ілген. Әй, қайдам әкесінің жақсылығы мен «Құдайдың» үйін күзеткені бар менің артыма түсетін иттігі жоқ шығар, жоқ іздеуі де мүмкін ғой? Ертең тағы келетін болса барып амандасайын ескі көзге, жөн сұрасайын деп шешті Сматай. Оның үстіне оқ-дәрісі де таусылды, мүмкін көмектесіп те қалар.

Ертесіне тау шатқалының теріскей бетіне дүрбі салды, күдіктенетіндей ештеңе байқалмайды, етекке қарай бет алғанда бүйірдегі қойтастың арғы жағындағы өзектен Ыбырайым мен Ідіріс бастаған бес-алты салт атты шығап өзіне қарай жол тартты. Көкатты біреу деп жүргені Тасыбек емес Ыбрайым болып шықты, өзінің артынан ерткен қандыкөйлек серіктерінің бірі, анадағы «Долаңқарадағы» атыс-шабыстан кейін Ідіріспен бірге батысқа қарай қашып «Кіндіктас» жаққа өтіпті. Ыбырайымның өзін іздеп

шығып, із кесіп жолығып отырғандары осы. Сматайдың жанына серіктері қосылып, ол қайтадан нағыз көкжал қасқырдың өзіне айналды. Төмендегі ауылдарға барып өшін алды, бәлшебектің белсенділерін қан қақсатты, көзін жойды, олардың қарулары мен оқ-дәрілерін өзімен қоса алып кетті, басқа жол қалмаған еді. Сматайдың тобына жан-жақтан теперіш көрген, қашып-пысып жүрген бай-бағландар, кулактар жинала бастады. Оның қайтадан күш алуынан қауіптенген Трофимов пен Лебедев бастаған әскер соңына түседі, жұмыстары еш өнбейді, сансырайды. Ақыр аяғында амалдары қалмаған олар қулыққа барып, жансыздары арқылы ағайыны Көпшілбайдың үйіне қонаққа шақырып, торуылдап жүріп ұстап қолына кісен салады. Ұстар кезде атыс болып бір адам жарақаттанып, бірі қаза табады. Өкініштен өзегі өртенген «абадан» батыр өзіне қарай ұмтылған, жарты жолда шибөрілермен жолы кесілген баласына қарағыштай берген еді. (Ж.Қ).

«Ұлы дала жыршысы» кітабынан

«Жау қайда деме – жар астында, бөрі қайда деме – бөрік астында» дегенді халық қалай тауып айтқан десеніңші! Сырттан келіп жау шапса жөні бөлек, қарсы тұрып «ұран» тастауға болады. Қасыңда жүріп, көзіне күліп, бір дастарханнан дәмдес болып-ақ дұшпанкөз болады екен-ау! Албырт шақта төңіректеген адамның бәрі дос, жылы ұшырағанның бәрі сыйлас болып көрінетіні ақиқат. Жас адамның аңғырт, сенгіш болатыны да сондықтан болар.

Кененнің достары көп, дұшпандары мүлдем болған жоқ десек жәй көлгерсу болар еді. Сонау аты ел аузына ілініп, әнші-ақын деп дәріптелген күннен бастап-ақ Кененге қырын қарайтындар көбейді. Бірі өктемдік білдірсе, бірі қызғана қарайтын. «Қыздың қандай боларын анасынан танысың, қасың менен досыңды қарасынан танысың» – деп ақынның өзі айтқандай Кененнің аяғынан шалуды, реті келсе көзін жойып жіберуді ойлайтындар болмай қалған жоқ.

Соның басы кеңес үкіметі орнаған сәттен басталды деуге болады. Қолынан домбырасын тастамай күндіз-түні ел арасында

үгіт жүргізіп, бай-манапқа, болыс-билерге қарсы насихаттаған ақынның бар мақсаты, өзі сияқты кедейшіліктен құтыла алмай, әркімнен түрткі көріп, белін жаза алмай жүрген бұқара халықты жаңалыққа, жаңа дәуірге бастау еді. Жаңа дәуірдің жаршысы, кедей-жалшының сойылын соққан ақын аталуы да сондықтан шығар. Қалай болғанда да Еркебай ұстазы айтқан әділдіктен, адамгершіліктен, азаматтық пиғылдан еш ауытқып көрген жоқ.

«Даудың басы Дайрабайдың көк сиырынан басталды» дегендей, қанқұйлы қастандақтың басы ақынның отыз қой беріп сатыл алған «Ақбоз» аттың өлімінен басталады. Ақбоз десе дегендей-ақ, түсі аппақ қояндай, бітімі сұлу, қаз мойынды арғымақ екен. Той-томалақта бәйгеден үзіліп келетін, көкпарға салса тартыстың шаңын шығарып алдын бермейтін белді жылқы болыпты.

Қайтсек Кененнің сағын сындырамыз, жанын жаралаймыз деп андып жүрген қастары, түнде келіп қорада тұрған атты пышақтап өлтіріп кетеді. Кененнің үйде жоқтығын пайдаланған қаныпезерлер, аттың төрт аяғын байлап, шыңғырған дауысы естілмес үшін аузын тұмшалап тастаған дейді.

– Мінсе сәні болған, Ақбоздың үстінде отырып ән салғанда ерекше арқаланып, дауысы асқақтай түсетін еді. Өзіне он жыл серік болған сәйгүлігін адамша көміп, қоштасқан дейді. Ақбозға арнап өлең де шығарған:

«Қош аман бол боз атым,

Он жыл мінген өз атым.

Мен жүйрікпін дегеннің,

Қолтығын талай созатын.

Ерте шапқан жарыстан,

Шулатып кешке озатын.

Боз тұлпарды өлтірген,

Нығмет қандай тозақы?»

Көп кейін Ақтерек, Шұбарбайтал тауларында қашып, жасырынған Нығмет, бірнеше серіктерімен ұсталып жер аударылып кетті. Мұнымен іс біткен жоқ. 1925-1930 жылдары кеңес үкіметіне ашық қарсы шыққандардың саны көбеймесе азайған жоқ. Топ-топқа бөлініп әрекет істегендердің көбі тәркілеу кезінде малынан айырылған, жер аударылған бай-болыстардың ұрпағы, туған-туыстары болатын. Бір ауылдың малын айдап кетіпті, енді бірде, жаз бойы жинаған шөбін өртеп кетіпті, қырыманды шабуылдап, күзетшіні атып өлтіріпті деген

сияқты бірінен бірі өтетін қорқынышты хабарлар күн сайын келіп жататын.

Әсіресе каталдығымен, құйынжел сияқты ұстатпайтын, шапшандығымен белгілі Сматай басқарған Қасқарау тобы болды. Оны ұстауға бір-екі жолы Кененнің өзі де қатысқан. Жан-жағынан қоршауға алып, енді тырп еткізбей қолға түсіреміз деп ұмтылғанда, таулы жердің ұқыр – шұқырын жақсы білетін Сматай серіктерін алып жылысып ұстатпай кететін. «Көзге көрінбейтін жын ба, қолға түспейтін құйын ба?» – деп ел таң қалушы еді.

Бұлар көбінесе Дегерес, Беріктас, Қордай, Ырғайты тауларына жасырынып, іс-қимыл жасайтын. Ал Сматайдың өз басы айтқанынан қайтпайтын, батыл, жүректі адам екен. Бұл жөнінде атақты қаламгер – жазушы Қыдырбек Балғабек ұлының «Алатау» атты кітабында біраз айтылады. Оның қалай ұсталғаны туралы Кенен де қызықтыра әңгіме айтатын. Бұл жылдары Кенен ревкомдықтан кетсе де ел ішінде болып жатқан қаурыт істердің бел ортасында жүрді. Қауіпті деп бас сауғалайтын кез емес. Елінің көргенін бірге көріп, сол дәуірдің ащы-тұщысын бірге татып, жанды шүберекке түйіп жүрген кездері де аз болған жоқ.

Бір күні жолаушылап келген жігіт Кененді оңаша алып шығып: «Кенеке, ертең сізді сәске кезінде Шұбарбайтал жартасында Сматай күтеді. Қарусыз жалғыз барыңыз» деді. Менің абдырап қалғанымды сезген болу керек – «Басыңызға келетін еш қауіп жоқ. Қорықпай барыңыз», – деп нықтай сөйледі. Бірнәрсе сұрайын деп ұмсынып едім, оған қарағанда жоқ, атының басын шалт бұрып текіректете жөнелді.

– Ойым сан-саққа тартып шарқ ұрады. Япырай, неге мені қалады екен? Жолығам десе ел ішінде белсенділер көп қой, туған-туыстары да аз емес. Бұнысы айла ма, әлде шарасыздық па? Түні бойы кірпік ілмей дөңбекшіп шықтым.

Аты аңызға айналған адам жайлы ел ішінде сөз көп. Бірі оның қатігездігін айтса, бірі құралайды көзге ататын мергендігін айтып тамсанатын еді. Қуғын салып ізінен қуған он адамды жайратып, аттарын жетелеп әкетіпті дейді. Бір жиында биік бәйтеркетің ұшар басына ілінген шолпы тиынды атып түсірген дейді. Қойшы, мұндай сөздің шегі жоқ айтыла беретін. Неде болса, бетпе-

бет жүзін көрейін, не айтпағын білейін деп шешеді. Насиқаның «қасыңа бір-екі адам ертіп ал, ең болмаса анау бүкір мылтығыңды ала кет» дегеніне қарамай үнсіз шығып кетті.

Бүкір мылтық дегені анау жолы Ораз Жандосов келгенде: «Жау өршіп тұр, қапыда қалып жүрмендер. Қару асынып алыңдар, бұл да үлкен сес» деп бірнеше адамға қару беріп кеткен еді. Маған тигені қолға ебдейсіз «маузер» деп аталатын, мойныңа асып жүретін шағын қару екен. Біреуге мылтық тұрмақ, таяқ кезеніп көрмеген бала мінезді ақын онысын біраз қызықтағаны болмаса қолына да ұстап көрмеген. Балалардың қолына түсіп қалмасын деп жүктің арасына тығып тастайтын.

Уәделі уақытында Сматай айтқан жерге келді. Сматай бұдан да бұрын келсе керек. Айналасына жем алатын бүркіттей сұстана қарайды. Сыртынан қараған кісіге үлкен қара тастың үстінде адам емес, алып қара құс отырғандай көрінеді. Кененің сәлемін үнсіз қабылдап, қасыма отыр дегендей үнсіз ишарат білдірді. Амансаулық сұрасып қауқылдасып жататын жер емес. Оның реті де жоқ. Кенен сұрақты төтесінен қойды.

– Ал, Сматай, кел депсің. Өзіңді болмаса да, сөзіңді сыйлап келдім.

Түбін қусақ, қарға тамыр қазақтың баласымыз ғой! Жеті атадан бері қайырсаң алыстығымыз да жоқ. Сыртыңнан атыңа қанықпын. Неге шақырдың? Құлағым сенде деп қысқа қайырды. Қолыңдағы қысқа бесатарын оң жағына қойып, төңірегіне тағы бір көз тастады, шүңірек көкөзі адамның өңменін тесіп өтетіндей өткір екен. Қаршығаның көзіндей жалт-жұлт етеді. Әлде Кененге солай көрінді ме, көптен басылмаған қаба сақалы бетін тұтастай жауып, Сматайдың жүзін одан да сұсты етіп тұрғандай еді.

– Кенен, өзіңді еркін ұста. Сен менің нысанамдағы адам емессің. Саған кектенетіндей ешнәрсем жоқ, деп бір тоқтады.

Сәлден соң: «Сенің жұрт тамсана айтып жүрген қоңыр үніңді, ғажап әндеріңді елмен бірге отырып мен неге тыңдай алмаймын? «Базар – Назарыңды» естігенде қара тасты құшақтап, жаралы жолбарыстай тау-тасты жаңғыртып күңірендің. Сол жылы менің де екі бауырым дүние салған еді. Айлап-жылдап жабайы аң сияқты тау ішінде қашып-пысып жүргенім мынау, – деді.

– Осындай күйге түскеніңе ел кінәлі емес қой. Райыңнан қайтып жігіттеріңді таратып жіберіп, үкіметке өз еркіңмен берілсең мұндай жағдай болмас еді. Үкімет басындағылар бұл ісіңе оң көзбен қарайтынына кәміл сенемін, – деді. Бұл сөзімді қалай қабылдайды екен деп көз қиығын тастап еді, Сматайдың жүзінен қыбыр еткен еш белгі көре алмады. Тіпті мұның сөзін естімеген сияқты, жайбырақат отыр. Біраз үнсіздіктен соң сөзін жалғастырып: «Мен бір нәрсені ұқпаймын, Кенен. Атам заманнан бері малмен айналысқан қазақтың бар байлығы сол қора-қора қойда, үйір-үйір жылқыда емес пе? Қазақтың қолында басқа не бар? Бақуатты адамдардың бәрі арсыз, тойымсыз, қатыгез деу көңілге қонбайды. Олардың ішінде де қолы ашық, кедей-кепшіктерге жанашырлық білдіретіндері аз ба? Малын бақтырады, шаруасын істетеді. Өзіне адал қызмет еткендерге ақысын еселей төлеп қарайласады. Тіпті сол байдың төлеген ақысынан есін жинап, шаруасын дөңгелетіп байып кеткендер де бар. Бұл бүкіл қазаққа тән өмір салтымыз емес пе? Соның бәрін талқандап, жана қоғам орнатамыз дегені не сандырақ? Міне, оның арты мынау, жік-жікке бөлініп алып, қырықпышақ болып жатырмыз. Сматай сөзін аяқтар тұста қамшысымен жерді бір ұрып қалды. Денесін қомдап, атылатын жолбарыстай ширақ отыр.

Кешегі 16 – жылдың дүрбелеңін өзің де білесің, – деді Кенен барынша сабырлы үнмен. Жер таянған қарттардан басқасы түгелдей атқа қонды. Ақ патшаның кемсітуіне қарсы көтерілген халықтың алаулаған намысы еді бұл. Ақыры не болғанын көрдік. Енді патшада кеткен сол кекті кеңес үкіметі алып беріп отыр. Халыққа еркіндік, кедейге теңдік әпереміз деп келген үкіметті сен де қолдасаң болатын еді ғой, – деген. Неғұрлым ұғынықты болу үшін, қарапайым сөйлеуге тырысты.

Ол оқиғаны бел ортасында жүрмесемде жақсы білемін. Мына теке-тірестен оның айырмасы бар. Ол кезде басты мақсат біреу болды. Бүкіл елдің мүдесі соғысқа бала бермеу еді. Ал, сен қолдап жүрген үкіметтің мақсаты қазақты бай-кедейге бөліп қойып, бірімен бірін қырқыстыру, бірінің қолымен бірін жою болып отыр. Сонда мыңғырған малың бар, сараң байдың бірі екенсің деп өз әкеме қалай қарсы шығамын?

Екеуі де бұл сауалдың жауабын ойша іздегендей үнсіз отырып қалды. Бұл сияқты белден басатын, ұғынықсыз, салт-дәстүрімізге оғаштау көрінетін істерді Кененнің өзі де талай байқаған. Соның бүге-шігесін түсіндіріп қазбалағанмен, тоңмойын, біржақты ойлайтын Сматайды көндіре алмасын сезген ақын ендігі сөзін орғытып әріден бастады.

– Жарайды, Смеке! Осы екеуіміз отырған жермен ықылым заманнан бері кім өтпеген? Шүршіт те, моңғол да, қалмақ та өткен. Соның бәрінде де дана халқымыз бай-кедей, би-болыс демей-ақ тізе біріктіріп күрескен ғой. Егер сен осы үкіметті халықтың басына төнген нәубет деп есептесең, онда неге халық жағында емессің?

– Ол заман мен бұл заманды салыстыруға болмайды, Кенен. «Алатаудың баурайына сарынар шөкті білдің бе?» деп сауал қоятын ақынның аты кім еді? Қуандық. Иә, сол ақын айтқандай «Қазанның құлағы қайда барсаң да төртеу» демекші, қазан төңкерісіне дейін де, одан кейін де бар билік орыстың қолында қалып қойды. Мына іс-әрекет, мына жүргізіп жатқан саясат солардікі. Екеуіміздікі жайдақ атқа мініп алып далақтаған әлдебіреудің тірлігі сияқты. Алдында әлі талай-талай «зұлмат» күтіп тұрғанын момын қазақ қайдан білсін?

– Сматайдың қыңыр мінезіне іштей зығыры қайнап отырған Кененге, оның мына сөздері құлағын елең еткізгендей әсер қалдырды.

– Әңгімесін үзбейін деп үнсіз отырды. Сматай ішінде жатқан шемен сөздің иесін енді тапқандай, Кененнің жүзіне бір қарап алып, ойын жалғастырды.

– «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» демей ме. Мейлі, қолынан келсе малымды да, жанымды да алсын. Тіпті итжеккенге айдап жіберсе де өз еркі. Бірақ өзімен қосып бүкіл отбасын, үрім-бұтағын қоса жер аудару дегенді қалай түсінуге болады? Мұның өзі ғасырлап тұрған көне бәйтеректі түп-тамырымен қопарып жұлып алғанмен бірдей ғой. Жерінен ауған ердің де, елдің де ертеңі күмәнді, құмға сіңген бұлақтай болмай ма? Шетте жүрген адамның қандай күйде болатынын сенен артық білетін кім бар? «Бұлбұлға» деген әніңді біз естіген жоқ деймісің?

Қол астымдағы бойдақ жігіттердің бәрі естіп, көздеріне жас алған. Осыны неге түсінбейді, анау сенің шөпжелке жетесіздерің?

Әңгіменің қызығына түсіп, уақыттың қалай өткенін екеуі де білмей қалыпты. Түс ауып кеткен екен. Кенен қайтуға ыңғай танытып еді, Сматай басын изеп, сәл тұра тұр дегендей белгі берді.

– Сен мені, мен сені ұға алмадық, Кенен. Бәлкім онымыз да дұрыс шығар.

Сен кедейден шыққан жігітсің, мен болсам кезінде жорға мініп, айдарымнан жел ескен адаммын. Өріс тарылды. Торын құрып, қасқыр аулағандай анталаған иттердің қолына түспеймін деп шарқ ұрып қарсыласқаннан пайда жоқ. Оны өзім де сеземін. Сені жеке шақырғандағы себебім де осы. Мен ешкімді іздеп барып қасақана өлтірген жоқпын. Мойнымда ешкімнің құны жоқ. Ал ізіме түсіп, артымнан қуғандарды қорғана, қашып жүріп өлтірсем оның жөні бөлек. Олар да атты, мен де аттым. Оқ адам таңдамайды деп орнынан көтерілді. Екеуі аттарына мініп, біраз тұрды. Екі қолын бірдей созып Кененнің қолын алған Сматай: «Менімен жолыққаныңды ешкім білмесін. Тісіңнен шығарма. Басыңа пәле болады» – деді жымыиып. Осынша уақыт әңгіме құрғанда, оның бірінші рет езу тартқаны осы болды.

Құлан аяңға салып, атының шылбырын бос қоя берген Кененге осының бәрі түс сияқты көрінгені рас. Әсіресе таң қалғаны, аяушылықты білмейтін, қаныпезер деп ел шошитын адамның аузынан осындай әңгіме шығады деп ойламаған екен. Сматайдың сөзі терең ой қалдырды. Қалай десек те, қолын қанға малған даукеспе ұры десек те соның сөзінде бір ақиқат бар-ау деп ойлап еді. Бірер жылдан соң Сматай ұсталыпты деген хабар келді. Ел ішінде әртүрлі әңгіме таралды. Бір жағы өз еркімен беріліпті десе, енді бірі, інісінің үйіне алдап шақырып сол жерде қолға түсіріпті дейді. Әсіресе: «Бар кінәмді мойындаймын. Қолымды қойып берейін, ең болмаса сүйегім туған жерде қалсын. Осы жерде атып кетіңдер. Болмаса өзім атылып өлейін!» – деп қанша жалынса да ұстап алғандар көнбей қойыпты дейді.

Осы әңгімені естіген де Кененнің жүрегіне біреу ине сұғып алғандай шаншып кетті. Есіне қырғызға қашып барып, «ұшарын жел, қонарын сай білетін қаңбақтай» болған күндері есіне түсті.

Ықпыл-жықпылы көп саясаттың қолы ұзын. Сматай сияқты кеңес өкіметіне қарсы болғандардың талайы оққа ұшты, атылды, жер аударылды. Сол кеткеннен Сматай да қайтып оралған жоқ. *(Бақытжан Кененұлы Әзірбаев, «Ұлы дала жыршысы». «Алатау» баспа-полиграфиялық корпорациясы. 2021 жыл. 100-106-бб.)*

«Алатау» кітабынан

Колхоз қамбасынан килолап алған бидай тарттырып ұн, одан пісіріп нан жасауға келмесе де, азғантай ғана «алакөз шалқаймасын» бірінен-бірі аямады. Сөйтіп талқанын бөлісіп жеп, «Ақсеңір» колхозының адамдары да отыз төртінші жылдың көктеміне жетіп еді.

Қыс басында Ұзынағашқа оқуға жіберілген Жомарт, Жетібай, Төлентай, Сәрсенбектер «тері тонды тасбақа» мініп ауылға келді. Ауылға келген үш трактор барлық күш көлікті жұмыстан босатты. Енді егін салу жеңілдеді. Трактормен жер айдадық, сеялкамен астық септік. Бұрын астық себу де шеберлік деп саналатын. Өйткені тұқымды жерге біркелкі шашып түсіру шынымен оңай іс емес. Тұқым себушінің мойнында бір пұттан астам тұқым, оны кешке дейін көтеріп, айдау кешіп жүру керек. Енді оны атқаратын Сәрсенбек сеялканың артында тақтай үстінде тұратын болды. Колхозды ауылға осылай жаңалық кіріп, жұрттың көңілі бұлаттан ашылған күндей жадырай бастады. Енді үш жыл бойы ұмытылып кеткен ән-өлең ыңылдаумен болса да, жұрттың аузынан болмаса да, танауынан естілетін еді. Колхоз жаңа-жаңа күшіне кіріп келе жатты. Ол күшті ауылға техника ала келді деседе болады. Бірақ колхозшылар әлі де Төлешбай бригадир көкшолағын сабалап әр үйдің есігінің алдына келіп:

– Жұмысқа шығындар-ей! – демейінше қозғалмайтын. Оған бір жағынан алғанда колхозшылар да, Төлешбай бригадир де кінәлі емес еді.

Шамасы жұмысты дұрыс жоспарлай білмейтін оған мен ортақ шығармын. Егер жұмысты күні бұрын жоспарлап, ертең мынандай жұмыстар істеледі демесе, онда бригадир «ертең мына жұмысқа барасың» деп айтып қоймас па еді. Дегенмен осылай-

ақ колхоздың жұмысы бітіп жатты. Бірақ колхозшылардың санасында орын теуіп қалған жекеменшіктік пиғыл әлі де бар еді. Өйткені олар істеген жұмысына әлдеқандай төлем, ақы алмағаннан кейін босқа-неге істейтіндей пиғылда болатын. Бұл бір жағы болса, екіншіден, оны, қоздырушылар болмай қалмайтын. Жекеменшік пиғылдың енді лаулап жана алмайтын отын-ендігін ең болмаса бықсып жатсын деп үрлей түсетін бар болатын. Олар бұрынғы байлардың былқылдаған балалары, не қашып жүрген өздері еді. Түнді жамылып келіп қораға түсіп қой алып, қамбаға түсіп тышқанша астық таситын олар әлі де тілін өткізетін көккөкірек туысқандарын біртіндеп болса да үгіттеп жүрді. Ондайлар кейде аңғыртқа ұшып, ағаларының тіліне еріп, екі-үш күн бойы жұмысқа шықпай жатып алатын. Сондайлардың бірі Молдағазы деген отыздың ішіне кірген қаймақ ерін, қысық көз, қалмақ бет қазақ еді. Әсіресе туысқаны Асанжан ұсталып кеткелі бері оның ұнжырғасы түсіп, қырдай желкесінен қайратты қысқа шашы селтиіп шығып, ұсқынын кетіріп тұратын. Жұқалау қоңырқай өңі садаптан қараған адамға ақын ба екен деген ой қалдырар еді. Шынымен-ақ ол той-томалақта әйелдермен айтысқа түсетін, өлеңді жанынан қиып айтар өнері болатын. Асанжан тұтқындалып, айдалып кеткелі үш күн бойы ол тақыстанып жатып алды деген сөз ауылға тарап кетті. Ол кезде колхоз бригадирі күн сайын таң қылаң бере әр үйдің алдына келіп, үй иесін оятып, қай жұмысқа баратынын хабарлайтынын жаңа айттым. Бір жағынан жұмысқа үйрене алмай, еріншектік етегінен, жалқаулық жағасынан тартып тұратын. Қалыпсыз қазаққа мәмілемен айту жете де бермейтін. Әйтеуір белсенділер жаман еді десек, ол шындыққа жатпас еді. Жұрт күнде жұмыс істеуге үйрене алмай жатқан. Егер Төлешбай бригадирдің дауысы шықпаса, өздігінен жұмысқа барайықшы дейтін адам әлі аз болатын. Ол кездегі бригадир қайбір жұмыстың көзін тауып жіберетін адам. Бұрын арық қазып, кетпен шауып, егіншілікпен айналысқандар болса бір сәрі, ал малды өріске, иен далаға айдап тастап, «қасқырдан қалғаны өзімдікі» деп жүрген көбіне ат үстінде ауыл қыдырып, әңгіме соғатын жалқау қазаққа, бүгінде тамағы тоймаған қазаққа күнделікті жұмыс ауырлау тиіп, титықтап та жүрсе керек-ті.

Дегенмен Молдағазының үйінде жатып алуы колхозшылардың көбінің-ақ қанын қайнатты.

– Ол байлармен тілдес, өлтіру керек. Мойнына арқан салып өлтіреміз, – деп өлген жылқышы Жортақтың інісі Орынбай міз-бақпай тұрып алды.

Оны Жұрымбайдың ағайындары да қоштап, бандиттардың ауылға салған ылаңы үшін көріне көзге Молдағазыны өлтірмек болды. Бәрі қанына қарайып алған.

– Асанжанның туысқаны ғой, ол біздің арамыздағы жансызы, – деп Мақа көтеріліп алды.

Сонымен мен қорқайын дедім. Екі ортада сотсыз үйінде жалқаулық кежегесінен кейін тартып жатқан сорлы Молдағазыны ашумен мерт қыла ма деп қыпылдап барамын. Сонан соң көптің сөзін тыңдамауға болмады, «көп қорқытады, терең батырады» дегендей ауырып жатырмын деген Молдағазыны кеңсеге шақырттық. Ауырып жатқан адамды шақырудың орынсыз екенін білгенмен, желпініп алған көпшілік оны өлтіріп қоймауы үшін оны әдейі істедім. Белсендінің бірі Төлешбай бригадир жалақ ернін бір жалап алып, оны зорлап алдына салып келді. Молдағазы көзі кіртііп, өзі де бұрын оңып тұрмаған қысық көзі жыртиып, тырнап ашқандай ғана жылтырайды. Демін екі иығынан алады. Ауырғаны өтірік емес сияқты. Ол кезде кеңседе орындық та жоқ. Кірген бетте ышқынып, ауырсынып, шаңы шығып жатқан жерге отыра беріп, бір-екі жөтеліп қалды. Ентігін баса алмай, қайнатып даладан жаңа кіргізген самауырдай демігіп отыр.

– Ауырғаны өтірік, – деді Төлешбай. – Бандит ағасы тұтқындалғанына жаны күйіп барады.

– Оның бұл жолы шынымен жазығы жоқ еді, – деді Молдағазы демін зорға алып. Ағайындары өлген колхозшылар тірідей шайнап жұтуға дайын еді, Молдағазыға тап-тап береді.

– Көрдің бе, сығырайған иттің бандитті ақтауын,-деп Орынбай оған тұра ұмтылды. – Олардың кісі өлтіргенін бұл ақтағысы келеді, жаудың інісі, іннің түбіне қарап жатыр ғой. Іннің түбіне қарап жатыр ғой дегенін айқын түсіндім. Ол арам дегені. Барлық хайуан – адам жемейтіндері түлкі, қарсақ, борсық, суыр іннің түбіне қарап жатады, ол арамдығы делінеді.

– Оның бұл жолы жазығы жоқ, – деді ыңқылдап Молдағазы.

– Қоя тұрыңыз, оны, – дедім мен бандитті ашық ақтағанын шынымен ұнатпадым. – Алдымен неге жұмысқа шықпағаныңызды айтыңыз. Үш күннен бері жатырсыз бұл не?

Көрмей отырсыз ба дегендей Молдағазы ұзақ жөтеліп, ентігіп, екі иінінен демін әрең алып, сол қабырғасын қолымен басты. Тағы жөтеліп, сол қолын қабырғасынан алмай, ұзақ күркілдеді. Ол кезде ауылда дәрігер бар ма, жанына барып қолымды маңдайына тигізіп көрсем, денесі қолымды қарып кетті, күйіп тұр. Бұл жәй менің жүгімді әжептәуір жеңілдетті.

– Қазір арбаға қос ат жеккізіп әкел, – деп бұйрық бердім Төлешбайға.

– Жүріңіз, – дедім Молдағазыға. Жерден қолтығынан сүйеп тұрғыздым. Ол әрең көтерілді. Оны тездетіп Ұзынағашқа ауруханаға жөнелттім. Арба айдаушы Талғар екен.

– Еш жерге тоқтамай, тура ауруханаға апар, – деп бұйырдым оған.

– Жарайды, – деп ақсиды Талғар, аппақ тістері жарқырап. Арба қозғалып жүріп кетті. «Өтірік ауырып жатыр» дегендердің аузы аңқайып қалды.

Ел әлі ескі күйбең мен күйкіліктен арылмаған, халық жоқ дәрігерден гөрі бар бақсы-балгерге үйір кез еді. Ыстығы көтерілгендер, жеңіл-желпі аурамен ұшынғандар, шікірттенгендер, үйінде жатып, ауырып-ауырып тұрып кететін. Қазақтың көнбіс халық екенін кешеден бері әлденеше айттым ғой, аздаған дімкәстік-кемдігін олар айта бермейді. Жанынан өтіп кеткенде болмаса шайқы-пұрқыны іздемейді де. Тұра алмай қалғанша ілініп – салынып жүре береді. Ал, інім, Молдағазыны әдейі қашырып жібердім. Көзден таса бола тұрса, көңілден де ұмыт боларына шүбәм болмады. «Қап, қысық көз иттің тері-тарамысын тартайын деп едім» деп Орынбай кіжініп қалды. Басқалар да енді не істерін білмей, одан әріге бара алмай бармақтарын шайнап, кеңсе алдында ұзақ тұрып тарқады.

Халықтың ашу – ызасын басу қиындап кетті. Өйткені әне жерде колхоздың шөбін өртеп кетіпті, міне жерде атын ұрлап кетті деген бұрынғы жағдай өзгеріп, енді белсенділерді, колхоз, ауылдық

Совет басшыларын бауыздап кету сияқты оқиға о жер, бұ жерден естіле бастады. Жұрт сабыт тартты. Тарғапта Ақпанбетов деген колхоз председателінің орынбасарын, сол Тайторылар ауылынан Боккөтев бригадирді өлтіріп кетті деген сөздерді телеграфтан кем істемейтін ұзынқұлақтан қазақтың бәрі заматта біліп отырды. Бұл тегін еместі. Жиырма сегізінші жылы мал-мүлкі кәмпескеленіп, өздері Оралға айдалған байлардың біразы қашып келіп, ауылды төңіректеп жүрді. Олар енді елге ашық араласа алмай жол торып, ұрлық, бандиттік жасап, жалғыз аттының атын аударып тастап мініп кету сияқты ұсақ-жаяу ұрлықпен айналысты да, бірер жылда одан-бұдан құралып, енді колхозға шабуылды үдете бастады. Бейқұтшылықтағы ел жүрексініп, үрей жайлап алды. Түнде далаға шығудан қалды. Арамыздағы байлардың туған-туысқандарына да күмәндана қарау, оларды көріне көзге көз түрткі жасауда көбейіп бара жатты. Бұл да түсінікті еді. Өйткені «қарға тамырлы қазақ», өлгендер біреудің нағашысы, біреудің жиені, біреудің құдасы болып ілік-шаттыс жатады. Сондықтан да біразының зығырданы қайнады. Отағасы өліп, оты өшіп, өтені өртеніп, үйелмені үңірейіп қалғандардың жекжат-жұраты бар, ағайын-туғаны бар бәрі де қыж-қыж қайнап, салулы төсек, салқын үйдің шырқын бұзып, елге шұрқан салғандарға деген кекесіні қанадан асып, шіпілдеп, төгілуге жақын еді, қарап жатқан халықты қанға бұлғағандарды кебінге шұлғар ма еді десті. Бұлшықтай ел ширығып, тас түйін болып, бандылар қолына түссе түтіп жегендей еді.

Қастек ауданында бандиттардың екі-үш ұясы болды. Бұл баскесерлер ұясын талқандамай, бандиттардың нартын тұтқындап, қақпанның қанды аузына қаптырмай, не соттамай жұрт тыныштанбайтын еді. Осылардың бәрін сарыла ойлап, түннің бір уағына дейін кірпік іле алмадым. Оның тағы бір ақсеңгірліктер білмейтін сыры да бар болатын. «Ақсеңгір» төменгі, таудан алыстау колхоздың бірі еді. Халқы да аз қалды, өзі егіні бір жыл шығып, бір жыл шықпайды, сондықтан мұндағы елді жоғарғы, төстегі колхоздардың біріне қосу жөнінде аудан басшылары шешім қабылдапты да, оны облысқа бекіттіріп алыпты. Оны мен білмеймін. Менің алдымда осы колхозда болған преседательдердің бірі «Менің атым Құрпан, Ақсеңгірді құртам» деп жүріп өзінің

құрып кеткенін білмей қалған екен. Елге елеулі болып жүріп-ақ «Ақсеңгірді» мен құртатын болдым-ау деп қатты қысылып, төсекте жалғыз жатып терлеп сала бердім. Менің қарсылығымнан ештеңе шықпады. Бәрін менсіз кесіп-пішіп қойыпты. «Жер жаман емес, жерді ұқсата отырған біз жаман, көмек көрсетіңіздер, біз колхозды көтереміз» – деп ауданда, облыста ешкімді сендіре алмадым. Менің сөзімді «қодар тантықтық» – деп ұқты, олар. Қоныстандыруды бітіріп, ауыспалы егіс жасауды жоспарлап, егістікке су шығаратын бес тоғанның бәрін тереңдетіп, қайта қазып, малды-жанды енді жөнге салдық па деп отырғанда бұндай шешім болғаны колхоз коммунистеріне қатты батты. Тізеден балшық айдап, қам кірпіш құйып, енді көше түзейміз бе деп жүргенде мынадай шешім болды. Жарайды маған қызмет табылар, сонау Алмалы – Долаңқарадан бір көшіріп, енді тағы жоғары Шолақ Қарғалыға көшірсек бұл ауыл бізді кім дейді дегенді ойлап, бұл шешімді көкейіме қондыра, өкіліме түсіре алмай қысылдым. Тағы маған қай жерден дәм бұйырып тұр екен, қай жерден от оттап, су ішер екенмін дегенді де ойламай қоймадым. Салт басты, сабау қамшылы адамға бәрі бір сияқты, бірақ Ақсеңгірге де, оның адамдарына да бауыр басып қалып едім. Ақыры кететін болсам ертерек кетсем екен, Алматыға жақындап, балаларыма таман барсам екен деп армандап жатып ұйықтап кетіпмін. Мен ешқашан осы өмірімде қатты ұйықтап көрген адам емеспін. Терезені ақырын біреудің шерткенінен оянып кеттім. Қорқып та, шошып та қалдым. Неде болса бандиттер бұғалығы маған түскен екен деген ой сап ете түсті. Жалма-жан тапаншамды қасыма қоя отырып, тез шалбарымды кидім. Ол кезде етік ішінен шұлғау шұлғанатын шақ. Оны орай алмай, ол етіктің кежегесінен өтпей біраз әуре болдым. Дегенмен екі етікті де киіп үлгердім. Терезе ақырын ғана еппен шертілді. Үстіме китель кидім. Сонан соң тапаншаны қолыма алып терезеге жақындадым. Сыртта біреудің қараңдаған бейнесі елестейді. Денем тітіреңкіреп, қаңтарда суықта қалған адамдай іші – бауырым қалтырап барады. Терезеге үңіле түстім.

– Кім? – дедім бар дауысыммен.

– Мен, – дейді тыстан естілген дауыс. Нәренжу естіледі. Кім екенін ай қараңғы, көзге түртсе көргісіз түнде айыра алмадым.

Болса да бандиттер үйді қоршап алған екен деген тұжырымға келдім. Тапаншаның құлағын қайырып, кезей ұстап есікке жақындадым. Неде болса атысып өлуге бел байлады. Есікке жақындағанда оның ашық екені есіме оралды.

Бандиттер неге кіріп келіп, ұйықтап жатқанда бас салмады деп те қоямын. Қараңғы бұрышқа тұрып алып, есікті пәрмендеп тұрып теуіп жібердім. Өзі де шегесі шығып, саңлау-саңлау болып қаңсып тұрған салқы есік салдыр-салдыр етіп, үйдің босаға дуалына соғылды.

– Мен ғой, Ырысбекпін! – дейді Сәрсенов. Даусын тани кеттім. – Тез киіне қойыңыз. Кеңсеге барамыз. – Жазда не киінуші еді, бешпетімді кигенмін, былғары фуражканы қолыма ұстап шықтым.

Ырысбек анадай жерде күтіп тұр. Кеңсе желі бойындай ғана жерде еді. Ырысбек кеңсеге бұрын кірді. Шам жоқ.

– Нұреке, қайда отырсыз? – дейді қараңғы кеңсеге кіре беріп Сәрсенов.

– Мұнда, – Нұрқалықтың даусын таныдым. – Ат дайын!

– Мен бандиттар шабуыл жасаған, енді соларды қуамыз ғой деп ойлады.

– Әбеке, – дейді Нұрқалық, – Сіз түнделетіп мына Сәрсеновпен ауданға жетуіңіз керек. Аупартком секретары Колмогоровтың тапсырмасы солай. Сәрсеновты әдейі жіберген.

– Шам жағып сөйлесейік те, – деймін мен.

– Болмайды, сіздің қайда кеткеніңізді ешкім білмеуге тиіс, – дейді Сәрсенов сыбырлай сөйлеп. – Колхозға енді қайтпасаңыз керек. – Мен өзімді қамауға алынған екенмін деп жорамалдадам. Қас қағымда өмірімді түгел шолып, Совет өкіметіне иненің жасуындай қиянат жасамағанымды есіме алдым. Не де болса жала шығар дедім. Үйге жаяу келіп портфелімді алдым. Киімдерімді жағланға салып қойып кеттім. Атқа мініп, күртінің күн батысындағы елсіздеу жолмен тарттық. Жолда Сәрсеновқа тіл қатпадым. Ол да бұл жолы үнсіз. Жолдағы екі сағатта бір ауыз сөз айтты:

– Шамасы маған бастық боласыз-ау, – дейді. Жақ ашпадым. Кебежеге түскірдің кекетуін деп қоямын, ішімнен. Ең болмаса

Марленімді бір иіскемей кеттім-ау деген ой ішімді бір осып өтті. Шынын айтуың керек, жеме-жемге келгенде Ұлтарақтың ұлы Советті ойлағаным жоқ. Түн тымық. Кеш батып, көз байланған соң жолдың ұзарып кететін әдеті. Әйтеуір түннің бір шамасынада Аупарткомға жеттік.

Аупарткомге келген соң көңілім орнына түскендей болды. Жалғыз Комогоров кабинетінде ғана шам бар. Түнгі сағат екі болыпты. Аупартком секретарының кабинетінің есігін ашқанда-ақ неге келгенім белгілі болды. Өйткені алдымен көзім төрде отырған кісіге түсті. Комогоров жанында белгілі чекист Серікқали Жақыпов отыр екен. Алдымен сол ма, сол емес пе деп анықтап қайта қарадым. Серікқали. Кәдімгі Серікқали. Көзі сүзілген, қоңқақ мұрын, қалың қасты, шашын қысқа қырықызатын, жұқа мұрт қоятын кісі. Басына қарағанда құлағы үлкендеу, екі жағына пышақ жанығандай арық, бетінде де, денесінде де артық еті жоқ, үнемі ойда жүретін еді. Ораз Жандосовпен жақсы дос болатын, үнемі соның жанынан көретінмін. Сүзіліңкіреген көзі денінде кімдік – кінәраты, әлде созылмалы науқасы барын анық байқатып тұратын. Соған қарамай еркін, ашық сөйлейтін, көңілді болуға тырысатын. Оған саулығы мүмкіндік бермейтіндей шытынып қалып отыратын Гурьев жағында туған бұл жігіт үнемі Жандосовтың, Сейфуллиннің жанынан көретін. Есіктең сәлемдесе кірдім.

– Ұйқыңды бұздық па, Абақ! Аман-есен жүрмісің? – деп қосқолдап амандасты. Неге екенін қайдам Колмогоров оның менімен жалпылдап амандасқанына таңданып қалғандай. – Бұрынғы тапсырманы жақсы орындап қайтқансың. Енді соны жалғастырған жөн. Жау саябырсымады, соның аяғын жерге тигізу керек «Ақсеңгір» колхозы енді бәрі бір болмайды, сондықтан басқа қызметке баруың керек. Ол қызыметің бізде болатын болды. Республикада бұл қызметті мен басқаратымымды білесің, аудандағыны сен басқарасың. Мен Колмогоровқа қарадым. Ол да маған басын изеді. Мен сәл үндемей отырдым. – Неге үндемейсің? Әлде көңілің жоқ па? – деді Серікқали көзі сүзіліп. Көзі сүзіліп демекші, сонау жиырмасыншы жылдары алғаш көргенімде обком секретары Жұбаныш Бәрібаевтың көзі неге сүзіліп тұрады

дейтінмін. Сөйтсем оның өкпесі ауырады екен. Ал Серікқалидың да осындай дімкәстігі – кінәраты бар еді.

– Жоқ, партия солай ұйғарса барамыз ғой. Балаларымды көрмегелі біраз болып еді.

– Балаларың аман. Осылай шығарда арнаулы адам жіберіп халдарын білгенмін. Он шақты күнде оларды әкеліп көрсетіп кетерміз. Әзірге сен қамауда деп жариялаймыз. Таңертең Ақсенгір, Тарғап, Самсы, Үлгілі, Ырғайты, Мәтібұлақ сенің қамалғаныңды тегіс білетін болады. Әзірге бар жұмысың бір қораның ішінде, жоспарыңды жасайсың. Бандиттар арасына өзің барасың ба, басқа біреуді жібересің бе, оны өзің білесің. Керекті адамдың бәрін береміз.

– Жарайды! – Жарайды демегенде не демекпін. Партия тап жауларыңның қалған құйыршықтарын жоюды маған сеніп тапсырып отырса, онда сенімді ақтау керек. Ол менім сұлыбымнан, жаратылысымнан, большевиктік болысымнан әдетім.

– Енді мен қылмыстыларды іздеушілер бөлімінің бастығымын, шынымен Ырысбек Сәрсеновке бастық болдым. Тұрағым милиция албарындағы үлкен үйдің бір бөлмесі. Одан шықпаймын. Осында тамақ ішіп, осында ұйықтаймын. Міндетім белгілі – бандиттар ұясын талқандау. Інім, партия сеніп тапсырған бұл мемелекеттік құпия іс оңай емес еді. Егер осы аудандағы ғана бандиттарды тұту, жою болса, ол онша үлкен жұмыс болмайтын. Мәселе тек осындағы бүлікшілерді алу емес, оның түп-тамырын, басқа жерлердегі байланыстарын, тіпті басқа қалаларда жасырынып, оларға садаптан, жырақтан басшылық жасап жатқандардың бет пернесін ашу еді.

Оның біз жағы Шу, Балхаш ауданымен, Қырғызстанмен, екінші жіптің ұшы Қытайға, Ауғанстанға шығатын еді. Сонымен, інім, бандиттардың басына бір жола су құю, қақпанның қанды аузына қаптыру үшін маған революцияның тарихына, шекара жайлап, шет кеткен ақгвардияшыларға қолданылған тәсілдерге біраз үңілуге, терең бойлап үйренуге, оны сарапқа салып, көкейіме қондыруыма тура келді. Өйткені мұндай оқиғалар аз емес болатын. Жаудың қалған сарқытын сарқуға Дутовтың талқандаудың тәсілінен үйренсем де болар еді. Бір айдай бөлмеден шықпай

отырып бандиттардың қалғанын құрту үшін жан-жақты ойланған жоспар жасадым. Өйткені маған бұл іс кездейсоқ тапсырылған жоқ-ты. Облыста бұл шытырман да, шырғалаң да істі коммунист Үсінбаевқа жүктегенде ең алдымен оның қазақ екені ескерілсе керек-ті. Әйтпесе егер орыстардан адам жіберу керек болғанда неше қилы сыннан өткен жансызды тауып алуға болар еді. Қазақ байларынан шыққан бандиттардың да өзіндік қулық-сұмдығы, бит ішіне қан құйған зымыяндары бар болатын. Жаманның жаманы бар, адам таппас амалы бар. Олардың ішінде де не түрлі пәле-кірденді ойлап табу, беті күліп, беріш болып жатқан іштегі-ішектегі мерезін жасыру, күліп, біліп тұрып көлгірсу қолынан келетіндері бар-ды. Әрине, олар өздерінің қатарының сиреп, шілдің саңғырығынша тозып бара жатқанын сезіп те жүрді, өздерінің өмірінің көпке бармайтынын да білді. Сонда да өлетін ешкі де соңғы рет аяғын шалғылайды, сол ғұрлы жоқпыз ба дейтін еді. Інім, Дутовты өз апанында талқандудың ұйымдастырушысы да, адамдарын іріктеген де Ораз Жандосов болатын. Шанышевті де, Қожамияровты да, Жүнісовті де, Жігітековті де тауып, басына қауіп төндіретін, өлім мен өмірдің арасында тұрған отты ортаға жұмсаған да сол болатын. Ол кезде ол Жетісудағы революциялық барлық істі басқаратын және оған бір іс ұсағына дейін соқпай өтпейтін. Мысалы қазір біреулер айтып жүргендей Қасымхан Шанышев Сүйдінге барған жоқ болатын. Ол Дутов апанынан елу километр қашықтықта тұрған. Барғандар соңғы аталған үшеуі еді. Олар бәрі атаман албарына он екі адам кірген. Бірақ қиын да, жауапты да істі басқарған сол Қасымхан Шанышев еді. Осы аты аталған төртеудің бәрінен де жақсы таныс, табақтас, сырлас, жолдас болдым. Чекистердің Дутовты талқандау тәсілі отызыншы жылдары қазақ даласына әбден әйгілі емес еді. Сондықтан да ол тәсілден менің үйренерім де, аларым да мол болды. Мен жоспарды бір ай жасадым дедім. Бірақ сол уақыттың көбі бандиттардың әрқайсысының өмірін, туған-туысқандарын жақсы білуге, олардың жекжат-жұраттарын зерттеуге кетті. Бұл да оңай іс емес-ті. Бұл бөлімге қазақ бастық қоюдың бір себебі де осы болатын.

Өзім келіп отырған соң мен жөніндегі қауесеттің қанша жерге жеткенін біліп отырдым. – Ойбай ол шұнағың баяғы

байдың қызын алғалы-ақ ескі дүние, байлар бір бүйрегінде жатады екен, Советке жүргені олардың сырын біліп, бандиттарға, Совет үкіметінің жауларына жеткізіп отыру мақсаты екен. Енді Алматыдағы оқудағы балаларын да оқудан шығарып жіберіпті. Сондықтан оны қамапты, – деген өсек күзгі өрттей өрбіп кетті. Өзім жөніндегі өсек сонау Аңырақай, Іле-Топардан шыққан соң басқа шараларға кірістім. Алдымен осы төңіректегі бірсыпыра бандылар бастығының бірі Омарбектің ауылда жүрген інісі Сәтті алғызып қамадым. Онымен күндіз-түні жарты айдай жұмыс жүргіздім. Қаскелеңнен колхоз председателінің орынбасары болып жүрген, бұл кезде ысылып қалған, бұрын патша үкіметі кезінде ұрлықпен айналысқан Жалбықты шақырттым. Онымен Тарланкөкті Тұрыппайға ұрлатқанда жоқ қарап жүріп танысқанымды айтқанмын. Мұндай ебдейлі, ебін табатындарды есепке ала жүрдім.

Сәт түрменің түстік жақ көшеге шығатын бетін тесіп шығып қашып кетті. Ол ұсталған жерінде атылады екен, ағам Омарбектің жолынан тайсам тәңірім тапсын, атам арысы Шапыраштының, берісі Еміл, Есқожаның аруағы атсын деп ант етіпті. Тіпті онысын чекалықтарға да айтыпты. Сәттің үй-ішін, бала шағасын чека қамауға алыпты... Міне, бұл қауесет сол кездегі Қастек ауданының түпкір-түпкіріне тарап, гу-гу әңгіме көп еді. Оның үстіне мұндайда әңгімеге жанынан сөз қосуға қазақ қандай құмар, ойнатып-ойнақтатып, құтыртып әкетеді емес пе! Сәттің бір жақыны орыстың үйінен бір бөлке нан сатып алып ішіне асыл кездік тығып жіберген екен, сонымен ол түрменді тесіп шығыпты. Ол кездікті баяғыда Омарбек Әндіжан барғанда әкелген екен. Темірді кескенде әлгі кездік оны қамыр-іңкәл кескендей көрмейді екен... Мұндай жердегі желкекті желпілдетіп аспанға ұшырып алып кеткен қауесетті естіген бай тұқымның, әлде тұтқындалған бандылар жұрағаттарының арманы осындай қап түбінде жатпайтын бір-бір асыл кездік болды десек те болады.

Біз түрмені тесілген, адам сиятындай үңгірі үңірейген қалпымен бірнеше күн бекітпей қойдық. Талайлар-ақ әр нәрсені сылтауратып Ұзынағаш келіп, түрменің түстік жағынан өтіп, Сәтке бостандық алып берген қайырымды, сақауат үңгірге көз салып жүрді. Бір

қызығы олар оны тұрып қарай алмайды. Өтіп кетіп, қайта өтіп, әншейін өз шаруасымен жүрген адам болып, бізге түк білгізбеген болады. Көбі-ақ ішін өсек құртты жыбырлатып тесіп жүргендер еді. Бірдеме бітірмек болып жүргендері де шамалы.

Сәт өзі бұл оқиғаны Омарбекке былай жеткізеді:

– «Шырт ұйқыда жатыр екенмін, біреу есікті сындыра жаздап ұрды. Ол әлгі сізге тамақ апарып бергеннен бес күн кейін. Сол күні кешке қарай аспанды бұлт торлады да, жаңбыр нөсер болып жауғаан-ды. Бір пәленің келгенін білдім. Не істеу керек? Есік терезе аңдулы. Терезені сындырып шығайын десем одан шыққаным не, есіктен шыққаным не? Сонан соң қазан пештің түгіндікке жалғасқан кернейін жұлып алдым. Керней түбіндегі сылаған балшық бос тұр екен, саудырып жерге түсті. Оның артынан қатқан кесектер сауылдап түсіп-түсіп, қазан пештің үсті үлкен үйінді болып қалды. Сөйтсем сырттағы мұржаның бәрі іштегісімен бірге құлапты. Мұржанын орыны үнірейіп бос қалды. Аяқ қоюға тек-пішек дайын. Өліп-талып жатып үйдің үстіне шықтым. Жаңбыр сорғалап тұр. Енді мен есікті ашпаған соң олар есікті бұзып ішке кіреді деп нобайладым. Үйдің төбесінде тыбыр етпей етпетіммен жаттым. Шыдамы таусылған сұмырайлар бір уақытта есікті сындыра-мындыра үйге лап қойды. Даусынан байқағаным ішінде Бабажанов бар. Сол ит-ақ құртты ғой, бізді. Үйде мен жоқ болған сон болар дүркіреп далаға шықты. Мен ол кезде сайдағы қалың ерменнің ішінде едім.

– Ол алысқа ұзаған жоқ. Өйткені үйінен шыққан жоқ болатын, ол қазір ғана шыққан болуы керек, – деді біреу. Дауысын танымадым. Бірақ шырамыттым. Әлгі мені ылғи шақыратын Шыбылдың аты кім еді, сол әлші Ырысбек Сәрсенов-ау дедім. Шамасы ол мені күндізден аңдыған болуы керек. Мен ақырындап отырған күйімде бір адым болса да өзенге қарай жылжи бердім.

– Қап, таптырмай кетті-ау, ит! – деп бәрі аттарына мініп кетіп бара жатыр еді, жаңағы шырамытқан дауысым тағы шықты.

– Мына ерменнің ішін қарай кетейікші. – Енді он шақты қадам жүргенде, құтылатын едім. Болмай қалды. Бес атты кісі ермен ішін ары-бері кезіп, енді сайға түсе бергенімде ұстап алды. Содан әкеліп Ұзынағаш түрмесіне қамады. Алғашқы күні үш адам

болдық. Бірі орыс. Ол ертеңіне-ақ жоқ болды. Алып кетті. Содан қайтпады. Екіншісі бір құлағы жоқ. Шұнақ қазақ.

– «Шұнақ деймісің?»

– Ия, сол құлағы түбінен жоқ, орнында бүртiк-бүртiк бiрдемесi бар, өзi көп сөйлемейтiн адам екен, әрнәрсенi сұрап едiм, көп бiлсең тез қартайып кетесiң, деп қайта жауап қатпай қойды.

– Япыр-ай, ә! Сол құлағы түбінен жоқ дейсің бе? Ол әлгі осы ауданға конфиске жүргізетін, мына Дегересте болыс болатын ше? Сол емес пе?

– Мен қайдан білейін. Әйтеуір күнде таяқ жеп қайтады. Аузы-басы қан-қан болып, көнін зорға сүйреп келеді де, үш-төрт сағаттан кейін есін жинайды. Тағы үндемейді. «Қап, осыдан құтылар болсам әуселесін көрер едім, бұлардың!» дейді. Қайта сөйлемейді. Мұнаймайды. Ер-ау деп қалдым.

– Шұнақ қамалды деп еді, рас екен ғой! – деді Омарбек бір қозғалып.

– Білмеймін, аға кім екенін, әйтеуір оны қатты ұстайды. Порымына, орысша сөйлегеніне қарағанда мықты ма деп қалдым. Әйтеуір күнде де, түнде де ол таяқ жеп қайтады.

– Япыр-ай, ә! – Омарбек қозғалақтап таңданып отырды.

– Бір күні түнде оған аяғына кісен, қолына зәнжір салып әкеліп итеріп тастады. Тұрғызайын деп ойлап батпадым.

– Тұрғызуың керек еді, әлде...– Омарбек енді үнсіз қалды да, әлден уақытта барып сөз қатты. – Аяғында кісен деймісің.

– Ия, аяғында кісен, қолында зәнжір. Қозғалғанда салдыр-салдыр етеді. Түнімен ұйқы бермей, денесін ауырсынып, киналып, үһлеп шығады.

– Япыр-ай! – бұдан әрі Сәт Шұнақ туралы сөзді тереңдетпейді, солай ғана жай мәлімет бергендей, екіұшты қылып қоя салады да өз сөзіне кіріседі:

– Сонымен бес-алты күннен кейін мен камерада жалғыз қалдым.

Қараңғы түрмеде күн де бір, түн де бір, уақыт өтпейді. Бір мезгіл түнде мені сұраққа шақырады. Сұрайтындары баяғы сіз. Қандай жерде жүр. Сен тамақ апарып беріп тұрыпсың, қайда екенін білесің, жанында кімдер бар, қанша адам күнде мыжиды. Мен де қайсарланып, қарланып, жалауланып-жауланып сіресіп

отырып аламын. Түк өндіре алмаған соң қорқытады. Қорықпаған соң алдайды. Сені шығарамыз, тек Омарбектің қай жерлерде жүретінін, ауылда кіммен байланыс жасайтынын айтсаң болды. Өздері әсілі ауылдағы белсенділерге де сенбейді білем, зәу-шайтан олардың бірінің ныспысын атап қалсаң қуанып, саған жабыса кетіп, сол төңіректе әңгімені өрбітіп, күбітіп әкеткісі келеді. Оған бой беретін мен бе, мізбақпай, оқтау жұтқандай қайқаямын да қаламын. Кейде бір мен өмір-бақи атын естімеген Сматай деген біреуді сұрайды. Шалтабаймен Омарбек бірге жүре ме дейді. Мен баяғы «білмейміннен» танбаймын. Сонан соң тергеуші жалығады да, жалынады. Айта салсаң нең кетеді, біз сізге жағдай жасайық, бала-шағаңды да жақсылап орналастырайық дегенді айтады. Мен қасаласқан адамға, аға, өмірімді қапылатпен өткізсем де қасарысып қаламын. Өзіңіз ғой солай үйретіп едіңіз ғой. Бұл ағасы Омарбектен айнымай қалған, тарпындағысын тарапқа таратпайтын сұмырай деседі. Сіздің атыңызды естіген кезде, аға мен қамауда жатпай-ақ шын көтеріліп қалып жүрдім. Өйткені жұрттың бәрінің ағасы Омарбек болып Совет өкіметін қалтыратса көзі көрмей ме, әлде жасына жетпей жүр ме? Елдің бәрі Омарбек емес, оған мақтанбағанда қайда мақтанамын.

Омарбек қозғалақтап, мұртының оң жақ жебесі жыбырлап, ұрты кебіңкіреп, өлең айтуға дайындалған кісідей тамағын бірер рет кенеп, жаңағы сүкіт, сүлесоқтықтан сейілгендей райланып, жауланып, кеудесін көтеріп, осы бір үй-үйелменінен, ата қоныс өтенінен безіп жүрген қашқын, күлемдік өмірінен барқадар шегіп жүргендей, көңілі мәлөлдіктен абылығып, сестеніп – қодырандап отырды. Садаптан қараған адам мұны бір келеңсіз, тантық біреу шығар, мәулеті өтіп, мәуреті өткен шағында мынау қай қасиетсіздігі дері анық еді. Заты, Омарбек сұлыбынан әнгүдіктеу жаралған жан ба демеу мүмкін емес еді. Жар басына жарты лашық тіге алмай жүріп, салуалы ортадағы салдарлы, санатты жандай шіренеді.

Аға тергеуші сізді қашқын, бандит деп отырса да сіздің батырлығыңызды, заманы туса пыран киіп, пырақ мінер, көк сүңгіні көлденең ұстап, қайқысы әлде турасы белінде, түн қатып, түсі қашып жүріп, қу толағай бастанатын-ақ ер екеніңізді жоққа

шығара алмады. Осы жерде мен тергеушіні қостадым. Ағам, ағалалы ордасын, қойлы қора – қордасын, жылқылы өрісін, кірті – қонысын тастап жүргенде бір басы үшін емес, елі үшін еңіреп жүр емес пе, осындай қысылтаян заманда, ел егер болғанда ері екшеліп шықпас па, мұндайда сөздің шартын елдің нарты ғана айта алады емес пе дедім. Оным рас қой, аға, қай қазақ сіз сияқты жауын тігіретіп жатыр. Сондықтан сізді марапаттамағанда кімді мадақтайын. Менің ағам мәйпарас емес, шараптың күшімен жүрген жоқ, найзаның ұшымен жүр. Жал – құйрығы күлтеленген, күпшек санды күрең мінсе, елі үшін мінді, қарланса, қаһарланса сол елінің қамы еді, бауар – олжа табайын деп жүрген ол емес дедім. Бірақ қайда екенін білмеймін деп, сазарып кірпік қақпай қалдым. Бірнеше күнім осылай нараду таппаған құр егеспен өтіп жатты. Ол шақырады, мен барамын. Ол сұрайды, менікі баяғы «білмеймін», міз бақпаймын. Ол құранса, мен құрыстым, ол боқтаса, мен ұрыстым. Тілімді тартпадым, айтқан сөзімнен қайтпадым. Жауын тәрік еткен ағасына бір інісі тартса ол айып па деп ойлады. Соннан соң тергеуші менімен тәжікелесуден жалығады. Мен түрмеге келіп мамық төсетіп қойғандай жата кетемін.

Біраз жібіген Омарбек әлде не есіне түскендей есін жиып, қайта қарланып, қабағын қарыс түйіп, еңкерістен жау көргендей шытынап алды.

– Кім екенін білмеймін, аға, біздің орыспен жақын туысқандарымыздың біреуі болуы керек, дәу, бір бөлке нан жіберіпті. Ол да сіздің мерейіңіз, сіздің арқаңыз ғой, әйтпесе қу жауырын болған тайдай Сәт кімге дәрі. Оны қай туысқан керек етсін, қай орыс кезегіне ем қылсын. Имандай сырым, ойымда түк жоқ. Орыс пешіне көмпейіп піскен ақ бөлкенің үсті күйіңкіреп кеткен екен. Нанды кешкітұры алып едім, шетінен, қатырлақ жерінен бір сындырып алып жеп, қалғанын қоя салғанмын. Ертеңіне түске таман, «бұйырған малға тіс тисін» деп нанды опыра берсем, қолым шым ете түскені. Алақанымның ортасынан қан шығып қалыпты. Не болды деп үңіле қарап жіберсем сіздің үйдің қара кездігі. Нанның арасында тұр. Жүрегім тарпаңдай тулап, қара кездікті біреу көріп қоятындай қолтығыма тыға қойыппын. Сонан соң барып түрменің бұл ит жатағындай қараңғы қуысында жалғыз

екенім есіме түсе кетті. Кездікті қолыма алғанда, аға, Сіз соны қолыма өзіңіз ұстатқандай болып, денем шымырлап, көзімнен жас парлап кетті. Қуанышымда шек жоқ. Көңілім абылығып мәлелдік әпсетте жоқ болды. Сол бір қас қағым сәтте түйіле-қабына нанды көміле асай беріппін. Тіпті раушандығым шектен шығып кетсе керек, бір кезде байқасам қара кездік қарыстай болып оң қолымда қысулы, нанды кеудеме қойып алып, шалқамнан жатып қарпытып жеп жатыр екенмін. Осы жерде барып, кездік өкіліме оралып, «ойпыр-ау кездікті неге жіберген» деген ой сап ете түсті. Ойыма әлгі заманның түзу шағында қыстыгүні ерігіп жатып, сіз молда ағама оқытқан Бекет батыр дастаны есіме түсе кеткені. Сонда да Бекет батыр, қазының ішінен шыққан қанжармен түрмені тесіп шыққаны ойыма түсті. Япыр-ай, ә деп ойладым менде мына кездікпен деп... жүрегім дүрсілдеп қоя берсін. Тіпті енді бостандыққа шықпаған не қалды дегендей көңілім жошып, шар тарапқа кетіп, алабұрттым. Біраз ой тұнығына түсіп шыға алмай жүзіп кетіппін. Сіз хан болсаңыз Ақтастыға – Ханжайлауға, оның Көкқапталына он екі қанат үйдің керегесін жайғызып, шаңырағын атпен өзім көтерсем. Дөдегеленген, манат бастырған ағалалы орданы тіккізіп, екі жағына бес-бестен он үй қондырып, үйлердің арасына ала арқаннан керме тартып, бәйге аттарын тізіп тастасам. Үйден екі-үш жігіт жабылып емізктеген бес емшекті сабаны зорға көтеріп шығып, алқақотан отырған қасқа мен жайсаңға саба езуінен қап – қара ноқаттанып май түскен сары қымызды құя бастаса, сонда азуымен құс тістеген Шалтабай:

– Хан ием, дат, Мырзабек – Қашкенің де бір арызын тыңдасаңызшы, – деп екі қолын қусырып, қос тізерлеп қолын жайып, медет тілеп жалбарынып – ағынып отырғанын көрсем, бұл фәни дүниеде армансыз болар едім деп талай жерге кетіп қалыппын.

– Оһ, шіркін-ай, – деді ағасы көкірегі қарыс айырылып, – ондай күн туар болса, Өтеп атамның баласының сүлейін де, сүрейін де бір-бір бұлықсыған мырза қылып шығармасын ба?! Бәрі-ақ бай болып балпыып кетер еді-ау!

– Аға-ау, ондай күнде туар, Хан болып таққа да отырарсыз, баққа да белшеңізден ораларсыз. Қатты жерге қақ тұрар,

қайырымды ерге бақ тұрар. Сонда бірге туған Көшек, Түрікпенге қандай орын бересіз?

– Көшегің не? – деп ағасы Сәтке жаман көзімен қарады.

– Аға-ау! Мен сонау Емілден қалған он шақты үй жетім Көшекті айтып отыр дейсіз бе, Қарасай батырдан қағанағы бірге жарылған екеуді айтып отырмын да. Омарбектің түсі жылыды да.

– Одан да әңгіменді айта бер, – деді. Зады қолына бірдеме тисе бірге туған екеуіне де таң атыратын түрі көрінбейді.

– Жоға, аға-ау, Ханжайлауда Әшеке хан қоныпты дейтін Көкқапталдағы жайлы жұрттан сіздің салуалы орданы, кіріпшығып жатқан сан саңлақты көрсем-ау деген арманым ғой.

– О, дүние! – деп Омарбектің көкірегі тағы толып кетті. Енді ол өзі армандап, алысқа кетіп қайта тарта алмай, Сәт отырған түрмені не қылсын, көкейінде Көкқаптал, оған тігілетін, түңлігіне мәулімнен, үзігіне масатыдан ою бастырған, дөдегеленген, көкаяқталған, баулы-шулы салуалы ақ орда орнап алып еді. Ол тіпті қазір-ақ хан болып қалғандай құрсанып, күпсініп, алдында торғайдай топылдап жүгіріп қызмет қылып жүрген, доқсыз-дозсыз, ләппайлаған Шапырашты-Дулатты көз алдынан өткізіп жатты. Бәрі де: «Хан ием, ләппай не бұырасыз?» – деп иіліп-бүгіліп, тізерлеп-ызылып тұрғандар. Олар кім еді сонша? Ханға қызмет қылмағанда қарашыға қызмет қылмақ па? Омарбектің көзі жұмылып, ұзақ отырып қалды. Мен оның бұйрығын күттім. Бір әлетте барып ол ой тізгінін тартып, аттың басын тежеді. Есін жиғандай.

– Иә, әлгі түрмеден қашқаныңды айтшы! – деді. Бұл шақта Сәт те өз ойымен болып еді – деді Шұнақ. Бүгін ол өлтіре қоймас, ертең Шалтабай сияқты жердің астындағыны білетін зымияндар айнытып қойып жүрмесе, кім білсін. Шалтабайды көргенде Омарбек түлкі көрген кірпідей тыжырынып, тікенегін сыртына шығарып, кежігіп, күжірейе қалушы еді. Енді тек осы екеуі тіл тауып қалмаса екен. Шалтабай сияқты өткен-кеткеннен тәжірибесі – тәлімі мол, жәреуке, жарамсақтықты ұнатпайтын, бәріне көзі жетіп, біліп тұратын білімді жаудың Омарбек сияқты тебіздіктен теберлікті, сыпайылықтан тұрпайы – дөрекілікті, қызнақтықтан обырлықты артық көретін дөрекілеу қазақтан жырақ, қыбай

тұрғаны абзал. Кім біледі, ит өзі ала болса да қасқыр көргенде бірігер дегендей, Совет үкіметіне қарсы шыққанда бәрінің мүддесі бір болып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып жүрсе, Сәттің жаман-жәутік мәміле-бәйпегін ашып тастауы әбден мүмкін. Сондықтан да Сәт Шалтабайды осы жерде әдейі Омарбек алдына тартып, кес-кес қоя сөйлеп еді. Шалулы сөз салулы төсек емес, шатақ «былжырамадан» шығатын болса, анда-санда болса да, үстеу-үстеу деп ұшындырып, Шалтабайдың атын атап отырған жөн. Өйткені Омарбек Шалтабай тұрғанда өзінің жіп есе алмайтынын айдан анық білетін, сондықтан оны көргенде су тиген қарақұрттай жиырылатын.

– Иә, әлгі түрмеден қашқаныңды айтшы! – деді қайталап Омарбек. Өз ойымен болып кеткен Сәт Омарбек сөзінен шошып қалып, өп-өтірік байлаулы қолын арқан қиып бара жатқандай ауырсынған кейіп көрсетеді. Сонан соң сөзінің неге тоқтағанын есіне түсіріп алып қайта әңгімеге кіріседі.

– Кездікті қолыма алып, баяғы бал дәуренім басыма қайта қонғандай болып, рухтанып қалдым, – дейді Сәт. Бұған Омарбек те көтеріліп, тамағын кенеп, кеудесін көтеріңкілеп отырды. «Міне, мен кімін?! Менің қара кездігімнің өзі қолына тигенде адамның рухын көтеріп, аруахтандырып, сестендіріп жіберетін болса, онда менің төңірегімде шамды айналған көбелекше қалбалақтап жүрген сендер әйтеуір аспанға ұшып кетпей жүрсіндер-ау!» дегендей жан-жағына жауланып-жалауланып қарап қойды. Сәт әңгімесін жалғастырып жөнеді.

– Сіздің қара кездік қолыма қара орманымды, керегелі кіртімді қайта оралтқандай, қоғалы көл, қом сулы, балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған, жігіті оттай дулаған, дастарқаны шумаған Жетісуды, ата қонысымды тура өзіме түгел қайырғандай көрдім. Өзім Қанай биігінің басына шыққан ақиық – шәулідей сезіндім, мәлелдіктен ажырап көңілім асыптасып барамын. Омарбек Сәтке тіктеп қарайды. Мына Сәттің осыншама шешендігін бұрын қалай байқамағанмын, «қолдан өскен тайлақтың буыршын болғаны байқалмас» деген осы екен-ау деп отырды. Бұндай көзқарасты Сәт өзінше түсініп тым артық кетіп қалмадым ба деп қуыстанып, қипақтап қалады. Сөйтіп ары

қарай әңгімені қара көкке мініп жылыстағандай тігісін жатқыза, бәйпектете сөйледі.

– Қара кездік қынаптан жаңа шыққан қайқы қылыштай қылпып тұр екен. Нақ осы сәтте Бекет батырдың оқиғасы есіме түсіп, мен де түрменің түбін қазсам деген даққа қалдым. Омекемнің рухы осы жерде қысылып жатқан інісін қалай-ақ бір қолдамас екен деп ойладымын. – Бұл сөз Омарбектің құлағына ерекше тиеді.

– Сәтті қолдамағанда кімді қолдамақ! – деп жібереді ол. Ондай болса деп ойлайды Сәт қыл арқанды қырмызы жібек деп отыр ма неге қолымды шешкізбейді? – Айта бер! Сәт қайта әңгімесін желдірттіп жөнеледі.

– Ал, түрменің түбін қаздым – ақ, қара кездікпен керегімше кескілеп тастадым, сода топырақты қайда тастаймын? Түрменің іші түмегей, қара көлеңкеден топырақ көріне қояды дейсің бе? Тәуекел дариясына бет түзесем қалай болады? Ой, аға, құдай абұйыр берейін десе қиын емес екен, түрме деген аузы-мұрыны жоқ бітеу құйматастай бәле шығар десек, ол әншейін балшықтан қалыпқа құйылған қам кесектен тұрғызылған үй болып шықты. Басқасын қайдам, көретін жарығым бар шығар, мен жатқан қуыс балшықтан құйылған екен. Қарап жатқанша деп қара кездіктің ұшын сүңгіше қадап көріп едім, пышақ кірш етіп кіріп-ақ кеткені. Ары таман, пышақтың сәкинегіне дейін салып, толғап көрсем, кездіктің қылауы тиген жер пышырап жүріп берді. Қам кесекке сабан-топанды шамадан тым көп қосқан ба, пышырлап -шытырлап үгітіліп барады. Нақ оңтүстік ірге осысың ғой деп кездікті салдым-ай келіп. Әп-сәтте бас сиятын жерді ойып тастаппын. Қызып кеттім бе, әлде түрме іргесінің іріп тұрғанына қызығып кеттім бе, тіпті қатты кетіп қалғанымды абайламаппын. Түскен топырақ үйіліп жатыр. Оған көзім түсіп еді зәрем зәр түбіне кетті. Сасқанымнан үйіндіні қос қолыммен баса қалыппын. Ешкімнің жоқ екенін ойыма орала кетіп өз осалдығымнан өзім ұялып, бетім ду ете түсті. Сонан соң аға, өзіңізге ұқсап біраз ойланып алдым. «Өзіңізге ұқсап» деген сөз Омарбекке жағып кетті:

– Ойлап алу керек! – деп қойды аузын дорбаландырып, құм кіріп кететіндей екі көзін жұмып алған Омарбек. Содан көпке дейін көзін ашпады.

– Мен бірсыпыра уақыт ойланып отырдым. Не істеуім керек, қалай істеуім керек, қайткенде осы қараңғы қапастан құтылып, үйіріме қосыламын?! Ал қаздым, топырақты қайтем? Сонан соң ойластырған жоба бойынша «Қарасайлап» іске кірісіп, қара кездікті қаршылдатып дуалға ұрдым. Түскен топырақты жарық аз түсетін бұрышқа қос уыстап төктім де, үстіне әзірге бөркімді қойдым.

– Иә, жаңа топырақ көрініп қалмауы керек қой, – дейді Омарбек.

– Иә, – дейді Сәт те, істі түстен кейін бастауды ойлады. Бір нәрсені тосып отырғанда уақыт тасбақаның аяғындай өтпей қоятын әдеті емес пе? Жарық жүзімді сарқ етіп, сарғайып сарыла түсіп күттім. Уақыт өтпейді. Күн күндегіден ұзарып кеткендей. Енді ағам қайда жүр екен, қарыны ашып қалған жоқ па екен деп те қиналдым. Сонан соң «ер азығы мен бөрі азығы жолда» деген, тамағын тауып іше алмайтын менің ағам кім сонша, ондай мүскін емес, бөрі болғанда арлан – абадан емес пе, абаданың не, арыстан болғанда сырттаны емес пе деп өзімді-өзім жұбаттым. Ағаны шыға қалсам қайдан табамын деген де ділімде орнап, бір сәт көкейімнен шықпай қойды.

Бір кездері әйтеуір есіктің құлпы, шынжыры сылдырлап ашылды. Есіктен қарауыл кіріп келе жатты. Көңілім бұзылды. Қара кездікті қара құстан бір салып, мұны жер қаптырып, осының киімін киіп тартып тұрсам ба екен? Әлде есік алдында ұсталып қалам ба? Ең болмаса кеш емес – ау. Егер апақ – сапақта, түнде болса бір сәрі. Қой, оны түстен кейін кешке қарай көрейін. Әзірге алғашқы жобамен тұра тұрайын деп қорыттым. Қарауыл қаңылтыр шөңкемен шай, үре табакпен атала әкеп берді. Шай деген аты, әйтпесе түсі өзгерген жылы су. Жанында бір жапырақ қара наны бар. Оны тез алдым. Шөңкедегі суды тауысып іштім. Қарауыл көңілінде күдік қалдырмау үшін қара нанды да алып қалдым. Он минуттан кейін қарауыл есікті сылдырлатып қайта ашты. Мен ыдысты қайтардым. Ойым бұрышта. Қара кездік сонда қадаулы тұр. Кездікті қолыма ұстап іске кірісе бергенімде есік сылдырлап ашылды да, сұраққа алып барды. Тергеуден сол құлағы жоқ, әнеугі күнгі шұнақ қазақты шығарып келеді. Ол аяғын әрең басып теңселіп барады.

– Ол иттің баласы соңғы кезде, айтқандай, колхоз бастық болатын. Жоғалып кетті деп еді, шынымен қамалған екен ғой. Мен оны әлгі Қасымхан сияқты етіп қамалды ма деп едім. – Қасымхан Шанышевты айтқаны.

– Білмеймін, аға, әйтеуір аузынан қан ағып барады. – Омарбек ойланып қалды. Ол ойын естірте айтып кетті:

– Балқаш бойына барған мақсаты рас болды ғой, тәкпір жасап, нараду – келісім тауып қайтамын ба деп барған екен ғой, біздің адамдар шалақтық жасаған екен-ау... – Ол үнсіз отырып қалды. Тағы бірдемелерді ойлап тұңғыыққа түсіп кетті. Жадау тартып отырған саданы жылып, көзі қайта жұмылды.

– Аға, неге ойланып кеттіңіз? – деді Сәт Омарбекке. Ол ұйқысынан ояғандай селт етіп: – Бұл бір жағынан жақсы, бір жағынан жаман. Жақсысы Советтің көрнекті адамының біздің жағымызға шығуы. Бұл ел арасында біздің беделімізді арттыра түседі, шіркін, оны қосып алар ма еді. Жаманы енді өздері ішінен бүлініп жатса, бізден бұдан былай бұрынғыдан дөмбейілді көбірек қазады, қырқа сайын қақпан құрады, енді бізді шабуылды үдетеді. – Ағасының ойын алған соң Сәт әңгімесін жалғайды:

– Кешке дейін терендігі де, ені де екі қарыстай қабырғаны үңгіп, топырағын қоңырқай бұрышқа үйдім. Енді ол мол топырақты бөркім жаба алмады. Сондықтан үстіне, құдай берген етек-жеңі кең, қазақтың өзіндей жалпайған шекпенімді екі бүктеп тастадым. Шекпенімді тастағаным оған топырақ жұқпайды, жұққан топырақ көрінбейді. Кешкі тамақты берген соң-ақ мені қайта тергеуге шақырды. Сәті түсті деп ойлады. Өйткені ерте шақырған соң ерте жібереді. Ертрек шығып кетсем, ұзап кетемін ғой деген қуанышым ішімде, тергеуге ішімнен жымың-жымың етіп күліп бардым. Омарбек тергеуге көп мән бере қоймады. Сондықтан енді оны Сәттің айтқысы келмейді. Оған бір жағынан қуанады да. Өйткені тергеуді ежіктеп сұрай берсе, бір жері болмаса, бір жерінен шиі шығып қалып, өтірігі ұсталып қалуы ықтимал.

– Қайта келген соң «бісмілла, менің қолым емес Омекемнің қолы» деп қара кездікті алып, кірпішті кеулеп жібердім. Сәлден кейін-ақ тышқан інінің аузындай тесіктен тыстағы таза салқын ауаның иісі келе бастады. Әлі қызыл іңір. Сондықтан сыртқа

шығар жағына тимей, ішкі қабырғаны екі иығым сиятындай етіп оя бердім. Ел аяғы басылды-ау деген кезде дыбыс-дыбырын шығармай індей тесікті үлкейтіп, топырағын ішке көртышқанша тасып кеттім. Қабырғаның өзім де сыртқы сылағын ғана қалдырған екенмін. Ол көп күш керек етпеді. Итеріп-итеріп түсіре салып, топырағын тартып алдым. Енді тастай қараңғы дала анық көрінді. Өзім сиятындай тесік болған соң алдымен шекпенімді сыртқа ытырып жібердім. Бөркімді де лақтырдым. Өзім үңгірді тәп-тәуір үңгіген екенмін. Алдымен құлағымды салып тың-тыңдадым. Көшеде жүрген адам естілмейді. Сонан соң басымды тесікке тығып сыртқа қарадым. Келе жатқан аяқ дүбірі жоқ. Тәуекел! Ия, аруақ, қолдай көр! – деп зып бердім. Жыми, мысықша басып бірден көшенің қарсы бетіне шығып кеттім. Көшеде кім жүруші еді. Ұзынағашта не көп, ағаш көп, бір ешкі талдың тасасына тұрып үстімді қақтым. Сонан соң тез басып барып шекпенімді, бөркімді алдым. Енді оны киген соң көшедегі көп қазақтың бірі болдым да қалдым. О жарық, дүние! Бостандық, құтылдым ба, құтылмадым ба деп кете беріп ойыма бір нәрсе сап ете түсті. Аға мен Омарбектің інісімін ғой, осы жерде чеканың да шекесін шеруен аттырып кетейін деп, түрменің батыс бет, көше жағына шықтым. Аспанмен таласқан зәулім ақ теректің тасасында тұрып, милиция қорасының алдына көз тастадым. Екі үлкен діңгектің үстіне бір бөренені көлденең қойып, оны темірмен бүкпелеп тастаған ағашқа милиция қызметкерлері ат байлайтын. Бір адам мына менің астымдағы торсылдақ торымен түсіп жатыр. Түнде милиция қызметкері екенін бас киімінен таныдым. Ол қораға кіріп кетсін деп тырп етпедім. Сәлден кейін ол сарт еткізіп қашаны жапты. Баспалап, аяғымды еппен бір-бір басып аттың жанына келдім. Шамасы мынау торы үнемі бір-ақ адам мінетін ат болуы керек, мен жанына барғанда шошқаша қорс-қорс етіп, үріккендей болады. Тізгінді шешіп әуре болмады. Қара кездікті алып шорт кесіп, атқа қарғып мініп, ақырын ғана үйді айналдым. Шырағым, ұрылар атты шешіп алмайтынын айтқанмын, – деп Шұнақ шал ұрылар дәстүрін еске салды. – Екі көше өтіп, Қарасуды атты батпақтата басып өттім де, орыс моласының үстіне шығып кеттім. Төбеде тұрып азырақ тың тыңдадым. Мұным да бекершілік екенін ойыма алып, тағы

қысылып кеттім. Өйткені милиция қызметкерінің, әсіресе милиция албарынан атты ұры алады деген ешкімнің де есіне келмейді. Олар өздеріне ешкім батпайды деп есептейді. Сондықтан да олар атты көшеден, мықтағанда өзен жағасынан ғана іздеп қайтады. Қуғын жоқ па деп арт жаққа құлақ тіккенімді артық санамадым. Әр жерде иттің үргенінен басқа дыбыс жоқ. Қазір иттің өзі де көп емес қой. Қырды жалдап отырып Тікендіге бірақ тарттым да, кәдімгі атам заманнан келе жатқан Жібек жолына түсіп, тауды бауырлап, күн батысқа бет алдым. Кейде желіп, кейде қасқыр бүлкекке салып түннің бір шамасында Шірікбай бұлақты басып өтіп, Қызыл-ауызда сиыр бағып отырған Шүкірей соқырдың үйіне келіп түстім. Олар шырт ұйқыда екен. Мені қараңғыда танымаған Шүкірей соқыр, атымды айтқанда «а, ah, а» деп шошып, есіп шығып қорықты. Оның үйінен сиырдың іртік-іртік айранынан басқа ішуге ештеме табылмады. Сол арада-ақ оның үйінің бір дорба сүзбесін алып, Алатаудың қойнына кірдім де кеттім. Таң атқан соң барламасам ештеме біліп болатын емеспін, сондықтан аттың ауыздығын алдым да, шылбырын қолыма байлап қисая кеттім. Денем мұздап ояндым. Таң сызат беріп келеді. Күн ашық. Қарашаның ұзақ таңын ұйқымен өткізіп, раң жеген малдай көбеңсіп, көтеріліп қалыппын. Ат мені айнала жайылып, төңірегімдегі шөпті түк қоймапты. Бұта-шоқыпты сайдың ішімен екінші бір жерге жиырма шақты қадым салып қайта жантайдым. Ұйқым қаныпты. Көзім де, көкірегім де оянып, не істеуім, қалай жүруім керектігін ойластырдым.

– Таң атты. Мінгенім торы ат екен, арқа-басы бүтін, атқа жайлы болғанымен адамға жайсыз былғары ер-тоқымы бар. Қоңы да әжептәуір, бұлт етті. Шылбырынан қазақ мінген ат деп жорамалдадым. Өйткені шылбыры қылдан, шыжымдап есілген, пысық. Оны шешіп алып, торыны қуысқа мықтап шідерлеп, бір тобылғының түбіне жатып ал ойла! Түрмеден құтылдым, олардың түре іздейтіні хақ, Омарбектің інісі болса, ол түрмені тесіп қашса, оны іздемей чекаң кімді іздемек? Қой дедім өзіме өзім, бұлай жатпайын, бағдарлайын. Қойнымда наным болмағанмен астымда қыл-құйрығым бар, өзі тоғынды. Мені кірмембес-қалың қол қуып келместі. Бір сойдыға бой беретін Омарбектің інісі ме, бірге-бір берісе қоймаспын. Қуғынның сақ етері саныма тиіп, ал қанымды

ағызғанша, ал иіндігімді жаралағанша қарманып қалайын дедім. Шөже көз сауыт киген мен емес, ажалым жетсе сазамды жалғыз сайгез оқ береді. Жер шарасын тегіс тентісең де өтешек өмір өтеді, ажалың жетсе үйде де өлесің. Зәрураттық көрермін, бірақ ағамды табармын, Алатауға арқамды тірегендей соның арқасында күнімді көреремін. Мамық жастанып, жуырқан тосатып жатар күн ағаның арқасында ғана болмақ. Ертерек ағамды табайын дедім де, торыға қарғып мініп, тау бөктерлеп Бұрған үстімен, Саршыбыр астымен Қараршаға қарай тарттым Сақсырым толып қаныма, зығырданым қайнап кете бардым. Үнемі жолсызбен, елсізбен жүріп түнделетіп Дегереске келдім. Үмітті жерде аға жоқ. Дал болдым. Содан неде болса Шұбарбайтал болар бір тұрағы деп, торыны болдыртып, қарным ашып, кәдірім қашып келе жатқан бетім еді. Ойым онға, санам санға бөлініп, мұнда болмаса енді қайдан іздейін, неде болса, Топар түсіп, Іле бойлап, ит мініп, ирек қамшыланып кетейін деп едім. Өздеріңіз ұстап алдыңыздар. Ханды көрген өлмейді, күнді көрген тоңбайды, өзіңіздің нұрлы жүзіңізді аман көрдім. Енді арман жоқ. Бауыздасаң қолыңмен бауызда, міне, кездігің! – деп сәкинегін топырақ қапқан қара кездікті Омарбектің алдына тастайды. Кездекті қолына алып Омарбек бір кез ойға кетіп отырыпты. Шамасы сол бір Әндіжан барып, қашпай-пұспай еркін, еру жүрген, еңсесі биік ағалары ордаға еңкейе кірген, сары қымызды сапыртпай ішпеген, сарықпай ішкен күндерін есіне алған болар. Қабағы қатып, аңқасы құрып көзін жұмып алды. Бір кездері барып күлікке шығар мисыз жүйріктей көзі жайнап, екі қолы байлаулы Сәтті босаттырды. Сәт орнынан тұрып, ағасына жете беріп жығылып, аяғын құшты...

– Інім, Алматы мен Фрунзенің арасына талай жүрген боларсың. Ол жол сонау қарайып тұрған Дегерестің арғы астында. Мына өзін үстінде отырған Алатаудың Іле – Шу тармағы анау көрінген иір тау Бұғымүйіз, Бесмойнаққа жеткен соң аласаңқырап Ырғайты, Атжайлау, Балажан, Шұбарбайтал, Шетбұлақ, Сұлтөр болып Қордайға ұласып, одан терістікке бұрылып Аңырақай, Айдарке делініп, ақыры адырға, ит шайнаған орамалдай қоңыр қырқаға айналады. Осыларды аралас жайлап, алас-күдес қыстайтын Дулат-Шапырашты отызыншы жылдары адырдағы далалық қыстауларын

Голощекиннің бодауына қалдырып, кеудеге көшірілгенін бағана айтқанмын. Енді онда ел қалмайды, адам қоныс, ата қоныс—аңапаны, қайуан қияуы, жабайы шиыры болып қала берді. Білетін боларсың, інім, Фрунзеге баратын жолдың бір бөлегі сонау Тарғаптан бастап атқан оқтай жүріп отырып, Кеуде Отарға тіреледі. Содан әрі түстік батысқа бұрылып, Қордай асады, Қаракөңіз, Қарабалта, Қайыңды кетеді. Сол тартқан сымдай түзу жолды бұрын қазақтар «Бозжорға» дейтін. Оның себебі ілгері кезде Қасқарау Қоңырбай байға ас бергенде сол жердің, шамасы Сырымбет ауылының, боз жорғасы жорға сүрісте жерге таспадай жабысып озып келген екен. Бұл кәдімгі ақынның қызыл желі атанған Сүйімбай мен қырғыздың жезтаңдай, осы «Қоңырбайдың асында бес жүз жылқы матаған» ақыны Қатағанның айтысын туғызған асаны ас. Сол асқа сауын айтқанда аржақтағы Жалайыр Ақбұйымның бір ұрысы сол бүкіл қазақ, қырғыз тайпалмасынан озған бозды жұрт жаппай асқа отырған қызыл іңірде жытырып кеткен деседі. Қазақ желғабыз, жез тағалы еңіреуді мақтағанда «мисыз жүйрік» деп те мақтап, марапаттайды. Ал сол «мисызы» нағыз милы, адамша болмаса да, хайуанат атаулыдан жоғары тұрып сезіп-білетін мал болады. Боз жорға Кеуде Отардағы Сырымбет ауылына осы жолмен қыстағы сіреу қарды тура сызып тартқан екен. Боз жорғаны өкшелей қос атпен қуа келген Ақбұйым ұрысы атқа риза болғандықтан иесінен ғафу өтініп, ағынып-жалынып, ат-шапан айыбын тартып қайтқан екен дейді. Мүмкін інім, бұл аңыз шығар, нақ осындай оқиға болмаған да шығар. Дегенмен осыған ұқсас оқиға болуы әбден ықтимал. Қалай болғанда да жазықпен Шөлқопаны басып, оны таспадай тіліп өтетін түзу жолды қазекем тез жететін, өте төте, өте тура, жайлы жол болғандықтан «Боз жорға» атандырған. Әйтеуір сол Боз жорға жолы да сен тентек, сен тетірсін демей, жақсыға да, жаманға да қамқор болып, бәрін бауырына басып, бұлағын емізген Алатаудай жолаушының бәріне бірдей қызмет етсе керекті. Бұл «Боз жорғаны» әңгімелеп кеткенім, інім, ендігі бандылар өмірінің біразы осы жол төңірегінде өтеді. Өйткені бірнеше жыл биік тауларды, тарғыл тастарды, қарағайлы көлікті мекендеген баскесерлер бір оқиғадан кейін осылай ойысқан болатын. Оның өзіндік сыры бар еді.

Конфискеденген соң Жетісу байлары Оралға айдалғанын айтқанмын. Солар біртіндеп қашып келіп, отыз бірінші-отыз үшінші жылдары бірталай топ құрды. Оларға өгізге туған күн бұзауға да туады деп, түбінде Совет үкіметінің мүддесі-қоғамдық меншікке негізделгенін, ол бұлардың пиғылына қайшы келетінін білген, конфискелеуге ілінбеген байлар, бұрын халықты сүліктей сорып әдеттенген, енді құмның жиналып тас болатынын, құлдың жиналып бас болатынын көрген, ол арқасына аяздай батып ауырсынған, бұл кезде сіркесі су көтермей жүрген үстем тап өкілдері, олардың оқығандары қосылып, қашқындармен астасып, Сове үкіметін құлатпасқа не деп әр жерге бірікті. Ал бұлар Совет өкіметіне оншалықты қауіп төнгізбегенімен, тиіп-қашып тыныштық таптырмады. Одан-бұдан құралып, қарасы көбейген кезде енді оларды бұлай қодандатып-шабуылдатып, жұрттын үрейін алдырып, берекесін қашырып қоюға болмайтын еді. Сондықтан да партия-совет активистерінен біраз адамды оларға қарсы аттандырған еді. Сол тізімге мен де іліккен екенмін.

Қастек ауданы көлемінде олардың үш ұясы бар болды. Оның ең күштірегі Емілдің бір баласы Қойшыманның Есқожа деген ұлынан тарайтын Өтеп деген атадан шыққан Омарбек болатын. Ол көбіне сен тұр, мен атайын, өңкей баскесерді жинап алып, Алатаудың Қарақыстақ, Қастек, Қарарша, Қызылауыз деген өзен сайларына тығылып, ауданға, жеке ауылдарға шабуыл жасап жүрді. Оның екі бірдей қойшысы Байдалы мен Ұлтарак Совет өкіметін қолдап, большевик болып, кешегі қожасын тындамай кетуі оны жөңше нарша құтыртып, дозын арттыра түсті. Дегенмен ол алғаш бандыларға бастық болуға қызыға қоймады. Суықтөбе бауырындағы Кеңсайда бандылар басшысын сайлағанда олардың көбі өзін қалағанын көре отырса да, ене деп, нарттыққа ұмтылып кеңірдек кермеді. Бұл оның әкімдікке қызықпағандығынан, мәнсапты ұнатпағандығынан емес-ті, ол Сматай, Ағыбай бастаған Қасқараулар тобы бұларды мансұқ етеді, күш ыдырайды деп қорыққаны болатын. Егер артында біраз дүбір-нөкері бар Сматай кетсе, қалған қоянтөбел аз топ шілдің саңғырығындай тозатынын ол анық білді. Сондықтан бандылар тобына Сматайдың басшылық етуіне ындынын салып, ынта-шынтасымен кірісті.

Бандылардың екінші ұясы Қасқараулар тобы еді. Олардың атқа қонған жері де Дегерес, Беріктас, Ақтерек төңірегі болатын. Бастаушысы Сматай, қаныпезер, бір айтар, айтқан сөзінде табандап қатып қалатын көкайыл кісі болатын. Оның соңына ергендердің ішінде көрші отырған Тайторылар да кіріп кеткен. Бұлар Алматыдан алысырақ жатқандықтан Совет үкіметінің күшін әлі ұға алмаған, оны құлатудан әжептәуір дәмелі еді. Сондықтан олар төске қарай жылжып жеткен-ді. Ондағы көкейдегі есек дәмесі большевиктердің ұясы да, ұйтқысы да болып келген Қарақыстақты басып алмақ еді. Бірақ Қарақыстақты басып ала қойғанда одан әрі не істейтінін Сматай өзі де, оның көмекшісі Ағыбай да айтып бере алмайтын. Олардың пәлендей бір басшысы бар еді, ол түгенмен байланысты болып еді деп қалпы айтқым келмейді, інім. Олар ондай ұйымшылдыққа жеткен, бір орталыққа бағынған адамдар емес-ті. Оған Сматайдың да Омарбектің де ақылы жеткен жоқ, көркөкірек, өзімшіл болатын. Әрқайсысы Совет өкіметіне өзінше қарсылық көрсеткен болады. Бірақ бір жақтан келіп қалатындай бір күшке сенетіндей еді. Ол да бітеу көкіректердің долбар-далбасасы ғана. Сөйтіп Қасқараулар тобы жоғарылап келді де, Алматыдан бандыларды талқандайтын әскер шықты деген қауесеттен кейін Ақтасты, Қарақыстақ, Суықтөбе маңын біржолата тастап кетті, әрі қатары ыдыраңқырап, біразы бұл жосықсыз лайсаңның батпағына белден батып, ол ұйық түбіне тартып бара жатқандықтан, олардан безіп, көз көрмес, құлақ естімес, елден жырақ, қыбайға тартты. Оның себебі мынау еді.

Отыз бірінші жылдың жазында Сматай мен Омарбек арасында керіс болды. Омарбек бұл өңірде біздің күн көрісімізге қиындап барады, төмендеп қиырлап Аңырақай түсіп, арқар құлжадай алыстап кетелік дейді. Бұған Сматай мен Ағыбай қарсы шығады: «Сен өз елің болған соң жаның ашып тұр ғой. Сол елің -ақ етегіңді кесіп қуып шықпап па еді» деседі. Сөйтіп итіс-тартыс жүргенде бұлар жетінші ауылға шабуыл жасап, түнде ауылдық Совет председателі Нұрғали Қыдыровты, оның үйіне қонып жатқан өкіл Шәлін Байсаловты өлтірді. Ауылдың басына ол күндері қандай ауыртпалық түскенін бағана айтқанмын, інім. Қаралы ауыл адамдары ауданға хабарлауын хабарлайды да, бандалар артынан

төрт адам қуғын жібереді. Бандалар кәдімгі «кел біз кінәліміз, бізді байлап алып барыңдар» дейтіндей төрт адамды жолға салады. Оларды жиырма бірінші жылдан партия мүшесі, қосшы одағының басшысы болған Құрамыс Тастанов бастап шығады. Көзі ашық Құрамыс олардың өліспей беріспейтінін біледі. Дегенмен жаудың жатқан жерінен хабардар болайық, шолайық деседі. Тауда тасқа бекінген бандылар ойда келе жатқандарды алдындағы шахматтың тасындай анық көріп отырады. Аттағы төртеу де қауіпсіз болмайды, бірақ тасада тұрғандар бұл қуғын төртеуді оп-оңай сұлатып салады. Өлген төртеудің – Құрамыс Тастановтың, Шауқар Сәмбетовтің, Шаяхмет Ақтанбердиевтің, Найман Шарғыновтың денесі Суықтөбе бауырында қала береді. Ардақтысынан айрылған ашынған халық тайлы-тайлағы қалмай бандыларға қарсы тегіс аттанғанда, олар тоз-тоз болып, біразы төмендеп екі жылдан соң Шұбарбайталдан табылады. Сәттің түрмені тесіп шығып келіп, әңгімесін шертіп отырғаны нақ осы бір кезең еді.

Інім, осы бір жерде ішіме сыймай жүрген бір сөзімді де айта кетейін. Сол Суықтөбе бауырында өлген, Совет өкіметі жолында құрбан болғандар басында осы күнге дейін таудың көп тасынан бір тас бұйырмай, жер томпайтып қала берді. Енді олардың көмілген жерін табу да қиын шығар.

Үшінші ұя ұшарын жел, қонарын сай білген ебелектей Шалтабай Құдайбергенұлының тобы еді. Інім, Жамбыл атаңның атақты Құлмамбетпен айтысын оқыған шығарсың. Інім ол кездері Құлмамбет ақын Тарғапта тұрады екен. Өмірінің ақырын да осы анау Тарғаптың Беріктасқа қараған бетінде өткізіпті. Сонда Түргенде қызына барғанда аяқ астынан ауырып өлген екен. Моласы Түргенде. Мұны айтып кеткенім сол Құлмамбет бейітінің басы да қарайтылмай жатыр ғой. Жәкең Құлмамбетті жеңдім деп масайрап кетпеген, өмірбақи оны сыйлап, ардақтап өткен. Ол айтыс Құдайберген қажының үйінде болған ғой. Сол Құдайберген қажы қайырымды, өте бір ғалисан адам болғанға ұқсайды. «Жаманнан жақсы туар адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туар, бекер берсе алғысыз» демей ме, қазақ. Сол жақсыдан жаман туған адам Шалтабай еді. Інім, сен Шалтабайды тап жауы, бандит болған соң жамандап отыр деп ойлама. Шапырашты, Дулатта адам баласының

қара тілі атанған Шалтабай өте шешен, ақыл иесі кісі болған. Ол сөйлегенде жұрт айрандай ұйып қалады екен. Жамандады деме, інім, оны мен айтқан жоқпын осы қалың ел «Дәуітқұлдың үйіне барсаң етке тоясың, Шалтабайдың үйіне барсаң кепке тоясың» деген мәтел шығарған. Бұл мәтелді тіпті түсіндіріп жатудың өзі артық. Шалтабай үйіне барған кісіге қазан көтеріп, ас қылмайтын қара қазан кісі екен. «Мынадай бір кеп болды» деп қонағына тілін емізіп, құры кеңеспен келгеннің ішін кептіріп, қызыл сөзбен шығарып салатын болса керек-ті. Сондықтан да байларды көбіне сөзіне емес, ісіне, оның басқа қайырымдылығына қарап бағалаған халық «дастарханы жиналмайтын», «ит басына іркіт төгіліп жатқанды» ғана басына көтереді емес пе.

«Мың сіз-бізден бір шыж-быж артық», яғни сіз, біз десіп құры ауыз, құрғақ сыйласқаннан бір қуырдақ жеген артық деген, қарын қамын жақсы білетін қазақ жоғарғы мәтелді шығарған. Ағайынды екі кісіге осындай сипаттама берген елді әділ емес деп айтып көрші. «Халық айтса қалпы айтпайды», яғни өтірік айтпайды. Оның екізген бау-бағы соңғы кезге дейін келді. Бай жиырма сегізінші жылы конфискеленіп, Оралға айдалған. Содан қашып келіп, бандалық жасап жүрген. Мұның төңірегінде де біраз адам болатын. Совет болысы, ревком председателі болған менің туысқаным Қашабай Жарқынбаевтың баю жолына түсуіне де ол себепші болған. Өйткені Шалтабайдың Шарымхан деген бір қызы Қашабайдың әйелі еді. Қашабай барлық жағынан атасына ұқсаған, келін қайын ененің топырағынан делінсе, Қашабай атасының топырағынан жаратылған деп замандастары күлетін. Егер Шалтабай бағынан бір өрік үзіп жегеннен айып алса, Қашабай үйіне келген кісіге «аяғыңды тазалап кел» деп отырады екен.

Інім, Шалтабай сияқты оқыған адамды «Совет өкіметін құлатамын» деді, оған ақылы жетпейді деу қиын. Осы Совет өкіметі орнап қала қоймас, мүмкін басқа жақтан ондай бір тегеуірін болады деп шамаласа, ол ішінде болған болса керек-ті. Оның бар арманы кәрі қойдың жасындай өмірі қалғанда, егде тартып, етек басқан шағында түрме қорлығын көрмей, осы ата-баба, туып өскен Алатаудың төңірегінде көз жұму болған. Егер нақ осылай болса, оны қудаламауға да болар еді. Бұл жерде Шалтабай

Совет өкіметіне, Совет үкіметі Шалтабайға сене алмады. Өйткені бірлі-жарымды біз тілін таба алмаған әлді шаруалар сырғып Шалтабай тобына қаша берді. Менің өзімнің көзім жеткендей, «Бұл Шалтабай ғой» деп ергісі келген басқа бандыларды да ол «жаман топ көбейтеді» деп бойына дарытпаған, қарауына алмаған. Дегенмен осы үш топ та бізді ілгері бастырмай қоймағанымен аяққа кірген шөңгедей жүру-тұруымызды қиындатты. Менің алдымда осы бандылар тобын Жетісудан біржола аластату міндеті тұрды. Мен білек сыбанып осы бір іске кірістім. Егер осылардың көбі Құбанбай сияқты болса, онда оларға тигендер де оңбас еді, бірақ олардың нарттарының ниеті басқа болатын.

Бір күні бандылардың үш тобының басы қосылды.

Інім, «Боз жорға» жолымен кетіп бара жатып түстікке көз қиығыңды салсаң Дегерес, одан биіктеу Бесмойнақ, Атжайлау, Балажан биіктері дөңкиіп-дөңкиіп жатады. Оның үстіңгі жағынан ағып келіп, далаға – терістікке қарайтын ауызы бірдеме қатты жыртып кетіп, қара қотырланып жазылып келе жатқан жара сияқтанып Жаманты, Ақтерек, Шұбарбайтал өзендерінің сағасы ғана көрінеді. Сол «Боз жорғамен кетіп бара жатып, биік нәрсеге сүйеп қойған тақтайдай түзу беткейге қызықпау мүмкін емес.

Шұбарбайтал өзенінің таудан жарып шығар ауызында ұзын сырық тұр. Оның басында әйелдердің дүр тартар орамалындай ақ шүберек байлаулы, – деді Құрамыс. Інім, бір құрамыс өліп еді ғой деме. Бұл Суықтөбеде өлген Құрамыстан басқа. – Шөлқопаның еңісінен көрінген шаң жиырма шақты атты кісінікі еді. Олар құйындатқан күйінде жанағы шүберек байлаған сырық түбіне түсіп жатты. Бұл қопалатып, кеудеге қарай шапқандар Шалтабай тобы екен.

Шалтабай таза киінетін, бұл күндері қашып-пұшып жүрсе де үстіне кір жуытпаған, қаба сақалдау, сары, сұр кісі екен. Садаптан бажайламай қараған кісі өзбек пе, әлде тәжік пе деп қалатындай. Астында ақбоз аты бар, ер-тұрманының бәрі күмістелген. Өмілдірігі, құйысқан, жүген, бір-ақ қолдан шыққан болса керек, бәрі қайыс таспадан өрілген. Тоқымы былғарымен қапталған

болса да, үстінде тегілдірігі салпылдап жүр, ұзындау. Бұл да балағым, әлде етігім ат теріне былғанбасын деген тазалықтан болса керек-ті. Қанжығасы да, шеттігі де бос. Ақбоз қолтыраудай танаулы жылқы екен, күнде мінілгендіктен бе, жарау, екі бүйірі тартылып кеткен. Еті тым ояз емес, екі құлағының түбінен ғана тер шығыпты. Шабысының қанша екенін, әрине Шалтабай ғана білсе керек-ті. Қайткенде де оның күші де, жүрісі де, мініске беріктігі де оның дүбірлерінің атынан артық екені сөзсіз. Өйткені бандылардың нарты тобыршақ мінбейтіні белгілі. Шалтабайдың сыртынан киген түйе жүн шекпенінің оң жақ жамбас тұсын іштен байланған тапанша түртіп тұр. Оның артынан өкшелей келген қарагерлі қырықты алқымдап қалған жігіт айқұш-ұйқыш екі мылтық асынған. Оның бірі Шалтабайдікі екені сөзсіз. Басқа салттылардың бәрі де тегіс мылтықты. Ат құйрығы тістесе келген қарагердегі Шалтабайды түсіріп алды. Анау боз атты әрі таман жетектеп барып, өзінің қарагерімен матастырып қойды. Басқалар жерге түсіп, аттарын шылбырынан ұстап, мойындарындағы мылтықтарын атуға ыңғайлағандай алдарына көлденең қойып отырды. Атты тұсап, шідерлеп, өрелеп жіберген ешкім болған жоқ. Бұл олардың сауықандай сақтығы еді. Басқалардың бәрі, яғни біз, – дейтін Құрамыс, Шұбарбайталдың ауызынан, жырадан, Омарбек бастағандары оң жағалауынан, Сматай бастағандары сол жағалауынан ұлыққан итше шұбап шықтық. Екі жағын қосқанда жүз қаралы адам болады. Сайдан шыққан топ беткейге жақындағанда жаңа Шалтабайды аттан түсіріп алған сидан қара орынан атып түрегелді. Шалтабай қозғалмаған күйі зеки сөйледі:

– Сәкебай, отыр, тырп етпе! – Орынынан тұруға кейбірі тізесін жинап, кейбірі жер таянып, енді біреулері тізерлей бастап еді, Шалтабай сөзінен кейін бәрі тас құдайдай әлде балбал тастай орындарында қатып қалды. Сматай тобының аяғы жерге аналардан бұрын тиді, олардың бес-алтауы жүгіре барып Омарбекті аттан түсіріп алды. Қамажаулап, алқалап оны екі қолтығынан сүйегені сонша, Омарбектің аяғының ұшы әр жерге бір тиді. Омарбек беткейдің ең жоғарғы жағына апарылып отырғызылды. Бұл қошаметті көріп отырған Шалтабай қажы бедірейіп оларға амандаспады да. Шалтабай қошыжын қоштағандар да түк

естімеген керендей, түк сезбеген мұлқаудай мыңқиып отыра берді. Бәрі де қазақ даласындағы әр жерде кездесе беретін балбалдай, жансыз. Еріккен қойшылар төбе басына адам бейнесіне келтіріп тас қалап қоюшы еді, Шалтабай адамдары да обадай, сүлесок. Менің артымда мұнша адам жүр, менің жанымда сен кімсің дегендей Омарбек жасы үлкен Шалтабай қажыға жұрттың жөнін жасамады, сәлемдеспеді. Сөйлесе ауызы қисайып қалатындай бұдырайып қалды. Оның шашбауын көтерген көп тобырдың біразы үнсіз, тек Сматай ғана алыстан «Салаумағаликум» дей салды. Егер ол шын амандасса, алыстан болсада аузын толтырып «Ассалаумағалайкум!» деп созар еді. Мұны сезген Шалтабай оған да жауап қатпады. Бағанағы кілшиген қалпында. Мүмкін Шалтабайдың ойында жасының үлкендігіне басқасы да тұрған шығар. Мынау көп тобырдың ішінде оқығаны осы Шалтабай. Шіркін баяғыда Мекеге барып, Байтолла босағасына тауап етіп Жетісуға қайта келгенде Дулат, Шапыраштының сорпа бетіне шығарының бәрі келіп, жас қажының қолын құдай қолын ұстағандай ұстап, қос алақанын бетіне сыйпаған еді. Енді дүние өзгеріп мына томартебер, ақылдан ада, қуыс кеуде Омарбек бұған сәлемдеспей отыр. Шалтабай әжептеуір қорланып, ішінен құса, ғамкүн болып отырды. Келгенім зайғы болды ма деп те қояды. Осы өңшең көркөкірек, әліп пен биді білмейтін, екі әріптің басын қоса алмайтын немелермен неге ғана байланысып, неге ғана көріндім екен. Тоқтышақ табатын ақылы жоқ боқтышақтарға бұдан былай моламды жақындатпауға тырысармын. Жарайды Омарбек келмей-ақ қойсын, мына осындағы Дулат – Шапыраштының бұрынғы шөпке отырар, мен тәуірмін дегендерінің ақылы қайда кеткен, олар неге келіп қажының қолын алмайды, қалай-ақ осынша тобырдың ішінде Шалтабайдың Омарбектен өлсе өлігі артық болатынын білетін бір адам қалмады ма екен?

Шалтабай өз ойымен болып, ұзап кетіп еді. Екі жақтың біріне-бірі жауыға қарауы сиреп, дабыр-дұбыр, сыбыр-күбірден кейін Омарбек жағындағы да, Сматай жағындағылардан да сөз шығып қалды: «Қажыға сәлемдеспейміз бе?» «Ей, ол Шапырашты – Дулаттың Шалтабайы еді ғой, басынан бағы тайса да ол адам ғой». «Қой, Омекем ұнатпайды».

Осындай сөздер әрі екі-үш жігіттің арасында болды, бірақ Омарбек пен Сматайдан батып ешкім келіп Шалтабайға сәлем бере алмады. Арада бір дем өткенде барып жырадан шыққан топтан бір адам орнынан тұрып:

– О, халайық, жарандар! – деп дабыстап еді, осы сәтте:

– Шаң көрінеді, екі атты шауып келеді! – деп біреудің айтуы мұң екен, отырған бандылардың берекесі қашып кетті. Шалтабай адамдары аттарына қарғып-қарғып мініп, ақбоздағы Шалтабайды ортасына алып қоршай қалды. Қажы да ат үстінде.

Тау бауыры теп-тегіс беткей. Беткейде көкпенбек көкемарал мен бәрпі өскен. Көк жалаған етік табаны сырғанап тұрмайтын беткейде жатып қырық-елу шақырым жердегінің бәрін көруге болады. Сонау төменде Қопаны таспадай тіліп темір жол жатыр. Онымен түтінін будақтатып өз сүтінімен поезд кетіп барады. Поезд өткен сайын мына отырғандардаң бәрінің көкірегін темір тілгендей еңселері түсіп кетеді. Бұл жақта да жол кесіліп қалды-ау деген діліне оралғанда бандылардың құйқа тамыры шымырлап, арқасын белгісіз бірдеме тілгілеп жатқандай болады. Бағанадан бері жамбастап жатып, қарағын сонау алыстағы Алмалы – Долаңқараға қадап алған. Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе, көктің жүзін, жердің бетін бір шарлап кетсе, ол ойды біразға дейін тоқтата алармысың. Бұд «Боз жорға» жолымен қарулы мемлекеттік почта тартқандар болмаса, бандылар осы төңіректі жайлап алғаннан бері ешкім жүрмейді. Некен-саяқ шыққан мал, жалғыз жарым жолаушы бәрі қарақшылардың олжасы. Сондақтан да Шөлқопа үсті тып-тыныш. Мұндағы ну қамыс, жыңғыл арасын мекендеген мәлін, дегелек сияқты қопалы, далалы жердің жануар-жәндігі, аңы құсы болмаса көзге ілінер жерде ештеме көрінбеп еді. Міне, бір шаң ғана бәрінің үрейін алып жіберді. Кірмембес қол болса қайтер еді. Шаң тез-ақ жақындап қалды. Екі атты емес, жетегінде аты бар біреу. Шапқан күйі келеді. Қызарып Қордай үстіне батуға таяп барып қалған күнді қуып жетуге асыққандай, жүрісі қатты. Қазақ қашан да кешке қарай елге, ауылға қарай шапқан адамнан көбіне жаман хабар күтер еді. Мынау да күн таласа келіп, ол ұясына отырмай айтатынымды айтып үлгерейін дегендей. Омарбек, Сматайлар жағы жалғыз аттыдан қорқып біз

Шалтабай болып кетіппіз бе дегендей тыбыр еткен жоқпыз. Оның кім екені маған ғана белгілі еді. Екі ат та, өзі де қара тер.

– Ей, мынау қайдан жүр? Жалбық деген ұры ғой, – деді Сәкебай Боранбаев. Ұры дегеніңіз Шалтабай отырған топты айналып, тура Омарбектің алдына барды:

– Алдияр! – деді әлгі аттан түсе қамшысын екі бүктеп жерге тастап. Інім, біліп отырсың ба, бұл баяғыда Ферганада Сейітходжаев деген өзбек командирінің атын жығып ұстап беретін Жалбық. – Совет болайын деп едім қолымнан келетін емес. Мені осы отырған жігіттердің біразы біледі, кеткеннің кетпенін алатын, жатқанның жамбасын кесетін, Іле мен Шу арасын шу-шұрқан қылатын Жалбық деген баукеспе ұрымын. Мынау қарагер сізге тартуым, мені қасыңызға алыңыз. Атыңыз Алатаудай шығып, әлемге естіліп жатыр. Пұл десеңіз пұл болып, құл десеңіз құл болып қызметіңізді-қиярыңызды қыламын. Сіздің құзырыңызға келдім. Құлдық. – Жалбық екі тізерлеп отыра қалып, екі қолын айқастырып құлдық етті.

– Ойпыр-ай, мынау ұрыдан гөрі маскарапаз болуға лайық екен, мынанікі, көпе-көрнеу өтірік! – деді жай ғана Шалтабай Сәкебайға. Мұны мен естіп қалып, иманым зәр түбіне кетті. Мына бит ішіне қан құйған сұмырай қажы мына күдігін Омарбекке айтып қойса, дүние бүлінеді-ау деп отырдым. Омарбек Шалтабай емес, ол әңгүдік «Алдияр, алдияр дес дандияр» дегендей, «алдияр» дегенге мен хан болып таққа отырып қалған екем деді.

– Тұр, саған мың ерлік! – деді Омарбек. Жаңағы сөз сөйлеуге дайындалған, қолтоқпақтай қазақ Жалбықты қолтығынан сүйеп орнынан тұрғызып, топқа қосты. Көселеу, құмырсқа ініне біткен бір түп жусандай он тал ұзын сақалы бар, алакөз кісі тамағын кенеп бірдеме демек еді, Омарбек тұра тұр деген ишара білдірді. Шоқша сақал тосылып қалды. Ағыбай деген осы екен. Бұл мына Омарбек бастаған топтағы үшінші кісі. Мұның айтқанын осындағы жігіттің ешбірі қалт жібермейді, дегені мүлтіксіз орындалады. Омарбек оң қолын көтерді де басындағы құндыз жекейін түзей киіп, бір сөз деді:

– Сен қалхоз болды деп естіп едім ғой, Омарбек кезігіп-керіліп, ыңыранып мұны зорға айтты. «Қалхоз» деп отырғаны қалхоз

председателі дегені. Мұны Жалбыққа арнады. Бұрын жылдам сөйлейтін бандылар нартының бұл жолы нағыз кергіп шолжындап қалғанын ешкім түсіне алмай біріне-бірі қарады. Кейбірінің күлкісі де келді. Күле алмады. Күліп көрсін, күмірем қаптырсын.

– Қалқоз? Қалқоз түгіл Совет болайын деп едім «Қожаның көңілі құртты сүйер, көжесінің қатығы жоқ» Маған оны кім берсін. Бола алмадым, қалхозыңа көне алмадым. Жүрсең-тұрсаң бәріне қағаз керек. Мен еркін ұшып, еркін қонған даланың дуадағы емеспін бе?! Еркін жортып үйренген абаданға, сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарап отыру ұнамады. Шыдай алмадым. Одан ен далада ұрлық істегенім жақсы екен. Жалбық кірпік қақпай, міз бақпай, қасқарып осыларды айтып шықты. Сөзді дақ осылай сықпырту, әй, ұрыдан басқаның қолынан келе қоймас.

– Не келеді қолыңнан? – деді Омарбек.

– Ұрлық келеді. Менің кәсібім сол. Әлі-ақ әулесемді көресіз. Тек қуа көрмеңіз, алдияр, – деп ағынып қалды Жалбық. Тіпті ибалы, жібектен де мүнәйім.

Шалтабай Сәкебайға тағы күбірлеп жатты «Ойпырым-ай», мынау да нағыз су жұқпас сұмырай екен, қарашы өтірік айтқанда кірпігін қақпайды. Қалай үйретіп тастаған. Омарбектің түбіне жететін осы болады. О, соры қайнаған сорлы Омарбек. Алдияр дегенге әлдеқандай болады».

Омарбек мойнын зорға бұрып жаңағы ұрыға – Жалбыққа жәреуке көрсетті:

– Жарайды, ұры деген де керек. Қала берсін! – деп Омарбек сөзінің аяғын жұтып қойды. Сөздің соңын жанындағы дүбірлері зорға естіді. Омарбек ерінген кейіп көрсетті. Бандыларға нарты ашқан ауызын әрең жапқандай елестеді. Ол «бастай бер» дегендей қолын сілтеді. Енді шоқша сақалға сөз кезегі тиді.

– Қарашы қарақшылар сілтідей тынды. Бәрі де Ағыбайдың ауызын бақты. Біріне-бірі «тыныш, Ақаң сөйлейін деп жатыр» десіп, сап басыла қалды. Енді күбір-күбір бітіп, аттардың пысқырғаны, тапыр-тұпыр бүгелектегені, жер тарпығаны анық естілді. Ызындап, кең дыбыссыз даланы гүлдетіп ары-бері ұшқан бүгенектің, күзге қарай тауға беттеген сонаның дыбысы жарып тұр. Ертеңге дейін біраз уақыт бар, күн батып қалды, кеш түскенше

жылқының қанын сорып үлгірейік дегендей матастырылған жылқыға олар тыныштық бермейді.

Ұзын, сирек сақал Ағыбай бір жөтеліп алып, сөйледі:

– О, халайық! Дулат, Шапыраштының сайыпқыран батырлары! Атам Бәйдібектің тұқымы үш Алатаудың бауырын тегіс алып жатса да, біз аттың төбеліндейміз. Төбелдей болғанмен арамызда арқа сүйер төбелдей ығай мен сығайымыз бар, сонау Алматы мен Піспектің арасының ел сыйлаған ерлері осында отыр. Кешегі бастығымыз Сматай арамыздан хан сайлайық, ел болайық дейді. Әбсін басымыз қосыла бермейді, хан сайлап, соның жанынан сайғақ табайық. Төбелдей азшылықты түктей көпке айналдыру үшін ақылы асқан аға, хан керек екен бізге дейді. – Ханға менің атым аталып қалмас па екен дегендей Шалтабай көзін сүзіңкіреп қарап, аққудың саһарынша мойынын созып, жауланып, арланып, көтеріліп отырды. Бет-аузынан «бұл несі?» деген таңданғандық та білінді. Бұдырайып отырған Сәкебайға күбір етті:

– Бұл не деген алақөкектік? – Сәкебай түсіне алмады. Үнсіз қалды. Ағыбай сөз білмейтін, суырылып кете алмайтын, аяғынан қолтаулаған тайша кібіртіктеп қалған кісі екен. Ол Сматайдың сөзін жеткізген болды, бірақ тамтығын айтты.

– Біз хан сайладық. Жо-жоқ, сайлайық деп отырмыз. Омарбек хан болуға лайық. Осыған пәтуаласайық!

– Қалай пәтуаласамыз? – деді отырған орнынан қозғалмаған күйі Шалтабай. – Сөйлеспей, пікірлеспей жатып.

– Немене?! – Біреу ақиланып, жын шақырған бақсыдай жан-жағына қаранды. – Сен Омарбекті танымайсың ба? Танытайын! – Ақназар орнынан атып тұрды. Ол орнынан тұрғанда Шалтабай жағындағы жігіттердің жиырма мылтығының ұңғысы үңірейіп Омарбектер жақты көздеп қалып еді. Омарбек жағындағылардың қимылдауға мұршасы келмеді. Түрт шайтан, түрт деп мен отырдым. Мылтықтың ауызы үңірейіп бізге қарап тұрғанда қозғалу қиын екен, мұндай үрейді тұңғыш рет сездім, – дейді Құрамыс. – Ақиланып атылған жоқ, не де болса Омарбек адамдарының бірінен келген сияқты.

– Ақымақ, – деді бір көзі шапыраштанған қара, – ол Дулат, Шапырашты аузына қараған Шалтабай емес пе, кіммен кімді

салыстырып тұрсың. Сенің қолпаштаған, қошаметтеген Омарбегің, сипаланған Сматайың қашан Шалтабайдың алдына түсіп еді. Құлан мен Домбайды салыстырасың. Шалтабай құландай құрық тимес екі жүйрік болғанда, Омарбек домбай-жабайы есек емес пе? Қаршыға мен құладыңды салыстырмас болар, ақымақ! – Шалтабай селт етпеді. Менің сөзімді сөйлеп жатыр-ау деп Омарбектен айылын жимады. Омарбек шытынды, бірақ тіс жарып үндемеді. Қайткенде де оның көп ішіндегі бағасы айқындалып қалып еді.

– Ей, қойсаңшы, қыли, – деп Ағыбай қыли қараға бірдеме демек еді. Оны анау таңазарына да ілмеді. Қайта жауланып, қарланып, қамшысын екі бүктеп, бөркін алшысынан киіп, «мықтымын» дегендей талтайып тұрды. Ақназар жығылған орнанан тұрып, маған болысар кім бар дегендей шүңірек көк көзін әркімге тастап еді, оған Сәттен басқа ешкім қабақ көрсетпеді. Бәрі де ақымақтың сыбағасы сол деп отырған тәрізді. Сәт Ақназардың үстін қаққан болып, қолтығынан демеді. Ақназар тұра салып, жүгіріп барып қыли қараның жағасына жармасты:

– Сен қашаннан бері жетісіп қалып едің. Мен бақайдан қағатын кім едің? Әкеңнің...– деп тереңнен бастап еді, қыли қара оның жағадағы қолын қағып жібергенде Ақназар етпетінен кетті. Ақназар да бойы сұңғақ, үңірейген аш көзді, бірме-бірге болмаспын дейтін, кеудесін бермейтін кісі еді, қыли қараның жанында адам болмай әруей болып қалды. «Жығылған күреске тоймайды» демей ме қазақ, Ақназар әлі жетпейтініне көзі жете тұрып тағы жүгірді. Енді ол үшінші рет жалп түскенде, соған жақын біреулер болуы керек, екі-үш адам қыли қараға жабыла кетті. Төртеуі қыли қараны қоймас болып жығып салып тепкілей бастағанда оның да мияттары, медет берерлері, медеу боларлары табылды. Бұрынғылармен олар да жағаласып, жұдырық, қамшы салысты. Орнынан тұрған қыли қара қасаласқан қарсыларының әрқайсысын әр жаққа лақтырды. Жеке келгенін шыдатпады. Ауыздары қан жалап, әр жерде құлап жатты. Енді көріне көзге екі жақ Дулат, Шапырашты болып төбелес салмақ болғанда араға Ағыбай келіп түсіп еді. Оның ұзын, бірақ сирек, он тал сақалын біреу сұқ саусағына екі орап пәрмендеп тартып қалды. Сақал қылиды жақтағанның қолында кетті. Жаңағы епті қол құтсыз, жабайы қамыс мысығының мұртындай жебені

жұлмақ еді, ол қолға жуғарақпанда іліне қоймады. Енді Ағыбайдың он тал сақалы орнынан шып-шып қан шықты. Жағы аласарып, кемпіриектеніп қалды. Дикандар жаңбыр аз жылдары аласа өскен тарыны оруға келмегендіктен жұлып алушы еді, енді Ағыбайдың иегі тырысы паясымен жұлынған айдаудай болып тұрды. Ағыбай ағасы сақалынан айырылып, қызыл иек қалған соң Қасқараулар намысқа шапты. Біреу «Бұқар, Бұқар» деп айқай салып еді, Омарбек жанынан «Қарасайланған» біраз адам төбелеске тұра жүгірісті. Сөйтіп қып-қызыл төбелес, сай-сары жағалас болып кетті. Қарасайланған дауыс шыққанда Шалтабай жағындағылардың бәрі орындарынан атып-атып тұрып еді, жанындағы Сәкебайды нарты етегінен басып отырғызып қойды. Шалтабай жігіттері қайта дым бола қалды. Ел болып, қазан көтеріп, хан сайламақ болып отырғандардың бұл ұрыс-керісі Шалтабайдың ызалы күлкісін келтірді. «Ел болатындардың сұрын» деп күбір етті. Егер осы бір сәтте мылтық атылмаса, бұл сабалас кешке дейін созылар ма еді, қайтер еді. Мылтық дауысы шыққанда алысып-жұлысып, сабаласып-қарбаласып жүргеннің бәрі жата қалысты. Жан керек екен. Көпке дейін ешкімнен үн шықпады. Сәлден кейін естері кіріп, абайлап біртіндеп орындарынан тұрып, қайта керілдісіп келе жатыр еді.

– Қойыңдар, енді! Қайсың қимылдасаң атып тастаймын, – деген қатқыл дауыс естілді. Мылтық атқан да, «қойыңдар» деген де Сматай екен. Қара барқыт жағалы түйе жүн шекпені, басында бай баласының жаңа тұрғызған, дөдегелеген отауындай ақ киізден тышқан із салған қалпағы бар, қара сұр кісі екен. Жаңағы бір алас-күлес жағдайға қапылатты ма, әлде өзі де осылай түнеріңкі ме, әйтеуір түтігіп кетіпті.

– «Итті күшігім десең аузыңды жалайды» деген. Еркінсіп барады ғой, бассыз иттер. Немене бастарың екеу ме еді? – Ол сөзін шамасы Ақназар мен Қылиға арнап тұрса керек-ті. Бірақ Қылиға қатты кетіп:

– Күш Қодар да болған, қыли неме! – деді. Қыли одан да айылын жимады, қайта оны тағы қауып тастады.

– Қодарды көрсетемін сендерге! – Сматай сөйлеген соң тыйылды ма, әлде жаңағы жұлқыста іштерінен ышқысы шығып, арыны

басылып қалған ба, әйтеуір енді ешкім желігіп, желпендемеді, бәрі аузын буған өгіздей үнсіз қалды. Бірақ біріне-бірі жат ауылдың бұқасынша қарап, алакөзденіп отырғаны хақ еді.

– Бастай бер, Ағыбай! – деп бұйырды Сматай. Омарбекте үн жоқ. Шіреніп, сызданып, жамбастап жатыр.

Ортаға Ағыбай қайта шықты. Енді бұл бағанағы ұзын, он тал сақалы бар, иман жүзді Ағыбай емес, құмырсқа илеуіндегі бір түп жусанды біреу жұлып әкетіп, илеу үстіне бір шелек құм төгіп кеткендей қан жалаған иекті, алакөз кісі еді. Төбелеске араласпағандар Ағыбайдың ендігі сақалсыз сұрын көріп жымың-жымың етісті. Қылиды жақтағандардың да жаны кіріп отырғаны сөзсіз болатын. Салаптан осының бәрін көріп куә болып отырған Шалтабай тобы тыбыр етпеді, мылтықтары, аттарының шылбыры қолдарында.

– Ағайын, – деді Ағыбай, – Омарбекті хан сайлайық, осыған пәтуаласайық, – Омарбектің төңірегіндегілер:

– Болсын, болсын! – десті. Бола салды. Оп-оңай.

– Ал ендеше, ханға уәзір сайлау керек. Бас уәзэр Сматай болсын! Бұрын бәрімізді басқарып келді. Тағы да «болсын, болсын» көбейді. Бола салды. Оны нақты кім айтқаны белгісіз. Осы бір сәтте беткейдің жоғарғы жағында жантайып жатқан Омарбекке жан бітті. Ол басын көтеріп отырды. Сматай орнынан тұрып Омарбектің басындағы құндыз жекейін алып тастады. Бір қоржыннан қызарған бірдеме алды. Төбесі мұнарадай, екі жағындағы құлақ үстіне келер етегі делдиген мұрақ алып, оны сілкіп, Омарбектің басына кигізді. Шамасы хандар киер тәж таппаған болса керек-ті. Жанағы қоржыннан тағы да қызарған бірдеме шығарды. Шапан екен. Көнетоз қызыл шапан. Бірақ үстіне кигізгенде байқадық, белі қынамалы, екі жеңінің ұшы бүріскен әйел киімі. Дұрыс-ақ, кіреуке тон, басқа киер тәж, қолға ұстар мүсей болмаған соң, әйтеуір хан тұқымы қызыл киюші еді ғой десе керек, Омарбек хан қынамалы әйел бешпетін, басына мұрақты киіп, қып-қызыл хан болды.

– Ей, Құрамыс, хан болу оңай екен ғой, үйде біздің қатынның былтыр тіктірген қызыл борлат көйлегі бар еді, әкеліп берейін, киіп алып сен де хан бола салсаңшы, – дейді Жалбық маған. Біреу

естіп қояма деп жаным шығып барады. Сөйтсем Жалбық оны көбейте түседі:

– Құдай ақы, мына хан бешпетінен ескі емес. Үйде леген де бар.

– Легенің не?

– Кәдімгі ет жерде қол жуатын жез леген. Мына ханың таппаған тәжді анау Жандосов колхозында Әбдіқасым деген зергер, даңғайыр ұста бар. Өй сен күлме. Ол кәдімгі өзіне-өзі сұқтанған Шыбыл боқтыбай ұстаның немересі. Соған жез легеннен тәжіңді ойғызып беремін. Ол жезіңді сом алтыннан айырғысыз етіп жалтыратып жібереді. Ал анау Алмалы-Доланқараға бір барып келсем, мүсейің де әзір болады. Онда атақты Қалдыбек бақсының асатаяғы бар деседі. Е, оның асасы не, мүсесі не, бәрібір біраз ұстаған соң екі қолың тотыяйындағыдай болып көкпеңбек болып шығасың. Сонан соң хан болмағанда нең қалады.

– Ей, қойсаңшы, Жалбық, – деймін мен аналар естіп қояма деп қорқып, Жалбықтың сөзін Шалтабай естіп отыр екен, күлімсіреп барып, езуін жиып ала қойды.

– Ей, шын айтам, Құрамыс, қызыл шапан табу деген не, ұрыға. Кез келген қатынның үстінен сыпырып алмаймын ба, сен де хан бола сал!

Жұрт хан басындағы екі құлағын үстіне қарай иритіп жасаған төбесі биік қалпақты, үстіндегі қатын бешпентті тамашалап қалғанда, бір жігіт шеттен ораулы бірдемені көтеріп әкеліп ортаға жайды. Бұл қалугі «жабу астында жал қалады, жал қалмаса жан қалады» деп жасалған тозған, бір кезде әдемі болған атжабу.

Аттың құндыздығына келер жер сүйірленіп тұр, екі құлағының орны алақандай тесік. Аттың сауырына лайықталып, кесіп-пішілген жері жерден көтеріліп, әкелген жігіт тегістейін деп алақандап қанша сипаса да болмай, астында тасбақа жатқандай томпайып, о баста неге арналғанын жасыра алмай жатты. Атжабу сүзіліп, жұқарған екен, өзі де арлаған атқа көп жабылған, сарғыш тартқан. Жабу шамасы қысқа жабу емес, бәйге атына арналған жазғы жабынды. Мұны жабу демей жамшы десең де болатындай, жұқа.

Сматай мен Ағыбай Омарбекті сүйеп орнынан тұрғызды. Енді әйел бешпент анық байқалды. Бешпенттің қынтиған белі

жуан қарынға жуыспай кейін қаша береді. Тоza бастаған, өзі қоржынға салынып мыжылған мұрақтың екі мүйізі де шаршаған есектің қайшылаған құлағындай салпылдап тікейіп тұрмай-ақ қойды. Омарбек құяңы ұстаған адамдай орнынан әрең түрегелді. Бұрыннан дайындап, қалай көтеруді үйретіп қойса керекті, төрт жігіт екі қолдарын ұстасып, Омарбекті көтерді. Екі жігіт артынан сүйеді. Сөйтіп оны енді екі қолтығынан Сматай мен Ағыбай демеп, атжабу үстінде түрегеп тұрды. Он шақты жігіт атжабуды тік көтерді. Жігіттер киізді көтерерде отыру керек екенін Омарбек білмеді. Сонымен үлдіреген киіздің хан аяғы тұрған жерлері ыдырап тесіліп бара жатты. Он жігіт ханды көптің алдынан көтеріп өткенше тесілген жерден оның екі аяғы жерге салақтап, киізге құйрығы тиіп тұрды. Жерге тимеген екі аяқ үрлеп, кепсін деп байлап қойған бүйендей қалтылдайды. Аяғына бастама көрпілдек былғары етігі бар екен, бірақ жаз күнінде не үшін керек болғанын кім білсін, етік ішінен киген киіз байпақтың қонышы тізесін жауып тұрды. Ол көргендерге мені киген кісі хан емес, жай ғана ауыл арасындағы қибасар, көп тентектің бірі деп Омарбектің кім екенін көпке жариялағандай. Жігіттер хан көтерген ақ киізді «атжабуды» жерге қоймақ болғанда жабудан бұрын Омарбектің екі аяғы жерге тиді. Атжабу жерге түсірілген соң, хан екі көрпілдек етігін тесілген киізден зорға шығарып алды. Шіркін, бақыт дегенің қонайын десе қиын емес екен, Омарбек бандылардың «болсын, болсын» дегенімен-ақ хан болып, қоқиланып, айбарланып, жалауланып шыға салды. Тіпті аяғын бір басарға ерініп, киіз үстіне отырудың өзі қиын қыстау болды. Енді анау отырған аузымен құс ұстаған жүйірік, ауыздыға сөз бермеген шешен, Бұрын Қастек жеріндегі құдайыңыздың өкілі, дәретсіз жер баспайтын мүлгіген қажы Шалтабай қазір жүгіріп келіп, мына Сматай мен Ағыбайша алдиярлап, қос тізерлеп, құлдық ұрып тұрады деп ойлады. Осыларды ойлағанда мына мың ат шауып өтсе, мыңқ етпейтін Шөлқопаға сымай, қатынның қызыл бешпентін жарып жібере жаздап тұрды.

Ол отырған кезде Шалтабай орнынан қарғып тұрды. Оның адамдарының бәрі орындарынан қымыз құйған шыны ыдыстың тығынындай атып-атып кетті. Бәрі сол қолымен атының тізгінін

қайырды. Шалтабай ортаға қарай жүрді. Осы кезде Омарбектің жүзі албырап барып, бір қуарып, бір қызарды. Ол шынымен Шалтабай өзіме бас қойып, құлдық ұрады деп ойлап, қуаныштан жанын қоярға жер таппады. Жұрттың көзінің бәрі Шалтабайда. Қалай – ақ қажы дәнкеуде Омарбектің аяғына бас ұрмақ деп, шыдамсызданып тұрғандар да бар. Сөйлегенде төңірегін жеміріп, бәрін жеріне жеткізіп жіберетін қаусырма жақтың бұл кезде жүдеп, пышақ жанығандай болып қалғанын жұрт байқады. Тұрмыс адамды билейді. Сол тұрмыс, жағдай енді Шалтабайды Омарбектің аяғына жығады. Ал жалпы, інім, – деді Шұнақ шал, – тұрмысты адам билеуге тиіс. Өзін-өзі қор қылған адамның өзі. Тұрмыс ешқашан адамды билеп көрген жоқ. Тұрмысты жасайтын адамның өзі, екі қолға бір бейнеті, оны билейтін қолындағы күрегі, таза пәк жүрегі. Сол жүрек әмірін дәл басқан кісі, жалқаулықтан асқан кісі ешқашан тұрмысқа билетпейді. Тұрмыс билеуге жаралмаған, ол адамға қызмет қылуға жаралған. Көрдің бе, інім, Құрамыстың сөзін бұзып, өзімдікін соғып кеткенімді. Сонымен – деді Құрамыс, – Шалтабай ілгері тағы екі-үш қадам салды. Жұрт сілтідей тынды. Не болар екен деген жаудыраған көздер. Шалтабайдың әрбәр қимылын бағдарлап, сүтіндеп қалып еді. Омарбек те дәмгөйленіп қажының аяғына жығылғанын көрмекке, егер ол аяғына жығылып, тізерлегендей болса, оны ұшып түрегеліп, өзі орнынан тұрғызуға әзір отырды. Жоқ, олай болмады. Шалтабай тағы бір – екі қадым салды да, сәрудей сыптиып тұрды. Сәлден кейін сөйлеп кетті:

– Ей, Омарбек, мен сендер тәкпірлесейік, кеңесейік деген соң келіп едім. Сен әлі кеңес дәрежесіне жетпепсің. Мен сені бұрынғы дөкір Омарбек емес, қуғыннан-сүргіннен ақылы кірген, ақылының кем-кетігі жетілген, елге аға да, пана да болатын Омарбек деп келіп едім. Сен баланың ойыны, әлде бақсының жыны екені белгісіз, есі бар түгіл, есалаң адам істемейтін тебірлік-тоғышарлық бірдеме жасап жатырсың. – Нақ осы жерде еріксіз күліп жібердім, – деді Құрамыс, өйткені әлгі құдай соққан, сайқымазақ Жалбық маған қарап қатындарша бетін шымшиды. Теріс қарап күлкімді зорға басып, бетімді қайта Шалтабайға бұрдым. Ол бұрынғы әдемі сарынына дауыс ырғағына жаңа түсе бастады. – Сен бүгін, – деді Шалтабай, таққа отырып хан

болудан гөрі, қып-қызыл қан болмасынды ойлауың керек еді, бас боламын деуден гөрі, басыңды сақтауыңды ойлауың керек еді. Әне, ажал босағанды қағып тұр. Төрде отырып төре боламын деуден гөрі шөре-шөре болып, қата ешкідей қатып қалмасыңды ойлауың керек еді. – Осы жерде тағы күліп жібердім. Әлгі Жалбық Шалтабай «әне, ажал босағанды қағып тұр» дегенде етегінің табанын екі бүктелген қамшысымен қағып-қағып жіберді. Сонан соң Жалбықтан жүзімді бұрып теріс қарай қарап кеттім. Шалтабай жерді жеміріп сөйлеп тұр. – Қазір бізге төре болу, төр не керек. Қазір бізге төрден көр жақын емес пе?! Сен ертеңгі күннен гөрі ендігі сағатты, ендігі минутыңды ойлауың керек емес пе? Әр минутың ажал әкелуге, аждаһадай жұтуға әзір тұр емес пе. Сен соны ойладың ба? Үйдің іші ала болса, кереге бас сайын пәле болады дегенді білсең етті. Тілге келмей тітіреніп, бір күн үшін дос болып, бір сөз үшін жау болатын, ақыл-парасаттан ада, күнкөріс үшін күнелкеткендермен, өңкей өңез телімен қанша алысқа барасың. Адымыңды алысқа салудың орнына сен тізгініңді қысқа ұстайсың. Ең болмаса төңірегіндегі тобырдың бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарғанын көре алмай отырып хан болмақсың. Сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын заман болды, екі көзінің бірі, егізіңнің сыңары қазір сені сатып кетуі әбден ықтимал. Рас, қасыңа іребдел, сайдауыл жігіттер жинапсың. Бірақ «бай бір жұттық, батыр бір оқтық» қой. Сайгез оқты сырқыратып, кірістен жебе жіберетін атамның заманы атам заманда өткен. Қазір адам соғыспайды, темір соғысады. Қазір қол көтеретін шокпарды ғана беліңе қыстырсаң да оңынан түк шықпайды. Қазір қол соғыспайды, қазір ми соғысады. Сен Совет өкіметі дегеннің кім екенін білемісің. Ол сенің нақ жаныңнан шығуы мүмкін.

Омарбек қатты қопақтап қалды. Шамасы Шалтабай сөзінен қорқып арқасы шымырлап кетті деп отырдым. Сматай жер шұқып төмен қарап тұқия түсті. Топырақтың арасындағы шөре-шөренің ұясынан «шөре-шөре май берем» деп шөптің сынығымен ұя ішіндегі құртын іздеген балаша шұқиып отыр. Шамасы Шалтабай сөзі, өңменінен өтіп, сүйегін қауып тұрғандай. Ағыбайдың екі қолы иегінде, жұлынған сақалы орнында, қайта-қайта сыйпай

береді. Шалтабайдың тілдемей-ақ тіліп түсіп жатқан сөзі мұны да жегідей жеп жатса керек.

Шалтабай сөзін соза түсті. Сендер Совет өкіметін білмейсіздер. Ол сенің жаныңнан шығады, – деп қайталады ол, менің жаным мұрнымның ұшына келгендей. Сұмырай Шалтабай не мені, не Жалбықты біліп алып соғып тұрмасын деп қуыстанып барамын. – Қазір қасындағы қатының қара танымай тұрып-ақ жыланша жорғалап Совет өкіметі жағына шығады. Өйткені оның адамдары жәдігөй, сөзі жағымды, ағанды, ініңді өзіңе айдап салады. Сен жалған дүниеде жалпақ басып жүрмін деп ойлайсың. Аяғыңның асты жаңағы өзінді көтерген ақ киіздей ыдырап, морып тұрғанын байқамапсың. Табаныңның асты тұңғиық теңіз. Қия бассаң жылымға кетесің. Тантықтық ісіңді жауға үйрет, ақымақтық сөзіңді қарға жаз. Сенімен нараду, келісім табамын деп адасып, алжасып келіппін, сенімен қарарға келе алман. Сен Совет өкіметін әлі білмепсің. Сен оны бөрікпен ұрып алатындай көресің. Біз Совет өкіметін құлату үшін емес, бір күн жарық дүниеде жүру ішін, басымызды құйттеп қашып жүрміз. Ал сен әлі дәмелі екенсің. Оның есекдәме. Совет өкіметі сен ойлағандай Қастек ауданында ғана тұрған жоқ. Оның ауаны да, ауқымы да кең, үлкен. Ол осы уақытқа дейін сені мен мені құртып жібере алмады деп ойлайсың. Жоқ, олардың екеуімізден гөрі ауқымды, орасан зор ісі бар. Енді кезек бізге келеді. Күлеміз көкке ұшады. Енді оның құрығынан құтылу қиын болады. Сен жаның мұрныңның ұшында тұрғанын сезбейді екенсің. Ал мен кеттім. Сен нарт боламысың, мәрт боламысың, жоқ мерт боламысың мен сенімен бір бола алмаймын. Екеуіміз бірігіп жүре алмақ емеспіз. Мен Совет өкіметіне көп қиянат жасадым, қалқозының малын таладым, адамдарын үгіттеп ертіп кеттім. Қылмыс істедім. Мен сол қылмысымнан қашамын, жарық дүниеде жүргім келеді. Сендермен бір болмаймын, маған дуыңның да, туыңның да керегі жоқ. Қош!

Шалтабай соңғы сөзін айтқанда адамдары ат үстіне қонып болған еді. Боз ат көлденең тартылған кезде олардан бес атты бөлініп ұзаққырап барып, ас үстінде мылтықтарын Омарбектерге қарай кезеніп тұрды. Сонан соң қалғандары оларға жеткенде бәрі қосылып, шыбын-құйын болып, ыра төмен, тура темір жолға бет

қойып шаба жөнелді. Алысты көздеп үйренген қазақтың жіті көзі олар сонау жиырма шақты шақырым келетін темір жолда өтіп кеткенше көріп отырдық.

Інім, мен Шалтабай сөзін естігенде япыр-ай, мына байқұс шал басында шатасып қалып, енді қайта тарта алмай жүр екен ғой, Совет өкіметін мойындаған екен ғой деп ойлап қалдым. Өйткені Құрамыс оның әрбір сөзін дәл ұғып, басыма ұстап, сізге жеткізу үшін ындынымды салып тыңдадым деді. Бірақ Шалтабай ол әккі, бірішек түлкі еді. Ол Омарбек сияқты дәңкеуде адамның жиған адамының арасында Совет жансыздары бар болар деп, сөздің біразы шындық болса да, еліктіріп те айтатыны сөз жоқ еді. Ол айта да, бағдарлай да білетін. «Мынау байқұс Совет өкіметін түсінген екен, кеш түсінген екен» деп айтқызбақ, ойлатпақ еді. Шынында да Совет өкүметімен, Ленин идеясымен көз аштым дейтін менің өзім де иланып қалып едім. Оның үстіне бандылар абаданының басқа бір есебі де болуға тиіс. Ол бұдан былай ел шауып, жұрт тонағанда «жоқ, Шалтабай оны істемейді, ол солай деген» дегізгісі келген. Ол қай жолмен болса да бізге ол әңгіменің жететінін білген еді. Сондықтан да айтқан сөзінде шындық бола тұрып, түлкі бұлаңын да ұмытпаған еді. Омарбек пен Сматай тобы, – деді Құрамыс, одан әрі қарай сөзін жалғап, – Естерінен танып, есеңгіреп қалды десем де болады. Олар сең соққандай, көпке дейін есін жия алмай, сүлесок отырды. Тізе бүгіп аяғыма жығылады деп отырған Шалтабайдың қашып, қашқын атанып, көрінген аттыдан қорқып, ел тонап, жер шолып жүргенде де есі екеу, түсі төртеу болмағанына әлі де Омарбектердің ақылы жетпеген жерді шолып қайтып жүргеніне таңданбай қала алмады. Тіпті бір шамаға дейін біреу біреуге тіл қатпады. Шалтабай сөзі бәрінің-ақ жүйе-жүйесіне түсіп, бәрі де алдағы күніміз не болады деп даққа кетті. Өкілдеріне әр нәрсе қонып, өз жүрістерінен өздері шошыды. Мен, деді Құрамыс, – деп шұнақ шал құнжыңдап, оң иығын ілгері бір қозғап қойып әңгімесін жалғастырды, бандылардың араларына қалай от тастап, алалық туғыза алмай отырғанымда Шалтабай сөзі әжептәуір қамшы болды. Бәрі ұйлығып отырған жерлерінде біреу етектерін әлі келмейтін батпанмен бастырып қойғандай қозғала алмады. Ханымыздың

бағанағы әр сөзінің арасын бір минут созған, кергіген әуірі жоқ, ішінен желі кеткен қарындай солып, ұнжырғасы түсіп кетті.

– Ханымыздың әуселесі белгілі болды, – деп сыбырлады Жалбық Құрамысқа.

– Шұрқ етпе, бірсікүні осы уақытта көресің. – Көптің үнсіздігін тағы да қыли кара бұзды:

– Ол бәрін біліп тұрған, бәрін сезіп тұрған Шалтабай ғой. Аңғыртқа ұшқан сорлы біз ғой. Босқа сорлап, елден безіп жүрміз. Қыли-соқыр көзім ашылып қалды ғой, «палуанмен күреспе, күштімен тіреспе». Бастарыңа қыстау түседі, күлемге сөз боласың, масқарампазға мазақ боласың деп кетті ғой Шалтабай. – Омарбек қыли караға басын көтермеген күйі көзінің астымен қарады, жеп қоя жаздап жаман қарады.

Қыли сөзінен кейін Омарбек орнына зорға тұрды. Бағанағы арыны жоқ. Танауының астынан ғана Сматайға бірдемені миңгір етті. Сматай дауыстап:

– Атқа қоныңдар! – деп бұйырды. Бәріміз аттанып, кешке қарай салқындай бастаған Шұбарбайталға шұбап кірдік. Ханды қайғы басты, әлде кара басты, енді желпініп, не кергіп сөйлеуді қойды. Шұбарбайталды өрлеп, Кеңсайға жеткенде күн де ұясына барып қалып еді. Көнсынулар көгеріп жайқалған қойнауға жайғастық.

Үштағанның үстіндегі тайқазанда кешке дейін пісіп, былқып тұрған ет күндегідей жақсы желінбеді. Етті жақсы жеген Жалбық екеуміз-ақ болды. Кесек-кесек ет дорбалардың түбін көздеп жатты. Ет желініп болды-ау делінгенде екі кештің ортасында үш атқа ер-тоқым салынды. Жігіттердің арасында сыбыр-күбір көбейіп кетті. «Омарбек қызын бір жаққа жібермек көрінеді» деген сөз сыпсыңдап сыбырмен-ақ бандылардың бәріне жетіп еді. Мұның өзі де Омарбек төңірегіндегі жұртты аққудың көгілдіріндей қобалжытты...

– Ерттелген үш ат кара тастың үстінде отырған Омарбектің жанына жетектеп апарылды. Омарбек аттарға қарамауға тырысқандай жерден көзін алмай отыр. Бұл аттар екі кештің арасында неге ерттелгеніне жігіттердің бәрінің де көңілі ауды. Не болар екен деп, біріне-бірі айтпай, бәрінің де бір көзі, бір құлағы осы ерттеулі үш ат жақта еді. Тоқымы ұзын, тіпті салпылдаған,

артына қызыл шұбар қоржын бөктерілген атқа Омарбектің қызы артына Зәбира мінгізілді, жанындағы аттарға Омарбектің кебісін салып, шапанын кигізіп жүрген, жиырманың ішіндегі қылшылдаған жас жігіт мінді. Омарбек қара тастың үстінен ауыр көтеріліп тұрды да, қызының жанына келді. Ол сұрланып, қаны қашып сәл үнсіз қалды да, ақыры жылап жіберді.

– Балам, қыз болсаң да ұлдай қылып өсіріп едім. Өзің де маған ұлдан кем қызмет қылған жоқсың. Біздің күніміз бүгін бар, ертең жоқ. Құдай бет алдыңнан жарылқасын! – Омарбек бүк түсіп, қара тасқа сылқ отыра кетті. Әрине, нартының қызымен қоштасуы қашқындарға ауыр болды. Бәрі де әр жерде көзтүрткі болып қаңғып жүрген бала-шағасын ойлап, мұнайысты. Кейбірі көзіне жас та алды. Әркім өз жарасын сипайды, әркім өз қышыған жерін қасиды. Біреудің қайғысы қашанда екінші біреудің күндігін қозғайды. Өзің жаралы болмай біреудің жарасының ауырғанын сезбейсің. Омарбектің қызының аттануы осылай жүргендердің талайына-ақ ой салды. Мұны көрген соң бір сөздің ұшығын шығардым және шығара, қайғылана естірттім:

– Менің шырақтарым қандай халде жүр екен? – Әрине, күрсініп, торығып айттым.

– Ой, шіркін-ай, замана-ай, десеңші, – деп екі-үш жігіт қатарынан дыбыс шығарып, күрсініп-күрсініп жіберді. – Бұдан да, бүйтіп қашып жүріп май қапқанша бала-шағаммен атала ішіп, бірге болғаным абзал еді ғой. – Мен бұдан әрі тереңдетпедім. Бәрінің ішін бұлан-талан ету үшін бала-шағаны естеріне салдым да қоя қойдым. Жігіттердің көбі-ақ мұнайып, тұқшындап бірдеме істеген болып, теріс айналып, көздерін сүртті. Маған бұдан арғысының керегі жоқ, тек ой салып қою керек.

– Үш атты күн батысқа бет түзеп, аттарын қамшылап, ылдиға түсіп жөнеді. Нақ осы сәтте Жалбық жайдақ атқа қарғып мініп өрге қарай аттанды. Бұл қайда барады деп танданып қалдым. Таудың, сайдың бәрі алақандағыдай белгілі, жол алған ұры бір төбені айналып, Шұбарбайталдың аузына шығар жотаға жетсе үш атты кеуделетіп, жүріжолға түспей Қордай асуына төтелей бет түзепті. Ә, бетің Қырғыз екен ғой деп қайтып келіп, маған айтты да, ұйқыға кетті.

– Ойбай бауырым, қайран бауырым! – деген күңіренген дауыстан бандылар дүрліге түрегелсек, арыстай болып кешегі Ақназармен қағысатын, көзінің шапыраштануынан өзінің Қали аты ұмытылып, Қыли атанып кеткен дәу қара жігіт арыстай болып өліп жатыр. Он шақты жігіт төңірегінде бетіне қарап қойып ойбайлап тұр. Күн көтеріліп, арқан бойы барып қалыпты. Жерге түскен шық та кеуіп кетіпті. Мұндайда жұрттың бәрі де жиналып қалуы керек еді, көп ешкім жоламайды.

– Не болды? – деп барып Жалбық ұстап көрді. Денесі сұпсуық. Түннің бір шамасында өлген. Жалбық Қылидың жейдесінің түймесін ағытып жіберіп қараса, тамақта қолдың ізі қалыпты, көкпеңбек. Буындырып өлтірген. Сөйтсе Жалбық оны бүгін түннен тірі шығармайтынын шамалаған екен. Бірақ ескертуге болмайды, онда өзі ұсталады. Жалбық Қылидың жейдесін жыртып жіберіп жігіттерге әдейі қолдың табын қайта көрсетті. Іштен біреу өлтіруі мүмкін деген басына келмеген жігіттер бұған түсіне қоймады. Алысырақ отырған Омарбектер естімесін деп Жалбық буындырып өлтірген дегенді ымдап көрсетті. Содан кейін жігіттер жылауын пышақ кескендей тыйып, түнеріп, іштеріне қандары қатып қалды.

– Бірдеме шағып өлтірген ғой, – дейді Омарбек бұлк етпестен.

– Бәріміз де өлеміз ғой, – дей салды Сматай.

– Таудың үсті тас, жігіттер үшкір таспен жерошақтай жерді зорға қазып, қолмен тазалады да, Қалидың бетін жасырды. Қылидың дүниеден кетуі менің жұмысымды әжептәуір жеңілдетті деді Құрамыс маған. Шырағым, – деді шұнақ шал, – қымызың тұнып қалды. Араластырып берейін ішіп қой. Мен қымызды ішіп, тұшырқанып, аузымды сүрттім. Сонан соң бетін жауып қойған дастарқанның бетін ашып, жапырақталған еттен бір кесегін алып, қарпыта шайнадым. Менің ет шайнауымнан да Шұнақ саясат жасады: – Сен ашуланып отырсың ғой, құшырлана шайнауыңнан біліп отырмын.

– Ия, – дедім мен бұл жолы ішкі сырымды жасырмай.

– Солай болуға тиіс, сенің қай жағына ауып отырғаныңды шамаладым. Партия саясатын жүргізген адам солай болуға тиіс. – Шұнақ қайтадан Құрамыс әңгімесіне ойысты.

– Түске дейін Қылидың өлімімен айналысқан жігіттер түстен кейін қос басында болды. Күн бата қоймады. Дегенмен күн еңкейгенше де талай сөздің басын шалдық. Кеш басталып, ымырт жабылды. Айдың кешесі, көзге түртсе көргісіз. Мен де, Жалбық та көзіміз қараңғыға үйренген қазақтармыз. Тіпті осы отырғанның бәрі де біз сияқты айсыз түнде жолды оймен, жұлдызбен сүтінетін мал баққандар. Кеш алдында Жалбық екеуміз кешке жігіттермен сөз жүргізуге келісітік.

– Жігіттер іңір қараңғысында-ақ қисаяды да, бозала таңнан тұрып алады. Бүгін де ерте жатты. Жылы жату үшін біріне бірі жамбас тиістіре жантайды. Тас жастанып, мұз төсеніп дегендей бұларға кез келген жер төсек. Әңгіме нақ осыдан басталды:

– Қазір жаздың аяғы. Жазда кез келген жер төсек. Ертең қылышын сүйретіп қыс келгенде қайтеміз. Біреу емес, екеу емес, осынша кірмембес қайда сиямыз. Сендер осыны ойладыңдар ма? Қысты ойласам басыма қыстау түсіп қазірден жаураймын, – деді Жалбық. Шетте жатқан Құрамыс сөз қосты:

– Шалтабайдың артық адам алмайтыны осы шығар.

– Ей жігіттер, Шалтабайың терең бе деп қалдым. Ол біздің абаданымызды жермен жексен етті ғой, – деді Жалбық. Бұл жолы Жалбық ханды абадан деді, ендігіде төбет дері хақ еді. Ол басын өп-өгірік көтеріп, – ойбой, құрысын інге кіре алмай жүріп құйрығыма қалжуыр байлап, Қыли мүскіннің керін киіп жүрмейін.

– Осы жрде мен не болса ол болсын деп қойып қалдым.

– Бәріміз де Қылидың бір күні кебін де, кебінін де киеміз ғой. Бір сөз айттың деп қыра берсе, одан азар болса соттар, тірі болатын түрмемнің өзі жақсы емес пе? Оның сабататын Омарбегі, сабайтын, өлтіретін Ақназары жоқ.

– Ей, ағатайлар, мен кеше ғана келдім ғой. Кеше келіп, бүгін кетуге ұялып отырмын. Мен мына ханымның да, қан сасығандарыңнан да қорқайын дедім. Мен өзім аузым жеңіл сорлы едім, бір сөз айтып қалып, ертеңіне тамағым көкала қойдай, көк шымшықтай болып өліп жатсам, онда қайда өлудің бәрі бір емес пе? Мен мұнда өлмеу үшін, жан сақтау үшін келіп едім, енді әр минут сайын өміріме қауіп төніп тұрса, сонда мен не таптым?!

– Жалбық осы сөздерді айтып, сәл аялдады. Жігіттердің ау-

жайын байқайын дегені. Мен де үн жоқ. Сәлден соң жігіттердің бірі:

– Ей, байқандар, жігіттер. Жидіп қалып жүрмейік, деді.

– Жидімеу үшін кетемін. Қыли байқұс бір жұдырық сала алмай боқ басында, арманда кетті-ау. Сендер өздерің білесіңдер, жігіттер, мен өзім енді ауылыма кетемін, – деді Жалбық. – Ит болып бекер-ақ келген екенмін.

– Мен де кетем, ағатай. Мені тастай көрме, – дедім мен жалбарынған болып Жалбыққа. Жігіттердің егделеу бірі басын көтеріп алды. Жан-жаққа көз тіге қарады. Сәл басын көтеріп отырды. Тың тыңдады. Сонан соң қайта жатты да үн қатты:

– Балалар, – деді ол өзінің кекселеу жасын ескере сөйлеп. – Сен екеуің де зерделі жігіт екенсіңдер. Біздің көрген күнімізді итке берсін. Біз жетісулықтар басқаны ұмытсақ та қысты ұмытатын жөніміз жоқ, өйткені анау асқар Алатаудың басынан қар кетіп көрген жоқ. Соңғы күндері алда күніміз не болады деп ішкенім ірің болып жүрмін. Бір күні тұрмығымызды тістеп қалып жүрмейік.

– Қалай кетесіңдер? – деп тағы біреу елең етті.

– Ағатай мені тастамандаршы, – деді тағы біреу. – Біреу буындырып өлтіргенше ажалымнан өлейін. – Жігіттердің әр жерден-ақ басы қамыс арасынан көрінген құтан құлқынындай қылтыңдап көтеріліп, жиырма шақтысы қашпақ болды. Біз осылай тәкбірлесіп, кеңес құрып жатқанда, кеше хан сайланып, мейманасы тасып, алтын тақты басып отыратын Омарбек қызын аттандырып, қырғыз асырып жібергеннен бүктүскенінен қайта жазылмай, тұрмай жатты.

– Түн түнек. Ешкім ештеңе біліп болмайды. Бастаған Жалбық. Ең алдымен тұрған да сол. «Мен кеттім» деп сыбырлап, ер-тоқымын ала жөнелді. Осыдан соң-ақ кешікпей жігіттер біртіндеп түрегеліп, ер-тоқымын көтеріп, арқандап қойған аттарына барып ерттей бастады.

Жылыстап, біртіндеп тұрып кеткендерге ешкім күдік келтірмеді. Түн ортасы болғанда жиырма шақты жігіт таудың тасын күтірлетіп, шабықтан от шығара шауып, қаша жөнелді. Тау үсті дүсірлеп, қатты ұйқыға кеткен Омарбек, Сматай, Ағыбайлар шошып оянды. Қашқанның бірсыпырасы олардың атұстарлары-

қосшылары еді. Әрине арттан қуғын болмайтынын біз Жалбық екеуіміз жақсы білдік. Шошып оянған нарттар не болғанын білмей көздерін уқалай берді. Олар мылтығын алып кезенем дегенше қашқындар ұзап кетті. Атқанда да оқ түнге тимесе, мыңға тимес еді. Өйткені аспан бұлтты, түн тым қараңғы болатын. Қашқындардың артын ала шапқан мен әдейі мүдәйілік жасап, айғайға аттан қостым. «Тоқта, атамн әкеңнің... Аттан, аттан!» – деген дауыстан қашқындар бұрынғыдан жаман зытты. «Аттандаған» дауыс олардан гөрі жатқандарға қатты естілді, қашқындар ұзап кетті. Гүрс-гүрс атылған мылтық дауысы біразға дейін тынбады. Өйткені аналардың есін алу үшін оқты аспанға жіберіп тұрдым. Арада бие сауымдай уақыт өткенде ойбай салып қайтып келдім. «Қап әкеңнің... қолыма түскенде етін тірідей жейтін едім», «Қап иттің күшіктері-ай», «Бәрі Шалтабайдың сөзіне елікті-ау» деп жібердім. Бұл бандылардың басы бірікпеуіне жасаған айлам болатын. Одан әрі бармадым, сақындым.

– Жиырма-отыз атты қашты. Колхоз боламыз деп жатқанын естіп қалып тұра кудым. Жете алмадым әттең! Әйтпесе жер жастандыратын едім деп күйіп-пістім. Алдағыларды бездіре түсу үшін, арттағыларға қайтып келу үшін мылтықты үсті-үстіне әдейі аттым, – деп күлетін Құрамыс. Арттан мылтық дауысын естігендер шынымен зытады. Бәрі сол күні-ақ әрқайсысы елінің ішіне барып сіңіп кетеді. Ол кездері кім қайда жүр дерің бар ма, оларды ешкім тексермеді де.

Бозбала таңнан тұрып алған Омарбек пен Сматай кім бар, кім жоғын түгендеді. Екеуінің де қабағы түксиіп түсіп кеткен. Жігіттерді аралап жүрген Омарбек түнере сұрады:

– Әлгі ұры да қашқан ба?

– Солай шығар, – дей салдым мен. Бірақ Жалбықтың қазір келетінін біліп тұрдым. Айтқандай-ақ сәске түс болмай Жалбық жетіп келді. Жетегінде шеміршіліктеп алған жуан торы аты бар. Шемшірлектегенді білуші ме едің, інім, – деді Шұнақ, – сен қазақ тілінің маманысың – журналиссің. Дегенмен ауылдан кеткеніңе көп болған, тіл айналысқан кәсіпке байланысты өрістейді, көзден ғайып нәрселер әбісін көріп жүрмеген соң есіне түсе бермейді. Бұл сен қазақ тілін білмейді деп жатқаным емес, сөз қолданылмағанда

тіл ұмытылады. Сондықтан саған шеміршілікті айтып жатырмын. Қазақ өрістен атты кездейсоқ ұстаса, күні бұрын ат ұстауға әзірленіп бармаса, жүген ноктасы болмай қалмай ма? Осындайда шылбырынан уақытша нокта түйеді, соны шемшірлік дейді. Сөйтіп Омарбек оны түгі сыртына жеки қарсы алды:

– Неғып қайтып келдің, жұқсыз ұры! – Жалбық оған айылын жыя қоймады:

– Алдияр, енді қайда бармақпын?! – деді қасқарып.

– Түнде қашып кетіп едің ғой.

– Қашып? Қайда қашпақпын. Іңірде сойыс әкелуге кеткенімді көріп едіңіздер ғой, – мойындарына Жалбық қиып сала салды. – Хан иемнің қарны ашпасын деп жүрмін дағы. Хан тоқ болса, қарашасы да тоқ. Жалбық бұларды айтқанда міз бақпайды. Мен бір жерінен шиі шығып қала ма деп қылпылдап отырамын.

Інім, Жалбық сияқты адамдарды да пайдалану керек болды, ол кезде, – деді Шұнақ. Кейін ол колхоз басқарды. Жандосов Махмут Қожамияровты да осындай жолдан алған. Кейін қандай сырбаз қызметкер болып еді. Ол МТС директоры болды.

...Біз ол күні Жамантының аузында едік, інім. Түнделетіп жеткен Жалбық болған жайды, қай сайда екенін жеткізді. Бірақ түндегі оқиғадан кейін Омарбектер қонысын өзгертуі заңды еді. Біз оларды түске жеткізбей орнынан баспақ болдық. Бірақ салт атты, сабау қамшылы адам қайда жүр, қайда тұр дерің бар ма, қазір атқа мінсе, оясы толы жылқымен екі сағаттан кейін қырғыз асып кетуі мүмкін. Түнделетіп әскерді Шұбарбайталдың аузына жеткіздік. Мақсат белгілі Омарбек пен Сматайды қолға тірі түсіру. Шалтабайдың Шұбарбайталда жоқ екенін білдік. Ол ыра төмен құдилап Топар түсіп кетсе керек-ті. Біз таң белгі бергенде Шұбарбайталдың ішіне кіргенде Жалбық бізден қарасын үзген еді.

Біз адамдарымызды төртке бөлдік. Шұбарбайталдың желке жағынан шабуыл жасауға Ырысбек Сәрсенов бастаған жиырма адамды аттандырдық. Оның ішіне бұл маңның ұңғыл-шұңғылын жақсы білетін, Сарықамыстың көшегі ағайынды Дүйсебай, Қали Тоқановтарды қостық. Ал Қордай жағынан Әбдіқадыр Бабажанов бастаған жиырма адам бөлдік. Оларға да тапсырма батыстан тиісуге, сөйтіп қайткенде де бандылардың бетін терістік – шығысқа

беттету еді. Ал, терістік мидай дала, ол жақта қамыс арасында адам бар. Шығыс жағы біз, – деді Шұнақ, қазір жаумен бетпе – бет келетін адамдай қатуланып. – Менің жанымда Омарбектің бұрынғы қойшысы Ұларақ Байботанов бар. Біз осылай адамдарымызды тегіс реттеп, бандыларды құланды дөмбейілге айдағандай қыспаққа алмақ болған кезде Омарбектерге жеткен Жалбық бандылар ханымен болған жоғарғы әңгімеден кейін әкелген жуан торысының алдыңғы екі аяғын тұсай бастайды. Сонан соң артықы сол жақ аяғының бақайынан арқанды іліп алып, тұсаудан бір өткізіп, жуан торыны жерге гүрс еткізеді. «Мұның не?» дегендерге «түнде ұстатпай қорлығы әбден өтіп еді» дейді.

– Ханға шеке ұстатамын. Хан сайлап алып енді оған бір бас бермегеніміз жөн бе, өзіміз де етке бір тоймағанымыз келісе ме дейді. Ішінен, әрине «жерсің шекесін» деп тұрғанын Құрамыс түсінеді. Шынында ет жолсоқты болып келе жатқан, қазір бандылармен соғысатындарға дайындалмақ еді. Сонымен қашқындар ішек-қарын, қазан-ошақ қамымен болып бір-екі сағат уақыт өтіп те кетеді. Қазанға жілік-жілігімен салынған ет бір қайнаған кезде-ақ жаңа сойылған семіз жылқының сырбаз еті былқып, иісі даланы алып жатыр. Жігіттер үлкен кәкбірді қолына алып, сорпа бетінің көбігін сүзіп ала бастағаны жаңа еді.

– Бауырды тұздықтап әкеліңдерші! – деген Ағыбай дауысымен желкеден, оңтүстік жақтан атылған мылтық дауысы бірге шықты, – деді Құрамыс. – Мылтық дауысының қайдан шыққанын білмей аңырған бандылар әйтеуір атқа міну керек екені ойларына түсіп мылтықтарын алып аттарына жүгірді. Бауыр жеп ауызының дәмін алып, кекірігін майдан аздырып отырмақ нарт та, дүбір де бәрі байтал түгіл бас қайғы болып, сасып – салбырап етегін басты. Соның арасында енді мылтық дауысы батыстан да шықты, екі жақтан бірдей оқ қардай борады. Ет жеп, ермек құрып отыру түгіл, сопа басынды тығарға жер болмады. Атқа мінген бірлі-жарымдылар артына қарай оқ шығарып, терістік шығысқа қарай қаша ұрыс салмақ болды. Арада азғантай уақыт өткенде-ақ сатырлатып мылтық атып, дүбірлетіп шауып қызыл әскерлер жетіп қалды. Сонан соң мен атымның жанына барып күйбендеп қалдым. Жалбық оқ тиген болып «жайрап» қалды. Одан кейін

Омарбектер атына мініп тұра қашқанда бірге аттандым. Омарбек басында ыра төмен жұртпен бірге ат қойды да, тізгінін тарта шапты. Бір тұғылға келгенде атты шорт бұрып, сайды өрлеп оңтүстік шығысқа беттеді. Мен олардың артында едім. Омарбек пен Сматай, Ағыбай, Сәт бірге кетті. Омарбек маған бұрылып «бөлек кет» деді. Мен «сіз өлген жерде өлемін» дедім. Ол қайта сөз қатпады артына бұрыла беріп мылтығын маған кезеп басын салды. Мен ұшып түстім. Өлді деген осы деп Қожа нәсіршілеп жатсам тірі сияқтымын. Байқасам денемнің бәрі сау. Есімді жинап қарағанымша төрт атты жыраның басына шығып қалыпты. Мылтықты алып тартып қалдым. Арттағысы ат-матымен омақа асты. Байқасам Ағыбай екен. Шамдағай Сматай қайта айналып келіп, Ағыбайды міңгестіріп жөнелді. Тағы да басып қалдым. Болмады. Үш атты төртеу белді асып кетті. Жүгіріп атыма келсем оң жақ шекесінен тиген оқ бассүйекті талқандап кетіпті. Атты бауыздап, қанын ағызып, бүйіріне пышақты бір тығып пыш еткізіп кеуіп бара жатқан іштен желін шығарып, мылтығымды асынып, аяндап қазан асулы тұрған жерге жаяулап жарты сағатта жеттім. Қазан сол қалпында бүлкілдеп қайнап жатыр. Мен қазанның астындағы отты қағыстырып, қайтадан ошаққа отын салдым. Ендік жаңағыдан гөрі маздап, жанданды. Үлкен кәкбірді қолыма алып сорпасының бетіне шыққан қанды көбікті сүзіп алып-алып тастадым. Алысырақтан ыңырсыған дауыс естіледі. Қайдан шыққанын білуге құлағымды тіктім. Бұл жерде адам өлді деген ойым тұрмақ назарыма кірменгі. Байқасам тіпті менен он қадым жерде екі адам өліп жатыр. Екеуі де қызыл әскер. Одан әрі бір дүңкиген біреу етпетінен құлапты. Аты белгісіз, жұрт әйтеуір оны Қарасарт атандырып жіберген, бандит. Ыңырсыған дыбыс қайдан шығады? Қара қақпатастың астына үңілдім. Осы жерде жатып Жалбық Омарбектердің сөзін тыңдайтын. Біреу жатыр. Жылжып, ыңырсып, бері тастың үстіне шықпақ болады. Шамасы келмейді. Ағантай. Жүгіріп жанына бардым. Сылқ түсті. Бұл неғып қалды екен! Сматайдың атқосшысы еді.

– Атам атып кетті, – дейді Ағантай. Есін жинапты. Оқ сол жіліншектен тиіпті. Жанында аты да жатыр. Оқ аттың сол жақ құлақ шексін талқандапты.

– Алда сорлы бала-ай! Сматай десе жанын беруші еді, – дедім өзіме-өзім сөйлеп.

– Аға, ит болған екенбіз ғой. Олар бізді уақытша пайдаланған екен. Ол атына міне беріп-ақ, бірге кетпек болған мені бірінші атты. Онда қызыл әскерлер жоқ болатын. Тек мылтық дауысын естіген едік, – дейді Ағантай. Өрімдей жас жігіт. Жейдесін айырып алып, аяғының сүйектерін шықырлатып тұрып салдым. Ол қайта есінен танып кетті. Бір-бір қарыс үш-төрт ағашты алып жіліншікке бойымен бой етіп салып, жейдесімен қатты таңып тастадым. Ол көзін ашты. Мен жанымызда ағып жатқан бұлақтан бір жұтым су бердім. Ол қайта көзін жұмып ұйықтап кетті.

Сайдың табанында өлген екі солдатты, екі қашқынды бері сүйреп жеткіздім. Осы жерден тағы екі қызыл әскердің өлігін алдым. Олар жеті адам болды. Бандиттардың өлгені он бір. Бәрі қалай болса солай жайрап қалған. Өлген адамға өшікпес болар. Олар да енді бандит емес, өлген адам ғана. Сондықтан оларды да жинадым. Тарс еткен мылтық дауысынан басымдағы бөркім ұшып түсті. Жата кеттім. Желке жағымдағы қорымтастың үстінде болар болмас бірдеме жыбырлайды. Бір қызыл әскер. Сүйретіліп жатып мені атыпты. Бұл да жаралы болса керек. Тағы атты. Оқ тасқа тиді. Менен желі бойы жер. Айғай салдым.

– Атпа, ақымақ! Мен Құрамыспын!

– Мә, Құрамыс болсаң! Тарс! – Оқ тағы тасқа тиді. Байқаймын, ол берісетін пәле емес. Не істеу керек! Мен ет пісіруім керек, ал бұл мені тұрғызбайды. Мен көтеріле беріп едім, ол тағы атты. Оқ қазан үстіндегі бақырға тиіп, ол салдыр-күлдір құлады. Қап мынаның қорлығы-ай. Оны атып тастай салу маған түкке де тұрмайды. Және оғымды босқа шығындап көрмеген адаммын. Ол өледі де қалады. Жап-жас қазақ екен. Тастың жырмыш басынан көріп жатырмын. Ол мылтықты солақай ұстап отыр. Солақай ма екен дедім. Жоқ, оң қолы жаралы болса керек. Аяғы сау болса неге келмеді, неге қашпады. Екеуіміз ұзақ аңдыстық. Ошақта ендік жылтылдап қана қалды. Етпеттеп үш тағанға жеттім. Жатқан күйімде қазан астына екі-үш ағаш тастадым. Сәлден кейін от маздай бастады.

Күн батуға таялғанша қызыл әскер мені әбден аңдыды. Жыбыр етсем мылтық тарс етеді. Қимылдаудан қалдым.

– Мен Құрамыспын, қызылмын! – деп айғайлады. Ол мылтық атып жауап береді. Мен енді тыбыр етпей жаттым.

Күн батар алдында екі қызыл әскермен ошақ басына Жалбық келіп түсті. Қорым тас арасындағы қызыл әскерге қайта жан бітті.

– Ей, Жанбай, жандарыңда тірі бандит бар, – деп айғайлады, қорым таста жатқан қызыл әскер. Жалбықтың жанындағы қызыл әскердің бірі шошып кетті. Жан-жағына алақ-жұлақ қарады.

– Ей, Жалбық, анау итке атуды тоқтат деші. Ет піспей қалатын болды. – Жалбықтың жанындағы екі қызыл әскер, екеуі де қазақ, олар тағы шошып кетті.

– Қайдасың Құрамыс? – дейді Жалбық.

– Қазанның жанында. – Жалбық та, екі қызыл әскер де аттарының тізгінін сүйретіп тастай салып, қазан жанындағы маған келді.

– Тұр, – деді Жалбық.

– Тұрмаймын, анау мені аңдып жатыр, атып жібереді.

– Ей, сен кімсің? – деп айғайлады қызыл әскердің бірі. – Атуды қой!

– Мен Көкенмін, – деді қорым тастан шыққан дауыс.

– Ой Көкен болғаныңды...Сенің Көкен болғаның не, к... болғаның не, ақымақ, – дедім мен. Екі қызыл әскер жүгіріп оған кетті де, көтеріп келді. Бұл да жиырмалар шамасындағы жігіт екен, оң қолының білегінен, сол жақ жіліншігінен жараланыпты. Енді тағы оған ем жасамақ болдым. Бір-бір қарыс тағы да оншақты бұтақты алып, тағы аяқ қолды сықырлатып, сынығын орнына салдым. Бұл есінен танбады. Сөйлеп жатыр:

– Егер жаңа сізді атып тастасам, жарамды танатын адам табылар, сынығымды кім салар еді, – дейді.

– Аттың ғой, бөркімді түсірдің.

– Ағатай, – деді жас жігіт, – қайдан білейін, ағатай. Егер оң қолыммен атсам, сұлап қалатын едіңіз-ау, ажалыңыз жоқ екен, ағатай кешіңіз!

– Жарайды, жарайды! – деді Жалбық, – болды енді. Құрамыс түсінді.

Мен ет пісіруге кірістім. Тірі бесеуге «біреуі ақ, төртеуі қызыл» бауырды алып, тұздықтап бердім. Олар әп-сәтте-ақ бауырды сап сокқандай қылды. Бір кезде бауыр жер отырған Жалбық:

– Ананы қара, ах-ха-ха-ха! – деп қырқылдап күледі. Мен қарасам одан сайын күледі. – Етегіңе қара, етегіңе! – Сөйтсем оң жақ етегім, дала-дала, тіпті түстен бері байқамаппын. Аттың шекесіне тиген оқ, менің етегімді де талқандап кеткен екен.

– Біз келгенде Жалбық пен Құрамыс осы төңіректегі өліктің бәрін жинастырыпты. Кеш алдында бәрін көмдік, – деді Шұнақ.

Үш атпен бөліне шапқан төртеу өрге қарай беттеп бара жатқанда алдынан атылған мылтықтан енді тура бізге қарай қашады. Бандыларды қуып үйренген Ырысбек Сәрсенов біраз адамды олардың артына салғанмен, өзі үш-төрт жігітпен атын бұрып, тауды бөктерлеп кетеді де, олардың кес-кестеп алдында тұрады. Ылди төмен құлдилап шапқан үш аттыға біздің оғымыз алыстан дари қоймады. Тура екіндіде таудың етегінде Ырысбектермен біріктік. Бандиттардың көбі жаяу қалды, қолға түсті. Өлгені де көп. Үш атты төртеу Шөлқопаның қамысына кіргенде күн де батып еді. Ағыбайды мінгестірген Сматай қамысқа кіре-ақ жоқ болды. Одан көз жазып қалдық. Ымырт жабылған кезде Сәт те, Омарбек те көз ұшында кетіп бара жатты. Ол кезде Шөлқопада қамыс ну. Ит мұрыны өтпейтін қорыс-шырыш. Қамысты жердің бәрі шалшық, кей жері ұйық, кей жері батпақ. Егер ұйыққа тура түссең ат-матыңмен жоқ боласың. Атта қалған екеуді қуып, көз байлана бастағанда екеуінің де атын атып түсірдік. Екі жаяу жүгіріп қамысқа кіріп жоқ болды. Көз жазып қалдық. Бірақ осы Шетбұлақта екенін анық білеміз. Сондықтан біраз адамды осы төңірекке қалдырдық. Міндетіміз Омарбекті де, Шалтабайды да, Сматайды да тірі ұстау. Сол түні тау қойнауына түнедік. Арада екі күн өтіп кетті.

– Інім, бандылардың әккісі де, қуы да, ақылдысы да Шалтабай еді, бірақ Омарбекті ұстауды бірінші кезекке қойдық. Өйткені Совет өкіметінен қашқан-пұсқанның бәрі Омарбек қосынан қолдау тапты. Сондықтан да ол үлкейіп бара жатты. Ал Шалтабай қашқанның бәрін қабылдамады. Сондықтан да оның тобы аз еді, көбіне төмендеп, кеудеге жақындамады. Ол да қауіпті жау, бірақ

Омарбектің халыққа зәбірі көп еді. Сондықтан мұны індетпей еш жаққа кетпеуді ұйғардым. Шалтабайды да, Сматайды да қоя тұрдым.

Таң қылаң бере-ақ Шетбұлақты қамап алдық. Өзіміз әбден ызалы едік. Жиырма жеті адамымыздан айрылды. Бандылардың өлімі, әрине, әлдеқайда көп. Екі күнде олардың бәрін дерлік ұстадық.

Таң атқанда Омарбек пен Сәт жатқан жерден біз өлген, жараланған адамдарды жинап жүрдік. Омарбек те, Сәт те бізді көреді. Омарбек дереу мылтықтың жазылысын қайырып кезеп мені атпақ болады. Сәт мылтықты баса қалады. Омарбек інісінің қолын қағып жіберіп, мылтықты қайта кезенгенде Сәт:

– Ұсталамыз ғой, – дейді. Омарбек өзінің жаяу екені есіне түсіп:

– Сені берген құдайдан айналайын, – деп сабасына түседі. Мен тұтқындарды, жаралағандарды «Боз жорғаға» салып, Алматы жөнелтіп, енді бандылар нартын іздеуге қайтқанмын. Жиырма шақты ғана шағын топ қалдық та, басқаларды қайтардық.

«Боз жорғамен» шұбап келеміз. Күн шашырап шығып келе жатты. Терісбұтақтан келе жатқан жалғыз жаяу көрінді. Біз қайдан болса да Сәтті күткен едік. Жақындаған соң Сәт екенін таныдық. Ол жүгіріп келеді. Жақындады. Түсі әлем-тапырақ. Бірнеше күн жуынбаған, көптен тамақ ішпеген, әлпеті адам көргісіз. Жан-жағына алақтап қарай береді. Шамасы тым үрейлі. Бір пәленің болғанын аңғардым. Өйткені ол жалғыз жүруге тиіс емес еді. Шыдамай сұрақ бердім:

– Омарбек қайда?

– Өлтірдім, – дейді Сәт. Байқасам үсті қан. Түсінен адам шошырлық. Екі қолы қып-қызыл.

– Ей, есің дұрыс па? – дедім күйіп кетіп.

– Есімнің дұрыс-бұрысын қайдам, ағамды өлтірдім, – деп ыржиып күлген болады. Бірақ күлкісі сау адамдікі емес және нағыз күлкі емес. Кір-қожалақ өңінен әйтеуір тісі көрінеді. Сөйлеген сөзінде маза жоқ, сөзінен ыржалаңы көп. Інім, мен көп күйгелектенбейтін салқын қанды адаммын. Ал нақ осы жолы денемді билеген дозды айтпа. Егер менің өмірімде күйгелектеніп, шыдамнан шыққан кезім санаулы болса, соның басында осы

Омарбектің өтірілуі тұрар еді. Қалтылдап кеттім. Өзімді ашу әбден буды. Өзі есінен адасып тұрған Сәтке ашу шақырып, доқ көрсетіп не бітіресің. Бірақ қайткенде де не болғанымды білмей кеттім. Ашуым қайнап басыма шықты. Осы жерде, інім, бір арам ойда бінә бола кетті. Білетін боларсың, қазақтың әдебиетінде ханның өзінің баласын, әлде әйелін өлтіруге бұйрық бергені сирек те болса бар. Сонда хан төңірегіндегі ақылды адамдар оны сақтап қалу үшін көйлектерін қанға бояп ханға апарып көрсетеді. Мені соғып өткен арам ой да осы тектес еді. Сондықтан Сәтті жігіттерге мінгестіріп, тездетіп өлік жатқан жерге тарттық.

Түйе көрінбес ну қамыстың іші екен. Ит мұрыны өтпейтін қорыс. Қайда қарасаң да аспаннан түк көрінбейді. Жылап аққан, аяғы көлкіп жатқан тұма-бастау. Бастаудың батыс жағасында Омарбектің денесі бір бөлек жатыр. Інім, адам өлімнің ауыр-жеңілдігі қандай жағдайда өлуіне байланысты екенін осы жерде бірінші рет аңғардым. Кеше ғана бандиттермен атыста талай адам өліп, көмгенде өлім осынша ауыр тимеген еді. Енді, міне, жалғыз адамның өлімі бәрімізді састырды. Бұл ресми соғыс емес, бандиттермен атыс емес. Жек адамның өлімі. Адамды адам өлтірген. Ендеше мұны терең тексеру керек, зерттеу керек. Ешкім Сәтке Омарбекті өлтіру жөнінде нұсқау берген жоқ. Сондықтан Сәтті сұраққа алмасқа болмайтын еді. Бабажановқа нұсқау бердім:

– Сәттен жауап ал, Әбдіқадыр!

– Қойыңызшы Әбеке, бандылардың бастығын өлтірді, болды, – дейді Әбдіқадыр бұған маңыз бермей.

– Жоқ болмайды, Әбдіқадыр. Бұл ресми іс. Омарбек екінің бірі емес, оның мойнында көп адамның қаны бар, Совет мемлекетіне көп зиянкестік жасады. Совет адамдарын жәбірледі, зәбір-жапа шектірді. Ол, сөз жоқ, ауыр жазалануға тиіс еді, бірақ ол заң жүзімен болуы тиіс еді. Сондықтан Сәтті сұраққа алу қажет. Және өте қатал сұралуы керек. – Әбдіқадыр ақылды жігіт, оның артын да ойлау керек екені оның өкіліне түсе кетті.

– Жарайды, Әбеке!

Бабажанов боқшасын алып, қағазын жайып, ну қамыстың ішіндегі бұлақ басында Омарбектің өлімі туралы сұрақты бастады. Сәт жаңағыдай емес, енді заң қызметкері ресми түрде

жауап алатын болғандықтан жаңағы есі шыққанынан тартылып, жинақыланып қалды. Тіпті сұраққа алғанымыз оның есін жиғызу үшін пайдалы болды:

– Азамат Сәт ... Омарбекті қандай жағдайда өлтірдіңіз. Басынан бастап дұрыстап баяндаңыз. – Сәт қысылып, қыпылдап қалды.

– Ең болмаса қолымды, бет-аузымды жуайыншы.

– Жоқ. Болмайды. Бұлталақтамай сұраққа тура жауап беріңіз. Сәт енді шынымен терлеп, басынан бастап оқиғаны ойына түсіре бастады:

– Ту сыртымыздан мылтық даусы естілгенде бандиттер сияқты мен де қатты састым. Олар мен сияқты емес күнде мылтық атып, күнде мылтық даусын естіп жүргендер, сонда да сасып қалды. Мен қорықтым. Олардың сасқан себебі мылтық атылады деген ойында жоқ болатын. Хан жаңа ғана Жалбық әкеліп жарқыратып сойып тастаған жуан торының бауырын әкеледі деп күтіп отырған. Желкемізден мылтық атылғанда ең алдымен хан қарғып тұрды. Жұрт атына жаппай мінгенде, хан көріне көзге атына мінбей тұрып алды. Ол кезде теңбіл көк көлденең тартылған болатын. Құрамыс та еңкедеп-тоңқаңдап атының жалына асылмады. Мен Құрамыстың бізге қызмет істейтін адам екенін білмейтінмін. Ал Жалбықты жалпы сезбедім. Бірақ екеуінің де жүрісі тым бөлекше. Әсіресе Жалбық еркін, ал керісінше Құрамыс құрдай жорғалайды. Сондықтан бұл ханмен бірге қашпақ деп ойладым. Хан атына мінгенде мен де атта едім. Ол тізгінін тарта шапқанда-ақ іш жидым. Сматай атына міне беріп-ақ інісін атып тастады. Мен іш жиып қалдым. Ендігі кезек менікі деп ойладым. Әспеттеп жүрген ағасы алдынан қия өтпеген інісін атып кеткенде-ақ қатты шошыдым. Жәреукелілік, берілгендік Ағантайдай-ақ болар. Олардың сүтіні бөлектеніп тауға беттегенде артымызда Құрамыстан басқа ұшқан құс жоқ болатын. Омарбек Құрамысқа «бөлек кет» дегенде ішім бүлк ете түсті. Маған да айтатын шығар дедім. Онда сөз жоқ сотты болсам да артынан ататын едім.

– Сіздің міндетіңіз оны тірі сақтау еді ғой, – деді Әбдіқадыр.

– Ия, – деді Сәт, – тапсырма солай болатын.

– Айта беріңіз, – деді Әбдіқадыр мұртын бір сылап қойып.

– Сонан соң артымыздағы Құрамысты хан тартып қалды. Ол

қалпақтай түсті. Бірақ артымыздан мылтық атылып Ағыбайдың атына тигенде Құрамыстың тірі қалғанын білдім. Өйткені артымызда одан басқа жан жоқ еді. Мен басқалардан бөліне шабатынымызды алдын-ала білгенмін. Өйткені Омарбек, Сматай, Ағыбай үшеуінің төрт жақтан келетін жауды да бағдарлап, ондай болса, қалай құтылуды жобалағанын естіген едім. Алдымыздан енді жау шығады деп банды – бастықтар ойламады. Енді олар ыра төмен құлдिलाғанда да қайда бұрылатыны белгілі болатын. Ондай жағдайда Сматай мен Ағыбай бөлек, өз ауылы жағына кететіні шешілген. Сонан соң олар Сұлтүрден табыспақ еді.

– Демек, Сматай мен Ағыбай Кеуде Отарға кетті ғой.

– Ия, олар Сұлтүрден, не ауылы төңірегінен табылады. – Сәт үндемей қалып еді. Тағы сұрақ бола ма десе керек. Бабажанов:

– Айта беріңіз, – деді.

– Біз Шетбұлаққа тартпақпыз. Шетбұлаққа тұрақтай алмадық. Менімше хан маған сенбеді. Сматайға солай дегенмен жаяулап екеуіміз Терісбұтаққа келдік. Мұнда үш күн жаттық. Қарын аш. Ат үстінде күн көрген сорлы қазақтар аяқлау болмаған соң кәріп болып қалдық.

– Тұра тұр, тамақ ішпегеніңе қанша болды? – деді Бабажанов.

– Нәр татпағалы үш күн болды. Ішім шұркырап тұр. – Сәт тағы үнсіз. Бабажанов оған қолымен тұра тұр деген белгі берді де, қолын жуғызды, бір кесек майлы ет, нан бергізді. Сәттің қолы тамаққа барғанда көзі жайнап кетті. Қарпытып тез жеп, бір сапты аяқ су ішті.

– Ал енді әңгімеңді айта бер, екеулеріңнің араларында болған әңгімеі де айт, – деді Бабажанов. – Ештеме қалдырма.

– Жоқ, ештеме қалдырған жоқпын, – деді Сәт. – Бұлай жатқанымыз болмайды, ат табу керек, – деді Омарбек. «Шіркін Байботановтың шұбары қолға тиер ме еді» Онда қарап жатып өлеміз бе, мен барайын, дедім мен өзім де қалай хабар берудің есебін таба алмай отыр едім. Бірақ қателескенімді бірден сездім. Мен Омарбектен айырылып қалмауым керек қой. Ол қалай да менен құтылудың жолын іздестіретін сияқты.

Барсаң бар, Шұбараттан басқаның керегі жоқ. – Сөзді көрдің бе, інім, ханның сөзі емес пе!? – Сонымен бірге мылтықты алып

Сәт жолға шықты. Жалғыз адам ойшыл, деп Шұнақ түсінік бере кетті. Осы үшін-ақ өлетін болдым ғой дейді ол.

Осы жерде бояудай бұзылдым. Бала-шағаны көрмей жүргенім мынау. Осыны бітіре салайын да одан да. Сөйтіп Омарбек қалған жерге қайтып келсем ол қатты қорылға кеткен екен. Атып тастасам ба екен деп бір тұрдым. Қой мылтық даусын біреу естіп қояр. Бұл үшін оның бәрібір еді, әрине.

Шұнақ аспанды бір шолып өтті де, өз жанынан сөйлеп кетті. – Адам өлтіру түгіл торғай өлтіру оңай емес. Оның үстіне туысқаны. Бірақ бұл аяйтын туысқан ба еді дейді Сәт өзіне-өзі. Талай жазықсыз туысқанды өлтірді, талайдың қанын жүктеді. Бұл аға емес, апан түбіндегі қасқыр және әншейін көп қасқырдың бірі емес, өз күшігін өзі жеген қорқау.

– Осыдан кейін не болғанымды білмей кеттім, – деді Сәт Омарбектің өз құжантысын алады да, өндірішekten пәрменімен періп қалады. Сонан соң орып жібереді. Сол кезде тамағынан қан саулағын Омарбек атып тұрып, мұны жағадан ала түседі. Бірақ құлап түседі де, қорылдап жатады. Сонан соң бұл жанын қинамайын дейді де, басын кесіп тастайды. Біраздан кейін барып оны өлтіргенінің бұрыстығын, оның өліміне жауап беретіні есіне түседі. Қатты сасады да, алыстан көрінген бізге жүгіреді.

Бабажанов сұрақты бітіріп, Сәтке қол қойғызды. Оны тұтқынға алып Ұзынағашқа жібердік. Әрине оны қамау үшін емес, оны басқалардан қорғау үшін тұтқынға алдық. Әйтпесе ашумен мұны да біреу өлтіріп қояр еді.

Ұзынағаш станциясынан Отарға дейінгі жүз километрді сортаң копа басып жатыр. Бұдан мындаған жылдар бұрын көлтабан болған бұл аймақ жан-жағынан ойпаңда жатқаны көрініп тұрады. Самсыдан талай өткен боларсың, сол өзеннің аяғы Сарқамысқа құяды. Сарқамыстың Жиренайғыр өзеніне құяр желкесін Теріскенді дейді. Шалтабай тобын осы төңіректен кездестірдік. Қажы бұл жерде де бір ішек түлкідей әккілік жасады. Біздің қарамыз көрінген соң-ақ қаша атыс салды. Жартастыға жеткенде Малай деген біреуін қуып ұстадық. Сөйтсек Малай бандының бала-шағасының атын әкеп жүруге тастап кеткен адамы екен. Өздері қашыпты. Төмендеп оларды іздеп бара жатсақ егінде көп

ат жайылып жүр. Бандылар намаз оқып жатыр. Бір бала жігіт жаңсақ мылтық атып еді, олар орындарынан тұрмады. Барсақ әйелдері мен балаларын әдейі көз алдау үшін өздері ұзай салуға бізді алдарқатып отырғызып кеткен өздері әлдеқашан зытқан. Тасқа желіндеп, мұзға бұзаулаған қатігез бандылар жеме-жемге келгенде бала-шағасын тастап кетті. Әрине, біздің ұстамағымыз Шалтабай, Атагелді, Әбдібай еді, олар бұл өңірге қайта айналып соқпады.

Ендігі кезек Сматайға келді. Боз жорға жолының үстіндегі Кеуде Отарға келдік. Сматай інісі үй салып жатыр. Бізге жеткен мәлімет бойынша соңғы күндері Сматай таудан түсіп келіп, тамақ ішіп кетіп тұрады. Бандылардың туған-туысқандары да олардан безер-ығыр болса керек. Інісі ол туралы сұрағанымызда ұстап алсын, тыныш болайын дегендей қай уақытта қай уақытта қалай келетінін тәптіштеп айтып берді. Ұстар кезде оның айтқанынан бір шикілік шыққан жоқ.

Кеш бата салысымен-ақ тез келді, ол. Шамасы күн кешкіргенде-ақ етекке келіп, ауылға көзін сатып тұратын болса керек. Аттарымызды көрші үйлердің қорасына қалдырдық та, үшеуіміз далаға бекіндік. Сарсенов пен Бабажанов қора ішінде қалды. Сматай астында күрең жорғасы бар, тайпалтып жалғыз келді. Салдырған бойда қораға атпен бір-ақ кірді. Мылтығы бүктемелі екен. Қойнында екені аттан түскенде байқалды.

– Ешкім бар ма? – деді інісіне түксиген күйі. Інісі жауап қатқанша ұрлық қылатын кісіше жан-жағына қаранып алды да, үйге қойып кетті. Дайын тұрған кеспе көжені үйге алып кіргенде Сарсенов бірге кетті. Ол тамаққа бас қойды-ау деген кезде Сарсенов сәлем беріп кіріп барды. Сыртта Жалбықты ғана қалдырып, біз де есік-терезеде тұрдық.

– Шырағым-ау, адам дайындап қойып па едіңдер? – дейді келініне. Келіні үн шығармайды. Бұл істе тәжірибесі бар Сарсенов:

– Тамағыңызды іше беріңіз, асықпаңыз. Үй қоршаулы, қарсылық көрсетсеңіз атыласыз, – дейді. Қайдан ішеді, тамақ жайына қалады. Бабажанов кіргенде селк ете түседі. Мен кірмедім. Өйткені байлар салған, бұл өңірге таныс белгім бар. Ол түнере отырып:

– Бір ғана тілегім бар, соны орындар ма екенсіздер? – дейді.

– Айтыңыз, – деді Әбдіқадыр.

– Нақ осы үйде атылып өлуге мүрсат беріңіздер. Туған жердің топырағында қалайын! – Ешкім жауап бере алмайды. Ол жүгіріп далаға шықты.

– Осы жерде өлуге мүрсата сұрайды, – деді Әбдіқадыр. Оның өмірі үшін біз Совет өкіметі алдында жауап береміз. Ол сотталуға тиіс.

– Ол болмайды, – дейді қайта кірген Әбдіқадыр, – сіздің тағдырыңызды біз шеше алмаймыз. Әділ сот қана біледі оны. – Бандиттің мойны салбырап түсіп кетеді. Оның жүйкесі жұқарып, қайратының мұқалғандығы айқын көрініп тұрады. Пұшайман болып отырады. Ол екі қолы артына байланып, жорғасына мінгізілді. Атты жолға салғанда «Қош, туған жер, кір жуып, кіндігімді кескен жер!» – деп өкіріп жіберді. Сонымен хан жайрап қалды, бас уәзір қолға түсті. Басқаларының да қақпанға түсер күні алыс емес еді.

(Алатау. Б.Қыдырбекұы. – Алматы «Жазушы» баспасы, 1991 ж. 261-333-беттер).



ЕКІНШІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСІ ЖАЙЛЫ

1929-1931 жылдары бой көтерілген 372 халық назарлықтарының «кейбір жерлерде көтеріліс сипатын алғаны» Ф.И.Голещекин өзінің И.В.Сталинге 1931 жылы желтоқсанда жазған хатында ашық мойындады.

Бірақ осынау бұқаралық бас көтерулер сол жылдарда кеңес үкіметі жүргізіп отырған күштеу саясатына қарсы бағытталғандықтан ресми партиялық және үкіметтік іс қағаздарда, құжаттарда біржақты тұрғыда «бандиттік қозғалыстар» ретінде бағаланды.

Көтеріліске қатысқан халық шындығында «банда» деген сипаттамаға лайық па? «Банда» – итальян тілінде – ванда – отряд, қарақшылар тобы деген ұғымды білдіреді. «Бірігіп қылмыстық әрекет жасаған қарулы адамдар тобы». Ал «бандитизм – қолына қару алып, бірнеше адам болып әдейі ұйымдасқан түрде мемлекетке, қоғамға қарсы жасалған қастандық». (*«Қазақ Совет энциклопедиясы», 2-том, 154-бет*).

Егерде осы энциклопедиялық анықтама тұрғысынан келсек, 1929-1931 жылдардағы қазақ шаруаларының бас көтерулері «бандиттік» деген сипаттауға сәйкес келмейтінін аңғару қиын емес. Мұның бірнеше себептері де бар: біріншіден, сол жылдарда қазақшаруаларының басым көпшілігі кеңес үкіметі жүргізіп отырған күштеу саясатының мәнін түсіне алмай дал болды. Мұны Қазақстан өкіметінің өзі де мойындап, Қазақ Орталық атқару комитетінің төрағасы Елтай Ерназаров қол қойып, 1930 жылы 12 сәуірде болған Қазақ өлкелік партия комитеті бюро мәжілісінің шешімімен «Барлық батырақтарға, кедейлер мен орташаларға!» арналып, қазақ аудандарына таратылған үндеу де дәлелдей түседі. «...Кедей мен орташалардың бір бөлігінің олардың (байлардың – Т.О.) ықпалына түскені де байқалып отыр... Бұл сіздердің өкімет

жүргізіп отырған шаралардың мәнін түсіне қоймағандарыңызды ғана көрсетеді», – деген жолдар бар онда.

Көтеріліске қатысқан бұқараның үкімет саясатын түсіне қоймағанын тіптен осы көтерілістерді әскери жолмен жою үшін жіберілген Волга бойы әскери округінің қарулы күштерінің басшылары да байқап, олар Голощекинге «советке қарсы қозғалыстың және партия саясатының таптық мәнін түсіндіретін бірқатар бұқаралық листовкаларды» таратуды және осы мақсатты орындайтын үгіт-насихат топтарын ауылдарға шығаруды ұсынды.

Бұдан шығатын қорытынды: үкімет саясатын түсіне алмай, зорлық-зомбылыққа қарсы атқа қонғандарды «әдейі ұйымдасқан түрде мемлекетке, қоғамға қарсы қастандық жасаушылар» яғни «бандиттер» деп сипаттау тіптен де дұрыс емес.

Екіншіден, қазақ шаруаларын өкімет пен партияның өзі жүргізген қатал саясат итермелегенін де ұмытуға болмас. Кеңес үкіметін құлату – көтерісшілердің басты мақсаты болған жоқ. «Халық кеңес өкіметін құлату және өздерінің өкіметін құру мақсатымен қаруланып және жиналып жатқан жоқ, – деп атап көрсетті. Қызылорда округтік атқару комитетінің төрағасы Жүнісовке 1930 жылы сәуірде жазған жауап хатында Қарақұм көтерілісі басшыларының бірі Жұмағазы Байымбетов, – қызмет адамдары жасаған қиянаттарға ешбір төзе алмаған соң, өздерін-өздері қорғау үшін бас көтерді». Иә, зәбір-жапа шеккен халықтың қозғалысын «бандиттік» деудің ешбір негізі жоқ.

1929-1931 жылдардағы көтерілістерге сипаттама бергенде тағы біраз назар аударатын елеулі нәрсе кейбір көтерілістерде көтерілісшілердің хан өкіметін сайлауы немесе сарбаздар жасақтарын рулық негізде ұйымдастыруы және мұсылман дінінің дәстүр-салттарын қорғауы. Мұндай әрекеттер әсіресе Созақ, Ырғыз, Қарақұм, Адай, Сыр бойындағы Ақмырза ишан бастаған және Батпаққара көтерілістеріндегі айқын байқалды. Қазақстандағы халық наразылықтарына тән осындай өзіндік, ұлттық сипаттағы ерекшеліктер олардың бүкіл кеңес елінде болған басқа шаруалар көтерілістеріне қарағанда нақты өзгешіліктері бар екенін байқатады.

Бұл жерде халықтың өз орталарынан хан сайлауларына

таңдануға болмас. XIX ғасырдың 1-ширегіне дейін, яғни Ресей өзінің жаңа отарлау жүйесін енгізгенге дейін қазақ қоғамында хандық басқару болғаны белгілі. Соғыс жағдайында хан жиналған жасақтардың қолбасшысы міндетін атқаратын. Ғасырлар қойнауына бармай-ақ, соңғы жүз жылдықтарға назар аударсақ, ортадан хан шығару XIX ғасырдағы Кенесары Қасымов басқарған қазақ халқының ұлт азаттық қозғалысында да және 1916 жылғы Әбдіғапар Әмір мен оның әскер басы сардары Аманкелді Иманов басқарған ұлт азаттық қозғалысында да орын алғаны белгілі. Яғни, көтеріліс кезінде оның басшысының беделін, мәртебесін және билік ету мүмкіндігін артыра түсу үшін хан сайлау қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына тән көрністердің бірі деуге негіз бар. Рас, кейбір таптық сипаттағы, яғни тек Ресейдің отарлауына ғана емес жергілікті билеушілерге де қарсы болған кедей шаруалар көтерілісі хан сайлауымен әуестене қойған жоқ. (Мысалы, Сырым Датов, Исатай мен Махамбет бастаған және т.б. шаруалар көтерілістері). Десекте, Қазақстандағы ұлт азаттық қозғалыстары тарихы мынаны мойындауды талап етеді деп ойлаймыз: Қазақстанды империялық отарлаудың, қанаудың шектен шығуы, мұндайда әсіресе қазақ халқының даму жолындағы өзіндік әлеуметтік-экономикалық өзгешеліктерді көзге ілмеу, жергілікті халықтың тапқа бөлінбей, біртұтас ұлт ретінде ұлттық мүддені, әдет-ғұрыпты және салт-сананы азат етуді алғашқы орынға қоятын ұлт-азаттық қозғалысын туғызбай қоймады. Мұндайда хандық басқарудан басқа ұлттық мемлекеттік жүйені өз тарихында бұрын бастан кешпеген, көріп білмеген қазақ тәрізді халық өз орталарынан ұлт азаттық қозғалысын басқаратын ханды сайлады. Міне сондықтан да ағаш Ресей, соңынан кеңес империясының өктемдігіне қарсы күрескен наразы халықтың хандық басқаруға құлшынуын айыптамай, тарихи заңды құбылыс деп қарағанмыз жөн.

Ал енді осы тұрғыдан қарағанда 1929-1931 жылдардағы қазақ шаруаларының көтерілістерін ұлт азаттық сипаттағы қозғалыс еді деп бағалауға бола ма?

– Қазақстандағы шаруалар көтерілістері бүкіл елде болған сол жылдардағы шаруалар көтерілісінің құрамдас бөлігі болғаны дау туғызбаса керек. Бірақ мынаны да ұмытуға болмас: егерде Ресейдегі

сталиндік күштен коллективтендіру орыс хақының ұлттық мүддесіне қиянат жасамай, негізінен тек зорлық-зомбылыққа қарсылық түріндегі шаруалар наразылығын туғызса. Қазақстанда керісінше жаңа Голощекиндік тәртіп қазақ шаруаларының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын ғана емес, рулық қарым-қатынасқа және қауымға негізделген ұлттық келбетін, әдет-ғұрпын, болмысын және психологиясын күйретуді мақсат етті. Сондықтан да, Қазақстанда аталған жылдары болған шаруалар көтерілістері негізінен қазақ ауылдарында орын алды. Ірі көтерілістердің ішінен славяндар қатысқан Өскемен мен Зырян аудандарында 1930 жылы болған, бұрынғы қызыл партизан В.Толстоухов бастаған көтеріліс қана белгілі.

Тіптен осы аталған көтеріліс пен қазақ шаруаларының көтерілістерін салыстырып қарар болсақ, кеңес өкіметіне тәуелсіз хандық жүйені орнықтыруға тырысып, ислам дініне бостандық талап етіп, байлар мен орташаларды кәмпескелеуге қарсы болып, рулық негізде жасақ құрып қарулы күреске шыққан қазақтардың қозғалысының ұлт-азаттық сипатын теріске шығару қиын. Сондықтан да, Созақ ауданындағы жағдайды анықтауға барған БК/б/П Қазақ өлкелік партия комитетінің уәкілі Идельсон өзінің Голощекинге жазған 1930 жылғы сәуірдегі мәлімдемесінде былай деп көрсетті: «Негізінен, бандиттік қозғалыс кеңес өкіметімен күресу, «хандық үшін күресу», «қазақ билігі үшін» және дін үшін қасиетті күрес, орыстарға қарсы, салыққа, мемлекеттік астық дайындауға және коллективтендіруге қарсы қасиетті күрес ұрандарын желеу ете отырып ұйымдастырылды».

Әрине, бұл жерде Идельсон шындықты едәуір бұрмалап отыр. Шындығында аталғандар ішінде соңғы ұрандар көтерілістің негізгі себептері болды. Бірақ, мынаны да теріске шығаруға болмайды: Созақ көтерілісіне негізінен қазақтар қатысты және олардың қолдарынан өлгендердің көбісінің славяндар екені де рас.

Міне, осының бәрі Голощекинді БК/б/П Орталық Комитетіне Қазақстандағы бұл көтерілістерді «ұлттық орталық» ұйымдастырған деп қорытынды мәлімдеме беруге итермелеген. Егерде Қазақстанның сол жылдары Мәскеудегі орталық белгілеген жеделдете индустрияландыру саясатын ауыл

шаруашылығы шикізатымен азық-түлікпен қамтамасыз ететін аграрлы аймақ болғанын ескерсек, оның үстіне Қазақстандағы саясат негізінен Мәскеуде белгіленіп отырғанын мойындасақ және орталықтың осы солақай күштеу саясатынан бәрінен бұрын Қазақстанда қазақ халқы ауыр қасірет шеккеніне назар аударсақ, қазақ шаруаларының кеңес империясының зорлық-зомбылығына қарсы 1929-1931 жылдардағы бас көтерулерін қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы әділетті ұлт-азаттық қозғалысы еді деп бағалағанымыз жөн.

Тарихымыздан белгілі. Патшалық Ресейге қарсы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының екпіні 1917 жылғы ақпан және қазан төңкерістерінен кейін едәуір бәсеңдеді. Бұған большевиктер басқарған кеңес өкіметінің әлеуметтік тәуелсіздікті, қанау атаулысын жоятындарын және Ресейдегі бұратана ұлттардың өзін-өзі билеу құқтарын мойындайтындарын ресми түрде қайта-қайта мәлімдеулері және 1917 жылдан бастап ұлттық тәуелсіздік үшін күрестің даусыз жетекшілеріне айналған алаш интелегенциясына кешірім жасап, оны уақытша болса да кеңес органдары жұмыстарына тартуы және т.б. интернационалистік тұрғыдағы шаралары ықпал еткен еді.

Бірақ жиырмасыншы жылдардың орта шенінен бастап, өз бағытын нығайта түскен Сталиндік басшылықтың, В.И.Лениннің серіктері мен шәкірттерінің Қазақстан тәрізді шеткері ұлт-аймақтарында бұрынғы империялық және ойлау жүйесін жаңа тұрғыда қайта жандандыратыны байқала бастады. Башқұрт халқының ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Ахметзаки Валидидің 1923 жылы В.И.Ленинге жазғанындай мұның өзі ұлт аймақтарында «жұмысшы ұйымдары отарлау саясатын одан ары жалғастырады дегенді аңғартқандай» еді. *(А.З.Валиди Тұған. Воспоминания. Стамбул. 1969. 424-425-беттер)*

Осы тәрізді империялық өктемдік саясатында Қазақстанның ұлттық мемлекеттік тәуелсіздігін ала алмайтындығы және негізінен бұрынғыдай орталықтың шикізат көзі болып қала беретіні өзінен-өзі түсінікті де еді. Мұндай пиғылды кезінде Смағұл Садуақасов орталықтан шығатын партиялық «Большевик» журналында әшкерлеп жазған да болатын. «Голощекин жолдас, – деп атап

көрсетті ол, – өнеркәсіпті ауыл шаруашылығының құйрығына тіркемек, сөйтіп осылайша Қазақстанға алдын-ала мәңгі бақи шаруа өмірін таңбақ. (*«Большевик», №1 . 1928 ж. 56-64-беттер*).

Мәскеу мен Қазақстан басшылығының саясаты шынында да Смағұл Садуақасов айтқандай болып шықты.

Жеделдете индустрияландыру басталғанда-ақ Қазақстанның орталықтың жартылай отары, шикізат көзі ретіндегі қызметі айқындала түсті. Қазақ ауылы Ресейдің орталық аудандарындағы индустрия алыптарын ауыл шаруашылығы шикізатымен және азық-түлікпен қамтамасыз етушінің яғни тәуелсіздіктің қамытын киді. Империялық орталық қазақ шаруаларын меншігінен айыру процесін жеделдету үшін оларға тән дәстүрлі ұлттық даму жолын күйрету қажеттігін де жақсы түсінді. Ал мұндай қатал да шұғыл шешімдер мен шаралар қазақ халқының 1916 жылы басталған ұлт-азаттық қозғалысының жаңа түрде қайта жандануына түрткі болды. Одан бері 12-ақ жыл өткендіктен, халық азаттық үшін күресу дәстүрінен бас тарта қойған жоқ еді.

1929-1931 жылдардағы қазақ шаруалары көтерілістерінің ұлт-азаттық қозғалысы сипатын алғанын 1916 жылғы көтеріліспен салыстыра қарастыра болсақ байқай түсер едік. Біз әңгімелеп отырған көтерілістер арасындағы тарихи сабақтастықты тіптен жазалаушылар да байқаған. Сөзімізге дәлел – Волга бойы әскери округінен 1930 жылы Ырғыз және Қарақұм көтерілістерін басу үшін Қазақстанға арнайы алдырылған сегіз атты әскер дивизиясы бөлімдерінің командирі, подполковник Евсеевтің өз бастықтарына мәлімдемесі кезінде, – деп жазды ол, – генерал Куропаткиннің әскерлері ығыстырған көтерісшілер отрядтары Қарақұм құмдарына тығылды. Құрамында 3 драгун және 3 казак полктері артиллерисы бар генерал Лаврентьевтің ерекше салтаттылар тобы 1916 жылдың тамыз айынан 1917 жылдың наурыз айына дейін құмда және көл ауданында (құм ортасындағы оазисте – Т.О.) ешқандай да іс-әрекет жасай алмады, яғни Ақпан төңкерісіне дейін көтерісшілер аталған ауданда табан тіреп тұра алды.

Бұл анықтаманы мен 1916 жылғы көтерілістің ұйымдастырушысы және жетекшісі Қазақстан үкіметінің мүшесі Жанкелдиннен естідім және жазып алдым».

Зерттеулерге 1929 жылғы Батпаққара, Наурызым және Торғай аудандарындағы, 1930 жылғы Ырғыз және т.б. оған көрші аудандардағы Қарақұмдағы халық наразылықтарына қатысушылар қатарында 1916 жылғы көтеріліске қатысқандардың да болғанын көрсетіп отыр. Дәлірек айтсақ, 1929-1931 жылдардағы халық наразылықтары 1916 жылғы көтерілістер болған аудандарда әлдеқайда ұйымшыл және қуатты көрініс берді.

Көтерісшілердің өздерінің әскери жасақтарын-сарбаздарды ұйымдастыруы да 1916 жылғы үлгіде болды. Жоғарыда айттық, бұл жасақтар рулық негізде ұйымдастырылды. Әр бір отбасы 1 салтаттыны шығаруға міндетті еді. Жылқы жоқ жағдайда екі от басы бірікті, бірі жылқы, бірі адам берді. Сарбаздарды мыңбасы, жүзбасы, оңбасылар басқарды.

Егер 1916 жылғы көтерілісте қазақ халқы тылдағы жұмысқа адам бермеу үшін күресе, ал 1929-1931 жылдары кәмпескеленіп түрмеге айдалғандарды құтқару үшін және даярлау науқандарындағы меншіктен, яғни малдан айыруға қарсы күресті. Алғашқысына да кейінгісінде де оларды империялық орталықтың нұсқауымен келген тұрақты әскер бөлімдері қару жұмсап қанға бояды, жазалады.

Ал енді 1929-1931 жылдарда болған көтерілістердің бастаушы күші кімдер еді? Сол жылдардағы Қазақстан басшылары өздерінің барлық ресми құжаттарында бұл көтерілістерді «байлар мен дінбасылары ұйымдастырды» – деп атап көрсетеді. Мұның алғашқысы сын көтере қоймады. 1928 жылы ең ықпалды деген қазақ байларының кәмпескеленіп, жер аударылғандары белгілі. Сондықтан да, 1929-1931 жылдардағы көтерілістерде байлардан гөрі орта шаруалар белсенді роль атқарды деуге негіз бар. Қазақстан басшылығының және ОГПУ органдарының бай деп жүргендері де негізінен осылар. 1928-1929 жылдардағы кәмпеске мен даярлау науқандарынан соң бұрынғы бай енді орта шаруаға айналды. Мұны қазір «Қазақ даласында байлар жоқ», – деп атап көрсеткен 1930 жылғы Қарақұрым көтерілісшілерінің жоғарыдағы аталған үндеуінен де байқар едік. Нақты деректерге жүгінсек, 1929 жылдың соңына қарай, ауқатты қазақ шаруасында мал қалмағанын да аңғарар едік.

Осы жылы колхоздарға көліктік жылқылардың 41%, сиырдың 15,6 %, өгіздердің 49,6, түйелердің 21,6 % шоғырланды. Бұл малдар негізінен байлар мен кулактардан тартылып алынған малдар еді. 1930 көктемде республика Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы О.Исаев басқарған мемлекеттік комиссия Қазақстандағы мал басының 30% азайып кеткенін анықтады. Мұндайда ең басты меншігі – малынан айрылған қазақ шаруасын «бай» деп айту шындыққа сәйкес келмейді. Осыған қарамастан, халық әсіресе орта шаруа арасынан байды іздеу, олардың күн санап үлес салмағы азая түссе де байлардың санын әдейі көрсету біз әңгіме етіп отырған дәуірдің қайғылы шындығы болатын.

Мұны 1929-1931 жылдардағы көтерілістерге белсене қатысты деген айыппен тұтқындалған, шаруалардың әлеуметтік құрамын бейнелейтін ОГПУ-дің кейбір мәліметтерінен де байқар едік:

Бұқаралық бас көтерулер болған	Сотталған көтерісшілер			кедейлер	саудагерлер	қызметкерлер
	байлар	діни қызметкерлері	орташалар			
Батпаққара,						
Торғай,						
Наурызым.	172	12	73	56	11	6
Созақ	177	14	61	42	4	12
Балқаш	31	2	11	7	-	6
Көкпекті	50	2	47	40	-	6
Абралы	197	5	38	26	9	3
Шыңғыстау	141	-	17	25	3	3

Бұл жерде мынаны да ұмытуға болмас, кестеде сотталғандар арасында байлардың үлес салмағының көп болып тұрған себебі, алғашқы кезде тұтқындалғандар арасынан орташалар мен кедейлердің көп бөлігі босатылған және олардан тек тікелей қылмыстылар ғана ОГПУ сотына тартылған. Мысалы, тек 1930 жылдың маусымына дейінгі мерзіме ғана ПП ОГПУ-дің үштігі Қазақстандағы 6 көтеріліске қатысушылардың істерін

қарау барысында 127 орташалар мен кедейлерді және 3 байды ғана кінәсіз деп тауып тұтқыннан босатқан. Кедейлер мен орташаларды босату мұнан кейін де кеңінен орын алған. Мысалы, Қарақұм көтерілісіне алғаш тұтқындалған 586 адамның 210. Ал Шұбартау көтерілісінде тұтқындалған 600 адамның 474 кедейлер мен орташалар болғандықтан босатылған. Ал бай атанғандарға мұндай кешірім жасала қоймаған. Керісінше, ОГПУ органдары байларды тап ретінде жою саясатын басшылыққа алып, осы көтерілістерді сылтау етіп, «бай» деп күдіктенгендерді жаппай тұтқындауға мүмкіндік алған. Міне осылайша, жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, көтерілістерге байланысты сотталғандар арасында байлар көпшілік болып шыға келген. Ал бұл ОГПУ-дің және осы мәліметтеріне сүйенген Қазақстан басшылығының 1929-1931 жылдардағы көтерілістерді байлар басқарды деп біржақты қорытынды жасауға итермелеген. Көтерілістерге бұрынғы байлардың (жер аударудан қашып келген және тау, құм арасында бой тасалап жүргендердің) белсене қатысқаны рас. Олар үшін бұдан басқа жол да қалған жоқ еді. Бірақ мұндайлар көп емес. Сондықтан көтеріліс басшылары негізінен орта шаруалар болды деуге негіз бар. Көтеріліс басшыларының негізі көпшілігінің ОГПУ органдары кәмпескеден бұрын алдынала жасаған Қазақстандағы, 2000-ға тарта байлардың тізімінде кездесе қоймайтыны да содан. *(Тізімдерді жарияладық, қараңыз: «Ақиқат» журналы, 1992 ж. №9, 10, 11)*

Бай кулактарға жеке салықтар салу мәліметтеріне назар аударсақ, 1928-29 жылдары Қазақстанда 21 300 (барлық қожалықтардың 1,7%) осындай қожалықтар тіркелген болса, 1929-30 жылдары бұл көрсеткіш – 40,125 (барлық қожалықтың 3%), яғни кеңес үкіметінің қатал саясатына қарамастан бай-кулактар жылдан-жылға көбейе түскен. Бұған сенуге болмас. Шындығында бұлардың біразы 1930 жылға қарай шын мәнінде бай болудан қалған, бұрынғы байлар немесе орташалар қожалықтары еді. Сондықтан да олардың өздеріне салынған жеке салықтарды толық төлеуге шамалары жетпеді. Олардан егер 1928-29 жылдары белгіленген 8253,2 мың сомның орнына 5155,0 мың сом ғана жиналып алынса, ал 1929-30 жылдары жоспарланған

9015,7 мың сомның орнына 8619,3 мың жиналып алынды. Оның үстіне осы бай кулактарға салынған салықтың көпшілік бөлігін орыс кулактары төледі. 1929-30 жылдры көрсетілген салықтың 66,9% орыс кулактары төлесе, 34% ғана ауқатты қазақ шаруалары төлеген. Салыстыру үшін айта кетейік, 1927-28 жылдары қазақ байлары мұндай салықтың 40,3% төлеген еді.

Сондықтан да 1929-31 жылдардағы көтерілістерді байлар ғана ұйымдастырды және басқарды деу шындықты толық бейнелей алмайды.

Яғни, көтеріліс жасаушылар негізінен, Голощекин айтқандай байлардың соңынан ілесуде емес, қайта аудан орталығында бай аталып, жазықсыз қамауда отырған өздерінің ағайын-туыстарын тұтқыннан босатып алуды мақсат еткен. (Созақ көтерілісінде де, Абыралы көтерілісінде де және т.б. осылай болған). Бұл жерде әрине байға жатқызылып қудаланған ауқатты қазақ шаруаларының кеңеске қарсы наразылықтарда ерекше белсенділік көрсеткені айтпасада түсінікті. Бірақ бұдан көтерілісті байлар ғана ұйымдастырды және басқарды деген біржақты қорытынды жасамағанымыз жөн. Ал енді дін басыларға келсек, олардың аталған көтерілістерді басқарғаны рас. Бұл мәселеде Голощекин шындықты айтып отыр. Асадулла Ибрагимов, Айжарқын Канаев, Мұқантай Саматов, Ақмырза және Тоқмырза Тосовтар, Жұмағазы Байымбетов және т.б. көптеген көрнекті діндарлар, молдалар көтерілістердің рухани жетекшілері болғаны белгілі. Бірақ бұған оларды емес, кеңес үкіметінің ислам дініне қарсы ашық жаулық саясатын, жергілікті жерлерде мешіттерді қорлау, дінге сенушілерді «әлеуметтік қауіпті элемент» деп, қудалау әрекеттерін айтпаған жөн деп ойлаймыз.

Сол жылдары большевиктер партиясы өздерінің идеологиясын қазақ ауылында енгізуге кедергі жасайтын басты кедергі – ислам діні деп білгені де құпия емес. Сондықтан да 1929-31 жылдардағы көтерілістерге байланысты жазалау көрнекті дінбасыларды түгелдей қамтыды. Тұтқындалғандардан бірде-бір дінбасы ақталып босатылған жоқ. Тек, Бостандық, Тақтакөпір, Созақ, Сарысу, Талас, Батпаққара, Балқаш және Шоқпар көтерілістеріне байланысты істерді қараған кезде ғана

ОГОПУ үштігі сегіз ишан мен молдаларды ату жазасына кесіп үкім шығарды. Ал он екі дінбасылары әртүрлі мерзімдерге сотталды және жер аударылды.

Сонымен жоғарыда айтылғандарға қорытындылар жасар болсақ:

1) 1931-31 жылдардағы қазақ шаруаларының наразылықтары мен көтерілістері кеңес империясы өктемдігіне қарсы ұлт-азаттық сипаттағы қозғалыс болды дей аламыз. Оның бір орталыққа бағынатын, ұлттық мүддені белсенді қорғайтын тұтасқан тасқынға айналуына сталиндік-голощекиндік империя жүйесі дер кезінде кедергі жасап, бұл ұлттық қозғалысты жөргөгінде тұншықтырып, қанға бояп басты:

2) Бұл көтерілістердің бастаушы, жетекші күші-ауқатты қазақ шаруалары және халыққа ықпалды дін басылары болды. Қазақ ауылының ұлттық дәстүрлі мүдделерін, империялық үстемдікпен қорғайтындай ол кезде қазақ қоғамында бұлардан басқа әлеуметтік күштер де қалған жоқ еді. Ұлт-азаттық сипаттағы бас көтерулерге саяси бағдар беріп, оған басшылық жасауға қабілетті ұлттық интеллигенцияны – алаш қозғалысының көш бастаушыларын осы көтерілістің қарсаңында ғана коммунистік империяның басқарушы және жазалаушы аппараты біржолата талқандап сүйретіп жіберген еді.

3) Сондықтан да 1929-31 жылдардағы қазақ шаруаларының сталиндік-коммунистік қатал саясатына-қазақ ауылын оның дәстүрлі даму жолын тайдыру әрекетіне қарсы белсенді қарсылықтарын, кезінде патшалық Ресей империясының өктемдігіне қарсы жүргізілген қазақ шаруаларының жанкешті ұлт-азаттық қозғалыстарының заңды, табиғи жалғасы және ең соңғы кезеңі деп бағалағанымыз жөн. Осы соңғы, 1929-31 жылғы сталиндік империяның бас көтертпес ауыр соққысынан кейін, идеологиялық арбауының шырмауына түскен, ұлттық санасы біржақты большевиктер идеалармен уланған қазақ халқы орталықтың империялық өктемдігіне қарсы тәуелсіздік үшін бас көтеруден қалды. Мұндай ұлттық мойынұсыну, дәрменсіз мүләйім күй кешу 1986 жылдың желтоқсан уақиғасына дейін, яғни елу бес жыл созылып келді. Осы оқиғада қайта дүр сілкінген осыншама

жыл құлдық психологиямен күн кешсе де орталыққа бәрібір жақпаған, қазақ халқы тағы да «ұлтшыл» атанды. Осылайша ұлттық тәуелсіздік үшін күрестің жаңа кезеңі басталды. Бұл 1929-31 жылдардағы қазақ шаруаларының ұлт-азаттық қозғалысының жаңа жағдайдағы қуатты жаңғырығы еді.

(Талас Омарбеков. «Ақиқат» журналы, №4. 1993 жыл. 65-69-беттер)

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН АШАРШЫЛЫҚТЫ ӨРШІТЕ ТҮСТІ

Ф.Голощекиннің «Кіші қазан» науқанында, әсіресе ірі қазақ байларын тәркілеу барысында жаппай саяси қуғын-сүргін орын алды. Архив қойнауында осы кісілердің 799 жеке ісі сақталған. Бұлар Қазақстанның басқа аймақтарына жер аударылып, 1930 жылдың басында бай кулактарды тап ретінде жою науқаны басталған кезде өлім жазасына кесілді. 1928 жылғы Сталин өзінің Сібір сапарында мемлекетке белгіленген бағамен астық тапсырудан бас тартушыларды РСФСР Қылмысты істер кодексінің 107-бабы бойынша соттауды ұсынады. Осыған байланысты Қазақстанда 40 мыңдай шаруа қожалықтары (шамамен 200 мыңдай адам) сот жазалау органдарының шешімімен жазаланды. Бұл қуғындаудағы тәжірибені ОГПУ органдары кейінгі науқандарда да пайдалана бастады. Тек 1929 жылғы 15 желтоқсанға дейін ғана сот орындары тарапынан 125 адам ату жазасына кесілді. Ал ОГПУ органдары осы уақытта 326 адамды жазалап, олардың 152-ін атып жіберді. 1929-1933 жылдар аралығында, яғни 5 жылдың ішінде Қазақстан ОГПУ-ның Үштігі 9805 істі қарап, 22930 адамға жазалау шараларын қолданды. Олардың ішінде 3386 адам ату жазасына кесілсе, ал 13151 адам 10 жыл мерзімге дейін концлагерлерге жөнелтілді. Бай кулактарды тап ретінде жою науқанында қуғын-сүргін асқына түсіп, 56 498 адам жауапқа тартылды. Күштеп ұжымдастыру жылдарындағы әртүрлі әлеуметтік-саяси науқандар кезінде 165 мың шаруа қуғын-сүргінге ұшырады. 1932 жылы 7 тамызда Мәскеуде жарық көрген социалистік меншікті қорғауға байланысты заңды

орындау барысында тек заң әрекет жасаған алғашқы жылы ғана Қазақстан бойынша 33345 адам сотталды. Ашаршылық жылдары Қазақстанда арнайы қоныстанушылар (спецпереселение) және Гулаг тұтқындары ретінде 180 015 адам азап шекті.

1929-1931 жылдары Қазақстанды халық көтерілістері шарпыды. Олардың 15-сі бұқаралық сипат алып, күшпен басылды. КСРО Халық Комиссарлары кеңесі жанындағы Мемлекеттік біріккен саяси басқарма органдарының өзі ғана 5551 адамды соттап, оның 883 атып жіберді. Жалпы алғанда бұл көтерілістерге қатысқан 80 мың адамның бәрі дерлік қуғын-сүргінге ұшырады. Созақ, Ырғыз, Сарқанд және Өскемен-Зырян көтерілістерінде ғана жазалаушы әскери бөлімдермен қақтығыстар кезінде мыңнан астам адам өлді. Ашаршылық жылдарындағы құрбандар санын есептегенде, бұлар сол шығынның ішінде кетеді. Осы жылдары Алаш қозғалысының басшыларына және оған қатысушыларға сот процестері болғаны тағы белгілі. Орталық Қазақстандағы Абыралы-Шыңғыстау көтерілістеріне қатысушылардың кейбірі Алаш қозғалысымен байланыста болғандар ретінде де айыпталды. *(Т.Омарбеков. Ашаршылық. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019 ж. 31-32-беттер).*

1929-1932 жылдары ауыл шаруашылығын күштеп ұйымдастыруға қарсы 370-тен астам қарулы көтерілістер мен қозғалыстар орын алды. Оларды ОГПУ мен тұрақты Қызыл Армия күштері аяусыз басып жаншыды. Тұтас әулеттер мен рулар жазаға тартылды. Мысалы, еліміздің 2,1 млн тұрғыны аштыққа төтеп бере алмай, опат болды. Оның ішінде қазақтан басқа халықтардың шығыны 0,4 млн адамды құраса, бұл жөніндегі ОГПУ-дің уәкілетті үштігі келтірген деректер бойынша мыңға жақын іс қаралып, 22939 адамның үстінен шешім қабылданған. Солардың ішінде 3386 адам ату жазасына, 13151 адам үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге концлагерлерге қамау жөнінде үкім шығарды. *(К.Нұрпейісов. Шығармалар жинағы, Алматы: «Елтаным» баспасы. 2015 ж. 296-бет).*

ЖЕТІСУ ӨңІРІНДЕГІ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ

Өткен ғасырдың 20-30-жылдарында Жетісу өңірінде болған халық көтерілістері ауқымды да, әлеуметтік жағынан күрделі еді. Большевиктік билік орныққан соң, бас көтерген халық наразылығына 1920-жылдардағы астық жинау отрядтары, 1928 жылдан екпінді жүргізілген астық пен мал дайындау науқандары, түрлі салықтар, тұқым қорын жинау, 1929 жылы басталған күштеп ұжымдастыру себеп болды.

Большевиктік ұғымдағы «бай» деген түсініктің айқындамасы да жыл өткен сайын түрленіп тұрды. 1928 жылғы тәркілеу туралы дерек бойынша Алматы округінде байлар санатына көшпелі аудандарда – 400, жартылай көшпелі аудандарда 300 ірі қарасы бар шаруалар жатқызылса, 1930 жылғы О.Жандосов комиссиясы Іле және Шу өзендері бойындағы көшпелі ауылдарды тексергенінде 40-50 ірі қарасы барлардың өзі бай есебінде тәркіленгенін анықтаған. Егіншілікпен айналыспайтын, бар тіршілігі малға байланысты болған шаруалардың қолында 1 ат, 1 түйе, 10-ға жетпейтін қой қалдырылған. 1928 жылдан бастап ерекше қаталдықпен жүргізілген дінге қарсы науқан да шаруалардың ширығуына түрткі болды.

Отандық тарих ғылымында жаппай шаруалар көтерілістерінің бастауы ретінде 1929 жылғы Бостандық, Батпаққара көтерілістері айтылып келді. Соңғы зерттеулер шаруалар көтерілістерінің ізашар оқиғасы 1928 жылдың сәуір айында Жетісуда, Талдықорған уезіне қарасты Қоғалы болыстығының Аралтөбе казак станицасында болғанын, бірақ бұрын мүлде зерттелмегендігін көрсетті. Аралтөбелік шаруалар ашығып отырған халықтан күштеп жиналған астықтың әкетілуіне қарсы шыққан. ОГПУ, партия органдарының үлкен әбігеріне себеп болған көтеріліс кезінде шаруалар ауылды басып алып, коммунист, комсомолдарды қарулы күзетке алып, дайындалған астықты ашыққан жұртқа таратып берген. Кейін астықты тарату комитетін құрған көтерілісшілерден 44-і сотталған. Олар

ақталған жоқ. Бұл сот процесін ОГПУ ашық түрде көрнекі қылып өткізіп, наразылық себебін «кулактардың лаңы» деп тапқан.

Жетісу өңіріндегі халық көтерілістері тарихының зерттелуін округтің бірқатар ауданының «шекаралық» саналуы қиындатты. Алматы округінің Алакөл, Лепсі, Октябрь, Жаркент, Кеген, Талдықорған, Ақсу сияқты 7 ауданы Қытаймен шектесетін. Осы себептен ОГПУ ақпарларында бас көтерген көтерілісшілер топтары «ішкі банда», «шетелдік банда» деп жіктелді. «Шетелдік бандыларға» Қытай жерінен шекара бұзып келіп, жергілікті өкімет орындарымен қақтығысқа түскен көтерілісшілердің қарулы топтары жатқызылды. Қастек, Қордай, Кеген аудандарының босқындары Қырғызстанға бағыт алды. 1928 жылдың өзінде-ақ, Қарқара болыстығының ірі байлары Сырт тауларына жақынырақ қонып, тәркілеу басталған жағдайда осындағы Қақпақ тауларында жүрген қырғыз Жантай Омаровтың көмегімен Қытайға өтуді ойластырады. Шекара басқармасы мәліметінде Қытайдың Жаркент уезімен және Сырт тауларымен шектесетін аймағында жүрген Жантайдың Қырғызстан АКСР-інің Қарақол ауданында танымал тұлға және ақсүйек тұқымы екені айтылған.

«ОГПУ-дің Орта Азиядағы өкілетті өкілдігінің мәліметіне қарағанда, Жантай өзінің беделіне сүйеніп, осы жылдың мамыр айында елді Қытайға көшуге үгіттеді, соңынан қарулы адамдарымен Қарақол ауданының өздерімен бірге 300-ге жуық ірі қара, 1000 ұсақ жандықты айдап кеткен 30-дай отбасының шекарадан өтуіне көмектесті. Жантай үгітінің ұраны: «Салықтар мен малды алудан құтылу». Осы мәліметтерге қарағанда Жантайдың банды тобы Сырт тауларын жақын жерде жүруі Қарқара болыстығының осы маңдағы байларының онымен қосылуын жеңілдетеді», – делінген ақпаратта.

Шекаралық аудандардағы тұрақты әскери бөлімдердің көптігі бас көтерген шаруалар мен босқындарды аса қиын жағдайда қалдырды. 1930 жылдың көктеміне қарай көтерілген Алматы округінің Бүйен Ақсу, Сарқан және басқа да аудандарындағы шаруалар көтерілістері тұрақты әскери бөлімдердің, соның ішінде әскери авиация көмегімен аяусыз жаншылды. 1930 жылдың соңына қарай Сейітбаттал Түгелбаев және Шоқан

Елеусізов бастаған көтерілісшілер тобы Қапалдан шегініп, кеңесқытай шекарасына жеткен. Босқындарға жол-жөнекей Баласаз, Ащыбұлақ, Бүйен және басқа мекендер тұрғындары қосылған. 4 сәуірде көтерілісшілер қалың қарды омбылап тоқтаған Сарытау деген жерде оларды жазалаушылар отряды қуып жеткен. 4 сағатқа созылған шайқастан соң көтерілісшілер 68 адамынан өлідей айырылып, берілуге мәжбүр болған. Олардан 28 винтовка, 6517 бас мал алынған. 517 көтерілісші тұтқындалып, ОГПУ үштігіне берілген. Кейінірек олардың 108-і атылған. Осымен бір мезгілде Талдықорғанға қолға түскен көтерілісшілерді пайдалану арқылы ұсталған, Қызылағашты қоршау кезінде белсенді болған 8 көтеріліс жетекшісі жеткізілген. Олардың арасында Мүкей Болатов, Құдайбергенов, Божанов және басқалары болған. ОГПУ-дің 1930 жылдың 25 маусымдағы ақпарында Сарқанда Бүйен Ақсу ауданындағы көтерілісті ұйымдастырушы Серік Марқұлов қамауда жатқан жерінен қашып шығып, қайтадан ұсталар кезінде қарсылық көрсетіп, өлтірілгені хабарланған. Тұрақты әскери бөлімдердің бейбіт шаруаларды қынадай қыруы Жетісудың шекаралық аудандарындағы көтерілісті жаншудың негізгі ерекшеліктерінің бірі болды. *(1-кесте)*

Жоғарыдағы кестеден бір ғана Балқаш ауданының өзінде жаншылған халық көтерілістері келер жылдары өрши түскенін көруге болады. Сондай-ақ ОГПУ «шетелдік банды» санаған шекаралық аумақтарда қимыл жасаған көтерілісшілердің бірқатары Қытай билігінің тарапынан да қуғындалған. Атап айтқанда, 1932 жылы Қытайдың Күре түрмесіндегі Жақыпберді Солтанбекұлы бастаған 24 көтерілісші атылды. Олардың мүрделері Жаманбұлақ қорымына жерленген. Атылғандарың үлкені – 47 жастағы Жақыпберді Солтанбекұлы, ең жасы 16 жасар Тұрсынбай Әубәкірұлы болған. Жақыпберді бастаған 12 адамды да Күре түрмесіне әкеліп, сонда атады. 24 көтерілісшінің мүрделерін жергілікті ұйғыр ауылы тұрғындары Жаманбұлақ қорымына жерлейді. Атылғандардың дені Пұсырман би ұрпақтары еді. Атылғандардың ішінде 22 жастағы ақын Әуезхан Белгібайұлы (1910-1932) Күре түрмесінде «Жақыпберді қиссасын» жазып, ол шығарма ел ішінде ауыздан-ауызға кең таралған. Ал Қытайдағы

КСРО Бас консулдығының 1930 жылдың 16 наурызындағы мәліметінде Семей және Алматы округтері шекара аудандарында әрекет еткен Жәнібек туралы Қытай өкіметімен хат алысулар болғаны жазылған. Хаттар бойынша негізгі мәміле Қызыл армия мен Қытай әскерлерінің Жәнібекке қарсы бірлескен қимылы туралы болған. Бас консулдық Жәнібек «бандыларының» тонауынан кеңестік азаматтар мен кеңес ұйымдарына келтірген орасан зор зиянын көрсеткен. Қытай жағы кеңестік дипломаттарға Жәнібек отрядының қазір кеңестік территорияда екенін айтып, жауап берген. Әскерлерге Жәнібектің қайтадан Қытайға өтіп кетуіне жол бермеу тапсырылған. Жәнібекті тірідей ұстағанға 1000 лан уәде етілген. Екіжақты қыспаққа түскен қазақ шаруаларының барар жер, басар тауы қалмағанын айғақтайтын бұл ақпараттар халық басына төнген нәубеттің алапатты ауқымын көрсетеді.

Көтерілісші шаруаларға қарсы тұрақты армия бөлімдері, авиация ғана шоғырландырылған жоқ. Сондай-ақ ВКП (б) арқылы саяси сенімділік белгісімен іріктелген қарулы бөлімдер – коммунистік отрядтар құру тапсырылды. 1929 жылдың 1 ақпанында өткен Алматы округкомы арнайы үштігінің №3 мәжілісінде округтік комитет хатшысы Морозов Өлке-комның коммунистік отрядтар ұйымдастыру және оның құрылымдық ережесі туралы құпия хатымен таныстырды. Үштік мәжілісі комотрядтарды барлық ауданда ұйымдастыруға, ал шекаралық аудандарда әр отрядта 50 адамнан болуын қамтамасыз етуге қаулы еткен. Бірден ұйымдастыру қолға алынатын Алматы қаласындағы комотрядқа 100 адам жинау, олардың 50%-ы коммунистер, 50%-ы комсомолдар болуы қажет деп шешілді. Алматы отрядына коммунистер мен комсомолдарды іріктеу Шымболатов пен Бочагиндерге жүктелді. 10 ақпанға дейін құрылып, әскери дайындық жоспары бітуге тиіс бұл отрядқа жалпы басшылықты округтік әскери комиссар Фарафанов жасайтын болды. Қаулыда, сондай-ақ ОГПУ-ге тағы бес коммунист жіберу, окрсот Бековқа, окрпрокурор Ситарскийге, әкімшілік бөлім бастығы Тенякшевке ОГПУ бөліміне керегінше жақсы қызметкерлерін жолдау тапсырылды. Ократком Задорожный тағы да қаржы бөлетін болды. Тенякшевке Алматы қаласындағы кеңес-шаруашылық

мекемелеріне тиесілі 2 авто-машинаны ОГПУ округтік бөліміне беру тапсырылды. Партиялық құжаттарда халық көтерілістерін жаншуда әскерилермен шектелмей, саяси жағынан сенімге ие жергілікті қазақтарды көптеп қосу талап етілді. Жетісудағы наразылықты қанға бөктірген тұрақты армия бөлімдері мен шекара отрядтары басшылығы коммунистік отрядтардың әскери дайындығына, қимылдарының нәтижелілігіне көңілдері толмағаны туралы мәліметтер сақталған. Қызыл армия бөлімдері, шекара әскері және комотрядтар Жетісудағы халық көтерілістерді аяусыз басты. Алматы облысы өңірлік комиссиясы тарапынан большевиктік-кеңестік билік Жетісу көтерілістерін жаншыған, бейбіт халықтың қанға бөккен қаралы мекендер тізбесін жасау мақсатында «Жетісудың шерлі тарихы» жобасы аясында бірнеше экспедициялар ұйымдастырылды. (2-кесте)

1928, 1930, 1931 жылдардағы Жетісу өңірінің Бүйенақсу, Қапал, Қызылағаш, Балқаш, Қастек, Қордай, Шелек, Жаркент аудандарын қамтыған көтерілістердің ұйымдасу деңгейі, басқарушы тұлғалары, жаншылу жолдары күрделілігімен ерекшеленеді. Ауылшаруашылық статистикасынан 1928 жылдан бастап Жетісудағы мал басының күрт кемігенін көруге болады. 1929, 1930 жылдардағы ет дайындау жоспары, шаруаларды ет өнімдерін тапсыруға мәжбүрлеген шарттасу мал басының ондаған есе кемуіне алып келді.

Біз архивтен кездестірген, 1930 жылдың аяғында жолданған деп шамалауға болатын Қайыпназаров деген әзірлеген құжат «Шекара аудандарының саяси және экономикалық жағдайы және шетелге көшу туралы» деп аталған. «Шифр құқында, қайтарылып берілуге тиіс!» – деген белгі қойылған аса құпия хатта Семей, Алматы округінің 10 шекаралық ауданының жағдайы талданған. Құжатта: «Шекара бұзушыларға қарсы қатал шаралардың ешқайсысы босқындар ағынын кемітетіндей нақты нәтиже берген жоқ. Жүргізілген шаралар ең қатыгез түрде болды: жыл бойына Іле округімен шекарада Қытай территориясына заңсыз өткісі келген 1000-нан артық адам өлтірілді. Қызыләскер-шекарашылар тарапынан 10 адам шығын болған. Ұрыс даласында өлтірілгендер арасында еркектер мен әйелдермен қатар, балалар да болған»,

делінген. Шынайы сан бұдан әлдеқайда көп болды деуге негіз бар. 1930 жылы босқындардың кеңес шекарашыларының қолынан қаза табу оқиғасы Қаратал ауданында да болды. Сол жылдың қазан айының басында күздің алғашқы қары түсісімен қазақтар мен дүнгендерден әртүрлі шекаралық аудандарда құралған 40-қа жуық отбасы Қытайға өтуге бел буған. Шыңжаңға Іле аңғары арқылы өтпек болған босқындар көшіне Текелі қаласынан бастап өкшелеп қуған шекарашылар отряды оқ боратады. Босқындардан 9 отбасы ғана құтылып, біразы оққа ұшып, тағы бір бөлігі тұтқынға түскен. Кейінірек бұл қанды оқиғаны тергеген жұмысшы-шаруа инспекциясының бақылау комиссиясы ОГПУ тарапынан бір-біріне кереғар мәліметтер берілгенін көрсеткен. Баянаттардың бірінде өлтірілгендер саны 18, оның үшеуі бала, белгісіз мөлшерде әйелдер болғаны айтылса, екінші қызметкердің жауабында 19 адам көрсетілген.

Енді өңірлік комиссия тарапынан зерделеу жұмыстарының нәтижелілігін арттыратын ұсыныстарға тоқталсақ. Шығыс Қазақстан облысына қарасты шекаралық Аякөз, Үржар, Мақаншы аудандары 20-30-жылдарда Алматы округіне, облысына қарағаны белгілі. Екі облыста зерттеу жүргізіп жатқан өңірлік комиссиялар жұмыс топтарының өзара үйлесімді қарым-қатынасы маңызды. 1931 жылғы Аякөз көтерілісіне аудандағы тұтас бастауыш партия ұйымы қатысып, Қытайға босқан деректер бар. Қазір сол мәліметтерді толықтыратын Шығыс Қазақстан облысы мұрағаттарының құжаттарына мұқтаждық туып тұр. Шектесетін облыстар өңірлік комиссияларының өзара тиімді қарым-қатынасының зерттеулерге көмегі зор болар еді. Келесі ұсыныс Алматы округінен ірі байлар санатында Орал округіне жер аударылған 80-ге жуық әулеттің тағдырына қатысты. Қыс көзі қырауда жазықсыз жаза тартып, аш-жалаңаш босқандардың қаншасы Оралға барар жолда, қаншасы Орал маңында мерт болды. Оралға жеткендердің біраз бөлігі Сібірге айдалған. Шалтабай Құдайбергенов пен Шөжеғұл Қадырбаев айдаудан қашып келіп, Алматы округіндегі көтерілістерді басқарған. Осыған орай Батыс Қазақстан облысының өңірлік комиссиясының жұмыс топтары Алматы округінен жер аударылғандарға қатысты архив

құжаттарымен, өзге де мәліметтермен бөліссе, жөн болар еді. Алматы облыстық комиссия мамандары өз тарапынан Алматы округіне жер аударылып, қуғындалған Орал округінің ірі байлары саналған әулеттерге қатысты құжаттарды ұсына алар еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлттық сананы жаңғырту үшін айрықша маңызды XX ғасырдағы кеңестік зұлмат құрбандарын толық ақтау жөніндегі бастамасы келелі міндет жүктеп отыр. Сол міндетті тиянақты жүзеге асыру тарихшылар қауымының, өлкетанушылардың, БАҚ өкілдерінің, жалпы көпшіліктің үйлесімді іс-әрекетін талап етеді.

(Еркін Стамшалов, «Егемен Қазақстан» 2-ші. 5 қазан 2021 ж.)

ЖЕТІСУ ТАРИХЫНА ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Егеменді ел болып етек жеңімізді жинап, әлем көшінің бел ортасында келе жатқанымызға да отыз жылдан астам уақыт болды. Ақын Жұбан Молдағалиев айтқандай «мың өліп, мың тірілген қазақпыз». Осы ұлы көште, тәуелсіздік жолында қазақ елінің басынан небір дүбірлі оқиғалар өткені тарих толқынынан белгілі!

Осы қастерлі тарихымызды саралап, ұлттық сананы жаңғырту мақсатында президентіміз Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлының 2020 жылы 24 қарашада саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жайында жарлығы шықты. Мемлекет басшысының XX-ғасырдағы кеңестік зұлмат құрбандарын толық ақтау жөніндегі ел алдындағы бастамасы келелі міндетті жүктеп отырғаны айқын. Осы тұрғыда Алматы облысының ішкі саясат басқармасы, Жетісу облысының ішкі саясат басқармасы, «Қоғамдық даму орталығы» КММ, «Арыс» қоғамдық қоры, «ЖЕТІСУ ТАРИХЫ: ЖАҢА КӨЗҚАРАС» тарихи-танымдық ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асыруда. Бұл жоба Тәуелсіз Қазақстанның шынайы да толыққанды тарихын жазып шығудағы архив деректеріне әрі көзкөргендердің естеліктеріне негізделген қанат қақты бұл көлемді әрі тұңғыш ғылыми-танымдық зерттеу жоба. Оның басты ерекшелігі – қарапайымнан күрделіге қарай, яғни әрбір ауыл, аудан тарихы мен жекелеген тұлғалардың ғұмырнамалық шежіресін зерттеу

арқылы тұтас өңірдің, яғни Жетісудың толыққанды тарихи шежіресін жасақтау болып табылады.

Осы орайда ауа райының қолайсыздығына қарамастан шағын экспедиция оңтүстік астана Алматыдан табиғаты ерекше Жетісу өңіріне жол тартты. Экспедицияның жетекшісі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қазақстан тарих кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Нұрпейіс Талдыбек Әліұлы, мүшелері – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік мемлекеттік комиссия жұмыс тобы жетекшісі, Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты PhD-докторанты Стамшалов Еркін Иманғазыұлы, осы мақаланың авторы – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, өлкетанушы Қарабасов Жандарбек Қырықбайұлы және Жетісу облысының Қоғамдық даму басқармасы ММ-нің Қоғамдық келісім КММ-ң бөлім басшысы, қоғам қайраткері, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Сансызбай Құрметбек Сансызбайұлы. Сапар барысында 11-15 желтоқсан аралығында Алакөл, Сарқан, Ақсу, Қаратал аудандарын араладық. Жол бастап, аудан басшысының орынбасарлары мен әкімшілік қызметкерлерімен хабарласып, үйлестіріп отырған Сансызбайұлы Құрметбек ағамыз болды. Жер жаннаты Жетісудың жоғарыдағы аталмыш төрт ауданын аралағанда небір қызықты да, тағылымды оқиғалардың куәсі болдық, конференцияға жиналған қауымның жалпы тарихқа оның ішінде өлке тарихына деген қызығушылығын байқадық, әсіресе жастардың ден қоя құлақ асқандары бізді қуантты.

Ғылыми-зерттеу экспедициясының Алакөл ауданындағы күні аудан әкімінің орынбасары **Төлеужанов Мәулен Төлеубекұлының** қабылдауынан басталды. Алакөл аудандық әкімшілігі мәжіліс залында өткен жиынға 60-қа жуық жергілікті өлкетанушылар, тарих, тіл-әдебиет пәндері мұғалімдері, ақсақалдар, аудандық кітапхана, газет қызметкерлері қатысты.

Ғылыми-зерттеу экспедициясының қатысушылары жиналғандарға жобаның мақсаты туралы хабарлама жасады. Алдымен сөз алған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, тарих

және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі **Нүрпейіс Талдыбек Әліұлы** Жетісу тарихының өзекті мәселелеріне тоқталды. Жетісу өңірінің отарлануынан бастап, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, тарихи орындар туралы баяндай келе сөйлеуші ғылыми-зерттеу экспедициясының мақсатын таратып айтып берді. Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерін қайта зерделеу үшін құйма құлақ қарттар, өткен тарих деректерін жинастырып, басып шығару, ұлт кәдесіне жаратудың маңыздылығына тоқталды. Өткен ғасыр басындағы орыс жазалау отрядтарының қазақ ауылдарына қырғидай тиген тарихи оқиғаларын баяндай келе, осы Алакөл ауданында кеңестік саясатқа қарсы шықты деп жазаланған Алиасқар Басшығұлов туралы мәлімет бар екенін айтты. Жиналғандарға өлкетанушылық бағыттағы зерттеулер қорытындыларын, баяндамаларды «Жетісу тарихы» ғылыми-ақпараттық сайтына орналастыру мүмкіндігін айтып өтті (*// jetisu-tarih.kz*).

Ғылыми-зерттеу экспедициясының мүшесі Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік мемлекеттік комиссия жұмыс тобының жетекшісі, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты phd-докторанты **Стамшалов Еркін Иманғазыұлының** хабарламасында Жетісу өңірінің, соның ішінде Алакөл өңірінің ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы тарихына қатысты мәліметтермен бөлісті. Баяндамашы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның атқарып жатқан жұмыстарының қорытындыларымен бөлісіп, өңірдің өткен ғасырдың 20-50 жылдардағы түрлі тарихи катаклизмдердегі жайын әңгімеледі. 1930 жылдың басынан күштеп ұжымдастыруға, шаруашылық-саяси науқандарға қарсылық ретінде бұрқ ете қалған шаруалар көтерілістері, шекаралық аудандарда босқыншылықпен астасып жатты. Колхоздан, ауыр дайындау жоспарларынан, жалпы кеңес өкіметінің қысымынан қашқан босқында қарулы отрядтар көмегімен шекара асып жатты. ОГПУ мәліметтерінде Бүйен Ақсу, Алакөл, Сарқан аудандарында асыра сілтеу орын алғаны баяндалады. 1930 жылдың ақпан айында Бүйен – Ақсу ауданының №1-4, 6, 12, 13 ауылдарынан жиналған 500-дей шаруа, №3 ауылдың тұрғыны, бұрынғы болыс

басқарушысы Бисетай Қылиевтің басқаруымен көтеріліске шықты. Көтерілісшілерді Қаратал, Сарқан аудандарының бірқатар ауылдарының М.Бұрханов, Р.Бөтебаев, С.Өтегенов бастаған шаруалары қолдады. ОГПУ мен жазалаушылар тарапынан көтерілісшілерге қарсы тұрақты армия бөлімдері, әскери авиация пайдаланылғаны айтылды. Алакөл өңірінің шекаралық пункттерінде Қытайға босқыншылыққа ұшыраған халық қырғынға ұшырады. Қапал, Абакумовка, Сарқан, Покатиловка, Алакөл мекендерінде Бурханов, Өтегенов, Т.Тұрысбеков, Б.Қылиев, Қ.Қылиев, С.Қылиев, И.Дүйсебаев (Антоновка), Қожамет Әділбеков (Арасан), М.Дулатов, Қ.Байдашевтердің халық көтерілісіне басшылық жасағаны баяндалды. Аштықтан, түрлі күштеу, шаруашылық-саяси науқандарынан мезі болған халық Қырғызстан, Қытай елдеріне басты. Алакөл, Бүйен Ақсу, Қапал, Ақсу, Қаратал, Қызылағаш, Сарқан ауданы аумағы 1930 жылдың көктемінде соғыс даласына айналды. Кеңестік өкімет жергілікті наразы шаруаларға қарсы тұрақты армия бөлімдерін, әскери авиацияны пайдаланды. Екінші дүниежүзілік соғысы басталған кезде алғашқылардың бірі болып Кеңестер одағының батыры атағын алған Илья Павлович Мазарук Алакөл, Бүйен-Ақсу, Сарқан ауданында №126 әскери самолетпен жергілікті халықтың наразылығына қатысушы шала қаруланған адамдарға әуеден оқ боратып қырған. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Жетісу облыстық комиссия Жетісу өңірінде жалпы саны 23 ірі халық көтерілісі болғанын анықтады. Мыңдаған шаруалар өз туған жерлерін тастап, шетелге басты.

Келесі экспедицияға қатысушы Қазақстан журналистер одағының мүшесі, өлкетанушы **Қарабасов Жандарбек Қырықбайұлы** Жетісу тарихына қатысты жарық көрген еңбектерімен таныстырып, өлке тарихының әлі толық зерттелмей жатқан мәселелеріне тоқталды. Хабарлама жасаушы өз сөзінде Ыбырайым Жайнақов, Мұхамеджан Тынышбаев, Тұрар Рысқұловтардың Жетісудағы тарихи оқиғалардағы ролін баяндап өтті. Өлкетану бағытындағы зерттеулердің маңызына тоқталған сөйлеуші, Алакөл өңірінің тарихын жазуды жергілікті көнекөз қариялардың, қолда сақталған деректердің маңыздылығын баса

айтты. Жергілікті өлкетанушылардың белсенділігі аса маңызды екені айтылды. Экспедиция қатысушыларының сөзінен кейін жергілікті ақсақалдар, өлкетанушылар, тарихшы ұстаздар сөз алды. Экспедиция қатысушыларының сөзінен кейін жергілікті ақсақалдар, өлкетанушылар, тарихшы ұстаздар сөз алды. Алдымен сөз алған **Жұманов Жәніс Қабдолдаұлы** Алакөл өңірі тарихының әрі зерттелмей жатқан қырлары көп екеніне тоқталды. Саяхатшы, тарихшы Шоқан Уәлихановтың Алакөл өңірін зерттеуге келген 3 сапары жайлы мағлұматтарды жүйелеп жазып жүргенін айтып өтті. Жоңғар-қазақ қарсы тұруының 200 жылдан астам уақыт тіресінің тарихи куәләрі туралы жазылмай жатқанына қынжылыс білдірді. Қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновтың Алакөлге сапарында атпен 100 шақырым жүріп өткені туралы мәліметті ортаға салды. Алакөл аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сатай Нұрмұқашұлы Бекмұратов та қатысып, экспедиция мүшелеріне ризашылығын білдіріп жатты.

Келесіде, экспедиция қатысушыларына сұрағы бар екенін айтқан Алакөл ауданы Ақтүбек ауылының тұрғыны, зейнеткер-ұстаз, тарих пәнінің мұғалімі **Қаршыға Түгелова** өлкетанушы ретінде жергілікті тарихқа қатысты, соның ішінде шерлі тарихқа қатысты зерттеу қорытындылары туралы әңгімеледі. Оқушылардың «Солақай саясаттың куәгерлері» ғылыми жобасына жетекшілік жасап жүріп, Қ.Түгелова Алакөл ауданына танымал Баекенов Сары, Баекенов Алиасқар туралы зерттеу жүргізген екен. 30-жылдар халық көтерілісіне қатысқан, босқын болған олар 40-жылдары елге оралып, банда ретінде ұсталып, сотталған. Сібірге (әлде Карлаг) айдалып, содан қайтып оралмаған. Жергілікті Тоқпақ руының көнекөз қариялары ерліктерін аңыз қылып айтатын ағайынды тұлғаларды қалай ақтау мүмкін екені сұралды. Жақын күндері тұсауы кесілген Ахмет Кендірбекұлының «Атамекен Алакөл» энциклопедиялық анықтамалығында мәлімет бар екенін айтты. Онда: Байкеұлы Сары (1887 жылы Жайпақ ауылы – өлген жылы белгісіз) Алакөлде балуандығымен, мергендігімен аты шыққан. Кеңес өкіметінің кәмпескелеу науқанына көнбей, ағайын-туыстарын қызылдармен атыса жүріп шекарадан Қытай елінің Шомбықарағай деген жеріне аман-есен алып өткен, 1945

жылы қыс кезінде 300 үйді бастап кері оралған, ұсталып, айдалып кеткен. Байеке болыс осы кісінің әкесі болуы керек, ол да 1928 жылы Қытайға өтіп кеткен. Уақтан шыққан, Садыр руының 7 болысын басқарған. Экспедиция қатысушылары Байекеұлы Сары, Алиасқарды ақтаулы бойынша ақпарат беріп, тиісті құжаттарды іздеу керегін айтып өтті.

Ұшарал қаласының тұрғыны, тарих пәнінің мұғалімі, Желтоқсан ардагері Бағлан азамат осы аудандағы тарихшылар қауымдастығының жетекшісі екенін айтып өтті. Аудан тарихына қатысты өлкетанушы ретінде ізденістерінің қорытындыларымен бөлісіп, болашақта ынтымақтаса жұмыс істеуге мүдделілік танытты.

Алакөл ауданындағы ғылыми-зерттеу экспедициясының жұмысы аудандық кітапханада жалғасты. Экспедицияға қатысушылар жергілікті өлкетанушылардың жарық көрген еңбектеріне мониторинг жасады. Аудандық кітапхана меңгерушісі Жанар Мәлсқызы аудандық кітапхана, мәдениет үйі қызметкерлерімен кездесу жиынын ұйымдастыруға ұйытқы болды.

Алакөл аудандық архив Қабанбай ауылында орналасқандықтан, экспедиция қатысушылары сол елді мекенге беттеді. Архив меңгерушісі **Эльмира Мейірманқызы** және архив қызметкерлері архив қорларымен таныстырды. Алакөл ауатком қорлары, қылмыстық істер бойынша сот істері қаралды. Қабанбай ауылында тұратын өлкетанушы, тарих пәнінің мұғалімі **Қасен Данияр Абайұлы** экспедиция қатысушыларын іздеп келіп, жолығып өзінің Алакөл өңірі археологиялық ескерткіштерін зерттеумен айналысып жүргенін айтты. Экспедиция мүшелері байланыс алмасып, ғылыми-зерттеу экспедициясы Сарқан ауданына қарай жалғасты.

Сарқан сапары барысында экспедиция қатысушыларының сөзінен кейін жергілікті ақсақалдар, өлкетанушылар, тарихшы ұстаздар сөз алды. Сарқан аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы **Жанасбек Қадыл Тұрысбекұлы** жобаға байланысты өз ырзашылығын білдірді. Өлкетанушы-ақын, аудандық газеттің редакторы **Игіман Жомарт Мақатұлы** тарихи-

өлкетанушылық жобасының халыққа керек екенін, Сарқан ауданындағы 30-жылдардағы «Бөрібай көтерілісінің» ақпарын айтып өтті. Шетелге босып кеткен «Бөрібай көтерілісінің» қатысушыларының кейін елге қайтадан оралған кезінде «қанышерлердің ұрпағы» аталғанын айтып өтті. Сарқан ауданы мектептің тарих пәнінің ардагер мұғалімі **Есбала Сүдірбаева** мектеп аясында оқушылардың ғылыми жобаларына жетекшілік жасап жүріп, жүргізген өлкетанушылық зерттеулерінің нәтижелерін ортаға салды. «Сарғайған хаттар сырт шертсе» деген жоба бойынша екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Қарауылтөбе орта мектебін бітірген түлек, 1940 жылы әскер қатарына алынған майдангер **Әуелбек Ахметов** туралы материалдарды әңгімелеп берді. Майдангердің 1942 жылдың 25 шілдесінде үйіне жолдаған сағыныш хаты патриоттық тәрбиенің ұстыны болуға жарайтынын айтты. Сөйлеушінің қолында осы хаттың түпнұсқасы бар екен. Хат латын әліпбиімен жазылған. Экспедиция қатысушыларына жинақтаған өлкетанушылық материалдарын ұсынған Е.Сүдірбаеваға зерттеушілер бұл материалдарды Сарқан аудандық архивіне сақтауға беру туралы кеңес берілді. Е.Сүдірбаева өз атасы **Мұқаш Керейбайұлының** 30-жылдары ұсталып кеткенін, кейін еш хабар болмағанын баяндады. Сарқан аудандық кітапханасына оның басшысы Гүлнәр Мерхатқызы арқылы «Арыс» қоры жариялаған тарихи әдебиеттер сыйға тартылды.

Экспедиция қатысушыларының бұдан арғы жұмыстары Сарқан аудандық архивінде жалғасты. Архив директоры **Карипова Маржан Имангелдіқызының** хабарлауынша, Сарқан архивінде көбіне жеке құрамға байланысты құжаттар қоры сақталған екен. Мөлшері шағын ауатком құжаттарының хронологиясы 1953 жылдан басталады. Архив жетекшісіне кітапханадағы жиында сөз сөйлеген Е.Сүдірбаеваның қолында құнды құжаттар мен деректердің бар екені айтылып, ұстаздың жеке тектік қорын жасақтау туралы ұсыныс айтылды. Белгілі қаламгер, өлкетанушы-журналист, ақын **Игіман Жомарт Мақатұлының** «Саялы төрім – Сарқаным» кітабы ғылыми-зерттеу экспедициясы қатысушыларына сыйға берілді.

Ақсу өңірінде экспедиция қатысушыларының сөзінен кейін жергілікті ақсақалдар, өлкетанушылар, тарихшы ұстаздар сөз алды. Ғылыми-зерттеу экспедициясының Ақсу архивіндегі жұмысы жалғасты. Жетісу облыстық мемлекеттік архиві КММ Ақсу филиалының директоры Гүлжан Мейрамбекқызы Мейрамбекова қор құжаттарымен таныстырды. Ақсу архивінде 225 қор, 50615 сақтау бірлігі бар. 101-қор (Аксуйская районная финансовый отдел), 1-тізімде 1931 жылғы Ақсу ауданы байларының жеке карточкалары орналасқан. Экспедиция қатысушылары Алматы өңірлік комиссия хатшылығының арнайы сұрау салуына көшірмелер әзірлеп беруге дайын екендіктерін айтты. Архив басшылығы ұсынған Ақсу ауданының тарихы туралы анықтамалыққа сәйкес, ҚазОАК төралқасының 1930 жылғы 3 қарашадағы қаулысымен Бүйен - Ақсу, Бәрібаев, Сарқан аудандары бөліктерінен Ақсу ауданы құрылған. 1933 жылы Ақсу ауданында 23296 тұрғын тұрса, оның 583-і орыс, 22597-і қазақ, 116-ы басқа ұлттар болған.

Ақсу ауданы мектебі тарих пәнінің мұғалімі Қайрат: «Мамания» мектебінде жетекші болған **Қанания Махметов** (ақталған) туралы қосымша мағлұматтар іздестуруді сұрады. Ақсу ауданы мектебінің тарих пәнінің мұғалімі **Өркен**: Бөрібай көтерілісінің қатысушысы болғаны үшін айдалып кеткен **Ысқақұлы Досымбек** туралы мағлұматтар қарастыруды өтінді.

Ақсу аудандық кітапханасындағы кездесу экспедиция қатысушыларының Ақсу ауданына қатысты өлкетанушылық әдебиеттерді саралаумен жалғасты.

Экспедиция соңғы күні ат басын Қаратал ауданының орталығы Үштөбе қаласына бұрды. Мұнда да жоба барысындағы кездесу өте қызықты, мәнді өтті. Экспедицияға қатысушыларының сөзінен кейін жергілікті ақсақалдар, өлкетанушылар, тарихшы ұстаздар да өз кезегінде сөз алды. Алдымен сөз алған аудандық ақсақалдар қоғамының төрағасы **Рахымғали Өтегенов** жоба маңыздылығын атап көрсетіп, жергілікті өлкетанушылардың ізденістерінен мысал көрсетті. **Қараша Қараман «Қаратал ақтаңдақтары»** кітабын жарияласа, **Шорман Қабдырахманұлының «Бодандық»**

атты тарихи-деректі кітабы жарық көрген. Қаратал ауданы Үштөбе қаласы №13 мектептің тарих пәнінің мұғалімі **Гүлнәр Жаңабаева** оқушылардың ғылыми зерттеу жобасы аясында саяси қуғын-сүргін құрбаны болған жергілікті тұлғалардың өмірі мен қызметіне зерттеу жүргізген тәжірибесімен бөлісті. Ғылыми-зерттеу экспедициясының бұдан арғы жұмысы Қаратал аудандық архивінде, қалалық кітапхада жалғасты. Қаратал аудандық архивінде жалпы саны 161 қор, 43399 сақтау бірлігі бар. Архив директоры **Жанат Қайыпқызы Кутушева** мұрағаттың жеке құрам бойынша ғана істер сақталғанын баяндады.

Негізі қайсы бір мәлімет болса да өте құнды. Дегенмен, Ақсулықтардың Сағабүйен жерінде интернатта жатып аштықтан қырылған 90 бала жайында және жантүршігерлік оқиғаға ескерткіш орнатылғаны жайлы айтқан мәліметері адамды селт еткізіп, көзге жас ұялатты. Сонымен бірге, Қарауылтөбеде тастан қашалған тоғызқұмалақ ойынының тақтасының бар екені біздерді тәнті етті. Талдықорғаннан өтіп Үштөбеге барар сапарымызда Көксу ауылының тұрғыны Бағлан баламыз келіп жолықты, ол әкесінің қолжазбасы мен ескі құран кітаптарын алып келіп таныстырды. Экспедиция барысында халықтың сан қырлы қатпарланып жатқан тарихымызға қызығушылығын байқадық, әсіресе жастардың ыждахатпен қатысқандары бізді қуантты! Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «...Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек. Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуі тиіс» – деп айтқанын әрқашан есте ұстауымыз керек (*Жандарбек Қарабасов. «Жетісу» 2-ті. 12-қаңтар, 2023 жыл*)

ҚАСТЕК ЖӘНЕ ҚОРДАЙ АУДАНДАРЫН- ДАҒЫ КОЛЛЕКТИВТЕНДІРУГЕ ҚАРСЫЛЫҚ

ОГПУ құжаттарында бұл аудандардағы наразылыққа бәрінен бұрын байлар кіналанады. Оларда Қастек ауданының бұрын қуғын-сүргінге ұшыраған кәмпәскелеу науқанында Орал округіне жер аударылған, бірақ жасырын қайтып оралған «жартылай феодал» Құдайбергенов Шолтабай, сондай-ақ қамаудан қашып шығып елге келген Байғарин Әміржан, Тоғанасов Қайнаш, ағайынды Жантаевтар Башқай және Омарбек, Исаев Мәшәріп тәрізді кісілердің тау арасында қарулы отрядтар ұйымдастырып, ұрлық-қарлықпен айналысты төңіректің тыныштығын бұзғаны әнгімеленген.

Бұл адамдар сонымен қатар Қастек ауданындағы №10, 11, 12 ауылдардың байларымен байланыстар орнатқан. ОГПУ деректерінде жасырынып жүрген байлардың аталған ауылдардағы Шарықшынов Еңкелет және Сейілхан, Жақайбиев Рақымбай, Мырзалиев Айдаболсын тәрізді кісілермен 1931 жылдың сәуірінің басында түнде халықты көтеріліске көтеруге келіскендері айтылады. Бірақ ОГПУ-дің тергеу кезінде зорлық-зомбылық жолымен өндіріп алған осы «тұжырымдарын» дәлелдейтін деректер архив қорынан кездесе қоймады.

Дегенмен де, жоғарыда аталған ауылдарда арада біраз уақыттан кейін 1931 жылдың маусым айында халық наразылығы көрініс берген. Қастеков Оразалы деген басқарған шаруалар 20 маусымда Комсомол атындағы колхоздың кеңсесіне баса көктеп кіріп, ауылдық кеңсесін өртеген, кооперативтерді талқандап, олардағы тауарларды өзара үлестіріп алған. Мұнан соң олар «Ұмтыл» колхозының малдарын алдарына салып, дүркіретіп айдап әкеткен.

Аудан орталығында шұғыл ұйымдастырылған комсомолдар мен коммунистерден тұратын коммунистік отряд екі рет, алғаш 17-18 маусымда және 5 шілде де жалпы сандары 300-дей адамға

жеткен көтерілісшілер отряды мен №11, 12 және 14 ауылдар маңында қақтығыстарға барған. Қарулы қарсылыққа тап болған коммунистік отрядтар атыстан қаймығып, Отар темір жол стансасына қарай шегіне қашқан. Бірақ көп кешікпей көмекке келіп жеткен Қызыл әскер бөлімдерімен Аңырақай тауында болған екі шайқастан кейін көтерілісшілер талқандалған. Бірақ, бұдан соң да ауылдар тыныштала қоймады. *(Талас Омарбеков. «Ақиқат» журналы №4. 1993 жыл. 60-62-беттер)*

ҚАСТЕК ЖӘНЕ ҚОРДАЙ АУДАНДАРЫН- ДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУҒА ҚАРСЫЛЫҚТЫ ҚУҒЫНДАУ

1931 жылы маусымда Қастек ауданындағы «Комсомол» атындағы колхоздың кеңсесіне кеңестік биліктің күшті шараларына наразы халық баса-көктеп кіріп, ауылдық кеңес кеңсесін зертеген, кооперативтерді талқандап, олардағы товарларды өзара үлестіріп алған. Мұнан соң олар «Ұмтыл» колхозының малдарын айдап әкеткен.

Аудан орталығында шұғыл ұйымдастырылған комсомол мен коммунистерден тұратын коммунистік отряд екі рет, алғаш 17-18 маусымда және 5 шілдеде жалпы саны 300-дей адамға жеткен көтерісшілер отрядымен №11, 12 және 14-ауылдар маңында қақтығыстарға барған. Қарулы қақтығысқа тап болған коммунистік отрядтар атыстан қаймығып, Отар темір жол станциясына қарай шегіне қашқан. Бірақ көп кешікпей, көмекке келіп жеткен Қызыл әскер бөлімдерімен «Аңырақай» тауында болған екі шайқастан кейін көтерісшілер талқандалған. *(ҚР ҰҚҚА. 158-т, архив №49, 1-т., 245-246 н.)*

Бұдан соң да ауылдар тыныштала қоймады. 12 қыркүйекте Қордай ауданының «Ұмтыл» ауылындағы көтеріліс, оған 200-дей адам, яғни барлық колхозшылар, соның ішінде кейбір коммунистер және комсомол мүшелерінің көпшілігі қатысты. Көтеріліс кезінде осындағы аудандық партия комитетінің

астық дайындауға байланысты жүрген уәкілі Айтеков Зайтты көтерісшілер атып өлтірген. Көтерілісті бастаушылар Қордай ауданындағы көрші «Оян» және «Алға» ауылдарының және Шу ауданындағы «Жыланкөз» ауылының шаруаларының қолдауына сүйенеміз деп дәмеленеді, оларға шабармандар жібереді.

Бірақ бәрі керісінше болып, «Алға» ауылының белсенділері ұйымдастырған коммунистік отряд көтерілісті келіп басты. Көтеріліс басшылары Ырғайты тауына келіп, жасырынып жүрген басқа шаруаларға қосылды. Көтерісшілердің бұл топтары 1931 жылдың шілде айынан желтоқсанға дейін осы өлкеде жортуылдап, Қызыл Армияның бөлімдерімен және коммунистік отрядтармен бірнеше рет қарулы қақтығыстарға барған.

Алайда 23 қарашада Долаңқара елді мекенінде кенеттен пайда болған самолет көтерісшілерді оқтың астына алған. Мұның өзі көтерісшелер тобын дүрліктіріп, өлімнен аман қалғандарын тоз-тоз етіп, ұсақ топтарға бөлшектеп жіберді. Көтеріліс қатал жазаланды. Жалпы жазалауға келсек, барлығы 250 адам көтеріліске қатысты деген кінәмен тұтқындалды. Қазақстан ПП ОГПУ-нің Ерекше үштігінің 1931 жылғы 23 қарашадағы, 1932 жылғы 28 қаңтардағы және 19 ақпандағы қаулыларымен 28 адам ату жазасына кесілді. 107 адам 1 жылдан 10 жылға дейінгі әртүрлі мерзімдерге еңбекпен түзету лагерьлеріне қамалды. Қазақстанның өз ішіндегі аудандарға 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімдерге 11 адам жер аударылды. Алдын ала тұтқында отыру мерзімі есебінен 22 адам босатылды. 1 адам 3 жыл мерзімге еңбекпен түзету лагеріне шартты түрде сотталды. *(Талас Омарбеков. 1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері. «Арыс» баспасы, 2018 ж. 472-473-беттер)*

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС ПЕН СМАТАЙ БАТЫР ЖАЙЛЫ ДЕРЕК

(Құнды қолжазба қаз-қалпында)

Мен Айнакулов Қ. 1891 жылы туылғанмын. Негізгі туылған жерім Ақтерек. Мен кедей дикан шаруасымын. Әкем Айнақұл 1898 жылы өлді. Шешем Талшыбықтың тәрбиесінде өстім. 1898 жылдан малайда болып, 1915 жылы малайшылықтан шығып, диканшылықты кәсіп еттім. Мен Айташұлы Тұрысбек, Андасұлы Байтал, Серібайұлы Бәймен, Серібайұлы Әдей, Мұсақан, Тоқтақынұлы дегендерде малайшылықта күн көрдім.

1915 жылдан атжалын тартып мініп жүріп, 1916 жылдың июнь айының 12 күні Николай патшасының ақтарының шабуылына қарсы біріккен кедей шаруалардың күресіне қатыстым. Себебі: біздің біріккен кедей шаруаның баласын зорлап, окоп қазуға айдамақ болды. Біз соғысқа бармау үшін сол уақыттағы Маркс-Энгельстің, кешегі өткен көсеміміз Лениннің басшылығымен Романовтың тұқымы Николай патшасына қарсы тұрдық.

Көлқамыс деген жерде (қазіргі Ақтерек) сонда бізді Ырғайты болысы дейтін 12-ауыл аталатынбыз. Қордай ауданынан Кенен Әзірбаев, Көшекбаев дегендер бір қанша кісіні бастап келді. Шу ауданынан Бөке Базарбаев, Садық Түкшіқұртов деген азаматтар бір қанша кісінін бастап келді. Ырғайты елі 11-12-ауылдан Али Нұрғожаев, Байназар Тоғанасов, Сейдалы Орманов, Жарылқасынбай Тәжиев, Төлек Жанұзақұлы, Әділбай Әдекеұлы, Жантұрсын Мәсірханұлы, Көлшібай Жұмашұлы, Тайлыбай Байсалбайұлы, Айнақұлұлдары бір қанша біріккен кедей-шаруалармен үш ауданның азаматтары бірігіп осы Көлқамыс деген жерде үлкен көтеріліс болды. Онда Көлқамыс деген (Бекет аталатын. Бекет деген – орталық байланыс үйі). Бұл байланыс үйін Арсений, Бабыл деген орыстар билейтін. Осы жерге келіп кіріп алып біздің кедей шаруалармен соғыс болды.

1916 жылы 17 июнь күні Байназар Тоғанасов, Көшекбаев деген екі жолдасымызға оқ тиіп қаза болды. Боқбасар Нұрбекұлы, Сейдалы Орманұлы екеуіне оқ тиіп жараланды. Қалың бұқара бұлар өліп жараланғаннан кейін түгелдей шабуылға шықтық

бекетке. Бірақ күн батып кетті, түнге айналды. Бекетке тығылған оқ атушы ақтар қаша бастады. Шабуылшы қуып іздеп жүріп түнгі сағат 12 шамасында 1 пошталионды таптық, мұны сол уағында ұстап алып туысы Ақшора деген атадан Ақбұзау дегеннің Шыңырау құдығына салып жібердік. 4 адамның біреуі сол күндегі билеуші төре аталатын, біреуі төренің әйелі, біреуі сол төренің (старшын) аталатын адамы. Біреуі байланыс бөлімінің баласы екен, мұны түнде ұстап алып жүргеннің ішінде Нұрғожаев Али бар. Әйнебек, Байториев Есімқұл, Айнақұлов Қаймолда деген кісілер бар, біз небәрі 12 адам болатынбыз. Міне сонымен 18июнь күні көтеріліс күшейіп, атыс үдей түсті. Біз алды алдымызға қаша бастадық. Ақтар көбейіп қалды. Ақтардың ішінде жандарымдар болды. (Милиция орны) Алғожа, Нүрпейіс деген тағы басқалар бар көрінеді. Мен сонда 19 июнь күні тауға 42 кісімен қашып шықтық. Ату күшейіп, өлім көбейді. Біздің ішімізде бір қанша азаматтар болды. Ат тонын аямаған Нұрбек Макөшұлы деген кісі болды. Мұңайтбек Солтанайов, Бекбала Дүйсенбаев, Әділбек Жайсаңбайев, Төлек Мырзалиев, Жарылқасынбай Тәжиев, Әділбай Әдекиев, Масурханов Жантұрсын, Жұмашов, Айнақұловтар болып 40 күн ішінде ату тоқтағаннан кейін келдік. Біз келсек Көлқамыс бекетінде байланыс үйінде тұратын жігіттерден 12 жігітті өздеріне (ақтар) окоп қаздырып, жіберіп артынан жеке-жеке байланыс үйіне келген ақтардың ішіндегі төрелер шақырып алып, атып 12 жігітті өлтіріп, бір окопқа салыпты. Ішінде Маулбай деген Бөшеннің ұлы өте кедей шаруаның жоқшысы еді.

Бұдан кейін Сарқойын деген жерде 17 кісіні бір-ақ атыпты ақтар. Мұның ішінде Торытай Қалкешұлы деген бар, бұдан соң Сулықоянды сайының аузында Қалукел Мұстапа баласын атыпты, Сыбанқұл Тойшыбеков екеуін. Содан Көлқамыс бекетінің жанында Манапбай Саурықұлы, Аманбай Әбденұлы, Найзабек деген және қасында бір кісі бар 4 кісіні бір атып бір құдыққа салып жіберіпті. Міне, осы мен ату аяқталып үріккен елдің жақын арадағысы қайта келіп қонысына қонып жатты. Осы екі арада 1917-1918 жылдарға дейін жаяу бай-кедей табы болып тартысып жаттық.

1919-20 жылдары өтіп 1921 жылы январь айының ішінде мен қызметке қосылдым. Кедей – біріккен шаруалардың үстемдігі жүре бастады. Бір жылдың ішінде совет қызметіне неше мініп, неше түсіп жүрдім. 1922 жылдан бастап қызметке беки бастадым. Мұның аржағында ауқаттының балалары аударып кетіп жүрді. Сол күндегі басшылыққа ылайық 1928 жылы ірі байларды конфискацияладық. Үкімет қаулысы шықты. Қазақстан бойынша 82 бай конфисқаланып жер аударылды. 1928 жылдан 1930 жылға дейін екі арада сол уақыттағы басшылыққа ылайық бір қанша қызметтер өтті. 1930 жылы 12 майда Мойынсерік артель болып 12-ауылда ұйымдастық, бірақ, түгел ұйымдасқамыз жоқ, кедей шаруалардың қалғандары ұйымдасты. 1931 жылы 16 июнь күні онда Дегерес атты аудан едік. Ыбырайым Избасаров деген ауданнан өкіл келді. Колхоздастыру жөнінде Көлқамыс деген жерде жиналыс болып, колхоз ұйымдастыру жолын түсінбегендер көтеріліс жасап, жиналған халық тарап кетті. 18 июнь күні қайтадан ауданнан Жанғалышов, Мұратов, Избасаровтар келіп Көкмешіт деген жерде жиналыс аштық. Сол күні колхоздастыруда Калинин колхозы деген атпен аталып қаулы шығардық (бұл осы Ақтеректе). Ырғайты учаскесінде Комсомол деген колхоз ұйымдасты. Талдыбұлақ учаскесінде Ұмтыл атты колхоз ұйымдасты. Осы екі арада колхоз құрылысын түсінбегендер ұйымдасып мал сойысып Ырғайты сайының ішінде Банда ұйымын құрған екен. Бұлардың ұйымдастыруымен аяқ астынан 20 июнь күні көтеріліс басталды. (1931 ж.) Бұл банданы бастап көтерілген Сматай Орысеков, Шолпанбай Айдабосынов, Заманбек Жолдасбаев, Аманжол Ерімбетов, Әбдірайым Жолаушыбаев тағы басқалар болып банда ұйымының басшысы болып халық арасында іріткі салып 21-22 июньде Талдыбұлақ учаскесі, Ақтерек учаскесінде бандымен шаруалардың қарсыласқан күні болды. Бір қанша қырғындар болып, содан банда басқыншылардан қашып халықтың солқылдақ екі беткейлігінен станция Отар Оян ауылының советінің қарауында. Советтің председателі Монтаев Тұрлықожа деген жігіттің қамқоршылығында 3 күн болдым. Бұл жігіт мені станция Отардың НКВД-нің начальнигі Мыков дегенге ертіп барды. Содан НКВД-і арқылы 12 комотряд бесатармен, 6 ат, 2 ұй, сойыс

тамақтарымен жәрдем берді. Біздің қашып барғандарымызға онда менің қасымда Рахмет Мауабаев, Атағожаев Абназар, Нұрбеков, Заурбек, Ыстыбаев Жұман, Жалабаев Әбдікәрім, Шойынбаев Әбді. Мырзалиев Төлек, Масырқанов Ж. дегендер болды. Қордай ауданы Оян ауылында Отар бойында 3 күн болып, 4-і күні Қазақстаннан Тоқтарбаев, Ерубаев деген көтерілістің хабарын естіп НКВД інің екі милициясы келді. Июнь айының 28 күні шашылып шабылған талан таражыға түскен Ақтеректің Көлқамыс бекетіне келдік. Магазиндерді талап бандалар шашып кеткен екен. Бұларды жинастырып сол 28 июнь күні осы көшенің батыс жақ шетінде «Пұшықтөбе» деген төбеге 40 кісі келіп Құрықоянды сайының аузынан қаптасып шыққан қалың бандамен атыс болды. Бұл 9-10 күннің ішінде бандалар ұйымдасып Қордай ауданынан басқа жерлерден көбейіп қалған екен. Сол атыста Қараарша деген жердің орысы Чишкин деген банда бар екен, сол өлді бандыдан. Халық 9 күндей банданың қолында болып қалды. Содан қайта шабуылға шықтық та, Отарға барып тұрсам бір пойыз келді. Пойыз ішінде Қазақстан басшыларының біреуі Елтай Ерназаров бар екен. Осы кісіге барып арыз айтып, халықтың толық жағдайымен таныстырдым. Бұл кісі жанында ноғай жігіті секретарі бар екен. Барып НКВД-і начальнигі Мыйковке тапсырды. Елтай кеткенен кейін 30 июнь күні Қазақстанан 175 әскер келді. Дегерес совхозынан ат мініп, 11-ауылдың Сарқойын учаскесінде болды. Жергілікті советтің председателі 11-ауылда Тұрлықожаев, 12-ауылдан Айнақұловты шақыр деген бұйрықпен Көккөз Жүндібаев деген милицияны жіберіпті. Біз осы шақырумен Сарқоян учаскесінде тиісті міндеттерді атқардық. Бұл армияны басқарып келген Қазақстанның НКВД-і орынбасары Соколов деген кісі екен. Бұл дайындықты бандалар біліп қойыпты. Ертеңіне Ақтеректің аузында бандамен атыс болды. Келген отрядтың 20-дайымен ғана атыспай қарар ма екен деп шамалап едік, бұлар көнбегендіктен атыс болды. Бұнда банданың 4 кісісі өліп қапты. Абақ Маделиев, Төлеген Бутбаев, Игенбай Жиенбай, Молдақожа дегендер. Июльдің 2-3 күні келген комотрядтар Сарқойынның Текшелі деген жерімен тауға шығып банданың қарауында жүрген халықты

қайта түсіріп келдік. Ақтерек сайының аузына 5 июль күні 11-12-ауылдың жай шаруалары қонысына қайта көшіп қонды. Көкмешіт, Жаманты деген жерлерге ұйымдағы тиісті басшылыққа лайық жұмыс істеп жатты. Құрқұйысқан жұбайыл деген сияқты қамыт жабдықтар колхоздың орталығында ескі уақтағы тісағаш қалдықтары, бірең сараң соқа ұйымдасқан халықтар осымен күн көріп, егін айдап жаттық. Жоғарыда көрсетілген бандалардың тікелей халықтан бөлініп кеткені 75 адам болды. 11-12-ауылдан. Бұларға Қазақстаннан келген помочник НКВД Соколовтың ауданнан келген Ізбасаров Ыбрайым, Жанғазин Төлебаев деген начальник милиция осылардың басшылығымен тауда бөлініп қалған бандаларға туысқан-туғанынан қайтсын деген Совет басшы орындарының, аудандағы ауылдағы азаматтардан, достық сәлем жолдап хат жіберсекте қайтпай қойды. Банданың Шиен қыстағынан, Қаракемер қыстағынан, Ақтерек, Жаманты, 4 қыстақтан біріккен бандалар көбейіп қалыпты. Бұлар достық хат алып барғандарға қайтпай қойды. Мұндағы бастаушы: Сматай Орысеков, Ағыбай, Омарбек, Бошқай, Жолаушыбаев, Ысқақ, Заманбек, Аманжолов, Әміршан т.б. бұлар Ақтерек, Жаманты, Ырғайты деген таулардың арасында мекен етті. Халықтың шаруасын ұрлап кетіп кездескен колхозшы ер, әйелдерді зорлап кетіп жүрді. Сматай Орысеков бастаған бір топ банда 32 жылы май айының ішінде Моншалы сайының аузында комсомолдың секретары осы Ақтерек аулындағы Айтқожа Әлімғожаев деген секретарды өлтіріп кетіпті. Колхозшы Абдіғали Абдіраманов деген екеуін. Кейінгі кезде 35 жылы Моншалы сайының аузында Әден сайы деген жерде сүйегін жобалап жүріп жер жөнімен Қызылқорым деген жерден таптым. Бұл Айтқожа Әлімғожаевтың артқы семьялары қарып болып нашарлап келді. Айтқожадан қалған жалғыз баласы бар. Айтқожа осы уаққа дейін панасыз қалды. Ауылдағы аумайтын қайраткер азаматтардың бірі еді. 1931-32 жылдан осы ауылдағы тауда жүрген бандалар жөнінде аумай разветчик болып өлімге басын тігіп жүріп еңбек етті. Және халық арасында жүрген ескіден келе жатқан қарт партия мүшесі Байдалы Мінімтайов қазіргі уақытта 70 жаста. Кедей-шаруадан шыққан. Жоғарыда көрсетілген Орысеков Сматай бастаған

бір топ бандаларды 32-жылы январь айының 12 күні Ақтерек орталығында Жұмашов Көпшілбайдың үйінде қолға түсірдік. Мұндағы басшылық беріп жатқан Қордай ауданының, Қастек ауданының НКВДі начальнигі Қарасов, Сейтов, Сапарғали деген азаматтар болды. Бұл күнге жергілікті жерде басшылыққа жан аямай көмек берген Нұрбеков Заурбек, Жұмашов Көпшілбай, Айнақұлов Қаймолда. Мен сол жылы Қарақыстақ деген жерде советтің председателі едім. Сматай бастаған банда ұсталатынан 3 күн бұрын осы Ақтерек ауылына Қарасов, Сейтов бұйрығымен шақырылып келдім.

11 кісімен Орысеков Сматай Жұмашов Көпшілбайдың үйінде қолға түсірілді. 1-уі өліп, 10 кісі тірі түсті. 1932 жылы январь айының ішінде 1933 жылы май-июль айларында Алмалы деген жерде Абдырайым Жолаушыбаев, Аманжол Айтымбетов және Заманбек Жолдасбаев қолға түсті. Бұл бандалардың қолға түсуінде Қастек ауданының НКВД начальнигі Сейтов Сапарғали Қордай ауданының пом НКВД-сі Московкин деген орыс жігіті, Шу ауданынан Наушабаев начальник НКВД-сі, 3 ауданнан біріккен 36 комотряд болдық. Сол күндерде Ақтеректен мен – Айнақұлов, Рысалиев, Бапкенов деген Мамаев Рақым деген Шаяхметов деген жігіттер болды. Сол күнгі банданың комотрядпен атысқан ұрысында 19 кісі қолға түспей қашып құтылып кетті. Банданың ең ақыр аяғы Смағұл Алішбаев деген 1934 жылы июнь айының 2 күні қолға түсті. Қазіргі Ырғайты өзені Аңсаңғыр Бетқайнар деген жерде. Қазір сонда Смағұл Алішбаевтың үнгір үйі бар. Сонда менің астымда ақбақай күрең атым бар еді. Осы ауылдың азаматы Мұқатай Жұмағұлов 8-9 дағы бала еді. Менің артыма мінгесіп барды. Басқа азаматтар жол тауып жүре алмай жаяу барды. Біз бұл жолы Алішбаевтың мылтық құралдарын, азық-ауқаттарын алуға бардық. 3 жылдың ішінде жинаған құрал-мүліктерін алдық. Алішбаев ұсталуында осы ауылдың азаматы қазірде бар. Төлешов Тұрғынбайдың қайын атасы болды. Толешов 1931-32 жылдардан бері қарай колхоз ұйымдастыруға түрлі қоғам жұмыстарына мықтап қайнасып аянбай еңбек еткен қызметкерлердің бірі. Ақыры банданың шабуылы біздің бұл ауылда 1934 жылы июньның 2-сі бітті.

1916 жылғы 25 маусымдағы II Николай патшаның 18-49 жас аралығындағы бұратаналар соғысқа окоп қазуға алынсын – деген бұйрық береді. Жер-жерде қарсылық жүріп жатады. Жоғарыдағы Айнақұлов Қаймолданың қолжазбасына сүйенер болсақ, сол көтерілістердің бірі Көлқамыста да болғаны, оған Қордайдан Кенен мен Көшекбаев деген біреудің бірнеше адамды бастап келгені жайлы айтылады. Ол көтеріліс туралы көтерілістің арасында болған Кенен ақын «Он алтыншы жыл» деген өлеңінде:

*«Халықты қырды аяусыз жауыз патша
Бұл сөзім жалған емес алақашпа.
Қырық-отыз кедейді Көлқамыста,
Аттырды таңып қойып бір ағашқа».*

Бұл көтеріліске 12-ауылдан Али Нұрғожаевта қатысқаны белгілі. Әлидің батырлығын арқау етіп «Әли батыр» дастанын шығарды, халықты Әлидің жасағына қосылуға шақырды:

*...Ел-жұртым, бас қосалық, аттаналық,
Әлидің жасағына саптаналық.
Қорлықтан да соғысып өлген артық,
Патшадан кегімізді ап қалалық.*

Көлқамысқа жақын Самсы бекетінде де айтарлықтай бас көтеру болды. 1916 жылы тамызда елден майданға жігіт жинауға келген патша шенеунігі – Отар учаскесінің приставы Гилевтің отрядына қарсы жергілікті тұрғындар қарулы қарсылық көрсетеді. Самсы бекетін Ботбай және басқа болыстардан келген 5 мың адам қоршап алады. 1916 жылы 6 тамызда Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Курапаткинге жолдаған жедел хатында Фольбаум бұл туралы: «Бүгін кешкісін Верный уезіндегі Ботбай, Кастек, Ырғайты, Тайторы болыстарының тобырланған қазақтары Самсы бекетінің маңында Отар учаскесінің приставына көпе-көрнеу бағынбай, дұшпандық жасап, телеграф желісін қиып тастады, почта жолын бөгеді. Бүлікшілерді жазалау және орыс селендерін қорғау үшін әскер жіберілді» – деп хабарланған.

СМАТАЙ БАТЫР ЖАЙЫНДАҒЫ ҚОЛЖАЗБА ТУРАЛЫ

Осыдан 5-6 жыл бұрын күтпеген жерден менің қолыма аса құнды жоғарыдағы Айнақұлов Қаймолданың сиямен жазылған қолжазбасы түсті. Қолжазбаның құндылығы сол, болған оқиғаның уақыты, болған жер аттары, қатысқан адамдардың аты-жөндері тәптіштеніп жөн-жөнімен айтылады. Қолжазбаны қағаз бетіне сол бастапқы күйінде өзгеріссіз түсіруге барынша тырыстым, сол зобалаң жылдары жазылса керек.

Біз кешегі Совет одағы кезіндегі ұрпақтың өкілдеріміз, тарихымыз қаншама бұрмаланып келді, ұлттың өзін бір-біріне айдап салған заман болды. Сматай жасаған әрекет те соның бірі. «Қазанның құлағы қайда барсаң да төртеу» дегендей, Революцияға дейін де, одан кейінде сары орыс басқарған, «Бас ал десе, шаш ал» дейтін заман болды. Сматай да сол заманның саясатының құрбаны. Әрине, әркімнің ойы әркілы болуы мүмкін, мен болашақта жастар, ата-аға буын өкілдерінің қателігін қайталамаса, ұлтымыз зардап шекпесе, бір-бірі бауыр тұтса, елімізде мәңгілік тыныштық болса екен деймін! Мен жоғарыдағы қолжазбаны жарыққа шығарарда көп ойландым, екі қарсы жақтыңда кейінгі ұрпақтары қалай түсінеді екен, әсіресе жастар жағы қалай қабылдайды екен – деген ой мазалады. Басында бас тартсам қалай болады екен деген де ой келді, бұл халқымыздың басына түскен қасіреті болған соң бас тарта алмадым, Айнақұлов Қаймолданың қызы ардақтыда, аяулы көкірегі ояу Кеңес апамызбенде ақылдастым, бұған жас ұрпақтың ешқандай да күнәсі жоқ. Оқырман дұрыс түсінулеріңізді сұраймын! Кешірім өтінемін!

Кеңес апамыздың дерегіне сүйенсек, Сматай Көпшілбайдың үйінде бірнеше кісімен бірге қолға түседі. Атыс кезінде Көпшілбайдың бәйбішесінің қолына оқ тиіп жараланады. Алдын ала үйдің төбесіне пулемет қойылған еді. Ұстау кезінде қарсылық көрсеткен. Өзімнің түйсігімдегі «банда» жайлы ойыма келетін болсам, замандастарым сияқты ақтаңдақ жазушымыз Сакен Сейфуллиннің «Бандыны қуған Хамит» атты повесін оқып, осы



Сматайдың үңгірі



Қарабастау өңіріндегі бандитсай



Сматай атаның әйелі Зағипа



*Сматай атаның үлкен қызы
Нұрилла, оқ тасып ұл балаша
киініп әкесінің қасында жүрген*



*Сматай атаның екінші қызы
Күлшария*



Сматай атамның ұлы – Сейдахмет, келіні Тастан



Сматайдың немересі Теміргүлмен



*Сүлеймен атаның ұлы
Болатқұл*



*Сүлеймен атаның үлкен қызы
Нұржәмила*



*Сүлеймен атаның қызы
Күлғайша*

повест желісімен түсірілген кинофильмді де көрдік. Әрине, кино заман талабына сай біржақты түсірілгеннен кейін мойындауымыз керек пікір де солай қалыптасты.

Ел аузындағы аңызға келетін болсақ, Сматай ұзын бойлы, сұңғақ, сесті кісі болған. Ол жайында жазушы Балғабек Қыдырбекұлыда «Алатау» атты романында: «Қойыңдар, енді! Қайсың қимылдасаң атып тастаймын», – деген қатқыл дауыс естілді. Мылтық атқанда, «қойыңдар!» – деген де Сматай екен. Қара барқыт жағалы түйе жүн шекпені, басында бай баласының жаңа тұрғызған, дөдегеленген, отауындай ақ киізден тышқан із салған қалпағы бар, қара сұр кісі екен» – дейді.

Сонымен бірге, көптеген әңгіме деректерінде оның қарайғанды қалт жібермейтін, құралайды көзге атқан мерген адам болғаны айтылады. Келесі бір аңыз бойынша артына түскен 17 адам қызыл әскерді жалғыз өзі сайдың басында отырып жайратады. Самолетті, самолет болғанда «кукуруизникті» атып түсіргені туралы да айтылады. Ақтеректен жоғары Ырғайты сайының ішінде үңгірі бар көрінеді. «Топырағың торқа болғыр» аяулы шешем Сегізбай қызы Бүбіштің: «Шұбарбайталда мал бағып отырғанда, банды келе жатыр дегенде, қорыққаннан шешеміздің көйлегінің етегінің ішіне кіріп тығылатынбыз» – деп айтқаны жадымда қалыпты. Анам сол кезде 4-5-тер шамасында болса керек. (Ж.Қарабасов. *Ноғайбай шешен*. – Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2014. 155-162-бб.)



ҮШІНШІ БӨЛІМ

АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНАН

№693. Оперразведсводка III ОГПУ по КАССР в Крайком ВКП (б) на 1 ноября 1931 г.

Алма-Атинский сектор. Кара-Кастекский и Курдайские районы.

Внутренняя банда Умарбека Жантаева, Арсекова Сматая и др. Под руководством активных участников июльского контрреволюционного выступления в 10-м и 12-м аулах Кастекского района Шалтабая Кудайбергенова (бай), Умарбека Жантаева (бай), Арсекова Сматая (бывший активист) и других (см разведсводки №28, 29, 31 и 32) организовано банда в 60 человек вооруженных 10 винтовками, 20 берданами и 30 охоторужиями.

19 августа комотряд помощника РУПа Перекорова с 7 бойцами, следуя к месту нахождения банды-урочище Кунур-Тюбе (не ориентировано), был разбит встречным ударом банды, убиты? 5 комотрядчиков, в т.ч. и тов Перекоров, 2 захвачены в плен, 1 из них сбежал, второй убит. Банда забрала 6 трехлинейные винтовки, 1 наган и 40 патронов.

В ночь на 24 августа бандой убит уполномоченный парткома совхоза Дегерес Колтаев и ранен колхозник. Из колхоза и села Сергеевки бандой забраны 4 лошади.

За время с 28 августа по 25 сентября бандой тяжело ранены 2 низовых работника, 2 колхозника, убиты 2 активиста, председатель аулсовета и краевой работник, у населения забрало 16 лошадей.

19 сентября банда находившаяся на западных склонах г. Аргайты-Байчи (30 верст западнее трактовой ст. Отар), теснимая отрядом оперативника Воронина, прорвав засоны ковалерийского и стрелкового взводов 13-го полка ВСГПУ, отступила в северным направлений.

21 октября на урочище Дулан-Кара (25 верст севернее ж.д. ст.Отар) с бандой имел перестрелку комотряд Чуйского помощника РУП-а Нургалиева, был атакован бандой, в результате перестрелки убито 5 комотрядчиков, в.т. ч. помощник РУП-а Нургалиев и фельдшер Складов, ранены 10 комотрядчиков. В плен взяты 12 бандитов и 10 лошадей.

24 сентября, перейдя дорогу вблизи ст. КОПА,банда ушла обратно на юг в горы.

25 сентября банда достигшая 100 чел. Численности разбилась на 3 группы, была отмечена: 1-я группа в щелях Аюлы (на карте р Талды-Булак), вторая-верховьях гор Аргайты-Байчи и третья в местности Суалма (на карте есть)

25 сентября бандитами в ауле Чарва Курдайского района захвачено 15 пудов Саргоны (20 км южнее трактовой ст. Отар) 3 лошади.

3 октября преследовавшим комотрядом в 40 всадников, под командой начальника УРО Курдайского района Чернова в местности Орта Конур (на карте нет –в треугольнике, образуемом высотами 8474, 8443 и 5470) после часовой престрелки отбито 11 лошадей.

9 октября отряд 13-го полка в количестве 20 бойцов под командой комвзвода Просвирина, двигаясь по следам банды верховьях реки Малой Кебени, обнаружил 3 лошади, 3седла и 3 винтовки.

13 октября разведка отряда Просвирина в низовьях щели Ак-Терек (на карте есть) в 12 верстах юго-восточнее трактовой ст.Отар, обнаружила банду Арсекова Саматая численностью

Всадников Просвирина, оставив отделение с оперативником Понамаревым, сам с 14 красноармейцами, двигаясь по щели с целью обхода банды, неожиданно был встречен усиленным огнем засады банды. В результате 5 часового боя убит комвзвод Просвирина, отделком Фридман и 2 красноармейца, ранено 3 красноармейца и 1 комотрядчик. Потери банды неизвестны.

17 октября 1931 г банда в 100 всадников обнаружено на марше в 20 верстах севернее ж.д. ст. Отар. 19 октября из Алма-Аты произведена авиаразведка нового района оперирования

банды, одновременно по следам последней был выброшен истребительный отряд в 22 бойца при 3 пулеметах под командой помощника начальника штаба 13-го полка ВО ГПУ Бессонова. 22 октября с 14 часов и до наступлением темноты банда, забрав убитых и раненых (количество не установлено), отошла боковыми отщелинами на юго-запад в направлении горы Дулан-Кара (24 версты северо-восточнее ж.д. ст. Кордай) где 24 октября была атакована отрядом Бессонова, усиленного комотрядом Чернова в 42 всадника и пулеметным огнем самолета. Упорно оборонясь, банда основным ядром прорвалось в западном и одиночками- в южных направлениях. В результате боев 22-24 октября банда понесла потери 15 убитыми, в конском составе убитых 6, раненых – 3, захвачено – 49, верблюдов – 9, котров – 11, 1 бердана. В районе поля боя задержано 32 человек, подозреваемых участников банды. Курдайским комотрядом в районе первого боя (горы Серектас) задержана отколовшаяся во время боя группа бандитов в 12 человек, 1 женщина с ребенком и 20 голов разного скота. С нашей стороны потерь нет. Во время обстрела банды самолета, последний получил 6 пробоин в крылья. Против банды действуют: стрелковый взвод 13-го полка ВОГПУ в 43 штюка, каввзвод того же полка в 35 сабель и 3 комотрядника общей численностью 80 бойцов. 15 октября в район операции дополнительно выброшены стрелковый взвод 13-го полка ВОГПУ. Руководство операцией на комполка 13-го Лебедева.

С целью изъятия В Каракастекском, Курдайском, Чуйском районах байско-бандитского актива, могущего служить кадрами для пополнения оперирующих на территориях этих районов банд созданы 3 опергруппы. Бегство арестованных. 25 сентября с.г. в районе перевала Кастек при сопровождении в Алма-Ату 51 чел, изъятых и задержанных бандучастников, последние, обезоружив конвой, бежали в горы. У конвоя захвачено 3 винтовки, 1 наган, 1 охотооружие и 2 лошади. Принятыми мерами из числа бежавших задержаны 14 человек, отобрана 1 винтовка. Ведется следствие.

О выступлениях в ауле Умтыл Курдайского района. В ауле Умтыл Курдайского района 12 сентября с. Г. На почве перегибов по хлебозаготовке и влияния байской верхушки произошло

контрреволюционное выступление, колхозники, устроив демонстрацию, не вышли на работы. Баем убит уполномоченный РИКа Айтеков, после убийства которого весь ауульный актив разбежался. В результате принятых мер задержаны 4 бая-инициаторы выступления. Остальные в числе 13 бежали в банду, оперирующую в Кастекских и Курдайских горах, из коих поймано 6 чел, 1 убит. Для разъяснительные работы в аул брошена бригада рабочих с ж.д.ст. Отар и посланы члены бюро Курдайского райкома.

АП РК Фонд 141.оп 1. Дело 50527 Л 10-23 (Ашаршылық. Голод. Документальна хроника. Сборник документов. Т-2: 1930-1931/ отв.ред Б.Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра. 2021 ж. 1129-б.)

№700. Оперразведсводка III ОГПУ по КАССР в Крайком ВКП (б) на 1 ноября 1931 г.

Кастекский и Курдайские районы

Банда Арсекова Сматая, Джантаева Башкая и др /см. сводку №37, стр 7/

В 9 часов 2 ноября с.г отряд комвзвода 13-го полка ВОГПУ Носкова в ущье Мунчалы (8 верст юго-западнее почтовой станций Отар) вступил в бой с бандой Арсекова Сматая в 30 вооруженных винтовками джигитов. К вечеру отряд Носкова был подкреплён отрядом Поварова в 20 сабель при легком пулемете. С наступлением ночи бой был прерван.

Утром 3 ноября отрядом Носкова банда была вновь обнаружена в верховьях ущелья Мунчалы, бой был возобновлен. В 14 часов банда через горы ушла в южном направлении.

Потери банды: 10 убитых, число раненых неизвестно, захвачено 5 лошадей. С нашей стороны убит 1 красноармеец, 2 раненых, бандой захвачены 1 винтовка убитого красноармейца.

12 ноября наша опергруппа, высланная в южную Киргизию, проводя краткую агентурную разработку установила и захватила в предместье Джаял-Абада руководителя бандвыступления 1931 г. В Курдайском и Кастекском районах, крупного бая Куайбергенова Шалтабая, вместе с 4 активными участниками упомянутого бандвыступления. У Кудайбергенова изъята 1 трехлинейная

винтовка с 30 патронами. Одновременно нашей опергруппой было изъято 20 человек бандитов-киргиз.

По данным от 12 ноября с. г. Банда Арсенова численностью до 40 человек и 10 ноября разбилась на 20 основные группы по 20 человек в каждой. Первая группа, возглавляемая самим Арсековым, ушла в район щели Актерек, вторая группа, возглавляемая Чалгмбаевым Джалушбаем, остановились в щели Мунчалы. Вооруженные группы Джалушбая состоит из 5 трехлинейных винтовок и 15 штук огнестрельного оружия разных систем. Группа намерена, разбившись на мелкие группы по 2-3 человек, разойтись по щелям и отщелкам гор с тем, чтобы прозимовать в них, а в случае обнаружения их нашими отрядами-упорно, т.к на какое-либо снисхождение к себе со стороны власти бандиты не рассчитывали.

